

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Тәжібаев Т.Б.

Тұлға психологиясына кіріспе
Оқу құралы

«Туран-Астана» университеті

КІТАПХАНА

Иинв.№

67264

Алматы, 2023

ӘОЖ 159.9 (075.8)

КБЖ 88.37 я73

T28

Баспаға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология институтының жауапты өкілдер кеңесінің шешімімен (№ 14 хаттама, 15 наурыз 2022 жыл) ұсынылған.

Пікір жазғандар:

психология ғылымдарының докторы, профессор О.С. Сангилбаев
психология ғылымдарының докторы, профессор А.Т. Ақажанова
психология ғылымдарының кандидаты, доцент О.Л. Сарсенбаева
психология ғылымдарының кандидаты Б.Д. Жигитбекова

Тәжібаев Т.Б.

T28 Тұлға психологиясына кіріспе: Оқу құралы Т.Б. Тәжібаев. – Алматы: "Отан" баспасы, 2023. – 184 бет.

ISBN 978-601-353-085-7

Оқу құралында тұлға мәселелеріне қатысты алуан түрлі түсініктер мен қарама-қайшы пікірлер жүйелі түрде баяндалады. Оқу құралында қазіргі ғылыми білімдер жүйесінде ерекше орын алатын адам мәселелері талданады. Мұнда философиядағы, әлеуметтанудағы және психологиядағы тұлға мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ оқу құралында тұлғаның психологиялық құрылымы кеңірек сипатталады. Мұнда көпке танымал бірқатар шетелдік және басқа да психологтардың тұлғаның құрылымы жөнінде айтқан авторлық тұжырымдамалары келтіріледі. Сонымен қатар оқу құралының соңғы бөлімінде тұлғаның индивидтік қасиеттері мен индивидуалды ерекшеліктері сипатталады.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының білім алушыларына, сондай-ақ философия, педагогика, психология мамандығы мен бұл пәнді өздігінен оқып үйренгісі келетін оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 159.9 (075.8)

КБЖ 88.37 я73 T28

ISBN 978-601-353-085-7

© Тәжібаев Т.Б. 2023

© "Отан" баспасы, 2023

Мазмұны

Кіріспе	5
1. Қазіргі ғылыми білімдер жүйесіндегі тұлға мәселелері	9
1.1 Қазіргі ғылыми білімдер жүйесіндегі адам мәселелері	9
1.2 Адам табиғаты. Философиядағы, әлеуметтанудағы және психологиядағы тұлға мәселелері.....	14
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	21
Өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар	21
2. Тұлға және оның психологиялық құрылымы	22
2.1 Тұлға теориясы және оған қойылатын талаптар	22
2.2 Психологиядағы тұлғаны зерттеген кейбір жалпы бағыттар... ..	26
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	32
Өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар	32
3 Тұлға теориясындағы психодинамикалық бағыт	34
3.1 З. Фрейдтің тұлға жөніндегі психоаналитикалық теориясы ..	36
3.2 А. Адлердің тұлға жөніндегі индивидуалды теориясы	61
3.3 К.Г. Юнгтың тұлға жөніндегі аналитикалық теориясы	81
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	89
Өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар	91
4. Психологиядағы тұлға мәселесі	92
4.1 А.Ф. Лазурскийдің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы	92
4.2 В.Н. Мясищевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы	96
4.3 А.Г. Ковалевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы	100
4.4 В.С. Мерлиннің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы	101
4.5 К.К. Платоновтың тұлға жөніндегі тұжырымдамасы	105
4.6 А.Н. Леонтьевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы	108
4.7 Л.И. Божовичтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы	116
4.8 С.Л. Рубинштейннің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы	117
4.9 Д.Н. Узнадзеңің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы	121
4.10 В.А. Ядовтың тұлға жөніндегі тұжырымдамасы	128

4.11 С.М. Жақыповтың тұлға жөніндегі тұжырымдамасы	131
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	140
Өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар	142
5 Тұлғаның индивидтік қасиеттері мен индивидуалды ерекшеліктерінің сипаттамалары	144
5.1 Б.Г. Ананьевтің адам жөніндегі ілімі	144
5.2 Индивидтің психологиялық сипаттамалары	146
5.3 Тұлғаның психологиялық сипаты	147
5.4 Индивидуалдылық психологиясы	149
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	153
Өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар	153
Тұлға психологиясы оқу курсы бойынша алған білімдерін тексеруге арналған тест тапсырмалары	154
Қорытынды	165
Глоссарий	167
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	181

Кіріспе

Тұлға ұғымы психология ғылымының негізгі категорияларының қатарына жатады. Бірақ тұлға категориясы тек психологиялық категория емес, басқа адам туралы ғылымдарға ортақ философиялық категория, сондықтан оны зерттеуге басқа да ғылымдар ат салысады. Мысалы, философия тұлғаның дүние танымын, ақыл-ойын зерттесе, әлеуметтану ғылымы тұлғаның қоғамдық жүйеде алатын орны мен ролін зерттейді. Осы жағынан алғанда тұлғаны психологияда зерттеудің мәні неде деген орынды сұрақ туады. Әдетте адамның барлық психикалық құбылыстары, оның іс-әрекеті мен қарым-қатынасының барысында дамып қалыптасады. Бірақ бұл құбылыстар іс-әрекет пен қарым-қатынастың құбылыстары емес, іс-әрекет пен қарым-қатынастың субъектісі ретінде анықталатын – қоғамдық индивид пен тұлғаның психикалық құбылыстары болып табылады. Сондықтан психология ғылымы тұлғаның осы айтылған психикалық құбылыстарының қалыптасуы мен дамуын, оның психологиялық заңдылықтары мен механизмдерін зерттейді.

С.Л. Рубинштейн, К.К. Платонов, Б.Г. Ананьев секілді ірі ғылымдар тұлғаны зерттеудің басқа да принциптерімен қатар, оның психикалық процестері мен күйлерін зерттеуді талап ететін психологиядағы тұлға принципін қалыптастырды.

Дегенмен психологиядағы тұлға мәселелері, оны әртүрлі жоспарда шешуді талап ететін дербес мәселелердің қатарына жатады. Соған сәйкес психологияның әр алуан салалары тұлғаны әртүрлі жоспарда қарастырады. Бірақ қазіргі кезде тұлғаны зерттеп білудегі психология ғылымының алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі адамды индивид, іс-әрекеттің субъектісі, тұлға және оның индивидуальдылығы ретінде сипаттайтын, оның негізгі объективті психологиялық қасиеттерін анықтау болып табылады.

Адам баласы жарық дүниеге адам болып келеді. Дүниеге келген нәрестенің дене бітімі, оның болашақта тік жүруіне, ми құрылысы, оның интеллектісінің жетіліп дамуына, ал қолының құрылысы болашақта еңбек құралдарын пайдалануына жағдай жасайды. Осындай мүмкіндіктері жағынан адам баласы жануарлар баласынан айтарлықтай ерекшеленеді. Сондай-ақ дүниеге келген жас нәресте өзін қоршаған дүниенің қыр-сырын танып білуде әртүрлі заттық іс-әрекеттерді атқарады. Соның нәтижесінде ол алуан түрлі заттық іс-әрекеттердің субъектісі болады.

Кез келген адамды біз индивид деп айтамыз. Индивид (латынша *individuum* – бөлінбейтін) түсінігі адамның биологиялық мәні мен оның басқалардан өзгешелігін білдіреді. Адам жарық дүниеге индивидтік қасиеттерімен туылады. Бірақ индивидтік қасиеттер өмір барысында әлеуметтік жаңа сапаларға айналады. Соның нәтижесінде ол тұлға болып қалыптасады. Психологиядағы тұлға ұғымы өзінің ерекше тарихы бар адамның әлеуметтік мәнін сипаттайды. Бірақ бұл ұғымды түсіну үшін ең алдымен, оның этимологиясын (шығу төркінін) біліп алу қажет. Тұлға ұғымы латынның *маскі*, яғни бетперде дейтін түсінікті білдіретін *персона* (*persona* – тұлға), ал орыстың *личина* деген сөздерінен алынған. Алғашқыда бұл ұғымды ежелгі грек театрында бетіне киіп әртүрлі жағымды-жағымсыз рөлдерде ойнайтын актердің жасанды бетін белгілеуге қатысты қолданды. Ал соңынан бұл ұғымды актердің өзі мен оның атқаратын рөлін сипаттауға пайдаланды. Олай болса, тұлға ұғымы әуел бастан-ақ адамның қоғамда атқаратын қызметі мен әлеуметтік рөліне қатысты айтылды. Қазіргі кезде тұлға түсінігі адамның қоғамдық мәні мен оның әлеуметтік табиғатын сипаттайды. Адамды қылығына қарап, ал тұлғаны, оның іс-әрекетіне қарап бағалауға болады, - дейді қазақтың көрнекті психологы С.М. Жақыпов. Олай болса тұлға өзінің қоғамдық қатынастардағы іс-әрекетінің ерекшеліктерімен анықталады. Сондай-ақ, әрбір адам өзінің өмір сүру жағдайы мен іс-әрекетінің дара ерекшелігі жағынан да басқалардан ажыратылады. Мұндай ерекшеліктер, оның жеке басының дара өзгешеліктері мен индивидуалды қасиеттерін анықтайды.

Қазіргі кезде тұлға мәселесі барлық адамтану ғылымдарының өзекті мәселелеріне айналып отыр. Студенттер мен магистранттарға, докторанттарға және оқытушыларға арналған бұл оқу құралының бірінші бөлімінде біз қазіргі кезде ғылыми білімдер жүйесінде ерекше орын алатын тұлға мәселелерін талдаймыз. Мұнда адамтану ғылымдарындағы адам мәселелері мен адамның табиғаты, оның қазіргі ғылыми білімдер жүйесінде алатын орны мен рөлі қарастырылады.

Сондай-ақ тұлғаны тереңірек танып білу мен зерттеп үйрену үшін, оның психологиялық құрылымын түсініп алу қажет. Соған сәйкес бұл еңбектің екінші бөлімінде тұлғаның құрылымын зерттеген кейбір жалпы теориялық бағыттарға қысқаша шолу жасадық. Оқу құралының үшінші бөлімінде шетел психологиясында үлкен орын алатын тұлға теориясындағы психодинамикалық бағытқа тоқталдық.

Мұнда З. Фрейдтің тұлға жөніндегі психоаналитикалық теориясы мен оны қайта қарастырған А. Адлердің тұлға жөніндегі индивидуалды теориясы, К.Г. Юнгтың тұлға жөніндегі аналитикалық теориясы жеке бөлімде кеңірек талқыланды. Оқу құралының төртінші бөлімі отандық психологиядағы тұлға мәселелеріне арналды. Бұл бөлімде ресей және қазақ психологтарының тұлғаның құрылымы мен қалыптасуы жайындағы айтқан тұжырымдамалары талданады. Мұнда психологиядағы тұлғаның құрылымы мен қалыптасуы жөніндегі тұжырымдамалардың қалыптасуына ерекше үлес қосқан А.Ф. Лазурскийдің, В.Н. Мясичевтің, А.Г. Ковалевтің, В.С. Мерлиннің, К.К. Платоновтың, А.Н. Леонтьевтің, Л.И. Божовичтің, С.Л. Рубинштейннің, Д.Н. Узнадзең, В.А. Ядовтың, С.М. Жақыповтың мектептері жеке-жеке тақырыптармен беріліп баяндалады.

Кітаптың бесінші бөлімінде адамның индивидтік қасиеттері мен индивидуалды ерекшеліктері қарастырылады. Мұнда адамның индивидуалды дамуындағы биологиялық қасиеттер мен элеуметтік қасиеттерінің бірлігі жөніндегі принципті жүзеге асырған Б.Г. Ананьевтің адам туралы ілімі мен оның тұлға жөніндегі көзқарасы, сондай-ақ индивидуалдылықтың табиғаты туралы түсініктері сипатталады.

Атап айтқанда психология және педагогика салаларының мамандарына арналған «Тұлға психологиясына кіріспе» атты бұл оқу құралы алғаш рет 2003 жылы қазақ тілінде жарияланып, екінші рет толықтырылып қайта жазылып отыр. Өйткені психологиядағы тұлға мәселелері секілді кең көлемді тақырыпты қамтитын оқу құралы бұрын-соңды қазақ тілінде жазылған емес. Бұл оқу құралында айтылатын психологиядағы тұлға мәселелері мен оның дамуының теориялық негіздері жөніндегі тұжырымдамалар мамандарға түсінікті тілмен баяндалады. Сондай-ақ, бұл кітапта жүйелі-құрылымдық бағытты негізге ала отырып, тұлға құрылымынан әртүрлі ұғымдарды бөліп шығарған ресей психологтарының тұлға туралы тұжырымдамалары тиянақты түрде талданып, психологияда қолданылатын кейбір халықаралық терминдердің төл тіліміздегі баламаларына түсінік беріледі. Мұның өзі тыңдаушылардың психология пәні бойынша жоғары оқу орындарында алған білімдерін тереңдетіп, болашақ психологтардың кәсіби дайындығын одан әрі шыңдай түсетіні сөзсіз.

Біз ұсынып отырған оқу құралында қамтылып, баяндалатын мәселелердің ғылыми негіздері мен берілу жүйесі, тіл жатықтығы

мүлде кемшіліксіз деп те айта алмаймыз. «Ер көші жүре түзелер» демекші бұл кітапта кездесетін болмашы кемшіліктер мен олқылықтар болашақта түзетіліп, қайта жазылып толықтырылар деген ойдамыз.

1. Қазіргі ғылыми білімдер жүйесіндегі тұлға мәселелері

1.1 Қазіргі ғылыми білімдер жүйесіндегі адам мәселелері

Тұлғаны дұрыс түсіну үшін ең алдымен ол кездесетін кеңістіктегі кейбір мәселелерді қарастырып алу қажет. Мұндай мәселелерге адам мәселелері жатады. Кезінде психолог Б.Г. Ананьев қазіргі ғылым дамуының ерекшеліктерін талдай отырып, адам мәселелерін зерттеуге деген ғылыми қызығушылықтардың кенеттен артқандығын 60-шы жылдардың өзінде-ақ болжап берген еді. Оның айтуынша мұндай ерекшеліктердің болуы біріншіден, адам мәселелері барлық ғылымдардың жалпы мәселелеріне айналуынан туындады. Екіншіден, адамды ғылыми тұрғыдан зерттеп үйрену әртүрлі салаларға бөлініп, жеке пәндер бойынша мамандану тереңдей түсті. Ғылым дамуының үшінші ерекшелігіне, адамды зерттейтін әдіс-тәсілдер мен аспектілердің басы қосылып, әртүрлі ғылымдардың бірігу жағдайы әсер етті дейді.

Кейінірек ғылыми білімдер дамуының жалпы бағытында адам мәселелері мен оның дамуын зерттеудің рөлі арта бастағандығын айта отырып, психолог Б.Ф. Ломов та осыған ұқсас қорытынды жасаған еді.

Адам туралы ғылыми дәуір басталды деп болжам жасаған шетел зерттеушілерінің ішінен бірінші кезекте Гейяре де Шарденді айтуға болады. Ол 1938-1940-шы жылдардың өзінде-ақ жазып аяқтаған, бірақ қайтыс болғаннан кейін 1955-ші жылы ғана жарық көрген – «Адам құбылыстары» атты танымал еңбегінде, «егер біз ғылымның адамзат дәуіріне бара жатырған болсақ, онда бұл дәуір адам туралы ғылыми дәуірлердің ең жоғарғы сатысы болады – ақыр соңында адам «танымның пәні» екендігін танымы бар адам байқайды – бұл табиғат туралы барлық ғылымдардың кілтіне айналады ...» - деген еді.

Эрих Фромм өзінің 1941-ші жылы жазған – «Бостандықтан қашу» - атты еңбегінде қоғамдық дамудың динамикасын түсіну психикалық процестердің динамикасын ұғынудың негізінде ғана мүмкін екендігін айта отырып, адамды психологиялық тұрғыдан зерттеп білудің артықшылығын жариялады. Оның пікірінше қоғамның даму деңгейін түсіну үшін ең алдымен осы қоғамда өмір сүретін адамның даму деңгейін зерттеп білу қажет.

Осы айтылған еңбектердегі келтірілген деректер мен жоғарыда аты аталған ғалымдардың жорамалдарына сүйенсек, олар ғылым дамуында адам дәуірінің басталғандығын айтады.

Ал адам дәуірі қай кезде басталады? Бұл сұраққа ғалымдардың көпшілігі, оның рулық шыққан тегіне не нәсіліне қарамастан, адам ғылыми білімдердің негізгі мәселесіне айналғанда ғана мүмкін болады деп жауап береді. Дегенмен ғалымдардың бұл ойлары негізінен дұрыс болса да, оның кейбір жеткіліксіз жақтары бар. Тіпті, осы айтылған болжамдар ақтала ма, жоқ па мәселе мұнда да болып отырған жоқ. Ең басты мәселе осы болжамдардың ғылыми негізінде болып отыр. Қазіргі кезде шетел зерттеушілері арасында адамды ғылыми тұрғыдан зерттеп білуге деген қызығушылық неліктен арта түсті? Мұның себебін жалғыз ғана ғалымдардың жеке басының субъективті қызығушылықтарымен түсіндіруге болмас еді. Сондықтан, бұл қызығушылықтарды ғылыми білімдердің дамуы барысында объективті түрде кездесетін қандай да бір заңдылықтармен байланысты деп түсінген орынды.

Алайда кейбір ғалымдардың бақылапздық даналығы мен тапқырлығы осы заңдылықтардың әсерін, оның елеусіз көріністерінен-ақ аңғарып қалатыны сөзсіз. Бірақ өкінішке орай көптеген ғалымдар ғылымда адам дәуірінің басталатындығы жайлы болжам жасаса да, оның осы заңдылықтармен байланысты болатындығын ешкім де болжай алмайды.

Сонда бұл қандай заңдылық. Ғылыми білімдердің дамуы, яғни ғылымның тұтастай жүйесі, жалпы ғылыми парадигма деп аталатын шеңберде жүзеге асатыны баршаға белгілі. Кең мағынада айтқанда парадигма ұғымы (грекше *paradeigma* – мысал, үлгі) – белгілі бір тарихи кезеңдегі ғылыми бірлестікте үстемдік ететін жетекші тұжырымдамалық бағыт, мәселелерді қоюдың үлгісі мен оларды шешудің жолдары, ғылыми жетістіктердің негізгі жүйесі дегенді білдіреді. Ғылыми революцияның ауысуын түсіндіру үшін «парадигма» ұғымын алғаш рет қолданған американың тарихшысы Т. Кун болды. Оның айтуынша үстемдік ететін қандай да бір парадигманың дағдарысқа ұшырауының басты себебі, мұнымен «үйлеспейтін басқа бір теория үшін, ғасырлар бойы жарқырап тұрған қандай да бір ғылыми теориядан теориялық бірлестіктің бас тартуы» болып табылады. Егер бұл шындығында да осылай болса, онда «адам мәселелері тұтастай барлық ғылымдардың жалпы мәселелеріне айналады» - деп жазған Б.Г. Ананьев пен басқа да ғалымдардың

ойларын жалпы ғылыми парадигмалардың ауысуы деп түсінуге болады. Сондай-ақ, Ю.В. Яковецтің антикалық дәуірлерден біздің дәуірімізге дейінгі жалпы ғылыми парадигмалардың ауысуы жайындағы жүргізген талдаулары, оған қазірше әлі де болса күші бар индустриалды парадигманың дағдарысын белгілеуге мүмкіндік береді. «Біздің ғасырымыздың соңғы ширегіндегі қоғамдық өмірдің барлық жақтарын қамтыған дүние жүзілік дағдарыстың бұзылуы индустриалды парадигманың тағдырына нүкте қойды» - дейді автор.

Дүние жүзілік қоғамның индустриалды парадигма заңдылығы бойынша дамуы, оның белгілі бір бөліктеріндегі техникалық өркениеттің жоғары сатыға көтерілуіне зор ықпал еткендігін мойындамасқа болмайды. Мұны неміс зерттеушісі П. Козловскийдің сөзімен айтқанда қоғамда, адамда «техноморфты» (техника тәріздес) күйге енді. Сондай-ақ Ю.В. Яковец индустриалды парадигма аясындағы өркениетті қоғамның одан әрі дамуына тек дүние жүзін қамтитын дағдарыстардың бұзылуы түрткі болып отыратындығын атап көрсетеді. Сонымен қоса, ол алда тағы бір жаңа парадигманың, яғни «постиндустриалды парадигманың» күтіп тұрғанын айтады. Осы айтылған деректер техногендік өркениеттен антропогендік өркениетке өту процесінің басталатындығы жайлы деректерді теріске шығармайды. Тіпті мұндай пікірлерді Н.Н. Моисеев пен А.В. Толстых секілді зерттеушілер де растайды.

Соңғы кездері көптеген шетел зерттеушілері жалпы ғылыми парадигма сипатының табанды өзгерістерге ұшырайтындығын айтады. Мысалы, біз жоғарыда атын атап өткен неміс ғалымы П. Козловский технологиялық детерминизм тұжырымдамасының орнына мәдени детерминизм тұжырымдамасы қажет болды деп жазса, американдық зерттеуші П.Ф. Козловский технологиялық детерминизм тұжырымдамасының орнына мәдени детерминизм тұжырымдамасы қажет болады деп жазса, американдық зерттеуші П.Ф. Дракер қоғамның бүгінгі кілті еңбек не капитал немесе шикізат қана емес, ұлттың экономикалық және әскери күшін анықтайтын адамның білімі екенін атап көрсетеді.

Олай болса, кезінде атақты ағылшын ғалымы Чарльз Питер Сноу атап көрсеткен гуманитарлық және табиғи ғылымдар арасындағы өркениеттер алшақтығы жөніндегі мәселелер енді қалыптасқалы тұрған парадигма аясында шешілуі мүмкін. Ю.В. Яковецтің пікірінше осы парадигманың негізгі орталығы «қоғамның өзін-өзі дамытуының қайнар көздері жүйесіндегі адам приматы, оның санасы болып

табылады». Басқаша айтқанда гуманистік өркениетті қоғамда алдыңғы жоспарда адам мәселелері, ал оның соңынан, ғылым тұратын болады.

Қоғамның техникалық даму мақсатындағы жалпы ғылыми парадигманың мәдени (антропогендік) даму мақсатына қарай қайта бағдарлануы, сол қоғам өміріндегі ғылыми-техникалық жетістіктердің маңыздылығынан мүлде бас тартпайды. Бұл жердегі ең басты мәселе даму процесіндегі адамның рөлі мен орнының өзгеретіндігі жөнінде болып отыр. Сондықтан жаңа парадигмаға сай қоғамның өркениетті дамуында адамның атқаратын қызметі күрделеніп, рөлі де арта түсетін болады. Н.Н. Моисеевтің айтуына қарағанда, ғылым, техника секілділердің бәрі «гуманитарлық мәселелерді, соның ішінде адамның келешегі жайлы мәселелерді шешуде ең алдымен материалдық негіз ғана болып табылады». Олай болса, жаңа парадигманың негізгі орталығында адам мәселелері, оның дамуының мұраттары мен рухани байлығы, өнегелі қасиеттері, психикалық дамуы тұратын болады.

Бірақ адамның өзі қоршаған дүниенің алуан түрлі қатынастарының жүйесімен тығыз байланысты болғандықтан, оның осындай байланыстарын түсіндіретін ғылыми пәндер де болу қажет. Сондықтан, Б.Г. Ананьев айтқан адамды зерттеп үйренетін ғылыми пәндердің жеке салаларға бөлінуі адамның осы дүниемен, яғни оның табиғатпен, қоғаммен, техникамен, мәдениетпен алуан түрлі байланыстарын түсіндіретін ғылыми білімдердің жүйесі болып табылады. Осы байланыстар жүйесінде, адамды белгілі бір мөлшерде өзгерістерге ұшырайтын және өзіне тән ерекше даму бағдарламасы бар табиғи индивид ретінде, тарихи дамудың субъектісі мен объектісі болып табылатын – тұлға ретінде, оның тұтастай табиғатын ескере отырып, қоғамның негізгі өндіргіш күші деп адамды – еңбектің, танымның және қарым-қатынастың субъектісі ретінде де қарастырады.

Сондай-ақ психолог Б.Г. Ананьев әрбір адам индивидуалды болып табылады деп есептейді. Осыған байланысты ол адамға тән қасиеттер мен индивидтік қасиеттерді және тұлғаның қасиеттері мен субъектінің қасиеттерін салыстырмалы түрде ажыратып, бөліп шығарды. Әрине адам тірі болғасын ол тұтастай құрылым болып табылады. Бірақ адамның психикасы бұзылса, оның салдары патологияға алып келеді. Ал адам қазаға ұшыраса, онда оның тұтастығы да толық ыдырайды. Осы жағдайға байланысты атақты

физиолог И.М. Сеченов ғылым – «күрделі қатынастарды біршама қарапайым түрге әкеліп, тұтастай құбылыстарды мүмкіндігінше бөлшектерге бөлуі тиіс» - деген еді. Оның пікірінше психология дәл осы жолмен жүруі шарт.

Олай болса, адамның бүтіндей тұтас құрылымы болып табылатын, оның мінез-құлқын, келбетін тереңірек тану үшін, біз ең алдымен оны индивид ретінде, субъекті ретінде, тұлға ретінде және индивидуальдылық ретінде қарастыруымыз қажет. Сондай-ақ, адамның осы айтылған әрбір өлшемдерін қарастыруда, оларды бір-біріне қарама-қарсы қоюға не олардың кейбіреулерін ығыстыруға не болмаса олардың бірін екіншісінен артық не кем санауға болмайды. Өйткені олар адамның тұтастай психологиялық құрылымын құрайтын негізгі бөлшектері болып табылады. Сондықтан мұндай ескертулер адамды ғылыми тұрғыдан зерттеп үйренгісі келетін әрбір адам үшін маңызды. Сонымен қоса жеке қасиеттердің жалпыға бірдей бола бермейтіндігі секілді олардың әрқайсысы туралы (индивидтер туралы, субъектілер туралы немесе тұлға туралы) жеке-жеке алынған білімдердің де адамның тұтас табиғатын түсінуге жеткіліксіз болатынын әрбір зерттеушінің өзі ұғынуы қажет. Осы орайда біз адамның санасын қарапайым элементтердің жиынтығы деп түсініп, психиканың тұтастай құрылымын бөлшектерге бөліп зерттеуді ұсынған дәстүрлі ассоцианизм бағытының ең басты кемшілігі екенін атап айтқымыз келеді. Дегенмен ассоцианистік теорияның осы айтылған кемшіліктерін көрнекті психолог Л.С. Выготский, оның жеке элементтері оттек пен сутекке ажыратылатын химиядағы суды талдаудан мысал келтіре отырып әділ сынап берген еді. Шындығында да, оның тұтастай құрылымы бірлікте қарастырылатын судан оттегіні бір бөлек, сутегіні бір бөлек алып, оларды жеке-жеке зерттеп, соның нәтижесінде суды зерттедік деген қорытынды жасасақ әрине біз қателесер едік. Сондықтан адамның тұтастай табиғатын зерттеуде біз оларды жеке элементтерге бөлмей бірлікте қарастыруымыз шарт.

Сол секілді, тұлға психологиясын зерттеуге кіріскенімізде, мұны тұтастай құрылымнан тұратын адам мәселелерінің бір ғана жағы екендігін біз әрқашанда есте сақтауға тиіспіз. Осыған орай адамды зерттеудегі психологияның тарихында неліктен о баста индивид не субъекті мәселелері бірінші кезекке қойылмай, тұлға мәселесі қойылды деген орынды сұрақта туады? Сонымен қоса адамның мәні мен оның өзіне тән ерекше сапалары неге тұлға ұғымында көрінеді? Күнделікті тұрмыстық деңгейдегі адамдар арасында кеңінен тараған

адамға деген көзқарас басқаша қандай ұғымдармен бейнеленеді деген сұрақтар өз шешімін табуын талап етеді? Тұлға ұғымын анықтау мен адамның табиғатын түсіну жайындағы мәселелермен тек психология ғылымы ғана айналысып қоймай, осы ғылым мен шектесіп жатқан басқа да ғылым салалары, атап айтқанда философия мен әлеуметтану ғылымдары да айналысады. Сондықтан бұл сұрақтардың кілтін осы ғылымдар ашып беруі мүмкін. Біз бұл мәселелерді келесі бөлімде қарастыратын боламыз.

1.2 Адам табиғаты. Философиядағы, әлеуметтанудағы және психологиядағы тұлға мәселелері

Адамның табиғаты жайындағы сұрақтарды қарастыра отырып, барлық уақытта ғалымдардың көпшілігі, оның мәні неден тұратындығынан басқа айтарлықтай ештеме емес деп шамалады. Осыған сәйкес Эрих Фромм адамның өзіне тән ерекше табиғатының бар екендігі туралы ешкімнің де шүбә келтірмейтіндігін, бірақ оның мазмұнына келгенде әркім әртүрлі пікір айтатындығын ерекше атап көрсетеді. «Соның салдарынан – дейді ғалым, адам туралы түсінік түрліше анықталып, түрліше сипатталды». Бірде адамды – «ақылды тіршілік иесі» (*animal rationale*) ретінде анықтаса, енді бірде «қоғамдық хайуан» (*zoon politikon*) ретінде анықтады, бірде адамды «қолынан бәрі келетін адам» (*homo faber*) ретінде анықтаса, енді бірде белгілер жүйесін жасауға қабілетті тіршілік иесі ретінде анықтады. Сөйтіп ақыр аяғында адамды бәріне де ортақ, дәстүрге айналған түсінік ақылды адам (*homo sapiens*) ретінде анықтады. Мұның себебін Э. Фромм адамның өзіне тән ерекшеліктерін, оның көріністерін көптеген ғалымдардың әртүрлі жағдайлармен байланыстыруынан деп түсіндіреді. Э. Фроммның пікіріне сүйенсек, адамның ерекшеліктерін, оның жеке көріністерінің себептерінен емес, адамның табиғаты туралы жалпы түсініктерден іздеп тапқан дұрыс. Олай болса, адамның психологиялық ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін ең алдымен, оның табиғаты жайлы айтылған жалпы түсініктерді іздеп тауып алу қажет.

Адамның табиғаты туралы жалпы түсініктерді іздестіруге кіріспей тұрып біз ең алдымен «Тұлға теориялары» атты монографияның авторлары Л. Хьелл мен Д. Зиглердің кейбір пікірлеріне тоқтала кетейік. Олар «теориялар арасындағы ерекшеліктер, оларды салушылар арасындағы негізгі ерекшеліктерді көбірек бейнелейтін

болғандықтан» адамның табиғатын анықтауға қатысты мәселелерді «көптеген теориялардың ешқайсысы да толықтай және дұрыс түсіндіруі мүмкін емес» екенін ерекше атап көрсетеді. Ғылымда көзделетін осындай бір жақтылықтарға немесе субъективтізмге қарамастан, біз Э. Фроммның адам табиғаты жайында айтқан тамаша ойларын елемей кете алмаймыз. Оның айтуынша адам өз табиғатында адамға тән екі негізгі биологиялық себептердің өзара байланысынан тұрады. Оның бірі адамның мінез-құлқын детерминациялайтын инстинктер салмағының азаюы, ал екіншісі ми көлемінің, соның ішінде бас ми қабықшаларының өсуі болып табылады. Э. Фроммның бұл ойларынан адам өзінің жеке «дамуын инстинкті детерминациялардың салмағы ең аз (минималды) дәрежеге кеміп, ал ми дамуы ең жоғарғы (максималды) дәрежеге жеткендегі эволюцияның осы сәтінен бастайды» деген қорытынды шығарады. Шындығында да өзін-өзі қорғау мен сексуалды құмарлықтар секілді адамға тән өте қарапайым инстинкттерді есептегенде, онда мұнан басқа мінез-құлықтардың туа берілетін бағдарламалары тіпті жоқтың қасында десе де болады. Дегенмен адам тектес ұрпақтар миының шамасымен салыстырғанда, адамның ми өлшемі көлемінің үш есе артықшылығы жөнінде не айтуға болады? Адам миының мұндай айырмашылығын ассоциативті процестердің нейрофизиологиялық негізі болып табылатын нейрондар арасындағы байланыстар санының көптігімен түсіндіруге болады. Мысалы, зерттеуші Д. Херриктің айтуынша адамда бір мезгілде байланысқа түсуге дайын тұратын нейрондардың саны $10^{2783000}$ дәрежесін құрайды екен. Олай болса, адам миының артықшылығы байланысқа түсуге дайын тұратын нейрондар санының көптігімен сипатталады.

Сондай-ақ, Э. Фромм мидың өте қатты дамып кетуі мінез-құлықты детерминациялайтын инстинкттердің (соқыр сезімдердің) төменгі деңгейлерін белгілі бір дәрежеде толықтыратындығын атап көрсетеді. Бірақ ол ненің есебінен толықтыратындығын ашып айтпайды. Сол секілді, Э. Фромм адамды өмір бойы, оның ақылы басқаратынын айтады. Ақыл дейді ол: «инстинкттерді ауыстырып қана қоймай, өмір сүру міндеттерін де кәдімгідей күрделендіреді», сондай-ақ ақылдың арқасында адам оған қарама-қарсы қойып салыстыру жолымен өзін табиғаттан ажыратуға және оның өзін-өзі саналы түрде ұғынуына мүмкіндік беретін «мүлде жаңа сапаға – өзіндік санаға ие болады». Олай болса, дейді Э. Фромм барлық жануарларға тән жаратылыста берілетін табиғи үйлесімділіктер өмір

үстінде өзгерістерге ұшырайды. Өзіндік сананың арқасында адам табиғи жұмақтан қуғындалады (ол бостандықта болады), әйтсе де мұнда «ол қайда барып түсетінін білмейді». Сондықтан оған өз-өзіне, өзінің барар жолына жауап беруге тура келеді (ол жауапкершілікті болады) дейді. Міне ең алғашқы психологиядағы экзистенциалды (латынша *ex(s)istentia* – бар болу дегенді білдіретін гуманистік психологияның бір саласы) мәселелер, атап айтқанда бостандық пен жауапкершілік мәселелері осылайша пайда болды.

Сонымен, Э. Фроммның ойынша адам табиғаты өмірдің тым күрделі қайшылығында кездесетін биологиялық инстинкттердің (соқыр сезімдердің) азаюы мен өзіндік сананың молаюында көрінеді дегенге саяды. Оның айтуынша адамның тіршілігінде кездесетін қарама-қайшылықтар әртүрлі тәсілдермен өтелетін экзистенциалды қажеттіліктермен байланысты. Ал қажеттіліктердің өзін өтеу, сондай-ақ оны өтеудің әртүрлі тәсілдері, бұл адамның қоғамдық жағдайларына тәуелді. Ал, мұндай тәсілдердің өзі адамның әр алуан «күштарлығында» көрінеді. Адамның мінез-құлқында бекіген әртүрлі күштарлықтары тұлғаның тиісті типтерін білдіретін, адам мінезінің әртүрлі көріністерін құрайды. Олай болса, Э. Фромм бойынша адамның өзіне тән сапалары дәл осы тұлға ұғымында ғана көрінеді.

Алайда біз адам табиғаты жайлы айтылған алуан түрлі болжамдар мен көзқарастардың ішінен неліктен Э. Фроммның ойларына сүйеніп отырмыз? Мұның мынадай себептерін айтуға болады. Біріншіден, ол адам табиғаты мен тұлғаның қалыптасуын ішкі мен сыртқының өзара әрекеттестігінде қарастырады. Э. Фромм бойынша мінез-құлықты детерминациялайтын әлсіз инстинкттер мен мидың жоғары деңгейдегі дамуы өзара әрекеттесе отырып, психикалық іс-әрекеттің жаңа түрін, басқаша айтқанда ақылды адамның (*homo sapiens*) қалыптасуына алғышарт жасайды. Соның салдарынан адамда сана мен өзіндік сана пайда болады. Оның пікірінше адам тіршілік иесі ретінде өзінің ішкі дүниесімен қатар, сыртқы ортамен үнемі өзара тепе-теңдікті орнатуға тырысады. Бірақ ішкі және сыртқы әсерлердің салдарынан, осы тепе-теңдік бұзылады. Осының нәтижесінде адамда динамикалық теңсіздік күйі пайда болады. Адамның осындай динамикалық күйлері, оның психикалық дамуына жағдай жасайды.

Дамудың қайнар көзі болып табылатын Э. Фроммның динамикалық теңсіздік жайындағы айтқан идеялары биология мен психология салаларында кеңінен таралды. Мысалы, теориялық биология саласында Э. Фроммның осы идеясы 1935-ші жылы Э.

Бауэр тұжырымдаған «тірі жүйелердің тұрақты теңсіздігінің принципімен» сәйкес келсе, психология саласында бұл идеяны «адам симметриялыға (сәйкестікке) қарағанда асимметриялы (сәйкес емес) құбылыстарға психологиялық бейім келеді» дейтін Д.Н. Узнадзенің бейім-бағдар (установка) теориясымен ұштастыруға болады.

Екіншіден, Э. Фромм тұлғаны, оның табиғи негізі болып табылатын индивидтік сипатынан ажыратып бөлмей, тұлғаның әлеуметтік (мәдени) детерминациясының мазмұнын біршама кеңірек түрде сипаттап берді. Оның түсінігінде тұлға – туа берілетін қажеттіліктер мен әлеуметтік-мәдени әсерлер арасындағы динамикалық өзара әрекеттестіктің жемісі болып табылады.

Үшіншіден, тұлғаның шығу тегі мен адамның табиғаты жайлы айтқан Э. Фроммның идеяларын, тұлғаның табиғи негізі ретінде индивидті, ал тұлғаны қоғамдық индивид, тарихи процестердің объектісі мен субъектісі ретінде қарастырған Б.Г. Ананьевтің ойларына тым жақын деп айтуға болады.

Сондай-ақ Л. Хьелл мен Д. Зиглер өз жұмыстарында тұлға туралы көптеген белгілі психологиялық теорияларды талдай келе, әртүрлі мектептер мен бағыттардағы адамның табиғаты туралы негізгі қағидаларды сипаттайтын 9 қарама-қарсы шкалаларды келтіреді.

Олар мыналар:

1. Бостандық – детерминизм (жауапкершілік).
2. Рационалдылық – иррационалдылық.
3. Холистік (тұтастылық) – элементалистік.
4. Конституционалистік (биологиялық) – инвайронменталистік (әлеуметтік).
5. Өзгерушілік (эволюционистік) – өзгермеушілік.
6. Субъективтілік – объективтілік.
7. Проактивтілік дамудың ішкі себептері) – реактивтілік (мінез-құлық – сыртқы түрткілерге қайтаратын жауап реакциясы).
8. Тануға болатын – тануға болмайтын.
9. Гоместаз (сыртқы тепе-теңдікті сақтау) – гетеростаз (тұлғалық осу мен өзін-өзі дамыту).

Келтірілген осы қарама-қарсы шкалалар тұлға жөніндегі алуан түрлі психологиялық теориялардың өкілдері ұстанған негізгі бағыттарды білдіреді. Мұнда ғалымдар қарама-қарсы шкалалардың ішінен бірін таңдап, оларға сүйене отырып, екіншісін жоққа шығарады не оларды бір-біріне қарсы қояды.

Алайда адамның жеке дамуы мен оның генезисі (шығу тегі) жоғарыда Э. Фромм келтірген екі қарама-қарсы бастамалардың, яғни ішкі мен сыртқының өзара әрекеттестігінен туындайтындығын осы айтылған шкалалардың бірін таңдап, екіншісін өзіне қарсы қойған ғалымдардың көпшілігі түсіне бермейді. Кезінде атақты психолог С.Л. Рубинштейн «сыртқы себептер ішкі жағдай арқылы әсер етеді» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, психологиядағы сыртқы мен ішкінің басын қосуға тырысқан еді. Э. Фромм айтқандай тұлға ішкі мен сыртқының өзара әрекеттестігінің нәтижесі болып табылады. Өзара әрекеттестікте адамның психикалық өмірі күрделеніп, оның мінез-құлқында қарама-қайшылықтар пайда болады. Сондай-ақ адамның психикалық дамуы мен оның тұтастылығын қамтамасыз ететін Э. Фромм сипаттаған екі бастама өзара әрекеттесе отырып, адамдағы динамикалық теңсіздікті туғызады. Бұл динамикалық теңсіздікті адам дамуының элеуметтік мүмкіндігі деп айтуға болады.

Сонымен қоса адамның тұтас құрылымынан тұратындығы мен бүтіндігін түсіну үшін ең алдымен жоғарыда келтірілген барлық шкалаларға ерекше назар аударуға тура келеді. Сондай-ақ адамды индивид, тұлға мен субъекті ретінде тереңірек тану үшін олардың әр біреуін жеке-жеке алып, осы айтылған шкалалар шеңберіндегі бұл ұғымдарды жүйелі түрде қайта талдау қажет.

Адам табиғаты жөніндегі жүргізілген осындай талдаулар адамның жануарлардан айырмашылығының бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Әсіресе мұндай ерекшелік тек тұлға деңгейінде ғана көрінеді. Танымның пәні ретіндегі тұлға мәселесімен психология ғылымы ғана айналысып қоймай, адамды зерттейтін басқа да ғылыми салалардың шұғылданатыны белгілі. Сондықтан осы ғылым саласында қалыптасқан тұлға туралы көзқарастарды білудің маңызы өте зор.

Философияда тұлғаны барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырады. Философиядағы тұлға мәселесі – бұл қоғамда орын алатын тұлғаның мәселесі болып табылады.

Элеуметтану ғылымында тұлға деп индивидті сипаттайтын элеуметтік мәні бар мінез бітістерінің тұрақты жүйесін айтады. Ал мұның өзі іс-әрекет пен қарым-қатынастың арқасында элеуметтік қатынастар жүйесіне барып қосылатын индивидтің қоғамдық дамуының жемісі болып табылады. Бұл анықтамадан тұлға ұғымының индивид пен адам ұғымдарына сәйкес келетінін айқын көруге болады. Бірақ бұл жердегі бізді қызықтыратын ең маңызды

мәселе тұлға ұғымын психологияда қалай қарастыратындығы жөнінде болып отыр. Олай болса, тұлға ұғымына психологиялық анықтама беру қажет.

Тұлға ұғымы психология ғылымының әр алуан салаларында қарастырылады. Мұның өзі тұлға көріністерінің көп жоспарлылығы мен қарама-қайшылығын, сонымен қоса адамның мінез-құлқының жұмбақтығын білдіреді. Адамның мінез-құлқының көп жоспарлылығы өз кезегінде көп деңгейлі психологиялық талдауды талап етеді.

Тұлға мәселелерін жалпы психологияда қою сенсорлы-перцептивті, мнемикалық, ойлау мен эмоциялық-еріктік процестер туралы алынған мәліметтердің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін қажет екенін психолог Б.Ф. Ломов атап көрсетеді. Сондай-ақ Л.М. Веккер тұлға психикалық процестердің жүйесін біртұтас етудің жоғарғы деңгейі деп санайды. Сондықтан, осы мәліметтердің біртұтастығы адамның сенсорлы ұйымдасуының, оның интеллектісі мен тұлғасының эмоциялық шеңбері туралы түсініктерді анықтауда маңызды рөл атқарады. Олай болса, жалпы психологияда тұлғаны индивидтің әртүрлі психикалық процестерін біріктіріп байланыстыратын және оның мінез-құлқына қажетті тұрақтылық пен бір тұлғалық әкелетін біртұтастықтың бастамасы, оның қандай да бір негізі ретінде қарастрады.

Дифференциалды психологияда (лат. differentia – ерекшелік деген сөзінен шыққан, адамның даралық ерекшеліктерін зерттейтін психологияның саласы) тұлғаның индивидуалды-психологиялық ерекшеліктері мен оның адамдар арасындағы айырмашылықтарын зерттейді.

Әлеуметтік психология – тұлғаның құрылымын тұтас әлеуметтік орта мен оның басқа адамдармен өзара әрекеттестігі құрылымынан шығарады. Г. Линдсей мен Е. Аронсон әлеуметтік психологияның міндеті индивидтің мінез-құлқы мен сезімдеріне, ойларына басқа адамдардың әсер ететінін түсіну мен түсіндіру болып табылатынын атап көрсетеді. Сондықтан әлеуметтік психология әртүрлі қауымдардағы тұлғаның әлеуметтік рөлдері мен мәртебелерін, оның осы рөлді атқаруындағы өзін-өзі қабылдауын, бірлескен іс-әрекеттегі тұлғаның байланыстарын, бейім-бағдарларын (нұсқауларын), басқа адамдарды қабылдауы мен тұлғааралық қатынастарды зерттеумен айналысады.

Сондай-ақ қазіргі кезде тұлғаны психосоматикалық медицинада (органикалық патологияның пайда болуына психологиялық себептердің әсерін), дін психологиясында (діни сана мен мистикалық (жұмбақ, түсініксіз) құбылыстарды зерттеп білу), парапсихологияда, санадан тыс құбылыстарды (интуиция (ішкі түйсік), дарындылық қабілеттерді, шығармашылықты) зерттеу және т.б. секілді жеке пәндер мен бағыттарда да қарастырады.

Сонымен қоса психология ғылымында психологиялық білімдердің дербес саласы ретінде тұлға психологиясының пәнін анықтаудың маңызы өте зор. Бірақ өкінішке орай осы күнге дейін тұлға мәселелері психологияның әртүрлі салаларында ғана қарастырылып, психологияның дербес саласы ретінде оның пәні анықталмай келеді. Тіпті 1983-ші және 1985-ші жылдарда жарық көрген психологиялық сөздіктерде де оның пәнін анықтайтын тұлға психологиясына арналған мақала жарияланған емес.

В. Штерннің айтуынша тұлға психологиясы ғылым ретінде, адамның жеке басын қарапайым элементтердің жиынтығынан іздеген дәстүрлі вундттық психологияның дағдарысына жауап беру үшін қалыптасқан. «Адам тұлғасын қарастыруда элементтер психологиясының өзі қауқарсыз болып табылады» - дейді В. Штерн. Адам тұлғасының мәселелерін зерттеумен персонология (ағылшынша, *personality* – тұлға, индивидуалдылық дегенді білдіреді), яғни тұлғатану ғылымы айналысыды. Бұл терминді тұлға психологиясы саласындағы теоретиктер мен эксперимент жүргізушілерді атау үшін Генри Мюррей ұсынған еді. Шетелдерде тұлғатану ғылымы, яғни персонология әр алуан зерттеу стратегияларын қолдану арқылы адамның дара ерекшеліктерін терең танып білуге барынша күш салып отыр.

Б.Г. Ананьев психологиядағы тұлға мәселелерін қарастыра отырып былай деп жазады: - «Тұлға психологиясы теориялық және қолданбалы психологияның негізгі мәселелерінің бірі болғандықтан, тұлғаның қатынастары мен психикалық қасиеттерін (тұлғаның жалпы психологиясы), адамдар арасындағы айырмашылықтар мен индивидуалды ерекшеліктерді (дифференциалды психология), әр алуан топтардағы тұлғаның рөлдері мен мәртебесін (әлеуметтік психология), іс-әрекеттің нақты түрлері мен қоғамдық мінез-құлықтың субъектілерін (қолданбалы психологияның барлық салалары) зерттейді». Тұлғаны осындай психологияның алуан түрлі салаларында зерттеудің құндылығы сонда, осы салалардың бәрі де

тұлғаның психологиялық құрылымынан бірыңғай әрі ерекше жалпы заңдылықтарды ашуға тырысады. Б.Ф. Ломовтың пікірінше мұндай бағыттардың аса маңызды теориялық міндеттері адамды индивид, субъекті, тұлға, индивидуалдылық ретінде сипаттайтын біртұтас психологиялық қасиеттерінің шынайы негіздерін ашып көрсету болып табылады. Тұлғаны көп деңгейлі талдаудың өзі, оның мінез-құлқы талдаудың барынша дәлдігін талап етеді. Мұндай талдаулар қандай да бір тұлға теориясының негізінде жүзеге асады.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Қазіргі ғылыми білімдер жүйесінде адам мәселесі қалай қарастырылып отыр?
2. Қазіргі кезде адам мәселесі неліктен барлық ғылымдардың ортақ мәселесіне айналды?
3. Ғылыми парадигма және оның ауысуы дегенді қалай түсінесің?
4. Философия, әлеуметтану және психология ғылымдарында тұлғаны қалай қарастырады?
5. Қазіргі кездегі тұлға түсінігінің алуан түрлілігіне не деп жауап берер едіңіз?

Ол бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар

1. Қазіргі ғылыми білімдер жүйесіндегі адам мәселелерін ашып көрсету үшін Б.Г. Ананьевтің адамтану жөніндегі іліміне қысқаша конспект дайындаңдар.
2. Адам табиғатын кеңірек ашып көрсету үшін Э. Фроммның «Бостандықтан қашу» атты еңбегіне жүйелі талдау жасаңдар.
3. «Философиядағы, әлеуметтанудағы және психологиядағы тұлға мәселелері» атты тақырыпқа эссе дайындаңдар.
4. Тұлға психологиясының пәнін анықтауға қатысты мәселелерді тереңірек талдау үшін осы тақырыпқа байланысты баяндамалар дайындаңдар.

2. Тұлға және оның психологиялық құрылымы

2.1 Тұлға теориясы және оған қойылатын талаптар

Адамның мінез-құлқының негізгі мәселелерін түсіндіру үшін оны зерттегенде психологтар қандай бағытты таңдап алу керек деген сұраққа нақты жауап іздегенде оған көпшілік мақұлдаған ортақ пікірдің жоқтығы әрқашан кедергі келтіреді. Өйткені, қазіргі кезде адамдар арасындағы ерекшеліктер мен тұлғаның тұтастығын сипаттайтын теориялар тұлға психологиясында көптеп кездеседі. Олардың бірін екіншісінен артық не кем көруге болмайды. Себебі, кез келген теория адамның мінез-құлқын түсіндіргенде қандай да бір заңдылықтар мен принциптерге сүйенеді. Сондықтан, кез келген теория өзінің ішкі құрылымы жағынан қандай да бір логикалық қисынға негізделген заңдылықтар мен әдіснамалық принциптерді басшылыққа алады. Жалпы теория деп (грек тілінен аударғанда *theoria* – пайымдау, анықтау деген мағынаны білдіреді) белгілі бір шындықты түсіндіруде өз мақсаты бар, қандай да бір әдіснамалық принциптер мен заңдылықтарға құрылған, бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы идеялардың жүйесін айтады. Теория қашан да көреген, сондықтан оны «жақсы» не «жаман» деп бөлуге болмайды. Сонымен қатар теория сол теорияның өзінен алынатын белгілі бір құбылысты түсіндіру үшін нақты эксперименттік зерттеу арқылы алынған нәтижелерді дәлелдеу мен негіздеу мақсатында ғылым әлемінде кеңінен қолданылады. Егер адамның мінез-құлқының барлық жақтары айқын, әрі түсінікті болса, онда тұлға теориясын салудың қажеті де болмас еді. Сондықтан тұлға теориясы неліктен адам олай істемей былай істейді, өзін неге басқаша ұстамай, солай ұстайды деген секілді сұрақтарға жауап беру үшін алдымен болжам жасап, соңынан оны тексеру арқылы белгілі бір қорытындыға келеді. Теорияның мазмұны белгілі бір ұғымдар мен тұжырымдарға негізделген қисынды әдіснамалық принциптер мен қағидалардан тұрады. Тұлға теорияларын оқып үйрену арқылы көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Тұлға психологиясының зерттеу пәні адам табиғаты, ал оның мақсаты – шынайы өмірдегі адамның тұтастай қызмет етуінің күрделілігі мен ерекшелігін түсіну болып табылады.

Теория әдетте екі түрлі қызмет атқарады. Оның бірі адамның мінез-құлқын түсіндіру болса, екіншісі, тұлғаның болашақ мінез-құлқын болжау болып табылады. Тұлға теориялары адамның мінез-

құлқын түсіндіреді дегенде ең алдымен, оның адамның мінез-құлқы түсінікті болу үшін оны белгілі бір жүйеде ашып көрсетуін айтуымыз қажет. Басқаша айтқанда, теория бізге қандай да бір оқиғаны не мінез-құлқы оңай талдап түсіндіруге мүмкіндік береретін мағыналы сұлбалармен қамтамасыз етеді. Мысалы, егер З. Фрейдтің психоаналитикалық теориясы болмаса, онда біз бес жасар баланың неліктен өз әкесін жек көріп, өз анасына қатысты романтикалық сезімде болатынын түсіне алмас едік. Егер осы жаста барлық балалар да осындай сезімді бастан кешіретін болса, онда бұл мәселе одан да бетер түсінікті болар еді. Тұлға дамуының белгілі бір кезеңдерінде пайда болатын мұндай сезімдердің себептерін де қоса түсіндіретін теория болса, онда біз сол баланы одан бетер тереңірек түсінетін боламыз. Сондықтан, адамның мінез-құлқымен байланысты жүргізілетін бақылаулар мен ұқсас деректер неғұрлым көп болса, онда теориялардың түсіндіруші қызметі де соғұрлым ерекше мәнге ие болады. Ең жақсы деген тұлға теориясы адамның мінез-құлқын сәйкесінше сипаттап, талдап түсіндіруді қамтамасыз етеді.

Дегенмен теория адамның мінез-құлқын тек түсіндіріп қана қоймай, оның болашағын да болжап беруге міндетті. Теория әлі болмаған оқиғалар мен мінез-құлқы нәтижелерін болжауды да қамтамасыз етуі тиіс. Бір таңғаларлығы кез келген теориялық тұжырымдама тексерілетін психикалық құбылысты анықтап қана қоймай, оны дәлелдеп не болмаса оның дәлелденбегендігін ашып көрсетуге тырысады. Бұл жерде теория ата-ананың тәрбиесі салдарынан сол баланың мінез-құлқында алдағы уақыттарда белгілі бір өзгерістердің пайда болатынын болжап беруі керек. Егер анасы өз баласының осындай романтикалық сезіміне қызу қолдау білдірсе не оның әкесі баласының мұндай қылығына бола оны жек көріп кетсе не болар еді? Сондықтан теориялық тұжырымдамалар осындай жағдайларды болжап қана қоймай, оның дұрыстығын эмпирикалық түрде тексеруге негізделіп құрылуы қажет. Ең жақсы деген тұлға теориясы зерттеушіні психологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуге итермелейді. Керісінше, тексеруге болмайтын, яғни зерттеу жұмыстарын одан әрі жүргізу үшін болжам жасауға болмайтын теорияның ғылыми құндылығын анықтау мүмкін емес. Теория адамның қайталанбайтын дара ерекшеліктерінің барлық жақтары мен адам табиғатын түсіндіргісі келсе, онда ол ғалымды зерттеу жұмысын жүргізуге итермелеуі тиіс.

Психология ғылымында тұлға теориялары әртүрлі қызметтер атқарады. Олар адамның қандай екенін, тұлғаның үнемі бірқалыптылығы мен тұрақтылығын сипаттайтын қасиеттерін анықтап, мұндай қасиеттердің қалайша дамып қалыптасатындығын түсіндіреді, олардың бір-бірімен өзара байланысу тәсілдерін ұғындырады. Сонымен қатар теория бұрын-соңды зерттелмеген жаңа қасиеттердің пайда болу ықтималдығын да болжауға мүмкіндік береді. Теорияның болжау қызметі зерттеу жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізгенде ғана осы күнге дейін белгісіз болып келген психикалық құбылысты анықтап, ғылымда жаңалық ашуға болатынын нұсқайды. Бірақ бұл жерде адамның мінез-құлқын зерттейтін барлық теорияларды да адамның өзі жасайтынын айта кеткен орынды. Осыған байланысты адам табиғаты жөнінде әртүрлі көзқараста болатын адамдар секілді зерттеуші психологтың да адам екенін ұмытпаған жөн. Мысалы, кейбір теоретиктер адамның мінез-құлқы мен қылықтары бейсаналы мотивтер арқылы басқарылады, сондықтан оны адамның өзі саналы түрде ұғына алмайды десе, енді береулері әрбір адам өз мотивын саналы түрде ұғына алады, сондықтан оның мінез-құлқын мотивтер емес, сол кездегі жағдай анықтайды деп түсінеді. Әрбір нақты теоретиктің пікірі қандай боласа да, олардың адам табиғаты туралы негізгі ұстанымдары әртүрлі болғандықтан, осыдан шығатын нәтиже де түрліше болады. Мұндай жағдайда теоретик бірде негізгі жағдайды дұрыс ұғынып, осының сырын ашуы мүмкін не болмаса негізгі жағдайды дұрыс түсінбей сәтсіздікке ұшырауы ықтимал. Негізгі жағдай тым терең болғандықтан, ол қашан да зерттеушінің тұлға табиғаты жөніндегі көзқарасына әсер етеді. Мысалы, А. Маслоу адамның барлық мінез-құлқы мен қылықтары, оның саналы мотивтеріне, еркіне байланысты болады дейді. Сондықтан, оның теориясы адам табиғатының «жоғары» сатыға ұмтылуымен анықталады. Ол «адам кім болуы мүмкін» деген мәселемен айналысқан. Сондықтан, А. Маслоудың тұлға туралы теориясы осындай жағдайға сай құрылған. Ал З. Фрейд адамның мінез-құлқы әуел бастан-ақ бейсаналы факторлармен детерминденеді деп түсінген. Оның түсінігінде адамның мінез-құлқы мен қылықтары алдын-ала анықталған бейсаналы мотивтер арқылы басқарылады. А. Маслоу мен З. Фрейдтің көзқарастары бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі бағытты сипаттайды. Бұл жерде біздің айтатын дегеніміз психологиядағы тұлға теориялары адам табиғаты

туралы айтқан авторлардың негізгі идеяларына байланысты болып отыр.

Сонымен, ең жақсы деген тұлға теориялары мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

Біріншіден, зерттелетін психикалық құбылыстың өзіне тән ерекшеліктеріне қарай, теория белгілі бір дәрежеде оны жалпылай алатындай болуы керек. Бұл бір жағынан, теорияның зерттелетін құбылыстың жалпы негізін ашып көрсетуі болса, екінші жағынан теорияның ерекшеліктер мен жекелеген психикалық құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік беруі болып табылады;

Екіншіден, теория берік, тұтас, әрі ықпалды әрекет ететін постулаттармен тұжырымдалуы тиіс. Бұған жалпы философиялық және психология ғылымының өзінен, басқа да ғылымдардан алынған теориялық қағидалар мен тұжырымдар жатады;

Үшіншіден, теорияның болжамдық құндылығы болуы тиіс, яғни теория қандай да бір құбылыстың даму мүмкіндігін болжай алатындай болуы қажет;

Төртіншіден, теория тексере алатындай болуы шарт. Теория ғылыми зерттеу барысында алынатын мәліметтерді эксперименттік әдіс арқылы немесе логикалық талдау жолымен тексере алатындай болуы керек;

Бесіншіден, теория алынған деректермен сәйкес келуі қажет.

Оз еңбектерінде Л. Хьелл мен Д. Зиглер тұлға психологиясының теорияларын бағалаудың өзіне тән ерекше алты критерийін тұжырымдайды. Ондай критерилерге мыналар жатады.

1. Теорияның жан-жақты тексеру мүмкіндігі, яғни теориялық қағидаларды тәуелсіз зерттеушілердің тексере алуы. Бұл үшін ғылыми теорияны құрайтын тұжырымдамалар мен болжамдар, ұсыныстар айқын анықталған, әрі бір-бірімен өзара логикалық байланыста болатындай тұжырымдалған болуы керек.

2. Теорияның эвристикалық құндылығы, яғни теорияны басқа ғалымдардың одан әрі зерттеуіне психологиялық теория қаншалықты дәрежеде түрткі бола алады. Авторлар теорияның эвристикалық құндылығы неғұрлым жоғары болған сайын, жұмыс тұжырымдамасының анықтамасы да соғұрлым дәлірек тұжырымдалады деп есептейді. Яғни ол ненің көмегімен өлшенуі мүмкін немесе оны қандай бақыланатын сипаттамалармен салыстыруға болады.

3. Теорияның ішкі келісімділігі, яғни теория ішкі қайшылықтардан тәуелсіз болуы тиіс; ішкі логика арқылы ол ұқсас емес құбылыстарды түсіндіруі керек.

4. Теорияның үнемділігі қандай да бір құбылысты түсіндіру үшін қажетті постулаттар санының негізгі тұжырымдамада аз болуының мүмкін екендігін білдіреді. Басқаша айтқанда, қандай да бір психикалық құбылысты түсіндіру үшін теория неғұрлым аз тұжырымдамаларды талап ететін болса, онда ондай теория соғұрлым жақсы болады.

5. Алуан түрлі құбылыстарды қамту кеңдігі. Теория неғұрлым адамның мінез-құлқының көп бөлігін қамтыған сайын, соғұрлым ол жан-жақты бола түседі. Басқаша айтқанда бұл жерде әңгіме теорияның жалпылау шамасына қатысты болып отыр. Жан-жақты қарастыратын теорияның тағы бір артықшылығы бөлек-бөлек деректерді біріктіру мен ықпалдастыру үшін теория зерттеу жұмысына логикалық негіз болуы мүмкін.

6. Теорияның қызметтік маңызы. Осы айтылған теорияны бағалау критеріі адамға өзінің күнделікті өмірдегі мінез-құлқын түсіюіне көмектесуді көздейді. Теория адамдардың өз басындағы мәселелерін шешуіне көмектесуі қажет. Кез келген адам өзі мен өзінің айналасындағы адамдар туралы тереңірек білгісі келеді. Сондықтан, тұлға теориясы кәсіби психологиялық білімі жоқ адамдардың өзі мен оның басқалармен қарым-қатынасында кездесетін мінез-құлқ ерекшеліктеріне түсінік беруі тиіс. Бұл үшін адам әртүрлі тұлға теорияларынан хабардар болуы қажет. Біз бұл мәселелерге алдағы уақытта кеңірек тоқталатын боламыз.

2.2 Психологиядағы тұлғаны зерттеген кейбір жалпы бағыттар

Тұлға мәселелерін зерттей бастасақ болды, психология ғылымының әр алуан салаларының ішінде бұл ғылымның өте жас ғылым екенін біз оңай ажыратамыз. Тұлға психологиясы адамның жеке басын қарапайым элементтердің жиынтығынан іздеген дәстүрлі вундттық психологияның дағдарысына жауап беру мақсатында пайда болып, XX ғасырдың басында қалыптасқан психологиялық мектептерде дами бастады. Психологиялық әдебиеттерде кездесетін алуан түрлі пікірлер мен көзқарастарға сүйенсек, көптеген психологтар психологияда әлі күнге дейін тұлға ұғымы мен оның

қалыптасуын түсіндірудің бірыңғай бағытының жоқтығын айтады. Бүгінгі күні», - дейді Л.В. Горбачевич: «тұлға ұғымын анықтаудың бірыңғай бағыты жоқ, яғни оларды сылыстырмалы түрде алғанда, осы ұғымға нені қосу керек» - деп атап көрсетеді. «Қазіргі психология ғылымындағы тұлға ашылмаған жұмбақ және шешілмеген міндеттердің айтарлықтай кеңірек жиынтығы болып саналады» - дейді психолог С.М. Жақыпов. Өзінің 1931 жылы жарық көрген еңбегінде Л.С. Выготский «психологияның негізгі және аса маңызды мәселесі – тұлға мен оның дамуы жайындағы мәселелер әлі күнге дейін жабық күйінде қалып отыр» - деп жазған еді. Шынығында да жалпы психология жүйесінде тұлға түсінігін көптеген ғалымдар түрліше сипаттайды. Кезінде Г. Олпортта әртүрлі авторлардың тұлға ұғымына берген 50-ден аса анықтамаларын есептеп тауып, оларға жеке-жеке талдау жасады. Ақыр аяғында мұндай анықтамаларды біріктірудің сәтті түспегендіктен ол «адамның объективті шындық» екенін мойындап, оларды одан ары талдаудан бас тартуға мәжбүр болады. Осыдан жарты ғасыр өткен соң атақты отандық методолог Н.Г. Щедровицкий тұлға мәселесі көп жағдайда сипаттаушы психология деңгейінде қалып қойып отырғандығын, ал тұлға ұғымының өзі тұрмыстық дәрежеде ғана қолданылатындығын еріксіз қайта тұжырымдады.

Кейбір психологтар тұлға ұғымының көп мәнділігін психология ғылымының осалдығынан ғана емес, осы мәселемен айналысатын философия, әлеуметтану, антропология және т.б. ғылымдардың айналы мен әр автордың тұлғаның дамуын, оның психикалық құбылысының әр қырынан көруінен деп түсінеді. Осыған байланысты Н.С. Кош тұлға ұғымының көп мәнділігі біреулерге тұлғаны, оның әлеуметтік рөлдері мен оның индивидуалды қасиеттерінің бірлігіндегі іс-әрекеттің нақты субъектісі деп түсінуіне алып келсе, енді біреулерді «оны өз кезегінде қарым-қатынас пен танымның, еңбектің субъектісі ететін және басқа адамдар мен сол адамның тікелей және жанама өзара әрекеттестігін қалыптастыратын, ондағы әлеуметтік мәні бар бітістерінің жиынақталған жиынтығы ретінде түсінуіне алып келді» - деп дұрыс атап көрсетті.

Психологиядағы өзекті мәселелердің ең бастысы – тұлға ұғымын анықтау шетел психологиясында да, отандық психологияда да әлі де болса өз шешімін таппаған күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Тіпті бұрын кеңес өкіметі тұсында отандық психологияны біріктірген марксистік қағиданың өзі де тұлға мен оның

құрылымының табиғатын бірыңғай түсіндіруге түрткі бола алмады. Соның нәтижесінде дейді Л.И. Божович «әлі күнге дейін кеңес психологиясында тұлға мен оның қалыптасуы жайлы бірыңғай толық жасалған тұжырымдама жоқ. Барлық кеңес психологиясы үшін ортақ тұлға туралы марксистік қағида әр түрлі жиындарда түрліше талданып, түрліше жүйеленеді және түрліше жалпыланады. Тұлға ұғымын үнемі жиі қолданса да, оның психикалық жақтарын ашпай жатып бірде сананың, бірде бейім-бағдардың, бірде психиканың синонимі ретінде көрсетеді».

Психология тарихының әртүрлі кезеңдерінде тұлғаның құрылымы жөніндегі мәселелер түрліше бағытта қарастырылды. Мысалы, психолог К.К. Платонов 1917-1970 жылдар аралығында кеңес психологиясында қалыптасқан тұлға теорияларының мынадай төрт түрлі бағытының үстемдік алғандығын айтады: 1917-1936 жылдары - тұлға психикалық қызметтердің кескіні ретінде; 1936-1950 жылдары - тұлға адамның тәжірибесі ретінде; 1950-1962 жылдары - тұлға адамның жасы мен темпераменті ретінде; 1962-1970 жылдары - тұлға адамның бағыттылығында көрінетін қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырылды.

Психологияда тұлғаның құрылымы туралы ғылыми түсініктерді дайындау, адамның қоғамдық мәнін, оның барынша бай көріністерін ашып беретін тұтас теория жасаудың қажетті бөлігі болып табылады. Бірақ, қазіргі психологиядағы өзекті мәселелердің бірі - көптеген психологтардың тұлға құрылымын түрліше түсінуінде болып отыр. Адамның мінез-құлық мотивациясын талдай отырып, П.М. Якобсон: «мінез-құлық мотивациясының дербес сұрақтары бойынша психологтардың тар және жеке зерттеулерге кетуі, тұлға психологиясын тұтастай талдаудың қиындығынан ғана емес, зерттеу үстінде қажетті бағдар беретін психологиялық дайындалған тұлға құрылымының жоқтығынан шығып отырғаны даусыз. Ал мұндай бағдардың болмауы нақты адамның мінез-құлқының мотивациясын зерттеуде көптеген қиындықтарға апарып соқтырады» - деп атап көрсетеді.

Психологиялық оқулықтарда психология тарихынан бізге жақсы белгілі және қазіргі кезде де кездесетін адамның психикалық өмірінің құрылымын әр түрлі түсінудің алауан түрі келтірілген. Тіпті, психикалық құбылыстарды ақылға, сезімге және ерікке бөлуді (атақты «Тетенстің үш тағаны») «шындықты жақтайтын қазіргі психологтардың көпшілігі мойындап отырған адам психологиясының

құрылымдық бағытының алғашқы тәжірибелерінің бірі ретінде қарастыруға болады», - дейді Б.Г. Ананьев. Сондай-ақ, Б.Г. Ананьев қазіргі кезде кеңес психологиясында мақұлданған психикалық құбылыстарды құрылымдар түрінде жіктеуді де құрылымдық бағыттың алғашқы тәжірибелерінің бірі ретінде қарастырады. Мұндай бағыттарға А.Г. Ковалевтің зерттеулерін жатқызуға болады. Біз тұлғаның құрылымы жайындағы А.Г. Ковалевтің көзқарастарын келесі бөлімдерде жеке тақырыпта қарастыратын боламыз.

А.Г. Асмолов психология ғылымында тұлғаның құрылымын талдаудың екі түрлі әдіснамалық алғышарттарының бар екендігін айтады. Оның бірі – тұлғаның құрылымын қандай да бір физикалық объектінің құрылымымен, мысалы, ағзаның анатомиялық құрылымымен теңестіре отырып қарастыру. Бұл бағытты жақтаушылар психиканы атомдарға жіктеу жолымен алынған, оның тұтас бейнесін жасау қағидаларына сүйенсе отырып, тұлғаның тұтастай құрылымын қарапайым элементтерге бөліп талдайды. Тұлғаның құрылымын зерттеген мұндай бағыттарға, оның құрылымын әртүрлі факторлардың немесе мінез бітістерінің, темпераменттердің, мотивтердің және т.б. жиынтығынан іздеген тұжырымдамаларды жатқызуға болады. Мысалы, психологиядағы факторлық бағытта тұлға құрылымының қарапайым «элементтері» ретінде оның «мінез бітістері» алынады. Сондықтан, Р. Кеттелдің, Г. Айзенштейннің, Г. Олпорттың тұжырымдамаларындағы тұлғаның құрылымы – мінез бітістерінің жиынтығы болып табылады. Осы тұжырымдамаларда ұсынылған әдістердің көмегімен тұлғаның құрылымын диагностикалау арқылы әрбір зерттеуші тұлғаның өзгешеліктерін, яғни белгілі бір мәдениет өкіліне жататын адамға тән мінез бітістерінің жиынтығын анықтай алады. Тұлғаның мұндай көріністері, оның әлеумет үстінде қалыптасқан адам үшін мәні бар мотивтерінің жүйесі екені сөзсіз. Тіпті тұлғаны зерттеудегі факторлық тұжырымдамаларда қолданылатын көмекші тәсілдердің өзі де әлеуметтік орта үстінде қалыптасатын мінез бітістерін өлшеуге негізделген. Осыған қарамастан факторлық бағытты жақтаушылар тұлғаның құрылымын талдаудағы өзекті мәселелердің бірі – ішкі және сыртқы факторлардың өзара байланысы жөніндегі сұрақты түсіндіруге келгенде көбіне оны ішкі-биологиялық қасиеттердің пайдасына қарай шешеді.

Тұлғаның құрылымын зерттеген екінші бағытқа «блоктық» бағытты жатқызуға болады. Мұнда тұлғаның құрылымы адамның

темпераментінің, мотивтерінің, мінезінің, мінез бітістерінің және т.б. қасиеттерінің жеке-жеке блоктарынан тұратын құрылым ішіндегі құрылымшалар түрінде сипатталады. Тұлғаның құрылымын «блоктық» бейнелеуде, оның әртүрлі жеке құрылымдары бір-біріне қабаттасып, үсті-үстіне орналасса да олардың қызметі мен құрылымдық және генетикалық өзара байланыстары бүркемеленіп көрінбей қалады. Осы айтылған екі бағытта да тұлға былығып жатқан алуан түрлі мінез бітістерінің, қабілеттердің, темпеаменттердің, қызығушылықтардың және т.б. жиынтығы ретінде сипатталады. Мұндай бағыттарға жүргізілген кеңірек талдауларды А.В. Петровскийдің еңбектерінен тауып алуға болады. Ол тұлғаны қасиеттердің, сапалардың, мінез бітістерінің, мінездемелердің, адам психикасының ерекшеліктерінің жиынтығы ретінде сипаттаған барлық тұлға теорияларын «коллекционерлік» бағыт деп атады.

Психологияда 60-шы жылдардың ортасына таяу тұлғаның жалпы құрылымын анықтауға көптеген әрекеттер жасалды. Тұлға мәселесіне қатысты 1969 жылы болған Бүкіл одақтық симпозиумда тұлғаны құрылымдық бағытта биоәлеуметтік жүйке ретінде тану белгіленді. Соңынан бұл бағыт психологияда қатты сынға алынды. Өйткені құрылымдық бағыт тұлғаны өзара шарттыланған биологиялық және әлеуметтік жеке құрылымшаларға бөлді, ал мұның салдары «тұлға» мен «адам», «тұлға» мен «индивид» ұғымдарының арасындағы тепе-теңдіктің орнауына алып келіп, бұл ұғымдарды ажырату қиынға соқты. Мұны психолог А.В. Петровскийдің сөзімен айтқанда, «тұлғадағы биологиялық қасиеттер әлеуметтікке айналған түрінде кездеседі».

70-ші жылдардың аяғына қарай тұлға мәселесін зерттеген құрылымдық бағыттың бағдары тұлғаның жүйе құрушы белгілерін бөліп шығаруды талап ететін жүйелік (немесе құрылымдық-жүйелік) ықпалдың негізгі идеяларын қолдануға ауысты. Біз осы бағытта зерттеген негізгі отандық авторлардың тұлға жөніндегі тұжырымдамаларына алдағы бөлімдерде тоқталып, оларды жеке-жеке тақырыптармен сипаттайтын боламыз.

Сонымен біз көріп отырғанымыздай зерттеу объектісі бар, онымен айналысатын ғылымы бар, оны зерттеп білудің әдістеріде дайындалған, сондай-ақ ол туралы әртүрлі болжамдар ұсынылып, оны анықтаудың алуан түрлі тұжырымдамалары мен теориялары, тіпті оны түсінудің тұтастай бағыттары болғанына қарамастан, психологияда тұлғаны зерттеудің көкейге қонымды пәнін анықтау

мәселесіне келгенде ешкімнің де шамасы жетпей келеді. Осыған байланысты психолог А.Г. Асмоловтың «сондықтан да келтірілген құбылыстар мен фактілер тұлға құбылысының көп қырлылығын көрсетіп қана қоймай, психологияда тұлғаны қалай зерттеп үйренуге болады деген сұраққа назар аударуға мәжбүр етеді» - дейтін пікірімен ерікті келісуге тура келеді.

Қазіргі кезде психологияда адамды индивид, тұлға және іс-әрекеттің субъектісі, индивидуалдылық ретінде түсіну кеңінен өріс алып отыр. Бірақ, соған қарамастан көпшілік мақұлдаған, жалпыға ортақ тұлға тұжырымдамасы жоқтың қасында деп айтуға болады. Сондай-ақ ресей психологтарымен салыстырғанда шетел психологтарының тұлға жөніндегі көзқарастары одан әрі былығып, шұбарланып жатыр. Мысалы, Л. Хьелл мен Д. Зиглер өз монографияларында тұлға туралы шетелдік теориялардың тоғыз бағытын бөліп шығарады. Оларға З. Фрейдтің тұлға жөніндегі психодинамикалық бағыты мен осы бағытты қайта қарастырған А. Адлер мен К. Юнгтің тұжырымдамалары, Г. Олпорттың, Р. Кеттелдің тұлға жөніндегі диспозициялық бағыттары, Б. Скиннердің тұлға туралы бихевиористік бағыты, Дж. Келлидің тұлға жөніндегі когнитивті бағыты, А. Маслоудың тұлға жөніндегі гуманистік бағыты, К. Роджерстің тұлға жөніндегі феноменологиялық бағыты, Э. Эриксонның, Э. Фроммның, К. Хорнидің эго-психологиялары (Мен психологиясы) жатады.

Л. Хьелл мен Д. Зиглер осы бағыттарды жақтаған басқа да авторлардың тұлға ұғымын түрліше анықтап, түрліше талдағандығын атап көрсетеді. Сондай-ақ Л. Хьелл мен Д. Зиглер осы айтылған бағыттарды талдай отырып, мынадай негізгі сипаттамаларды бөліп шығарады.

Біріншіден, осы бағыттарда берілген анықтамалардың басым көпшілігінде тұлға болжамды түрде анықталады. Адамның мінез-құлқы тұлға деңгейінде жинақталып, ұйымдастырылады.

Екіншіден, тұлғаға берілген анықтамалардың басым көпшілігінде адамдар арасындағы индивидуалды ерекшеліктердің мәні көрсетіледі.

Үшіншіден, берілген анықтамалардың басым көпшілігінде тұлға ұғымы әлеуметтік тәжірибе мен сыртқы ортаның динамикасын, генетикалық және биологиялық бейімделуді қосқанда, эволюция процесіндегі ішкі және сыртқы себептердің әсерінен пайда болған субъекті ретінде сипатталады.

Төртіншіден, көптеген анықтамаларда мінез-құлықтың тұрақтылығына тұлғаның «жауап беретіндігі» айтылады. Атап айтқанда, мұның өзі адамның сыртқы ортамен үздіксіз байланыста екендігін сезінуін қамтамасыз етеді.

Тұлғаға берген мұндай сипаттамалардан, бұл ұғымның шетел психологиясында да нақтыланып, дұрыс анықталмай отырғандығына көз жеткіземіз. Біз отандық психологтар мен шетелдік психологтардың тұлға туралы жалпылама көзқарастарын салыстыра отырып, олардың арасында титтейде болса жақын ұқсастықтардың бар екенін бірден аңғарамыз. Олай болса, тұлға мәселесі әлемдік психологияда да әлі күнге дейін өз шешімін таппаған күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Дегенмен шетел психологиясына қарағанда отандық психологияда тұлға мәселесі мүлде басқаша бағытта қарастырылды. Кеңес психологтары тұлға мәселесін түрліше талдаса да, оның әлеуметтік табиғаты мен қоғамдық мәніне көп назар аударды. Атап айтқанда, С.Л. Рубинштейннің, А.Н. Леонтьевтің, Б.Г. Ананьевтің, В.Н. Мясищевтің, К.К. Платоновтың және т.б. жұмыстарында тұлға мен әлеуметтік орта, тұлға мен қоғамның арақатынастары мәселелеріне ерекше мән берілді. Осы авторлардың бәрі де тұлғаны түрліше түсіндіргендіктеріне қарамастан, олар тұлғаның психикалық құбылыстарының өзі адамның іс-әрекетінен келіп шығатындығын және оның өмірінің қоғамдық даму жағдайымен детерминденетіндігін айтады. Бұл мәселелерді біз келесі бөлімдерде қарастыратын боламыз.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Психологиялық теория дегеніміз не?
2. Тұлға теориясы қандай қызметтер атқарады?
3. Тұлға теориясына қандай талаптар қойылады?
4. Тұлға теориясын бағалаудың қандай критеріі бар?
5. Тұлға психологиясын зерттеген қандай шетелдік және басқа да ғылыми бағыттарды білесің?

Өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар

1. Тұлғаның психологиялық құрылымын тереңірек ашып көрсету үшін осы тақырыпқа эссе жазыңдар.

2. «Тұлға теориялары және оған қойылатын талаптар» атты тақырыпқа баяндама дайындаңдар.

3. «Тұлға теориялары» атты тақырыпқа реферат жазыңдар.

4. Психологиядағы тұлға түсінігінің алуан түрлілігін ашып көрсету үшін «адам», «индивид», «іс-әрекеттің субъектісі» және «индивидуалдылық» ұғымдарының арақатынасына ғылыми талдаулар жасаңдар.

3. Тұлға теориясындағы психодинамикалық бағыт

XIX ғасырдың екінші жартысында психология философиядан бөлініп шығып, дербес ғылыми пән ретінде қалыптасқанда, оның ең басты мақсаты зертханалық жағдайдағы адамның психикалық өмірінің негізгі элементтерін интроспекцияның көмегімен ашып көрсету болып табылды. Психологиядағы бұл бағыт кезінде негізін В. Вундттың өзі қалаған құрылымдық психология мектебі деген атқа ие болды. В. Вундт 1879 жылы Лейпциг қаласында алғаш рет өзінің психологиялық зертханасын ашты, психологияны дербес ғылым ретінде бөліп шығарды, оның пәнін «физиологиялық психология» деп анықтады және онда «тікелей тәжірибе» болу керек деп санады. Құрылымдық психологияның өкілдері психиканы санамен теңестірді, психикалық талдаудың негізгі бірлігін сана элементтері деп жариялады. Лейпциг қаласындағы эксперименттік психология Институтында жүргізілген эксперименттерге қарамастан, В. Вундт физиологиялық эксперименттер практикасынан ауыстырылған тәсілдерді де қолданды. В. Вундт кейінірек, оның шәкірті Титченер психологияда өзін-өзі бақылаудан басқа әдістердің қолданылуы мүмкін емес деп есептеді, сондай-ақ интроспекциялық эксперимент кезінде «тікелей тәжірибе» сыналудың өз пікірінен тәуелсіз болған жағдайда ғана адам санасын ашып бере алады деді. Олай болмаған жағдайда, яғни сыналудың өздерінің қайғырулары немесе қабылдауы туралы не болмаса сана мазмұны туралы жеке пікірлерін білдірсе, онда ол жерде тек жанама тәжірибе туралы ғана сөз болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, олар өмір үстіндегі ақпараттардан жинақтап алынған білімдердің нәтижелері болып табылады. Олардың пікірінше эксперименттік психологияның пәні мұндай білімдерді зерттеу емес, шын мәнінде сана неден тұрады? Міне осы мәселені анықтау. Осылайша В. Вундт психологияның негізгі міндеттерін анықтайтын маңызды зерттеу мақсаттарының үш түрін бөліп шығарды: 1) сананы құрайтын негізгі элементтерді сипаттау; 2) сана элементтері арасындағы байланыстардың сипатын, яғни тікелей тәжірибе құрылымындағы элементтердің ұйымдасу тәсілдерін анықтау; 3) осы ұйымдасу тәсілдерімен анықталатын принциптерді орнату немесе элементтердің байланысын қамтамасыз ететін механизмдерді ашып көрсету.

Адамды өзінің мінез-құлқын саналы түрде ұғына алатын ақылды тіршілік иесі ретінде сипаттаған В. Вундттың көзқарасына мүлде

қарама-қарсы бағытты ұстанған З. Фрейд адамды өзінің мінез-құлқы мен қылықтарын саналы түрде басқара алмайтын, тек сексуалдық құмарлықтар мен агрессивті ұмтылыстарға ғана бағынатын тіршілік иесі ретінде анықтады. З. Фрейд алғаш рет адамның психикалық өмірін үнемі бір-бірімен аяқталмайтын күресте болатын сана мен қажеттіліктердің, ақыл-ой мен соқыр сезімдердің (инстинкттердің) қиындығы ретінде сипаттады.

Психология ғылымындағы «психодинамикалық» термині тұлғаның мінез-құлқын реттейтін әртүрлі мотивтер мен қажеттіліктердің, құмарлықтардың, соқыр сезімдердің арасындағы осындай қатынастардың аяқталмайтын күресін білдіреді. Сондықтан, адамның мінез-құлқын реттеуде бір-бірімен үнемі қатығыста болатын мотивтер мен құмарлықтардың, соқыр сезімдердің өзара күрделі әрекеттестігін сипаттайтын З. Фрейдтің психоаналитикалық теориясын дәл осы психодинамикалық бағыттың айқын мысалы деуге болады.

Сонымен, З. Фрейд адамның мінез-құлқы мен қылықтарының бейсаналы психикалық процестер арқылы реттелетінін айтады. З. Фрейд бойынша адамның қылықтары ғана бейсаналы түрде реттеліп қоймай, оның себептері де саналы түрде ұғыныла бермейді. З. Фрейдтің осындай пікірлеріне қарамастан, оның адам табиғаты жөніндегі айтқан идеяларының XX ғасырдағы батыс өркениетіне тигізген әсері сонша, оның нәтижесі психологиядағы жаңа бағыттардың пайда болуына, атап айтқанда А. Адлердің индивидуалды психологиясының, К. Юнгтің аналитикалық психологиясының, Э. Эриксонның эго-психологиясының, Э. Фроммның гуманистік теориясының, К. Хорнидің элеуметтік-мәдени теориясының қалыптасуына өз ықпалын тигізді. Бұл авторлар З. Фрейдтің психоаналитикалық теориясын қатты сынға алып, оны қайта қарастырды. Дегенмен олар З. Фрейдтің адам табиғаты жөніндегі айтқан идеяларын қаншама рет сынағанымен, оның ойларын әлі күнге дейін ешкім жоққа шығара алмай келеді. Сондықтан, З. Фрейдтің осы айтылған идеяларына тереңірек тоқталмайынша қазіргі кездегі тұлға теорияларына дұрыс баға берудің өзі қиын.

3.1 Фрейдтің тұлға жөніндегі психоаналитикалық теориясы

Психоанализді ұзақ уақыт бойы дамыту барысында З. Фрейд тұлға ұйымдасуының топографиялық үлгісін жасады. Осы үлгі бойынша ол адамның психикалық өмірін үш деңгейге, сана, сананың алды және бейсаналы психикалық құбылыстар деп бөлді. Оларды бірлікте қарастырған З. Фрейд адамның психикалық өмірін құрайтын бұл деңгейлерді ес пен ойлау, қиял мен сезім секілді психикалық құбылыстардың қаншалықты дәрежеде саналы түрде ұғынылатындығын түсіндіру үшін пайдаланды.

Психикалық өмірдің сана деңгейінде дәл осы сәтте саналы түрде ұғынуға болатын білімдер мен түсініктер орналасқан. Бірақ З. Фрейд сана шеңберіне жататын мұндай білімдер мен түсініктерді (ойларды, қабылданған ақпараттар мен сезімдерді) адамның психикалық өмірінің мәнсіз бөліктері деп қарады. Өйткені адам мұндай білімдерге дәл сол сәтте бас қатырып жатпайтындықтан, олар сыртқы әсерлердің салдарынан реттелетін, таңдамалы іріктеу процесінің нәтижесі болып табылады. Сонымен қоса мұндай білімдердің мазмұны қысқа мерзімге дейін саналы түрде ұғынылып, содан соң олар адам назары басқа нәрселерге аударылғанда бірден сананың алдындағы немесе бейсаналы деңгейлерге қарай шомып кетеді. Сондықтан, З. Фрейд бойынша сана деңгейіндегі мұндай білімдер мен түсініктер мидағы сақталатын барлық ақпараттардың аз ғана пайызын қамтиды.

Сананың алдындағы деңгейде дәл осы сәтте саналы түрде ұғыныла бермейтін, бірақ оларды аз күш жұмсап санада оңай қайта жаңғыртуға болатын білімдер мен тәжірибелер орналасқан. Мысалы, адам өзінің өткен сенбінің кешінде немен айналысқанын, кеше досына не айтқанын есіне түсіруі мүмкін. Сондықтан, З. Фрейдтің көзқарасы бойынша сананың алды саналы түрде ұғынылатын және ұғынылмайтын психикалық құбылыстардың арасындағы көпір іспеттес.

Адамның психикалық өмірінің терең, әрі мәнді қабатын, оның бейсаналы психикалық құбылыстары құрайды. Мұндай құбылыстарға сана қысымына ұшыраған немесе бейсаналы құбылыстарға қарай ығыстырылған, өте қарапайым соқыр сезімдер мен ойлар, эмоциялар жатады. Бұған мысал ретінде, бейсаналы түрде кездесетін, баланың ұмыт болып кеткен жас кездеріндегі алған жарақаттарын, оның бір кездердегі ата-анасына деген жек көрушілік сезімін, ығыстырылған сексуалдық ниеттерін жатқызуға болады. З. Фрейдтің көзқарасы

бойынша осындай бейсаналы психикалық құбылыстар адамның мінез-құлқын анықтауда маңызды рөл атқарады.

Адамның мінез-құлқын басқаратын бейсаналы психикалық құбылыстардың маңызды роліне тек З. Фрейд қана назар аударып қойған жоқ, оған басқалар да көңіл бөлді. Мысалы, XVIII және XIX ғасырлардың кейбір философтары адам өзінің ішкі жан дүниесінің мазмұнын саналы түрде ұғына бермеуі мүмкін деп шамалаған. Бірақ З. Фрейдтің олардан айырмашылығы сол, ол алғаш рет бейсаналы психикалық құбылыстардың мінез-құлқыты басқаратындығына болжам деп қарамай, оны зерттеп тексеруге болатын реалды шындық деп қарауды ұсынды. Себебі, З. Фрейд адамның мінез-құлқын санадан тыс психикалық құбылыстардың басқаратындығына қатты сенді. Тіпті ол, егер мұндай құбылыстар саналы түрде ұғынылатын не болмаса мінез-құлықта айқын көрінетін болса, онда олар адамда өте қатты ішкі қарсылықты туғызады деп есептеді. Ұғынылмайтын психикалық құбылыстардың сана алдындағы психикалық құбылыстардан айырмашылығы, оларды толық саналы түрде ұғынудың мүмкін еместігі, бірақ соған қарамастан олар адам әрекетін қолімгідей анықтайды, - дейді З. Фрейд. Дегенмен адамдағы саналы түрде ұғынылмайтын материалдар соқыр сезімдік түрткілер секілді бүркемеленген күйінде не символдық түрде көрінуі мүмкін. Мұндай жағдайда адамның қажеттілігі түс көру, қиялдау, ойнау, жұмыс істеу секілді іс-әрекеттермен жанама түрде өтеледі. З. Фрейд өзінің бұл болжамын ауру адамдармен жұмыс істегенде қолданған.

Сонымен, З. Фрейдтің теориясы бойынша адамның мінез-құлқы бейсаналы психикалық процестер арқылы реттеледі. Дегенмен З. Фрейд 20 жылдары адамның психикалық өмірі жайлы жасаған тұжырымдамаларын қайта қарастырып, оны тұлғаның психологиялық құрылымын сипаттауға қолданды. З. Фрейд бойынша тұлғаның психологиялық құрылымы үш құрылымшадан, атап айтқанда ид, эго және суперэго құрылымшаларынан тұрады. Бұл құрылымшаларды З. Фрейд тұлғаның ерекше психологиялық құрылымы демей, оларды құрамдас бөліктердің кейбір процестері деп қараған. Өйткені сол кездері адамның орталық жүйке жүйесінің шегін анықтауға нейроанатомияның даму деңгейі жеткіліксіз болатын.

«Ид» сөзін латын тілінен аударғанда «id» - «ол» деген мағынаны білдіреді және бұл құрылымша тұлғаның тым қарапайым соқыр сезімдері мен туа берілетін қасиеттерінен тұрады. Ид мінез-құлқыты күш-қуатқа толтыратын, туа берілетін биологиялық соқыр

сезімдермен байланысты болғандықтан, ол адамның психикалық өмірінде тұтастай бейсаналы түрде қызмет етеді. З. Фрейдтің түсінігінде «ид» ешқандай ережелер мен заңдарға бағынбайтын, биологиялық қасиеттерден құралған түпсіз тұңғыық болып табылады. Ид өзінің басты рөлін адам өмірінің ақырына дейін сақтайды. Өз табиғатында өте қарапайым қасиеттерден тұратын ид кез келген шектеулерден өзін еркін ұстайды. Психиканың тым ертеректе пайда болған негізгі құрылымы бола тұра, ид барлық адамдар өмірінің алғашқы принципі - биологиялық қасиеттерден туындайтын (әсіресе сексуалдық және агрессивтік) психикалық күш-қуатты бірден бәсеңдетеді. Ид-тің психикалық шиеленістерді бәсеңдетуін З. Фрейд, оның қанағат алу принципі деп атады. Өзін-өзі сақтауға не басқаларға тигізетін зиянға қарамастан ид өзін қарқынды, ақылға симайтын, менменшіл кейіпте ұстап, тек осы принципке ғана бағынады. Қорқыныш пен мазасыздыққа бой алдырмайтын ид өз мақсатын ашық айтудан тайсалып та жатпайды. Сондықтан болуы керек З. Фрейд, оның осындай қалпын адамның өзі мен қоғамға қауіпті күйі деп қараған.

Сондай-ақ З. Фрейд ид-ті ағзадағы соматикалық (денелік) процестер мен психикалық процестер арасындағы байланысты үйлестіруші психикалық құбылыс ретінде де қарастырды. Ол өз еңбегінде: «оларды психикалық бейнелеуге хабарлайтын және соқыр сезімдік қажеттіліктерден басталатын ол соматикалық процестермен тікелей байланысты, бірақ біз мұндай байланыс қандай ортада жүзеге асатынын айта алмаймыз», - деп жазады. Олай болса, З. Фрейд бойынша ид барлық қарапайым соқыр сезімдік түрткілердің сарқылмас бұлағы болып табылады және ол өз күш-қуатын дене процесінен алады.

З. Фрейд тұлғаны психикалық шиеленістерден құтқаратын ид-тің екі түрлі механизмін атап көрсетеді. Оның бірі, ағзадағы рефлекторлық әрекет болса екіншісі, алғашқы процесс болып табылады. Рефлекторлық әрекетте адамда қандай да бір тітіркену не психикалық шиеленістер пайда бола қалса, онда ол соған қарсы жауап ретінде оны бірден бәсеңдетеді. Осындай туа берілетін рефлекторлық механизмдердің мысалына, адамның тамағы қышыған кездегі оны жөтелу арқылы бәсеңдетуін, көзіне шаң түссе оны көзден жас шығару арқылы бәсеңдетуін жатқызуға болады. Бірақ рефлекторлық әрекеттердің кез келген тітіркендіргіштер мен психикалық шиеленістерді бәсеңдетуге шамасы жете бермейтіні

белгілі. Рефлекторлық әрекеттің тітіркендіргіштер мен психикалық шиеленістерді бәсеңдетуге шамасы жетпеген жағдайда, онда ид-тің екінші қызметі іске қосылады. Мұны З. Фрейд елестетудің алғашқы процесі деп атады. Мысалы, қарны ашқан жас нәресте үшін бұл механизм оған анасының көкірегін немесе бөтелке толы сүттің бейнесін елестетіп беру арқылы қажеттілікті өтеуді кейінге қалдырады. Алғашқы процестің басқаша мысалдарын біз түс көру кезіндегі, галлюцинациядағы немесе психоздағы елестерден, сондай-ақ жана туған нәрестенің психикалық іс-әрекеттеріндегі көріністерден көре аламыз.

Дегенмен елестетудің алғашқы процесі шындық пен шындық әместі ажыратып беруге шамасы жетпейтін, адам елесінің қисынсыз, ақылға сыймайтын, қияли түрі болғандықтан, ол мінез-құлықта қарама-қайшылықтар туғызуы мүмкін. Сондықтан адам қажеттілігін қажет еткен заттың бейнесімен (мысалы, шөл далада шөліркеген адамға судың орнына судың сағымын елестетумен) қанағаттандыруға тырысатын елестетудің алғашқы процесіне қатысты мінез-құлықта жаңа түршігерлік оқиғалар жиі болып тұрады. Егер осындай жағдайда қажеттілікті өтейтін қандай да бір сыртқы дереккөздер болмаса, онда оның саялары қатерлі оқиғаларға апарып соқтырады, - дейді З. Фрейд. Осыған байланысты З. Фрейд жас нәресте үшін орындай алмайтын тапсырмалар, оның алғашқы қажеттіліктерін қанағаттандыруды кейінге қалдыруға үйретеді деп сендіреді. З. Фрейд бойынша қажеттілікті өтеуді кейінге қалдыруды бала алғаш рет өз мұқтажықтары мен қалауларынан басқа сыртқы дүниенің де бар екенін түсінген кезде үйренеді. Балада осындай түсінік қалыптасқанда тұлғаның екінші құрылымшасы эго пайда болады.

Эго латын тілінен аударғанда «ego» - «мен» деген түсінікті білдіреді және бұл ұғым адамның шешім қабылдау процесінде жауапты қызмет атқарады. Эго ид-тің қалауларын сыртқы ортаның қойған талаптарына сай қанағаттандыруға тырысады. Эго өз қызметі мен құрылымын ид-тен алады және оны дамыта отырып, әлеуметтік шындықтың талаптарына сай жауап беру мақсатында өз мұқтажығы үшін ид-тің күш-қуатының бір бөлігін пайдаланады. Осылайша эго ағзаның өзін-өзі сақтауы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ид-тің соқыр сезімдік қажеттіліктері мен сыртқы әлеуметтік ортаның шектеулеріне қарсы күресу үшін эго үнемі психикалық жоспардағы оқиғалар мен сыртқы ортадағы шынайы оқиғалардың ара-жігін ажыратып отыруы тиіс. Мысалы, аш адам аштығын басқысы келсе,

тамақ іздегенде шынайы тамақтың бейнесі мен елестеген тағамның бейнесін ажыратып білуі керек. Яғни ол психикалық шиеленісті бәсеңдетуге қарағанда, тамақ тауып жеуге үйренуі қажет. Бұл мақсатқа әлеуметтік дүниенің әдептері мен нормаларын сақтай отырып, ид-тің соқыр сезімдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін белгілі бір әрекеттер арқылы қол жеткізуге болады. Мұндай мақсаттар адамды оқуға, ойлануға, талқылауға, қабылдауға, есте сақтауға және т.б. мәжбүрлейді.

Табиғаты үнемі қанағат алуды көздейтін ид-тен, қолайлы тәсілдермен шиеленісті бәсеңдететудің мүмкіндігі табылмайынша не сыртқы ортадан қолайлы жағдай болмайынша соқыр сезімдерді қанағаттандыруды кейінге қалдыра тұру арқылы ағзаның тұтастығын сақтауды мақсат тұтатын эго-ның айырмашылығы, оның шынайылық принципіне бағынатындығында. Шынайылық принципі индивидтің ар-ұяты мен әлеуметтік шектеулер аясында ид-тің дөрекі күш-қуатын адамның біртіндеп жүзеге асыруына немесе оны басқа жаққа бағыттауына, тежеуіне мүмкіндік береді. Мысалы, адам өзінің сексуалдық қажеттіліктерін қолайлы жағдайлар мен тиісті объектілер болмаса, оны кейінге қалдыра тұрады. Сондықтан адамның мінез-құлқында шынайылық принципі З. Фрейд бойынша ақылдылықтың өлшемі болып табылады. Ид-ке қарағанда эго шынайылық пен бос қиялды ажыратып, шиелестерді бір қалыпты ұстайды, жаңа тәжірибелерге қарай өзгеріп, адамның ақылға қонымды танымдық іс-әрекетіне ат салысады. Соқыр сезімдік қажеттіліктердің өтелуі басқа адамдар мен индивидтің өзіне қауіпсіз болу үшін эго логикалық ойлауға сүйене отырып, мінез-құлықты қажетті жаққа бағыттайды. Оның бұл қызметін З. Фрейд қажеттілікті өтеудің екінші процесі деп атады.

Адам қоғамда тиімді қызмет ету үшін айналадағылар қабылдаған нормалар мен әдептілікті, құндылықтар жүйесін меңгеруі тиіс. Мұның бәрін ол әлеуметтену процесінде, яғни З. Фрейд бойынша суперэго пайда болғанда меңгереді. Суперэго сөзін латын тілінен аударғанда «super» - «жоғарғы», «ego» - «мен» деген мағынаны білдіреді және бұл ұғым мінез-құлықтың әлеуметтік қалыптары мен нормаларын сипаттайтын, тұлға құрылымының ең соңғы құрамдас бөлігі болып табылады. З. Фрейдтің көзқарасы бойынша адам ағзасы суперэгомен туылмайды, ол баланың ата-анасы, мұғалімі, тәрбиешілері не айналасындағы жақын адамдары тарапынан қалыптасады. Адамның суперэго қасиеті баланың «ненің дұрыс,

ненің бұрыс» екенін ажырата бастағанда шамамен, оның үш жастан бес жасқа дейінгі аралығында пайда болады. Алдымен суперэго баланың ненің жақсы, ненің жаман екенін қалай ажыратар екен деген ата-аналардың үмігінен көрінеді. Қойылған шектеулер мен тыйымдарға сай болып, дау-жанжалдар мен жазадан құтылу үшін бала өзі жасаған әрбір қылықтарынан сабақ алып отырады. Баланың әлеуметтік ортасы (мектептегі сыныптастары, достары, діни топтары) кеңіген сайын, жаңа топтар үшін дұрыс деп табылған мінез-құлық нормаларына сай, суперэго-ның да шеңбері кеңейе түседі. Осы жағынан алғанда қоғамның шынайы құндылықтарын бала бұрмалап қабылдаса да суперэго-ны қоғамдағы «құжымдық ар-ұяттың» жеке адамның бойындағы көрінісі деуге болады.

3. Фрейд суперэго-ны екі құрылымшаға, атап айтқанда ар-ұят және адамның эго-мұраттары деп бөлді. Баладағы ар-ұят «тіл алмағаны» үшін ата-ананың жазалауынан қалыптасады. Басқаша айтқанда баланың ар-ұятты істе деген нәрсені істемегенде пайда болатын кінәлілік сезімі мен моралдық тыйымдардан қалыптасатын, оның өз-өзіне сын көзімен қарап бағалауы болып табылады. Ал суперэго-ның мадақтаушылық жағы бұл баланың эго-мұраттарын қалыптастырады. Мысалы, мектептегі жетістігі үшін баланы мақтаса, ол өзін мақтағын сезімде ұстайды. 3. Фрейд бойынша ата-ананың баланы қадағалауы, оның өзін-өзі қадағалауына ұласқанда ғана суперэго толық қалыптасты деп айтуға болады. Дегенмен қадағалаудың бұл түрі адамдағы шынайылық принципі үшін қызмет ете алмайды. Себебі, суперэго ид-ке қатысты айтылған кез келген қоғамдық айыптауларды тежеуге тырысып, адамды өз ойларын толық жетілдіруге бағыттайды. Қысқасын айтқанда суперэго шынайылыққа қарағанда идеалистік мақсаттардың артық екендігіне эго-ның көзін жеткізуге тырысады.

Психоаналитикалық теория адам күрделі күш-қуаттық жүйеден тұрады дейтін түсінікті негізге алады. XIX ғасырдағы физика мен физиология ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып, 3. Фрейд күш-қуаттың сақталу заңына сәйкес адамның мінез-құлқы бірыңғай күш-қуатпен белсенділікке ие болады деп есептеді (яғни ол бір күйден екінші бір күйге ауысуы мүмкін, бірақ олардың саны сол күйінде қала береді). 3. Фрейд осы заңдылықты басшылыққа алып, адамның психикалық күш-қуатының дереккөзі қозудың нейрофизиологиялық күйі болып табылады деген қорытындыға келеді. Оның айтуынша психикалық белсенділікке әкелетін әр

адамда өзіне тән ерекше күш-қуаттың шектеулі саны болады. Адамның кез келген мінез-құлқының мақсаты жағымсыз жағдай туғызатын, қордаланып қалған күш-қуаттар салдарынан пайда болатын шиеленістерді бәсеңдету болып табылады. Мысалы, адамды оқуға итермелейтін күш-қуат алда болатын емтиханға қатысты психикалық шиеленістерді бәсеңдету үшін жұмсалады. З. Фрейд адамның мотивациясын дене қажеттіліктерінен өндірілетін қозудың күш-қуатына негізделеді деп есептейді. Оның нанымы бойынша адам ағзасы өндіретін психикалық күш-қуаттың негізгі саны қажеттіліктерден туындайтын қозуды бәсеңдетуге мүмкіндік беретін ақыл-ой әрекетіне бағытталады. Адамның қалаулары түрінде көрінетін дене қажеттіліктерінің психикалық бейнесі З. Фрейд бойынша соқыр сезімдер болып табылады. З. Фрейд адамның кез келген белсенділігі (қабылдауы, есі, ойлауы, қиялы), оның туа берілетін соқыр сезімдерімен анықталады деп сендіреді.

Адам баласында соқыр сезімдердің саны көп болуы мүмкін, бірақ З. Фрейд солардың ішінен екі түрін ғана мойындайды. Оның бірі өмір сүру (өзін-өзі сақтап қалу) соқыр сезімі болса екіншісі, өлім (өзін-өзі құрбан ету) соқыр сезімі болып табылады. Жалпы атауы эрос деп аталатын соқыр сезімдердің бірінші тобы ұрпақ жалғастыруды қамтамасыз ететін және адамның өмірлік маңызы бар процестерін сүйемелдейтін барлық түрткі күштерден тұрады. Адамды физикалық жағынан ұйымдастыратын өмір сүру соқыр сезімдерінің маңызды рөлін мойындай отырып, З. Фрейд тұлғаның дамуында ерекше орын алатыны сексуалдық соқыр сезімдер екенін атап көрсетеді. Сексуалдық соқыр сезімдердің күш-қуаты либидо (латын тілінен аударғанда «қалау», «тілеу» деген мағынаны білдіреді) немесе өмірлік соқыр сезімдердің күш-қуатының мәніне қатысты айтылатын термин - либидоның күш-қуаты деген атқа ие болды. З. Фрейд бойынша либидо тек сексуалдық мінез-құлықты бәсеңдететін психикалық күш-қуаттардың санын білдіреді. З. Фрейд адамда бір ғана сексуалдық соқыр сезімдер емес, бірнешеуі болуы мүмкін деп шамалады. Олардың әрқайсысы эрогендік аймақ деп аталатын дененің әртүрлі бөліктерінде орналасады. Адамның бүкіл денесі үлкен бір эрогендік аймақтан тұрады, бірақ З. Фрейд өзінің психоаналитикалық теориясына сүйеніп, оларды ауыз қуысы, анус және жыныс мүшелері деп ерекше бөлшектерге бөлді. Эрогендік аймақтар психикалық шиеленістердің әлеуетті дереккөзі болып табылатындықтан, осы аймақтарға әсер ету арқылы психикалық

интенсивтерді бәсеңдетіп, жағымды қанағат алу сезіміне бөленуге болатындығына З. Фрейд әбден көз жеткізген. Мысалы, тістеу, сору орадық қанағат алу сезімін тудырса, ішек жолдарын босату аналдық, ал жыныс мүшелерін уқалау гениталды қанағат алу сезімін туғызады.

Жалпы атауы тавагос деп аталатын соқыр сезімдердің екінші тобының негізіне өлтіру мен өз-өзіне қол жұмсау, агрессия, қатыгездік көріністердің барлық түрлері жатады. Өмір сүру соқыр сезімдерінен өлім соқыр сезімінің айырмашылығы, ол З. Фрейдтің психоаналитикалық теориясында айтарлықтай ерекше атқа ие болмаған. Солай десекте З. Фрейд өмір сүру соқыр сезімі секілді өлім соқыр сезімі де биологиялық қасиеттермен байланысты адам мінез-құлқынан маңызды реттеушісі болып табылады деп есептейді. Ол кез келген күш-қуат жүйесі өзінің динамикалық тепе-теңдігін сақтауға тырысады дейтін термодинамиканың заңына сүйене отырып, өлім соқыр сезімі энтропия принципіне бағынады деп шамалады. «Өмірдің мақсаты олу», - дейді З. Фрейд. Бұл жерде ол барлық тірі ағзалар дүниеге келгеннен соң өзі шыққан түсініксіз дүниеге қайтып оралады дегенді айтқалы келген болуы керек. Өйткені З. Фрейд өлімге ұмтылу адамға тән қасиет дегенге қатты сенді. Дегенмен қазіргі психоаналитиктер нақты дәлел болмағандықтан, өлім соқыр сезіміне аса көп көңіл аудара бермейді. Сондықтан, З. Фрейдтің бұл айтқандары дау туғызатын ішкі пікір болуы мүмкін.

Кез келген соқыр сезімдердің төрт сипаты, оның дереккөзі, мақсаты, объектісі мен түрткілері болады. Соқыр сезімдердің дереккөзіне ағзаның күйін немесе осындай күйді туғызатын қажеттіліктер жатады. Өмір сүру соқыр сезімінің дереккөзі пифрофизиологиямен сипатталады. Соқыр сезімдердің мақсаты қай кезде де қажеттіліктен туындайтын қозуды бәсеңдету не жою болып табылады. Егер адам осы мақсатқа қол жеткізсе, онда ол шаттыққа бөленеді. Ал соқыр сезімдердің объектісіне соқыр сезімдерді қанағаттандыратын заттар, адамның өз денесі мен басқа адамдар, қоршаған орта жатады. Соқыр сезімдердің түрткілері, оны қанағаттандыру үшін қажетті күштер мен қысымдардан, күш-қуаттың санынан тұрады. Оны жанама түрде, бақылау арқылы және адамның нақты мақсаттарды іздеу жолында жеңуге тура келетін кедергілердің түрі мен санына қарай анықтауға болады.

З. Фрейдтің психоаналитикалық теориясы бойынша соқыр сезімдер күш-қуатының динамикасы мен олардың объектіні таңдаудағы көрінісі белсенділіктердің ауысуы арқылы түсіндіріледі.

Белсенділіктердің ауысуы соқыр сезімдерді қанағаттандыратын таңдап алған қажетті объектінің қандай да бір себеппен оны өтей алмай қалуынан туындайды. Мұндай жағдайда соқыр сезімдер өзінің күш-қуатын басқа бір объектіге ауыстырып бағыттайды. Мысалы, жұмыс бабына сай бастығынан қатты сөз естіп, қажеттілігі өтелмей қалған адам үйіне келгенде есікті жұлқып ашып, үйдегілерге айғайлай бастайды. Бұл сол адамның ішкі қарсылығын қажетті объектіге тікелей емес, оған мүлде қатысы жоқ басқа бір объектіге жанама түрде ауыстырып бағыттауы болып табылады.

3. Фрейд көптеген элеуметтік-психологиялық құбылыстарды осы айтылған екі соқыр сезімнің: агрессивтік және сексуалдық соқыр сезімдердің ауысуының нәтижесі ретінде түсінуге болады деп есептейді. Мысалы, баланың элеуметтену процесін, оның сексуалдық қажеттілігінің бір объектіден екіншісіне біртіндеп ауысуының нәтижесі ретінде түсіндіруге болады. Сондықтан, З. Фрейд бойынша қазіргі кездегі өркениеттің (өнер мен музыканың, әдебиеттің) дамуы сексуалдық және агрессивтік күш-қуаттардың ауысуының нәтижесі болып табылады. З. Фрейдтің түсінігінде қажетті объектіден тікелей қанағат алмағандықтан, адамдар өзінің соқыр сезімдік күш-қуатын бөтен объектілерге, заттар мен іс-әрекеттерге, басқа адамдарға бағыттау арқылы психикалық шиеленістерін бәсеңдетеді. Соның салдарынан алуан түрлі діндер мен саяси ұйымдар, экономикалық институттар қалыптасады.

Психоаналитикалық теория тұлға дамуының екі түрлі алғышарттарының бар екенін атап көрсетеді. Оның бірі, ерте балалық шақта болған қайғы-қасіреттердің ересек тұлғаның қалыптасуында сындарлы рөл атқаруына бар күшін жұмсайтын генетикалық алғышарттар. З. Фрейд адамның тұлға болып қалыптасуының негізі өте ерте кезеңде, шамамен оның бес жасқа дейінгі аралығында қалыптасатындығын айтады. Ал екінші алғышартқа, ағзаның соқыр сезімдік процестерімен байланысқан, өзінің даму барысында бірнеше психосексуалды кезеңдерді бастан кешіретін адам белгілі бір сексуалды күш-қуаттардың (либидоның) санымен дүниеге келетіндігі жатады. З. Фрейд тұлғаның психосексуалды дамуының бірінен соң бірі келетін төрт кезеңін болжап көрсетеді. Оларға оралды, аналды, фаллистік және гениталды кезеңдер жатады. З. Фрейд осыған жыныстық пісіп жетілудің басында, баланың 6-7 жас аралығында қалыпты жағдайда өтіп кететін тағы бір сатыны, латенттік кезеңді қосты. Бірақ бұл сатыда жаңа эрогендік аймақтар пайда

болмайтындықтан, З. Фрейд оны тұлғаның психосексуалды даму кезеңіне жатқызады. Дамудың алғашқы үш кезеңі баланың туғаннан бес жасқа дейінгі аралығын қамтиды және бұл кезеңдерде жыныс мүшелерінің аймағы тұлғаның дамуында басты рөлге ие болмайтындықтан, З. Фрейд оны прегениталды саты деп атады. Ал төртінші саты пубертаттық (жыныстық пісіл жетілу) кезеңнің басталуымен сәйкес келеді.

З. Фрейд тұлға дамуының психосексуалды кезеңдерін сипаттағанда көбіне ол биологиялық себептерге баса назар аударған. Ол психосексуалдық дамудың барлық кезеңдерін эрогендік аймақтармен, яғни либидо секілді қызмет ететін адам денесінің әзімтал бөліктерімен тығыз байланыстырған. Эрогендік аймақтарға құлақ, көз, ауыз (ерін), сүт бездері, анус және жыныс мүшелері жатады. З. Фрейдтің теориясында дамудың әрбір кезеңінде дененің белгілі бір бөлігі жағымды ишеленістер тугызатын қандай да бір объектіге қол жеткізуге ұмтылады. Сондықтан, психосексуалды даму бұл З. Фрейд бойынша мәдени деңгейлерден тәуелсіз өмір сүретін, барлық адамға тән, кең ауқымды биологиялық детерминденген бірізділік болып табылады.

З. Фрейдтің теориялық құрылымының қисыны екі түрлі себепке, атап айтқанда фрустрация мен шамадан тыс қамқорлыққа негізделеді. Фрустрация сөзін латын тілінен аударғанда «frustratio» - «алдау, бұзылу, жоспардың қирауы» деген мағыналарды білдіреді және бұл ұғым міндеттерді шешу кезінде не мақсатқа жету жолында кездесетін, объективті түсініксіз (немесе субъективті қабылданатын) қиыншылықтарды тугызатын адамның психикалық күйін сипаттайды. З. Фрейд бойынша фрустрация жағдайында баланың психосексуалды қажеттілігі (мысалы, оның емуі, шайнауы мен тістеуі) өзінің ата-анасы не тәрбиешісі тарапынан тыйымдарға көп ұшырайтындықтан, оның қажеттілігі дұрыс қанағаттанбай қалады. Ал балаға ата-ана тарапынан жасалатын шамадан тыс қамқорлық, оның өзін-өзі қадағалауына мүмкіндік бермейді. Соның салдарынан балада ата-анаға деген тәуелділік пен біліксіздік қалыптасады. Қалай болғанда да, - дейді З. Фрейд баладағы қордаланып қалған шамадан тыс либидоның салдары фрустарцияға немесе шамадан тыс қамқорлыққа душар еткен сол психосексуалды кезеңмен байланысты қалыптасатын мінез-құлық «қалдықтары», оның есейген шағында бәрі бір алдынан шығады.

3. Фрейдтің психоаналитикалық теориясында тағы бір маңызды рөл атқаратын түсінік - кері кету (регрессия), яғни ересек адамның сәбиге тән балалық мінез көрсетіп, психосексуалды дамудың ерте кезеңіне қайта оралуы болып табылады. Мысалы, қатты стресс жағдайына тап болған ересек адамдардың бала секілді көзіне жас алуын, саусағын соруын, ішімдікке салынуын және т.б. осының айқын айғағы деуге болады. Белгілі бір психосексуалды кезеңдегі дамудың тежелуін немесе тоқтап қалуын сипаттайтын мұндай жағдайды З. Фрейд ерекше жағдай ретінде қарап, оны фиксация (бекіп қалу) деп атаған. З. Фрейдтің ізбасарлары кері кету мен фиксацияны бірін-бірі өзара толықтырушы құбылыс ретінде қарастырады. Олар кері кетудің басталу ықтималдығы негізінен фиксацияның күшіне тәуелді деп түсінеді. Психоаналитикалық теория бойынша фиксация деп адамның бір даму кезеңінен екіншісіне өте алмауын айтады. Фиксация сол психосексуалды кезеңге тән қажеттілікті адамның асыра көрсетуіне әкеліп соқтырады. Мысалы, он жасар баланың саусағын соруы бұл оралды фиксацияның белгісі болып табылады. Сондықтан, З. Фрейд бойынша әрбір адамның тұлғалық құрылымы, оның қол жеткізген жетістіктері мен фиксацияға ұшыратқан психосексуалды даму сатысының сипаты арқылы анықталады. Енді біз З. Фрейд бөліп шығарған осы айтылған тұлғаның психосексуалды даму кезеңдеріне жеке-жеке тоқталайық.

Оралды кезең. Оралды кезең шамамен нәрестенің туғаннан 18 айға дейінгі жас аралығын қамтиды. Бұл кезеңде нәрестенің өмір сүруі оған қамқорлық көрсеткен адамға тікелей байланысты болады. Сондай-ақ, бұл кезеңде дүниеге келген жас нәресте өзінің ауыз қуысы арқылы анасының көкірегімен қоректенеді. Сондықтан, ерін мен тілді және онымен байланысты құрылымдарды қоса алғанда, баланың ауыз қуысы қоршаған ортаны танып білуге бағытталған белсенділік пен қызығушылықтың негізі болып табылады. З. Фрейд адамның ауыз қуысын, оның өмірінің ақырына дейін қызмет ететін эрогендік аймақ деп санайды. Біз мұны сағыз шайнау, тырнақ тістеу, темекі тарту, сүйісу секілді ересек адамдардың оралды мінез-құлқынан да көре аламыз. Бұл кезеңде нәрестенің қажеттілігін өтетінін бірден-бір дереккөз анасының көкірегі болса, психикалық шиеленісті бәсеңдетіп, қанағат алу сезімін тудыратын дененің алғашқы бөлігі, оның ауыз қуысының қызметі (ему, сору, жұту, тістеу) болып табылады. З. Фрейдтің пайымдауынша нәресте бұл әрекетті өз бойындағы қозу мен психикалық шиеленісті бәсеңдету үшін

жасайды. Алғашқыда жас нәресте анасының көкірегінен өз денесін бөліп ажырата алмай, ему үстінде қарынын тойғызу мен мейрімділікті шатастырып алады. Шатастырудың бұл түрін З. Фрейд баланың өзімшілдік қасиетімен түсіндіреді. Уақыттың өтуімен ана көкірегі жақсы көру объектісінен біртіндеп айрылады да, оның орнын сәбидің дене бөліктері басағын болады. Мысалы, жас сәбиге ана қамқорлығы үнемі жетіспеушіліктен, ол психикалық шиеленісті бәсеңдету үшін өз сүсағы мен тілін сорады.

Психосексуалдық даму кезеңінің оралды сатысы баланы емшектен шығарған күннен бастап тоқтайды. Психоаналитикалық теория бойынша баланы емшектен шығару барлық сәбилер үшін белгілі бір қалайсыздық туғызатын қиын жағдай болып табылады. Өйткені ол баланы қанағат алу сезімінен айырады. Балада мұндай қиындық пәтурлұм күрделі болған сайын, оның келесі даму кезеңіне өтуі де сәтурлұм қиын болады. Осыған байланысты З. Фрейд нәрестелік кезеңде шамадан тыс қамқорлық көрген немесе қамқорлық жетіспеген балада тұлғаның оралды-енжар типі қалыптасады деген тұжырым жасайды. Оралды-енжар типтегі адамдар көңілді, өмірге сеніммен қарайтын, айналадағылардан өзіне үнемі «аналық» мейрім күтетін, өзін қалай да қолдағанды ұнатағын тұлға ретінде қалыптасады.

Баланың бір жасқа дейінгі өмірінің екінші жартысында оралды даму кезеңінің екінші сатысы – оралды-агрессивтік немесе оралды-садистік кезең басталады. Мұнда анасының жоқтығымен не қажеттілікті өтеуді кейінге қалдырумен байланысты туындайтын психикалық шиеленістерді бәсеңдетудің маңызды құралы болып табылатын, баланың тісі шығады. Оралды-садистік кезеңде бекіп қалған ересек адамдар тұлғасының бойынан бәсекеге бейімділік, өмірден түңілгендік, мысқылшылдық, сондай-ақ айналадағыларға деген опасыздық секілді мінез бітістерін көруге болады. Осындай мінез бітісі бар адамдар өзінің жеке басының мүддесі үшін басқаларды пайдаланғысы келіп, олардан үстем болуға ұмтылады.

Аналды кезең. Аналды кезең шамамен баланың 18 айдан үш жасқа дейінгі жас аралығын қамтиды. Бұл кезеңде бала өзінің түзге отыру әрекетін реттеуге үйренеді. З. Фрейдтің айтуына қарағанда аналды кезеңде бала түзге отыру кезіндегі күшену мен оны ұстап тұрудан лаззат алатын болады. З. Фрейдтің пайымдауынша бала осы кезеңде ішек қуысын босатуды кейінге қалдыру (немесе жай ғана күшену) арқылы лаззат алу сезімін күшейтуге үйренетін көрінеді.

Баланың үлкен дәреті мен зәр шығару әрекетін қадағалауы негізінен жүйке бұлшық еттерінің пісіп жетілуімен байланысты болатындығына қарамастан, З. Фрейд түзге отыру баланың ата-анасының не оның күтушісінің қалай үйреткеніне тікелей тәуелді деп сендіреді. Түзге отырып үйренудің бастапқы сатысында бала бір жағынан ид-тің қойып отырған талаптарын (бірден жіберіп лаззат алу) шектей білуге, ал екінші жағынан ата-аналар тарапынан қойылатын әлеуметтік тыйымдарды ескеруге үйренуі тиіс. Өйткені, өзін-өзі реттеу мен қадағалаудың барлық түрлерінің болашағы З. Фрейд бойынша аналдық кезеңнің басынан басталады.

З. Фрейд баланы түзге отырғызуға үйретудегі ата-аналар тактикасының екі түрін атап көрсетеді. Оның бірі, кейбір ата-аналардың баланың түзге отырмағанына шыдамсыздық танытып, одан бірден түзге отыруды талап етуі болса, екіншісі керісінше жүйелі түрде дәрет сындырған балаға қолдау білдіріп, мақтап, мадақтап отыруы болып табылады. Ата-аналардың баладан түзге отыруды бірден талап етуі, оның ашу-ызасын туғызып, қырсығудан түзге отырудан бас тартуға, тіпті келіп тұрған дәреті мен зәрін сыртқа шығаруды кейінге қалдыруға әкеліп соқтырады. Осының салдарынан баланың іш құрлысы мен несеп жолдары бұзылады. Егер осыған ұқсас жағдайлар жиі қайталанып, оның салдары мінез-құлықтың басқа да түрлеріне тарайтын болса, онда балада тұлғаның аралды-қайтпас типі қалыптасады, - дейді З. Фрейд. Аналды-қайтпас типтегі ересек адамдар шамадан тыс бірбеткей, қыңыр, бәрін ретімен істейтін, ежіктегіш, ұқыпты болып келеді. Әрине ондай типтегі адамдардың бойынан былықтар мен түсініксіз жағдайларды ретке келтіре алмаушылық, тәртіпсіздікті түзетуге келгенде шамасының жетіспеушілігі секілді қасиеттерді де байқауға болады. Баланың түзге отыруына қатысты ата-аналардың қаталдығымен байланысты қалыптасатын тағы да бір мінез қасиетіне - тұлғаның аналды-соқпа мінезді типі жатады. Ондай типтегі тұлғалар қиратуға, бүлдіруге, мазасыздыққа, ұстамсыздыққа, тіпті садистік мейрімсіздікке бейім келеді.

Ал жүйелі түрде дәрет сындырып, өзін-өзі қадағалауға тырысатын балаға қолдау білдіру З. Фрейдтің көзқарасы бойынша баланың өзін-өзі оң бағалауына тәрбиелеп, оның шығармашылық қабілеттерін де дамытады екен.

Фаллистік кезең. Фаллистік кезең баланың үш жасынан алты жасына дейінгі жас аралығын қамтиды. З. Фрейдтің айтуынша бұл

кезеңде бала өзінің жыныс мүшелерін зерттеп білумен, уқалаумен айналысып, бала туу, жыныстық қатынастар секілді тақырыптарға қызығушылық танытады. Дегенмен олардың жыныстық қатынас жөніндегі түсініктері көмескілеу, бұлыңғыр болатындығына қарамастан, З. Фрейд бұл кезеңде балалардың көпшілігі ата-аналар ойлағанынан мүлде басқаша сексуалдық қатынастың мәнін жақсы түсінеді деп есептейді. Оның айтуына қарағанда бұл кезеңде бала ата-анасының жыныстық қатынастарының куәсі не оны басқа балалардың айтуы бойынша есітіп білуі не болмаса оны өз қиялында қайталап көруі мүмкін. Сондықтан, дамудың бұл сатысы З. Фрейд бойынша баланы жыныстық қатынасқа үйрететін алғашқы қадам болып табылады. Дегенмен бұл кезеңде көптеген балалар жыныстық қатынастың мәнін әкесінің шешесіне жасаған агрессивтік әрекеті деп түсінеді екен. Осы орайда фаллистік кезеңді бала мен үлкендер арасындағы қақтығыстар мен түсінбестікке алып келетін күрделі даму сатысы болып табылатындығын айта кеткен орынды. Өйткені, бұл кезеңде көптеген ата-аналар төрт жастағы балада жыныстық қатынас туралы не ой болуы мүмкін деп ондай тақырыпта сөз қозғауға жол бермейді. Сондықтан, З. Фрейд психосексуалды дамудың фаллистік кезеңінде кездесетін ұл балалардағы қақтығыстарды Эдип кешені, ал қыз балаларда кездесетін осыған ұқсас қақтығыстарды электра кешені деп атады.

Ұл балаларда кездесетін бұл кешенді сипаттау үшін З. Фрейд өз әкесін әдейі өлтіріп туған анасымен қан араластық байланыста болған «Эдип Патшаның» тағдыры жайлы айтылған грек мифологиясына сүйенді. Бұл аңызда Эдип патша өзінің жан түршіктіретін күнә жасағандығын сезінгенде, ол өз көзін өзі ойып алған көрінеді. З. Фрейд Эдип патша туралы хикая грек мифологиясынан басталатынын біле тұра, осындай кешен фаллистік кезеңді бастан кешіретін әрбір баланың бойында кездеседі деп сендіреді. Бұл аңыздың мәні қарама-қарсы жыныс өкілінен ата-анасын өзіне қартқысы келетін бейсаналы ниеттердің әр баланың бойында болатындығын бейнелеу болып табылады. Әрине дені сау бала өз әкесін өлтіріп, туған анасымен жыныстық қатынасқа түспейді. Солай болса да З. Фрейд осы кезеңді бастан кешіретін әрбір балада осындай бейсаналы ниеттер болып тұрады деп есептейді. Сондай-ақ, З. Фрейд өзінің бұл ойларын дәлелдеу үшін әр алуан жабайы тайпаларда орын алған рулық жақындықтар мен туыстық қан араластық қатынастарды да мысал ретінде келтіреді.

Сонымен, қалыпты жағдайдағы эдип кешені ұл балалар мен қыз балаларда түрліше дамиды. Алдымен біз бұл кешеннің ұл балаларда қалай пайда болатындығына тоқтала кетейік. Бастапқыда ұл балалар үшін өз анасы не оның орнын басатын адам жақсы көру объектісіне айналады. Ересек адамдардың іс-әрекетінен байқағанындай, бұл кезеңде бала өзінің эротикалық сезімдерін білдіру арқылы туған анасын жаулап алғысы келеді. З. Фрейдтің айтуынша бұл кезеңде бала өзінің жыныс мүшелерін ашық көрсету арқылы өз анасын арандатқысы келетін көрінеді. Баладың мұндай әрекетін З. Фрейд, оның әке рөлін ойнауға кірісуі деп түсіндіреді. Сонымен қатар бұл кезеңде бала әкесін жыныстық лаззат алу сезіміне кедергі келтіретін өзінің ең басты қарсыласы деп таниды екен. Әке, оның ең басты қарсыласы не оның қас жауы деген түсінік, міне осыдан келіп шығады. Дегенмен бала әкесімен салыстырғанда өзінің әлі де болса әлсіз екендігін мойындап, бұл қылығыма бір күні әке төзімі таусылып, мені жыныс мүшемен айырып тастар деген қорқынышта жүреді. Бала бойындағы осындай қорқынышты З. Фрейд кестіру (кастрация) қорқынышы деп атады.

Баланың шамамен бес жастан жеті жасқа дейінгі жас аралығында эдип кешені өзінен-өзі шешіледі. Бұл кезеңде бала анасына деген жағымсыз ойларын санасынан ығыстырып тастап, өзін әкесімен теңестіреді (идентификациялайды), әкесінің жағымды мінез бітістерін меңгеруге тырысады. Баланың өзін әкесімен теңестіруін З. Фрейд, оның агрессормен теңестіруі деп атады және ол бала бойында бірнеше қызмет атқарады. Біріншіден, баланың өзін әкесімен теңестіруі ер адамға тән моралдық нормалар мен құндылықтардың жиынтығын меңгеруге көмектеседі. Екіншіден, ол әке бойынан жоғары бағаланатын қасиеттерді меңгеру арқылы өзінің анасына деген құштарлық сезімін сақтап қала алады. Эдип кешенінің шешілуіне әсер ететін тағы бір маңызды жағдайға баланың ата-анасы айтқан тыйымдар мен моралдық нормаларды сақтауы болып табылады. З. Фрейд баланың суперэго қасиетінің немесе оның ар-ұятының дамуына алғышарт жасайтын өзін әкеге теңестіруді, идентификацияның өзіне тән ерекше қасиеті деп есептеді. Осы жағынан алғанда суперэго қасиетінің қалыптасуы бала бойындағы эдип кешенінің шешілуінің нәтижесі болып табылады.

Эдип кешенінің қыз балаларға тән нұсқасын З. Фрейдтің электра кешені деп атағанын біз жоғарыда айтқан едік. Бұл кешенді сипаттау үшін де З. Фрейд өз анасы мен оның ашынасын өлтіруге ағасы

Орестаны кондіріп, әкесі үшін кек алған Электраның әрекеті жайлы айтылған грек мифологиясына сүйенеді. Бастапқыда ұл балалардағы секілді қыз балалар үшін де өз анасы жақсы көру сезімінің ең алғашқы объектісі болып табылады. Бірақ қыз балалар дамудың фалликалық кезеңіне өткенде әкесінікі немесе ағасынікі секілді жыныс мүшесінің өзінде жоқ екендігін саналы түрде ұғына бастайды. 3. Фрейдтің айтуына қарағанда бұл кезеңде қыздар ұл балалардікіндей жыныс мүшесінің болуын армандайтын көрінеді. Тіпті олар бұл кезеңде ер адамдардың жыныс мүшесіне қызғанышпен қарайтынды шығарады мис. Мұның қаншалықты шындыққа сәйкес келетіні белгісіз, бірақ 3. Фрейд осының салдарынан қыздар ер адамға тән жыныс мүшесімен айырдың деп өз шешесін жазғырып, оған ашықтан-ашық қарсы шығатынын алға тартады. Сондай-ақ, бұл кезеңде қыз балалар әкенің адам қызығарлықтай дене мүшесі болмағандықтан, оны жаулап алуға ұмтылады екен. Дегенмен қыз балалар бес жастан жеті жасқа дейінгі жас аралығында бір жағынан, әкесін өзіне қарата алмайтындығына, ал екінші жағынан, шешесіне шамасы жетпейтіндігіне көз жеткізетіндіктен, әке орнын ауыстыратын басқа бір қарама-қарсы жыныс өкілдерін іздестіруге көшетін көрінеді. Солай десек те көптеген сарапшылар қыз балалардағы Электра кешенінің шешілуіне қатысты 3. Фрейд көлтірген деректерге сенімсіздікпен қарайды. Олардың кейбіреулері отбасында шене әке секілді өктем билікке ие болмайтындықтан, ол қыз бала үшін қорқыныш сезімін туғызатын адамға айнала алмайды десе, енді біреулері қыз балалар о бастан-ақ ондай жыныс мүшесімен дүниеге келмейтіндіктен, олар ұл балалар секілді қорқынышты бастан кешіре бермейді деп санайды. Соған қарамастан, 3. Фрейд қыз балалар уақыттың өтуімен ұл балалар секілді өзін туған анасымен теңестіру арқылы Электра кешенін шешеді деп сендіреді. Басқаша айтқанда қыздар бұл кезеңде өзінің туған анасына ұқсау арқылы әкесіне жақын болуға тырысады. Есейіп бой жеткенде олар өз әкесіне ұқсас адамға тұрмысқа шығу арқылы, оның орнын ауыстыратын болады. Сондықтан, бой жеткен қыздардың тұрмысқа шыққанда алғашқысы ұл бала болса екен деп армандауын кейбір ортодоксалды фрейдистер, олардың әке орнын ауыстыруы деп түсіндіреді. Ал кейбір феминистік ағымды жақтаушылар 3. Фрейдтің бұл айтқандарын әйелдерді кемсітіп қана қою емес, оның бос сандырағы деп есептейді.

Сонымен, фалликалық кезеңде бекіп қалған мінез бітістері бар ер адамдар ағаттау, мақтаншақ, әдепсіз болып келеді. Олар өздерін «нағыз еркекпін» деп санап, осыған басқаларды сендіруге тырысады. Бұған қол жеткізудің бірден-бір жолы әйелдерді аяусыз жаулап алып, өзін донжуан ретінде көрсету болып табылады. Фалликалық кезеңде бекіп қалған мінез бітістері бар әйелдерді З. Фрейд қылымсыған, еліктіргіш, өздері пәк болып көрінгенімен, төсек қатынасында әдепсіз болады деп санайды. Ал кейбір әйелдер керісінше шамадан тыс қайсар, табанды, әрі өзіне сенімді болып, ер адамдарды билегісі келеді. Сондықтан, мұндай әйелдерді «кескір» әйелдер деп атайды. Эдип кешенінің шешілмей қалған мәселелерін З. Фрейд невротикалық мінез-құлықтың қалыптасуына, әсіресе белсіздік пен бедеуліктің пайда болуына алып келетін негізгі дереккөз деп есептейді.

Латенттік кезең. Жеткіншектік жасқа дейінгі алты-жеті жас аралығында кездесетін психосексуалды дамудың тыныш кезеңін З. Фрейд латенттік кезең деп атады. Бұл кезеңде баланың жыныстық күш-қуаты сексуалдық құштарлыққа емес, интеллектуалдық білімге, спортқа, құрбыларына деген қатынас секілді іс-әрекет түрлеріне ауысады. Сондықтан, латенттік кезеңді дамудың соңғы сатысының басталу алдында кездесетін, баланың есеюге деген дайындығы ретінде қарастыруға болады. Бұл кезеңдегі баланың сексуалдық белсенділігінің төмендеуін З. Фрейд бала ағзасындағы физиологиялық өзгерістермен атап айтқанда, оның тұлғалық құрылымындағы эго мен суперэго қасиеттерінің пайда болуымен түсіндірді. Латенттік сатыда баланың психосексуалды соқыр сезімдері бәсеңдеп, жаңа эрогендік аймақтар пайда болмайтындықтан, З. Фрейд бұл кезеңді тұлғаның психосексуалды дамуының негізгі кезеңі ретінде қарастырмайды.

Гениталды кезең. Бұл кезеңде баланың агрессивтік және сексуалдық соқыр сезімдері оянып, пісіп жетіледі. Сонымен қоса, гениталды кезеңде бала қарама-қарсы жыныс өкілдеріне қызығушылық танытып, өсе келе өзінің бұл ниетін саналы түрде ұғына бастайды. Гениталды кезеңнің бастапқы сатысы бала ағзасының биохимиялық және физиологиялық өзгерістерімен сипатталады. Жетілмеген дене мүшелері жетіліп, эндокриндік жүйелерден гормондардың бөлінуі екінші реттік жыныстық белгілердің пайда болуына алып келеді (мысалы, ер адамдарға сақал-мұрттың шығуы, қыз балалардағы сүт безінің пайда болуы). Мұндай

өзгерістердің нәтижесін жеткіншектерге тән қозғыштық пен сексуалдық белсенділіктің артуынан көруге болады. Басқаша айтқанда гениталды кезең баланың сексуалды соқыр сезімдерінің толық қанағат алуымен сипатталатын маңызды кезең болып табылады.

3. Фрейдтің теориясы бойынша барлық адамдар ерте жеткіншектік шақта «гомосексуалдық» кезеңді бастан кешіреді. Гомосексуалдық мінез-құлықтың түрлері бұл жастағы балалардың бәріне тән ортақ касиет болып табылмаса да З. Фрейд көптеген жеткіншектердің бұл кезеңде бір жынысты құрбыластарымен бірге жүргенді қалайтынын айтады. Бірақ уақыттың өтуімен баланың сексуалдық күш-қуаты біртіндеп қарама-қарсы жыныс өкілдеріне ауысады да, бала оларға құрметпен қарайтын болады. Жасөспірімдердің қалыпты жағдайдағы қатынасушылықтары өмірден өз жарын таңдап алып, отбасын құруға мүмкіндік береді.

Гениталды мінез психоаналитикалық теория бойынша тұлғаның мінсіз типі болып табылады. Ойткені мұндай адамдар әлеуметтік-сексуалдық қатынастарда жауапкершілікті өз мойнына алатын, көмәлденген болып келеді. Олар гетеросексуалдық сүйіспеншіліктен лаззат алады. Осы орайда біз З. Фрейдтің өзі сексуалдық байбастыққа қарсы болғанын айта кеткіміз келеді. Бірақ соған қарамастан ол сексуалдық еркіндікке төзіммен қараған. Ол сексуалдық қажеттіліктен лаззат алуды жыныстық қатынасты фициологиялық жағынан реттен қадағалауға мүмкіндік беретін бірден-бір негіз деп түсінген. Оның айтуынша адам мінсіз гениталды мінезге ие болу үшін сүйіспеншілік, қауіпсіздік, қолайлы жағдай секілді балаға оңай көрсетілетін қанағат алу сезімдерінің барлық түрлерінен, балаға тән енжарлықтан бас тартуы тиіс. Ол адамдар лаззат алуды кейінге қалдырып, оқу оқып, еңбек етуге, басқаларға жылылық танытып, қамқор болуға, өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуді өз мойнына алуға міндетті деп есептейді. Оның айтуынша егер бала жас кездерінде өзінің жыныстық күш-қуатының қалауына қатысты әртүрлі психикалық қайғы-қасіреттерге тап болса, оның гениталды кезеңге ойдағыдай өтуі қиындау болады. Осылайша, З. Фрейд адамның есейген шағындағы мінез-құлқынан байқалатын қандай да бір мінез қасиеттері, оның балалық шақта орын алған сексуалдық іс-қимылдарының жаңғырығы болып табылады деген көзқарастан ешқашан айныған емес.

3. Фрейдтің бұзылыс терапиясынан алған алғашқы нәтижелері пайда болуы жағынан физиологиялық емес, психикалық болып табылатын мазасыздықтың шығу тегін зерттеуге деген қызығушылығын оятты. Оның бұл қызығушылығы бастапқыда неврозбен ауырған адамның бастан өткізетін мазасыздығы сексуалдық күш-қуаттың дұрыс емес бәсеңдеуінің салдары болуы мүмкін деген болжам жасауына алып келді. Кейінірек ол адамдағы психикалық шиеленістің артуы сексуалдық күш-қуаттың орын таппауының нәтижесі болып табылады деген тұжырым жасады. Оның айтуынша бәсеңдеп үлгермеген қозу неврозбен ауырған адамның қорқынышына айналып, соңынан невроздардың қоқынышы түрінде көрінеді. Дегенмен З. Фрейд невроздарды емдеу барысында жинақтаған мол тәжірибесіне сүйене отырып, мазасыздық пен қорқынышты бұлайша түсіндіру дұрыс емес деген шешімге келеді. Арадан 30 жыл өткен соң З. Фрейд өз теориясын қайта қарастырып, мазасыздықты алда болатын қауіп-қатерлерді адамға алдын-ала ескертетін эго-ның қызметі болып табылады деген қорытынды жасайды. Сонымен, З. Фрейд бойынша мазасыздық төніп тұрған қауіп-қатерлерге адамның қажетті тәсілдермен жауап қайтаруына мүмкіндік беретін эго-ның қызметі болып табылады.

3. Фрейдтің теориясы бойынша адам баласы бастан кешіретін алғашқы мазасыздықтың негізі дүниеге келген жас нәрестенің ішкі және сыртқы әсерлермен күресуге шамасы жетпеген сәтінен бастап пайда болады. З. Фрейд бойынша ана құрсағындағы орта мен адамзат ортасының айырмашылығы мүлде өзгеше болатындықтан, осының өзі оған қауіп төндіреді. Нәрестенің ана құрсағынан бөлініп шығып, жарық дүниеге келуімен байланысты бастан кешіретін қайғы-қасіретін З. Фрейд, оның алғашқы мазасыздығы деп атады. З. Фрейдтің көзқарасы бойынша жас нәрестенің анасынан биологиялық ажырауы (мысалы, баланың жалғыз қалуы не оның басқа адамдардың қолына түсуі) оны қайғыға ұшырататын қиын жағдай болып табылатындықтан, ол баланың одан әрі мазасыздануын күшейте түседі. Ауыр стресстер мен қауқарсыздықты сезіну секілді осыған ұқсас қайғы-қасіретті бала дүниеге келгенде, кейінірек өзін емшектен шығарғанда, соңынан кестіру қорқынышында бастан кешіре береді. Сондықтан, адам өмірінде кездесетін мұндай қолайсыз жағдайлар, оның бойындағы көңілсіздік пен психикалық шиеленістің артуына әкеліп соқтырады. Осыған байданысты З. Фрейд өз теориясында қауіп-қатерлер қай жерден туындайтын болса (сыртқы ортадан, ид-

төп және суперэго-дан), соған сәйкес пайда болатын мазасыздықтың үш түрін, атап айтқанда реалистік, невротикалық және моралдық деп бөліп шығарды.

Реалистік мазасыздық. Төніп тұрған қауіп-қатерлерге эмоциялық жауап қайтаруда көрінетін немесе сыртқы ортаның шапаны қауіпін (мысалы, қауіпті жануарлар не алда болатын жаулақеттік емтихан) түсінгенде туындайтын мазасыздықты реалистік мазасыздық деп атайды. Реалистік мазасыздық негізінен қорқыныштың синонимі болып табылады және ол адамның қауіп-қатерлермен тиімді күрес жүргізуіне кедергі келтіреді. Реалистік мазасыздық күтпеген жерден пайда болып, төніп тұрған қауіптің өзімен бірге жойылады. Жалпы алғанда, реалистік мазасыздық адамның өзін-өзі сақтауын қамтасыз етуге көмектеседі.

Невротикалық мазасыздық. Ид тарапынан келетін қолайсыз түрткі күштерді саналы түрде ұғынып, оған эмоциялық жауап қайтаруда көрінетін мазасыздықты невротикалық мазасыздық деп атайды. Соқыр сезімдердің әсерінен пайда болатын түрткі күштерді, әсіресе сексуалдық және агрессиялық күштарлықтарды қадағалауға эго-ның шамасы жетпей қалғанда туындайтын невротикалық мазасыздық қорқынышпен байланысты. Адам қандай да бір қолайсыз істер жасап қойса, онда мазасыздық қорқыныш арқылы туындап, оның салдары жағымсыз жағдайларға алып келеді. Мысалы, кішкене бала жағымсыз қылық жасаса, онда ол «ата-анам жазалайтын болады» деген қорқынышта жүреді. Әдетте жазалау сыртқы орта тарапынан болатындықтан, невротикалық мазасыздық алғашқыда реалистік мазасыздық секілді пайда болады. Баланың соқыр сезімдерінен туындайтын түрткі күштерді тежеу мақсатында эго-ның қорғаныс механизмі іске қосылады да, нәтижесінде ол жалпы қауіптену түрінде көрінеді. Невротикалық мазасыздық ид-тің соқыр сезімдік түрткі күштері эго-қадағалауға талқандау қауіпін төндіргенде пайда болады.

Моралдық мазасыздық. Суперэго тарапынан эго-ға жазалау қауіпін төнгенде туындайтын эмоциялық жауап реакциясын моралдық мазасыздық деп атайды. Моралдық мазасыздық қашан да ид-тің өнегесіз ойларын ашық айтып, жағымсыз қылықтарын көрсетуді күшейте бастағанда және оған суперэго ұялып, өзін-өзі кінәлағанда, кінәлілік сезімі туындағанда пайда болады. Моралдық мазасыздық суперэго қойған талаптарды бұзатын қандай да бір жағымсыз қылықтарды жасағаны үшін (мысалы, әдепсіз мінез-құлық көрсету

немесе дүкенде ұрлық жасау) ата-ананың жазалауынан шынайы қорқуда туындайды. Суперэго баланың мінез-құлқын адамгершілікке сай әрекет етуге бағыттайды. Баладағы суперэго қасиетінің одан әрі дамуы қолайсыз қылықтары үшін құрбылар тобынан айрылып қалу қаупін төндіретін элеуметтік мазасыздыққа алып келеді. Кейінірек З. Фрейд суперэго-дан басталатын мазасыздық адамның бұрын істеген немесе қазір жасаған күнәлары үшін болашақта ол дүниеде жауап беретіндігімен байланысты өлім қорқынышын тудыратындығына көз жеткізген.

Мазасыздықтың негізгі психодинамикалық қызметі адамның өзінде пайда болған қолайсыз соқыр сезімдік түрткі күштерден құтылуына көмектесу мен қажеттіліктерді қолайлы жағдайларда қанағаттандыру болып табылады. Бұл қызметті эго-ның қорғаныс механизмдері жүзеге асырады, сондай-ақ ол адамды алаңдатып отырған мазасыздықтан қорғап қалады. З. Фрейд эго-ның қорғаныс механизмдерін ид-тің орынсыз қалауларынан қорғануы мен суперэго-ның көрсеткен қысымдарына қарсы күрес жүргізу үшін адам пайдаланатын саналы стратегия ретінде анықтады. З. Фрейд қорғаныс механизмдері ид-тің қалауларынан туындайтын қауіп-қатерлерді екі түрлі жолмен сейілтетінін атап көрсетеді. Оның бірі, саналы мінез-құлықта көрінетін түрткі күштердің жолын кесу болса екіншісі, ондай түрткі күштердің қарқынын бәсеңдету не басқа жаққа бағыттау үшін бұрмалау болып табылады.

З. Фрейд бойынша барлық қорғаныс механизмдерінің екі түрлі сипаты бар: 1) олар бейсаналы деңгейде әрекет ететіндіктен, адамның өзін-өзі алдарқатуының құралы болып табылады; 2) мазасыздық адамға көп қауіп тудырмас үшін олар шындықты бұрмалап, оны бекерге шығарады не одан бас тартуға алып келеді. Сонымен, З. Фрейд бөліп шығарған негізгі қорғаныс механизмдерінің мынадай түрлері бар.

Ығыстыру. З. Фрейд ығыстыруды біршама күрделі қорғаныс механизмдерінің пайда болуына негіз болатындықтан ғана емес, мазасыздықтан құтылудың тура жолын қамтамасыз ететіндіктен, оны алғашқы қорғаныс механизмі ретінде анықтады. Ығыстыру қайғы әкелетін сезімдер мен ойларды саналы түрде ұғынудан құтқаратын процесс болып табылатындықтан, оны кейде «мотивтендірілген ұмыту» деп те атайды. Ығыстыру әрекетінің нәтижесінде адам мазасыздық тудыратын қақтығыстарды саналы түрде ұғына алмайды, сондай-ақ ол қасірет әкелетін өтіп кеткен оқиғаларды еске алуға

мүмкіндік бермейді. Мысалы, өзінің жеке басының сәтсіздіктерінен зардан шегетін адам ығыстырудың арқасында өз басындағы қайғы-қасіретті басқаларға айтуға шамасы келмейді.

Ығыстыру арқылы мазасыздықтан құтылу салдарсыз да болмайды. Осыған байланысты З. Фрейд ығыстырылған ойлар мен түрткі күштер бейсаналы деңгейде өз белсенділігінен айрылмайды, олардан санаға өтуін қақпайлау үшін үнемі психикалық күш-қуат жұмсап отыру қажет дейді. Дегенмен жағымсыз ойларды ығыстыруға үнемі күш-қуат жұмсау эго-ның біршама пайдалы істерге, атап айтқанда адамның өзін-өзі дамытуға, шығармашылыққа бағытталған күш-қуатын шектеп алуы мүмкін. Сонымен қатар жағымсыз ойларды ығыстыруға үнемі күш-қуат жұмсау адамның түс көру, қалжыңдау, жала жабу және т.с.с. З. Фрейдтің «күнделікті өмірдің патологиясы» деп атаған көріністерден қысқа мерзімге қанағат алуы ықтимал. Соған қарамастан З. Фрейдтің теориясы бойынша ығыстыру психосоматикалық аурулардың (мысалы, жара секілді аурулардың), психосексуалды бұзылыстардың (бедеулік пен белсіздіктің) невротикалық мінез-құлқтың барлық түрлері үшін үлкен рөл атқарады. Сондықтан, З. Фрейд бойынша ығыстыру негізгі және жиі кездесетін қорғаныс механизмі болып табылады.

Проекция. Өзінің теориялық мәні жағынан алғанда, проекция ығыстырудан кейінгі орын алатын қорғаныс механизмі. Адам осы механизмнің арқасында өзінің қолайсыз ойлары мен сезімдерінің себеңтерін көршідегі ортадан не басқа адамдардың мінез-құлқынан іздеп таба алады. Басқаша айтқанда адам проекция арқылы өзінің кемшіліктері мен ағаттығынан болған жағдайды басқалардан көре алады. Мысалы, голыф ойынаған адамның сәтсіз кеткен соққысын доп соғатын таяғынан көруі осының айқын көрінісі деуге болады. Проекциядан басқаша мысалы біз өзінің шамадан тыс сексуалдық құмарлығымен күресіп жүргенін саналы түрде ұғына алмайтын жас келіншектің өзімен жолыққан барлық адамдарды арандатқысы келеді деп күдіктенуінен көруімізге болады. Сондай-ақ, емтиханға дайындықсыз келген студенттің төмен баға алып қалуының себебін әділ өтпеген тестілеуден не басқа студенттердің алаяқтығынан іздеуі немесе осы тақырыпты дәрісте дұрыс түсіндірмеді деп профессорды кінәлауы проекцияның классикалық мысалы деуге болады.

Орынш басу. Орынш басу деп аталатын қорғаныс механизмі арқылы адам пайда болған соқыр сезімдік түрткі күштерді қауіптілігі жоғары объекіден қауіптілігі біршама төмендеу объектілерге

ауыстыра алады. Мысалы, ата-анасы тарапынан жазаланған бала өзінен кіші қарындасын итеріп жібереді не оның итін сабалай бастайды не болмаса оның ойыншығын сындырады. Орнын басу қорғаныс механизмі болмашы нәрселерге бола күйгелектеніп қалатын ересек адамдарда да кездеседі. Мысалы, жұмыста бастығынан қатты сөз естіген әйел үйіне келгесін күйеуі мен балаларының болмашы айтқан қағытпа сөздеріне бола күйгелектеніп шыға келеді. Сонда ол өзінің өшпенділік әрекетін тікелей бастығына емес, жанама түрде үйдегілерге бағыттағанын, ал олар жай ғана бастығының орнын басып отырғанын саналы түрде ұғыңа бермейді. Ығыстыру қорғаныс механизмінің адамның өзіне-өзін қарсы қоятын түрі кеңінен таралмаған. Мысалы, басқаларға бағытталған өшпенділік әрекет қайтып айналып адамның өзіне бағытталады да нәтижесінде адам өзін-өзі кінәлайды, көңіл-күйі түседі.

Рационализация. Фрустрациялар мен мазасыздықтан құтқарудағы эго-ның тағы бір тәсіліне шындықты іздеп табу арқылы адамның өзін-өзі ақтап алуы жатады. Ақылға қонымды сылтаулар арқылы адам өзін көпшіліктің алдында ақтап алатындықтан, рационализация жалған дәлелдемелерге негізделеді. Рационализация қорғаныс механизмінің арқасында адам өзінің ақылсыз ойлары мен ниеттерін, жағымсыз қылықтары мен сәтсіз істерін көпшілік алдында ақтап ала алады. Мысалы, кездесуге шақырғанда, қабылдамай, кемсіткен әйелге қатысты ер адам, оның онысы мүлде дұрыс емес деп өзін жұбатады. Осыған ұқсас мысалды біз медицина институтының тіс дәрігері бөліміне оқуға тапсырып, түсе алмай қалған студенттің шын мәнінде «менің тіс дәрігері болғым келмеп еді» деп өзін жұбатуынан көруімізге болады. Осы жағынан алғанда адамның қандай да бір істі істеп болып ақталуы, рационализация қорғаныс механизміне тән сипат болып табылады.

Реактивті құрылым. Мінез-құлық пен ойлардан оған мүлде қарама-қарсы ұмтылыстарды көрсету арқылы эго кейде тыйым салынған түрткі күштерден қорғанады. Бұл жерде біз реактивті құрылымдар немесе керісінше әрекет ету жөнінде сөз қозғап отырмыз. Бұл айтылған қорғаныс механизмі екі сатыда жүзеге асады: алдымен қолайсыз түрткі күштер басым болады да, соңынан олар сана деңгейінде оған мүлде қарама-қарсы сипаттағы әрекет түрінде көрініс табады. Мұндай қарама-қарсы әрекеттер асыра сілтеу, икемсіз сияқтыдай болып көрінетін әлеумет мойындаған мінез-құлықтардан анық байқалады. Мысалы, өзімнің сексуалдық құштарлығым

көпшілікке байқалып қалмаса екен деп қатты мазасызданатын әйелдер өз айынасындағыларға порнографиялық фильмдермен талмай күресетін адам ретінде көрінуі мүмкін. Тіпті ондай адамдар заманауи кино өнерінің құлдырап бара жатқанын айтып, кинокомпанияларға шағым хат жолдайды не кинокомпанияның алдына ереуілге шығады. Сондықтан, З. Фрейд гомосексуалистердің үстінен күлетін көптеген ер адамдарды шын мәнінде олар өздерінің гомосексуалистік құмарлықтарынан қорғанғандықтан осылай істейді деп жазады.

Регрессия. Мазасыздықтан құтылуға қолдануға болатын тағы бір қорғаныс механизміне регрессия немесе кері кету жатады. Регрессияға тән сипат ересек адамдардың балалық мінез-құлық түрлеріне, ерте балалық шаққа қайта оралуы болып табылады. Бұл тәсіл адамның біршама қауіпсіз, әрі жағымды балалық шаққа оралуы арқылы мазасыздықты бәсеңдетуімен сипатталады. Мұны ересек адамдардың бойынан көрінетін ұстамсыздық, көңілі толмаушылық, сондай-ақ басқа адамдарға «өкпелеп, сөйлеспей қою», балаша сыбырлау, бөденге қарсы әрекет ету не автокөлікті жоғары жылдамдықпен жүргізу секілді ерекше мінез қасиеттерінен көруге болады.

Сублимация. З. Фрейд бойынша сублимация (латын тілінен аударғанда жоғары көтеру деген мағынаны білдіреді) адамның қолайсыз түрткі күштерді әлеуметтік орта қабылдаған ойлар мен әрекеттер түрінде көрінетіндей етіп өзгертін бейімдеуіне мүмкіндік береді. Сублимация қолайсыз түрткі күштердің ешбір кедергіз сыртқа шығуына жағдай жасап, эго-ның олардың мақсатын не объектісін өзгертуіне мүмкіндік беретіндіктен, оны З. Фрейд бірден-бір пайдалы құрылған стратегия ретінде қарастырады. Бұл жерде соқыр сезімдік түрткі күштер басқа арнамен қозғалатындықтан, қоғамдық орта оны қабылдауға дайын тұрады. Мысалы, егер жеткіншектің күш-қуаты тасып, мазасыздығы артып бара жатса, онда ол өзінің мұндай түрткі күштерін сублимациялап, оны футбол, хоккей немесе басқа да спорт түрлері секілді қоғамға пайдалы істерге жұмсайды. Сол секілді өте күшті бейсаналы садистік қасиеті бар адамдар болашақта ота жасаушы дәрігер болуы мүмкін. Қоғамға пайдалы істер жасау арқылы олар өзінің басқалардан артықшылығын көрсете алады. З. Фрейд адамның сексуалдық соқыр сезімдерді сублимациялауы батыс мәдениеті мен ғылымындағы ұлы жетістіктердің ашылуына ең басты түрткі болды, - деп есептейді. Ол сексуалдық құмарлықтарды

сублимациялау мәдениет өркендеуінің ерекше белгісі болып табылады, оның арқасында біздің өркениетті өмірімізде маңызды рөл атқаратын ғылым мен өнерде, идеологияда ерекше шарықтау болды деп айтқан.

Теріске шығару. Болған қолайсыз оқиғаларды мойындаудан бас тартуда көрінетін қорғаныс механизмін теріске шығару не терістеу деп атайды. Қандай да бір апатты жағдай орын алса да, адамның түк болмағандай кейіпте өзін ұстап жүре беруі теріске шығарудың айқын көрінісі болып табылады. Теріске шығарудың тағы бір мысалына баланың жақсы көретін күшігі өліп қалса да оны өлді дегенге сенбей жүре беруін жатқызуға болады. Теріске шығару адамдардың шындықты мойындамай «бұлай болуы мүмкін емес», деп өзін-өзі сендіруінен келіп шығады. Теріске шығару психикалық дамуы қалыпты жағдайдағы ересек адамдар арасында кездессе де З. Фрейд бұл механизмді кішкене сәбилер мен интеллектісі төмен деңгейдегі ересек адамдарға тән қасиет деп есептейді.

Теріске шығару мен жоғарыда келтірілген басқа да қорғаныс механизмдері сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден туындайтын мазасыздықты бәсеңдету үшін қолданылатын стратегиялық құрал болып табылады. Қорғаныс механизмдерін пайданаланған әрбір жағдайда адам өзінің психикалық күш-қуатын жұмсайды, нәтижесінде эго-ның пайдалы істерге бағытталған күші мен икемділігі шектеледі. Сонымен қоса, адамның қорғаныс механизмдері неғұрлым тиімді әрекет еткен сайын, оның қажеттіліктері мен қорқыныштарының сипаты да соғұрлым бұрмаланады. Осыған байланысты З. Фрейд адам қаншалықты қорғаныс механизмдерін қолданса да, оған шамадан тыс арқа сүйей беру дұрыс емес деп есептеген.

Сонымен, З. Фрейд өзінің 45 жылға жуық ғылыми ізденістері мен клиникалық бай тәжірибесінің арқасында алғаш рет кең ауқымды тұлға теориясының негізін қалады, өзін-өзі талдау мен оның терапиялық тәжірибесіне негізделген клиникалық бақылаудың кеңейтілген жүйесін салды, неврозбен ауырған адамды емдеудің қайталанбайтын әдісін жасады, басқа тәсілдермен зерттеп білуге болмайтын психикалық процестерді зерттеудің тамаша әдісін ойлап тапты.

3.2 А. Адлердің тұлға жөніндегі индивидуалды теориясы

Ол ұстазына қарсы шығып, ақыр соңында өзінің жеке тұжырымдамасын салған А. Адлерді көпшілігі З. Фрейдтің шәкірті деп таниды. Бірақ А. Адлердің өмірі мен шығармашылық іс-әрекетіне мұқият назар аударып қарайтын болсақ, онда оның З. Фрейдтің шәкірті емес, әріптесі болғандығына бірден көз жеткіземіз. Болашақ теориялық бағытының дамуы байқалатын, оның ертеректегі жұмыстарында ол З. Фрейдпен болған қызметтес кездерін қатты сынға алып жатады. А. Адлер ешқашан З. Фрейдтің қоластында оқыған емес, тіпті ол практикасы бар психоаналитик болып шығуға мүмкіндік беретін психоанализдің жолына ешқашан өзі барып салыспаған. Ол тек 1902-1911 жылдар аралығында З. Фрейд төңірегінде құрылған үйірмелердің белсенді қатысушысы ғана болған. Осы кездері А. Адлер З. Фрейдпен оның теориялық жақтастарының идеяларына ұқсамайтын өзінің жеке идеяларын дамыта бастайды. Оның көзқарасы З. Фрейдтің ұстанымымен мүлде үйлеспейтін болғандықтан, А. Адлер 1911 жылы өзіне жүктелген Вена психоаналитикалық қоғамының президенті міндетінен кетуіне тура келеді. Онымен бірге осы қоғамның 23 мүшесінен 9 мүшесі З. Фрейдке онық жегізу үшін әдейі кетіп қалады. Өкінішке орай, болған осы жағдайдан соң З. Фрейд пен А. Адлердің арақатынасы суынып, олар ешқашан татуласпаған. Осыған байланысты З. Фрейд өз өмірінің ақырына дейін А. Адлерді жек көріп өткен көрінеді. Өйткені, оның индивидуалды психологиясының негізгі қағидаларының басым көпшілігі З. Фрейд теориясын бекерге шығаруға бағытталды.

А. Адлердің түсінігінде адам бірыңғай, өз-өзімен келісілген тұтас жүйе болып табылады. Ол өз теориясын «индивидуалды психология» деп атады және «individuum» сөзін латын тілінен аударғанда «бөлінбейтін», яғни оны бөлуге болмайды деген мағынаны білдіреді. А. Адлер адамның өмірлік белсенділігін бөліп қарастырмай, оны тұтастай тұлғамен бірлікте қарастыру қажет деп есептейді. Оның айтуынша ми мен дене бір-бірімен өзара қалай байланыста болса, адамның психикалық өмірі де солай бөлінбейтін тұтастықтан тұрады. А. Адлердің түсінігінде индивидуалды психологияның ең басты міндеті әрбір адамның, оның ойлауындағы, сезімдеріндегі, әрекеттеріндегі, саналы және бейсаналы деп аталатын құбылыстарындағы, тұлғаның әрбір көріністеріндегі осындай бірлікті

дәлелдеу болып табылады. Тұлғаның бірыңғай және өз-өзімен келісілген құрылымын А. Адлер, оның өмір стилі деп атады.

Адамды табиғи тұтастықта қарастыру бірыңғай психодинамикалық принциптерді талап ететіні сөзсіз. Даму мен өсу бағытындағы өмірді қимыл-қозғалыссыз елестету мүмкін емес болғандықтан, А. Адлер бұл принциптерді өмірдің өзінен алады. Оның айтуынша тұлғалық мәні бар мақсатқа бағытталған қимыл-қозғалыста ғана адамды бірыңғай, өз-өзімен келісілген тұтас құрылым ретінде тануға болады.

Әрбір адам өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады дей отырып, А. Адлер адамдар сыртқы және ішкі түрткі күштердің ықпалында қалып қоймай, алға қарай ұмтылады, олар қашан да тұлғалық мәні бар өмірлік мақсаттарға бағытталған қимыл-қозғалыстарды тауып алады дейді. Адамның алға қойған мақсаттары мен оған қол жеткізудің дара жолдары, оның қандай өмірлік мән әкелетінін ашудың кілтін түсінуге мүмкіндік береді. А. Адлердің пікірінше мұндай өмірлік мақсаттарды көбіне адамның өзі таңдайтын болғандықтан, сондай-ақ үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатындықтан, адам өз әрекетін өзі жоспарлап, өз тағдырын өзі анықтайды. Алға қойған мақсатына қол жеткізе отырып, адамдар өз бағасын арттырып қана қоймай, өмірден өз орнын тауып та алады.

Тұлғаның қалыптасуындағы туа берілетін қасиеттер мен қоршаған ортаның мәнін мойындай отырып, А. Адлер адам осы айтылған екі әсердің нәтижесінен басқа түкте емес деп түсінді. А. Адлер адамдар өз өмірін басқаруға мүмкіндік беретін шығармашылық күшке ие, оның еркін, әрі саналы белсенділігі адамның мінез бітістерін анықтайды деп есептеді. Мұндай шығармашылық күштер адам тәжірибесінің барлық қырларына, атап айтқанда, оның қабылдауы мен есіне, қиялы мен армандарына әсер етеді. Сондай-ақ, шығармашылық күштер әрбір адамды өзін-өзі анықтайтын индивид, өз өмірінің сәулетшісі де ете алады, - дейді А. Адлер.

А. Адлердің адам табиғатын тұтас құрылым ретінде қарастыруы, оның барлық жақтарын түгел қамтуға мүмкіндік берді. А. Адлердің түсінігінде адам өзара әрекеттестіктің тұтас жүйесінен ғана емес, отбасы мен қоғам секілді үлкен жүйелердің ықпалдасқан құрамдас бөлігінен тұрады. Ол өз еңбегінде: «индивидуалды психология қоғамға қосылған адамды зерттеп қарастырады. Біз адамды одан бөліп алып зерттейтіндер мен қарастыратындарға қарсымыз», - деп жазады. Адамның барлық мінез-құлқы әлеуметтік ортада жүзеге

авды, сондықтан адам табиғатының мәнін әлеуметтік қатынастарды түсіну арқылы ғана тануға болады деген қағидасы А. Адлер теориясының ең бастысы болып табылады. Сонымен қоса ол әрбір адамда өзара әлеуметтік қатынастардағы ынтымақтастыққа деген туа берілетін ұмтылыстар - әлеуметтік қызығушылықтар немесе табиғи қауыпсыздық сезімі болады деп есептейді. Индивидуалды психология адам мен қоғам арасындағы бірлестік пен ынтымақтастықтың қажетті үйлесімділігін осылайша қамтасыз етеді, ал олардың арасындағы қайшылықтарды А. Адлер табиғи емес деп түсінеді. А. Адлердің тұжырымдамасындағы мінез-құлықтың әлеуметтік детерминанттарының маңызды болғаны сонша, соңынан ол психологияның қазіргі теорияларындағы алғашқы әлеуметтік психолог деген атаққа ие болды.

Феноменологиялық дәстүрді қатаң ұстанған А. Адлер адамның мінез-құлқы, оның өзі туралы айтқан адамдар мен айқаласындағылардың пікіріне қашан да тәуелді болады деп есептеді. Адамдар өзі жасаған әлемде өмір сүреді, соған сәйкес олардың өткен тәжірибеге негізделген қабылдау ерекшелігі болады. Одан әрі А. Адлер адамның мінез-құлқы, оны реттейтін қазіргі және болашақ оқиғалар жөнінде өзінің айтқан жеке пікірлерінен көрінетін жалған мақсаттармен мотивацияланып отырғанын айтады. Мысалы, адам өз өмірінде «адалдық – ең жақсы саясат» немесе «әркім өзі үшін» не болмаса рақымышылдар ол дүниеде сауапқа қалады, ал күнәкарлар жазаланады деген түсініктерді қатаң ұстануы мүмкін. Осыған сәйкес А. Адлер ол шындық па, жоқ па, оған байланысты емес, адамдар бәрібір өзінің жеке ұстанымымен өмір сүреді дегенді алға тартады. Оның түсінігінде адамның мінез-құлқы шындықты жеке дара қабылдап, субъективті бейнелейді. Бұл А. Адлердің адам табиғатын ашып көрсетудегі ұстанатын бірыңғай психодинамикалық принциптері болып табылады. Енді біз осы айтылған принциптерге құрылған А. Адлердің индивидуалды психологиясына тереңірек тоқталайық.

А. Адлер тұлға теориясының ең басты мақсаты үнемді, әрі терапевтерге, көбіне психикалық жағынан сау мінез-құлыққа өзгеру жолындағы кез келген адам үшін пайдалы бағдар беруге қызмет етуі тиіс деп есептейді. Оның З. Фрейдтен айырмашылығы сол, ол теориялық құрылымының негізінде шешуші тұжырымдар мен принциптердің саны шектеулі, өте үнемді тұлға теориясының негізін қалады. Оларды мынадай жеті бөлікке бөліп көрсетуге болады: 1)

толық еместік сезімі және оны толықтыру; 2) кереметтікке ұмтылу; 3) өмір стилі; 4) әлеуметтік қызығушылықтар; 5) шығармашылық «Мен»; 6) туылу тәртібі; 7) фикционды финализм.

Толық еместік кешені және оны толықтыру. Өз мансабын жаңа бастағанда, оның әлі З. Фрейдпен қызметтес болған кездерінде А. Адлер «Мүшелердің толық еместігін зерттеу және оны психикалық толықтыру» атты монографиясын жариялайды. Бұл жұмысында ол басқасына қарағанда кейбір аурулар неліктен адамды көбірек мазалайды, неліктен дененің кейбір бөліктері басқа бөліктерге қарағанда аурушаң келеді деген мәселені дамытты. Мұнда ол кез келген адамның қандай да бір дене мүшесі басқаларына қарағанда әлсіздеу болып келеді де, сол жері зақымға ұшырап, ауруға шалдыққыш болады деген болжам жасады. Сонымен қоса, А. Адлер әрбір адамның туылғаннан «толық емес» болған және көп қызмет ете бермейтін, дамымай қалған дене мүшелері ғана ауруға шылдыққыш келеді деп есептеді. Мысалы, кейбір адамдар соңынан өкпе ауруына алып келетін өте ауыр аллергиялармен туылуы мүмкін. Мұндай адамдар жоғарғы тыныс алу жолдарының жұқпалы ауруларынан не демікпеден қатты зардап шегуі ықтимал. Органикалық әлсіздігі не кемістігі бар бар адамдар жаттығу мен машықтану арқылы өз кемістігінің орнын толықтыруға тырысады, ал оның салдары танымал шеберліктің не күштіліктің дамуына алып келетінін А. Адлер өмірде жиі байқаған. Ол өз еңбегінде: «Тіпті барлық атақты адамдардың бойынан да біз қандай да бір дене мүшесінің кемістігін тауып аламыз; өмірінің бастапқы кездерінде олар қатты зардап шекті, бірақ күресе жүріп, өз қиындығын жеңіп шыққанына таң қаласын», - деп жазады.

Жетіспейтін дене мүшелерін жеңу үшін қабылдаған шешімдер мен жұмсалған күштердің нәтижесі болып табылатын үлкен жетістіктердің көптеген мысалдарын тарих пен әдебиеттерден жиі кездестіруге болады. Мысалы, бала күнінде тұтығудан зардап шеккен Демосфен әлемдегі ең атакты шешендердің бірі болған. Балалық шағында дене сыртқатынан қатты зардап шеккен Вильма Рудольф жеңіл атлетикадан олимпияданың үш дүркін алтын медалын жеңіп алған. Бала кезінде әлсіз, аурушаң болған Теодор Рузвельт жалпы кемелденген адамға, Құрама Штаттың президентіне тән дене қалпын қалыптастырған. Олай болса, мүшелердің толық еместігі, яғни адамның туа берілетін әлсіздігі немесе дене мүшесінің жеткілікті түрде қызмет етпеуі адам өмірін ерекше әсерлерге бөлейтін зор жетістіктерге әкеліп соқтыратыны шындық. Егер жұмсалатын күштер

кемістікті толықтыруға бағытталған болса, онда ол тілеген нәтижеге әкеле бермеуі мүмкін, бірақ оның нәтижесі адамның өзіндегі толық еместік сезімінің шамадан тыс артуына әкеліп соқтыратыны сөзсіз. Егер А. Адлер адам ағзасы өзінің әлсіз жақтарын толықтыруға тырысады десе әрине бұл жаңалық болмас еді. Мысалы, адамның бір бүйрегі дұрыс жұмыс істемесе, екінші бүйрек оның қызметін қатар алып жүретінін дәрігерлер ертеден-ақ білген. Бірақ А. Адлер толықтырудан бұл түрі адамның психикалық шеңберінде де орын алатынын алға тарттады. Оның айтуынша адамдар жетіспейтін дене мүшелерінің орнын толықтыру үшін ғана тырысып қоймай, олардың бойында өзінің психологиялық немесе әлеуметтік қауқарсыздығын сезінуден туындайтын субъективті толық еместік сезімі де пайда болады.

А. Адлер толық еместік сезімі адамның бала кезінен басталады деп есептейді. Оның айтуынша жас нәресте ана құрсағынан ештемеге шамасы келмейтін мүлде қауқарсыз болып туылатындықтан, ол өмір сүру үшін ата-анаға ұзақ уақыт тәуелді болады. Баланың ата-анаға деген тәуелділігі мен оларға үнемі арқа сүйеуі, өз бетінше әрекет ете алмауы, оның басына қайғы-қасірет әкеледі. Сонымен қатар өзіне қарағанда біршама күштірек, әрі күдіретті отбасының өзге мүшелерімен салыстырғанда өзінің әлі де болса әлсіз екендігін сезіну, оның толық еместік сезімін одан әрі тереңірек қайғыруына алып келеді. Бала бойындағы толық еместік сезімінің ерте оянуы, өзін басқаларға қарағанда ерекше керемет етіп көрсететін жетістіктерге жету жолындағы ұзақ уақыттық күреске, мінсіздікке қол жеткізу мен өзі-өзі жетілдіруге ұмтылдырады. Сондықтан, А. Адлер бойынша кереметтікке ұмтылу адам өміріндегі мотивациялық күштердің ең негізгісі болып табылады.

Сонымен, А. Адлер бойынша адамдар не істесе де өзінің толық еместік сезімін жеңу мен кереметтік сезімін нығайту үшін істейді. Дегенмен толық еместікті сезіну әртүрлі себептерге байланысты кейбір адамдарда шамадан тыс артып кетуі мүмкін. Соның нәтижесінде адамда толық еместік кешені пайда болады. А. Адлер толық еместік кешенінің дамуына әсер ететін балалық шақтағы зардап шегудің үш түрін: дене мүшелерінің толық еместігі, шамадан тыс қамқорлық және балаға ата-ананың суық қарауы деп бөліп шығарды.

Біріншіден, баладағы туа пайда болатын қандай да бір дене мүшелерінің кемістігі психологиялық толық еместік сезімінің

дамыуына алып келуі мүмкін. Екіншіден, баланың барлық жағымсыз қылықтарын кешіріп, оны ата-аналардың шамадан тыс еркелетуі, ол үшін басқалардың қызмет көрсетуі, оның өз қабілетіне деген сенімсіздігін арттырады. Басқалардың өмірлік кедергілерді өздігінен жеңе алмайды деп ойлауы, баланың толық еместік сезімін одан әрі тереңірек қайғыртады. Үшіншіден, ата-аналардың балаға қамқорлық көрсетудің орнына керісінше оған суық қарауы, мынадай себептен толық еместік кешенінің пайда болуына алып келуі мүмкін. Өйткені, көптеген балалар қаламаған балаға ата-ана суық қарайды, сондықтан оған көңіл бөлмейді деп ойлайды. Мұндай балалар А. Адлердің түсінігінде басқалар мені бағалай ма, жоқ па, менің оларға пайдам тие ме, жоқ па, мен олардың сүйіктісіне айнала аламын ба, жоқ па деген сұрақтарға жауап беруге келгенде, өмір бойы өзіне сенімсіздікпен қарайды. Міне біз көріп отырғанымыздай балалық шақта кездесетін осы айтылған қайғы-қасіреттің үш түрі де А. Адлер бойынша есейген шақтағы невроздардың пайда болуында шешуші рөл атқарады.

Дегенмен толық еместік сезімінің пайда болуына түрткі болатын қандай да бір себептерді былай қойғанда, оған қарсы жауап қайтарудан көрінетін адамдарда оның орнын еселеп толықтыру (гиперкомпенсация) сезімі де пайда болады. Мұны А. Адлер кереметтік кешені деп атады. Бұл кешен адамның қандай да бір физикалық күшін, интеллектуалдық не әлеуметтік және т.б. қабілеттерін асырып көрсетуден көрінеді. Мысалы, кейбір адамдар өзінің басқаларға қарағанда ақылдырақ екенін жақсы түсінеді. Бірақ олар мұнысын көпшілікке көрсетіп дәлелдеу керек деп ойламауы мүмкін. Ал кейбір адамдар мұны қажет деп тауып, өз артықшылығын тыңдаған адамдардың бәріне айтып қалуға тырысады. Ондай адамдар тіпті барлық нәрсені ысырып қойып, өз артықшылығын көпшілік алдында дәлелдеуге ұмтылады. Сондықтан, еселеп толықтыру қалай болғанда да адамның өз бойындағы толық еместік сезімдерін үнемі жеңуге бағытталған талпыныстардың көрінісі болып табылады. Осыған байланысты А. Адлер кереметтік кешені бар адамдар әдетте мақтаншақ, тәкаппар, өзімшіл, мысқылшыл болып келеді деп санайды. Ондай адамдарды көргенде оның есі дұрыс па екен деп ойлап қаласын, бірақ, олар өзінің қадір-қасиетін басқалар өзін «мазақ еткенде» барып түсінеді.

Кереметтікке ұмтылу. Біз жоғарыда атап көрсеткеніміздей, А. Адлер толық еместік сезімі адамның өзін-өзі дамыту мен жетілдіру үшін жұмсайтын барлық күш-жігерінің дереккөзі деп есептеді.

Дегенмен адам өмірінің тұтастығы мен бірқалыптылығын қамтасыз етуге бағытталған, оның барлық күресінің соңғы мақсаты не? Толық еместік сезімінен құтқаратын қажеттіліктер адамды алға қарай сүйрей ала ма? Жоқ әлде адамдар басқаларға аяусыз үстемдік ету үшін осылай талшына ма? Адамдар белгілі бір мәртебеге жету үшін ғана осылай істей ме? Міне бұл сұрақтарға жауап іздеуде А. Адлер өзінің ғылыми көзқарасын бірден өзгерте бастады. Ол өзінің ертеректегі еңбектерінде адамның мінез-құлқын басқаратын бірден-бір қозғаушы күш агрессиядан басқа түкте емес деп жазған еді. Кейінен ол «билікке ұмтылуға» көмектесетін агрессивтік талшыныстардың рөлі мен орны жөніндегі өз идеясынан бірден бас тартты. Өзінің бұл тұжырымдамасында А. Адлер әлсіздікті феминдікпен, ал күштілікті маскулиндікпен теңестірген еді. Мұнда ол толық еместік пен адамның шарасыздық сезімін ығыстыру үшін ерлер мен әйелдер теңдей пайдаланатын еселеп толықтырудың бір түрі – «маскулиндік қарсылық» жөніндегі идеясын айтқан болатын. Бірақ соңынан А. Адлер қалыпта адамның мінез-құлық мотивациясын түсіндіруге келгенде, оның шамасы жетпейді деп өзінің маскулиндік қарсылық жөніндегі ойларынан бас тарта бастады. Ол кереметтікке ұмтылу жағдайы кереметтік көшенге қарағанда мүлде ерекше құбылыс болып табылады деп, оның орнын біршама кеңірек түсініктермен ауыстырды. А. Адлердің ойынша адам өмірінің соңғы мақсаты әртүрлі үш сатыдан: агрессивті болудан, күдіретті болудан және қол жеткізе алмаудан тұрады.

Өмірінің соңғы кездерінде А. Адлер кереметтікке ұмтылу адам өмірінің заңы болып табылады, бірдемемен айналыспай, дымсыз өмір сүрген адам өмірін елестету мүмкін емес деген қорытындыға келді. Сөйтіп ол кереметтікке ұмтылуды өз теориясының басты мотивы ретінде қарастырады. Оның айтуынша кереметтікке ұмтылу туа беріледі, біз одан қашып құтыла алмаймыз, себебі өмірдің өзі осылай талшыныстардан тұрады. Сонымен қатар, А. Адлер егер біз адамнан бар мүмкіндігін жүзеге асырғымыз келсе, онда бұл сезімді тәрбиелеп, дамытуымыз қажет дейді. Оның пікірінше кереметтікке ұмтылу сезімі туылғаннан бар шындық емес, ол тек теориялық мүмкіндік түрінде ғана кездеседі. Оны біздің әрқайсысымыз өз жолымызбен жүзеге асыруымыз қажет, - дейді ол. А. Адлер кереметтікке ұмтылуды жүзеге асыру процесі өмірлік мақсат қалыптасқан кезден, шамамен баланың бес жасынан басталады деп шамаланды. А. Адлер бойынша бастамасы балалық шақта

қалыптасатын және саналы түрде ұғыныла бермейтін, болашағы да бұлыңғыр бұл мақсат біртіндеп адам өмірін ұйымдастыратын және оған мағына әкелетін күштер мен мотивациялардың дереккөзіне айналады.

А. Адлер кереметтікке ұмтылу әрекетінің табиғаты туралы әртүрлі қосымша идеяларды да ұсынды. Біріншіден, ол оны дербес түрткілердің қиысуынан туындаған талпыныс ретінде емес, бірыңғай әрекет ететін негізгі мотив ретінде қарастырды. Бұл мотив айналадағы басқа адамдарға қарағанда баланың әлі де болса дәрменсіз, әрі көп нәрсені өзі істей алмайтынын ұғынуы түрінде көрінеді. Екіншіден, кереметтікке ұмтылуды өз табиғатында әмбебап, алға және жоғары қарай өрлейтін ұлы талпыныс ретінде анықтады: ол норма мен патология үшін де, барлық адамдар үшін де ортақ болып табылады. Үшіншіден, кереметтікке ұмтылу оң (конструктивті) және теріс (деструктивті) бағытты қабылдай беретін мақсат болып табылады. Теріс бағыттағы кереметтікке ұмтылуды атақ-даңққа басқалар есебінен қол жеткізуді көздейтін, өзімшілдік мінез-құлықпен кереметтікке ұмтылатын, бейімделуге қабілетсіздеу адамдардың бойынан көруге болады. Ал ортаға жақсы бейімделетін адамдар керісінше, кереметтікке ұмтылғанда оң бағыт танытып, басқа адамдарға амандық тілейді. Төртіншіден, А. Адлер кереметтікке ұмтылу адамнан үлкен күш-қуат пен шығынды талап ететін ұмтылыс деп санады. Оның айтуынша осындай күштердің әсерінің нәтижесінде адамның психикалық шиеленісі төмендеудің орнына, керісінше арта түседі. Бесіншіден, кереметтікке ұмтылу жеке адамдар деңгейі мен қоғам деңгейінде айқын көрінеді. Адамдар жеке адам немесе қоғамның бір мүшесі ретінде тек өзін-өзі жетілдіріп қана қоймай, өзі өмір сүретін қоғамның мәдениетін де жетілдіруге ұмтылады. Осы жағынан алғанда, оның З. Фрейдтен айырмашылығы сол, ол жеке адам мен қоғамды бір-бірімен үйлесімді байланыста қарастырды.

Сонымен, А. Адлер адамды сыртқы дүниемен келісімде өмір сүретін және оны үнемі жетілдіріп отыратын тіршілік иесі ретінде сипаттады. Бірақ адамда өз мәдениетін дамыту дейтін бір ғана соңғы мақсат бар, оған қалай қол жеткізуге болады, міне бұл сұрақ жөнінде ештеңе ашып айтылмады деген болжам бар. Бұл мәселені А. Адлер өмір стилі жөніндегі өз тұжырымдамасында шешіп берді.

Өмір стилі. Алғашқы нұсқасында «өмірлік жоспар» немесе «жол көрсететін бейне» деп аталатын өмір стилі А. Адлер тұжырымдаған

тулғанын динамикалық теориясының өзіне тән ерекше сипатын білдіреді. Ол табиғатында идеографиялық сипатта құрылған бұл өмір стилі, адамның өмірге, әсіресе оның жоспарлап қойған мақсаты мен оған көз жеткізудің тәсілдеріне қатысты ерекше бейімделуін қамтамасыз етеді. А. Адлер бойынша өмір стилі адам болмысының қайталанбас бейнесін анықтайтын, әдеттер мен мінез-құлық тәсілдерінің, мінез бітістерінің жиынтығынан құралған бірегей байланыстардан тұрады.

Алайда адам әрекетінде өмір стилі қалай көрінеді? Бұл сұраққа жауап беру үшін ең алдымен өмір стилінің негізінде жатқан толық еместік сезімі мен оның орнын толықтыру ұғымдарына қысқаша қайта оралуға тура келеді. А. Адлердің айтуынша адам балалық шақта шанапайы түрде не өз қиялында толық емеспін деген сезімде болады да, оның осы сезімі, жетіспеушіліктің орнын толықтыруға түрткі болады. Мысалы, бала өзінің қимыл-қозғалысының әлсіз жақтарын байқайды да, оның орнын толықтырамын деп әрекет ету нәтижесінде белгілі бір сапаға не болады. Өзінің физикалық кемістігін түсінуге бағытталған баланың мінез-құлқы, өз кезегінде толық еместікті жеңуге бағытталған мінез-құлық белсенділігінің көшеінен тұратын, оның өмір стиліне айналады. Сонымен, өмір стилі толық еместік сезімін жеңуге бағытталған адамның күш-жігеріне негізделеді де, оның арқасында кереметтік сезімі беки түседі. А. Адлердің көзқарасы бойынша өмір стилі баланың төрт-бес жасында бекіп қалыптасып, айтарлықтай өзгерістерге ұшырай алмайды. Әрине адамдар өзінің жеке-дара өмір стилдерін корсетудің жаңа тәсілдерін тауып алуы мүмкін, бірақ олар оның жас кездерінде бекіген негізгі құрылымының дамуы мен жетілуінің нәтижесі болып табылады. Осылайша қалыптасатын өмір стилі адам өмірінің ақырына дейін сақталып қалып, оның болашақ мінез-құлқының басты тірегіне айналады. Басқаша айтқанда адам не істесе де бұрын қалыптасқан, өзінің өмір стилінің негізінде істейді. Адам неге баса назар аударуы қажет, неден аулақ болуы керек, міне осының бәрін, оның өмір стилі анықтайтын болады. Адамның психикалық процестері (мысалы, қабылдауы, ойлауы мен сезімдері және т.б.) бір тұтаст бірлікте ұйымдаса отырып, оның өмір стиліне көрініс табады. Мысалы, өзінің интеллектуалдық мүмкіндігін кеңейту арқылы кереметтікке ұмтылғысы келетін әйелді көз алдымызға елестетіп көрейік. А. Адлердің теориясы бойынша, оның өмір стилі үйде отырып үйренген әйелді бейнелейді. Сол үшін ол көп оқып, көп

үйренуге, ойланып-толғануға баса назар аударады, яғни ол бар күш-жігерін өзінің интеллектуалдық қабілетін жетілдіруге жұмылдырады. Ол тіпті алға қойған мақсатына сай қай кезде демалатынын, қай уақытта отбасымен, достарымен, таныстарымен қарым-қатынасқа түсетінін, қай уақытта қоғамдық істермен айналысатынын алдын-ала жоспарлап, күн тәртібінің дәлме-дәл уақытын белгілеп те қоюы мүмкін. Ал басқа адамды алсақ ол керісінше, өзінің дене қалпын жетілдіру үшін машықтанып, мақсатқа қол жеткізетіндей өмір салтын ұйымдастыруы ықтимал. Ол не істесе де дене қалпын жетілдіріп кереметтікке қол жеткізуді мақсат тұтады. Осы жағынан алғанда, адамның мінез-құлқының барлық жақтары, оның өмір стилінен келіп шығады деген А. Адлердің тұжырымдамасына таң қалмасқа болмайды. Интеллектуалды адамдар атлетиктер секілді ешқашан олай ойлап, есінде сақтамайды, ойланып-толғанбайды, өйткені олар өмір стиліне сай терминмен айтар болсақ, әртүрлі қарама-қарсы психологиялық типтегі адамдар қатарына жатады.

Тұлға типтері: өмір стилімен байланысты бейім-бағдарлар. А. Адлердің түсінігінде адам тұлғасының бірқалыптылығы өмір бойы өмір стилімен түсіндіріледі. Оның айтуынша адамның қоршаған дүниеге деген негізгі бағдары да өмір стилімен анықталады. Ол өмір стилінің шынайы болмысын өмірлік мәселелерді адамның қандай жолмен шешетіндігіне қарап білуге болады дейді. Оның пікірінше әрбір адам өмірде үш түрлі басты мәселеге амалсыз тап болады. Оларға: жұмыс, достық және махаббат жатады. А. Адлердің көзқарасы бойынша осы мәселелердің бірін, екіншісінен бөліп қарауға болмайды, өйткені олар бір-бірімен өте тығыз байланыста және оларды шешуде адамның өмір стиліне байланысты. Ол былай деп жазады: «Олардың бірін шешу, екіншісін шешуге көмектеседі; шындығына келгенде олар өмір сүретін қоршаған ортада өмірін жалғастыратын және тіршілік иелерінің өмірін сақтап қалуы үшін қажетті – бір мәселенің және бір жағдайдың әр алуан жақтары болып табылады деп айта аламыз».

Әр адамда өмір стилі қайталанбайтын болғандықтан, осы негіз бойынша тұлғаны типтерге бөлу тереңірек жалпылауды талап етеді. Осы пікірді қатты ұстанған А. Адлер өмір стилімен байланысты бейім-бағдар типтерін зауықсыздау ұсынды. Ол тұлға типтерін жоғарыда айтылған басты үш мәселені адамның қалай шешетіндігіне қарай жіктеп бөліп шығарды. А. Адлер тұлға типтерін жіктеуді екі өлшемді принципке, атап айтқанда «әлеуметтік қызығушылықтар»

мен адамның «белсенділік дәрежесіне» негіздеп құрды. Әлеуметтік қызығушылықтар өз пайдасын ойлағанға қарағанда көпшіліктің жетістігіне ортақтасудан көрінетін, адамның басқаларға деген зиянсыздық сезімімен сипатталады. А. Адлердің теориясында әлеуметтік қызығушылықтар адамның психологиялық кемелденуінің негізі болып табылады. Ал оған қарама-қарсы қасиеттерге өзімшілдік мінез жатады. Белсенділіктің дәрежесі адамның өмірлік мәселелерге қалай кірісетіндігіне қатысты. А. Адлердің «белсенділік дәрежесі» түсінігі кәзіргі кездегі «қозғалыстық» немесе «күш-қуат деңгейі» ұғымдарына мағынасы жағынан тым жақын келеді. А. Адлердің айтуынша оның шегі өзінің өмірлік мәселелерді шешуге кірісуімен анықталады, әрбір адамда белгілі бір күш-қуаттың деңгейі болады. Бұл деңгей балалық шақта бекін қалыптасып, әр адамда түрліше келеді. Сонымен, әлеуметтік қызығушылықтар мен адамның белсенділік дәрежесіне қарай А. Адлер тұлға типтерінің: басқарушы, алушы, қайшықатушы және әлеуметтік-пайдалы тип деп төрт түрін бөліп шығарды. Өмір стиліне байланысты А. Адлер бейім-бағдарлы типтердің алғашқы үш типінде әлеуметтік қызығушылықтар байқала бермейді, бірақ олар белсенділік дәрежесімен ерекшеленеді. Ал төртінші, әлеуметтік пайдалы типте ғана әлеуметтік қызығушылықтар мен белсенділік дәрежесі жоғары. А. Адлер ешбір типология, тіпті ол қулықпен жасалса да тұлғаның кереметтікке ұмтылуы мен өзі-өзі жетілдіруін, тұтастығын дәлме-дәл сипаттай алмайды дейді. Осыған қарамастан өмір стилімен байланысты А. Адлердің бөліп шығарған тұлға типтері адамның мінез-құлқын анықтауда біршама жеңілдік береді.

Басқарушы тип. Тұлғаның бұл типінің әлеуметтік қызығушылығы төмен болғанымен, олар өз-өзіне сенімді, қайсар келеді. Әлеуметтік тұрғыда болмаса да, бұл тип өмірде белсендірек. Олар басқа адамдардың қамын ойлағысы келмейді. Басқалардан артығырақ болу оларға тән қасиет. Мұндай типтегі адамдар негізгі өмірлік мәселелерді қастықпен, қоғамға қарсы іс-қимыл жасау арқылы шешеді. А. Адлер бойынша құқық бұзушы жастар мен панахорлар басқарушы типтің айқын мысалы болып табылады.

Алушы тип. Өзінің аты айтып тұрғандай осындай бейім-бағдары бар адамдар өз қажеттілігінің басым көпшілігін өзгелер есебінен өтейтін, қоршаған ортаны қанаушы типтер қатарына жатады. Олардың әлеуметтік қызығушылықтары болмайды. Алушы типтердің басты ойы басқалардан барынша алып қалу. Бірақ ондай типтердің

белсенділігі төмен деңгейде болса, онда олар басқаларға зиян келтіре алмайды.

Қашқақтаушы тип. Өзінің жеке бастық мәселелерін шешуге келгенде мұндай типтегі адамдардың әлеуметтік қызығушылықтары мен белсенділігі жетіспейді. Олар көбіне табысқа жетуге қарағанда сәтсіздікке көбірек ұшырайды. Мұндай типтегі адамдардың өмірі әлеуметтік-пайдасыз мінез-құлықпен сипатталып, өмірлік мәселелерді шешуден қашқақтаумен өтеді. Басқаша айтқанда, олардың мақсаты өмірдегі барлық мәселелерден бойын аулақ ұстау болып табылады. Сондықтан, олар бәрінен бас тартып, сәтсіздікке ұшырауды жөн көреді.

Әлеуметтік-пайдалы тип. А. Адлер бойынша тұлғаның бұл типі кемелденген адамдар қатарына жатады. Ондай адамдардың әлеуметтік қызығушылықтары мен белсенділігі жоғары дәрежеде болады. Әлеуметтік ортаға бағдарланған мұндай адамдар басқаларға шынайы қамқорлық танытып, олармен қарым-қатынас жасауға дайын тұрады. Олар жұмыс, достық және махаббат секілді үш негізгі өмірлік мәселелерді әлеуметтік мәселелер деп түсінеді. Осы типке жататын адамдар мұндай мәселелерді ерлік жасау мен бірлесіп шешудің қажет екенін ұғынып, басқа адамдарға рахат өмір сыйлауға ат салысады. Дегенмен А. Адлердің өмір стилімен байланысты бейім-бағдардың екі өлшемді теориясында әлеуметтік қызығушылықтары жоғары, ал белсенділік дәрежесі төмен типтегі адамдар кездеспейді. Өйткені әлеуметтік қызығушылықтары жоғары деңгейдегі адамдардың белсенділігі төмен болуы мүмкін емес. Басқаша айтқанда, жоғары әлеуметтік қызығушылығы бар адамдар басқа адамдарға пайда әкелуге тырысады.

Әлеуметтік қызығушылықтар. А. Адлердің индивидуалды психологиясындағы тағы бір маңызды тұжырымдамаға әлеуметтік қызығушылықтар жатады. А. Адлердің түсінігінде әлеуметтік қызығушылықтар адамды әлеуметтік қасиеттердің өзі жасайтынын білдіреді. Оның айтуынша егер адам өзін танып білігісі келсе, онда ол өзінің басқа адамдармен қатынасын қарстыруы керек, ал өзін одан әрі терең танығысы келсе, онда ол өзі өмір сүретін әлеуметтік-мәдени ортамен қатынасын қарастыруы қажет.

А. Адлер өзінің ғылыми ізденістерінің бастапқы кездерінде адам басқаларға үстемдік етуге, билікке ұмтылуға құмар келеді деген еді. Әсіресе ол адамды алға қарай сүйрейтін өзінің толық еместік сезімін жеңу мен кереметтікке ұмтылуға деген мотивтері болып табылады

делі. Оның бұл көзқарасы көпшіліктің қарсылығын туғызды. Шындағына келгенде көпшілігі оны әлеуметтік мотивтерді ұғыстырып, оның орнына өзімшілдік мотивтерді бірінші орынға қойды деп сынга алды. Олар мұның негізінде «әлсіздер құрып, күштілер өмір сүреді», деген Ч. Дарвин идеясының бүркемеленген нұсқасы жатыр деп түсінді. Бірақ, өзінің соңғы еңбектерінде А. Адлер туғаннан дамуы мен қалыптасуында әлеуметтік мотивтердің жетекші рол атқаратынын айтып, өз теориясын қайта қарастырды. Оның айтуынша көпшіліктің мүддесіне бола өзімшілдік мақсаттардан бас тартылуға алып келетін адамның кез келген іс-әрекетін туа берілетін әлеуметтік соқыр сезімдер басқарады. Мұның мәні адамдар өзінің жеке басының мүдделерін көпшіліктің мүдделеріне бағындырады дегенге аялды. А. Адлердің «әлеуметтік қызығушылықтар» түсінігі адамдар бірлестігіне мүше болған адамның мәнін білдіреді, яғни ол адамзаттың адам нәсілінің әрбір өкілімен сәйкестік сезімін сипаттайды. А. Адлердің түсінігінде әлеуметтік қызығушылықтардың алғышарты туа беріледі. Әрбір адам оны белгілі бір дәрежеде мәңгіретіндіктен, ол қалыптасатын әдеттердің нәтижесі емес, өз табиғатында әлеуметтік орта жасаған қасиеттерден тұрады. Бірақ әлеуметтік қызығушылықтар туа берілетін басқа да икемділіктер секілді автоматты түрде пайда болмай, ол адамнан өзін дамытуды талап етеді. Оны тиісті жағтыяулар арқылы тәрбиелесе, ол өз нәтижесін береді, - дейді А. Адлер.

Басқа адамдар, ең алдымен баланың анасы, сосын отбасының басқа мүшелері әлеуметтік қызығушылықтардың дамуына жағдай жасайды. Жас нәрестенің дүние есігін ашқанда алғаш рет байланысқа түсетіні, оның өз анасы болғандықтан, ол баланың әлеуметтік қызығушылықтарының дамуына зор күш жұмсайды. Кемелденген әлеуметтік қызығушылықтарды қалыптастыру мен оған дұрыс бағыт көрсететін ана тәрбиесін А. Адлер екі есе еңбек деп түсінеді. Әлеуметтік қызығушылықтар ананың балаға деген қатынасынан пайда болады, оның міндеті баланың басқа балалармен қалай ойынауға, жолдастарымен қалай қарым-қатынас жасауға болатынын үйрету, басқа адамдармен бірлесіп іс-әрекет жасауға тәрбиелеу болып табылады. Ана мұраты өз баласына шынайы сүйіспеншілік танытып, қамқорлық көрсету, оның аман-есендігін тілеу. Мұндай шынайы сүйіспеншілік басқа адамдарға деген қамқорлықтан туындап, баланың әлеуметтік қызығушылықтарын тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Оның өз күйеуіне, басқаларға деген мейірімі, баланың отбасы

мүшелерінен бөлек дүниеде басқа да адамдардың бар екендігін түсінуге көмектеседі.

Дегенмен ана тәрбиесінен қалыптасатын көптеген бейім-бағдарлар баланың әлеуметтік қызығушылығының төмендеуіне де әсер етуі мүмкін. Мысалы, егер ана өз балаларына ғана қамқорлық көрсетіп, басқаларды елемейтін болса, онда баланың басқаларға деген әлеуметтік қызығушылығы дамымай қалады. Егер ана тек өзінің күйеуіне ғана көңіл бөліп, балалары мен қоғамнан бойын аулақ ұстайтын болса, онда оның балалары өзін керексіз адам ретінде сезініп, әлеуметтік қызығушылығының әлеуеттік мүмкіндігі жүзеге аспай қалады. А. Адлер әкені баланың әлеуметтік қызығушылықтарын дамытатын екінші реттік дереккөз ретінде қарастырды. Оның айтуынша әке өз әйеліне, жұмысы мен қоғамға оң көзқараспен қарауы тиіс. Өз бойында қалыптасқан әлеуметтік қызығушылықтар, оның балаларына деген қатынасынан көрінуі қажет. А. Адлер бойынша мінсіз әкелер өз балаларына теңдей қарап, оларды әйелімен бірге тәрбиелеуге тырысады. А. Адлердің айтуынша әке екі түрлі қателікке жол бермеуі керек. Оның бірі балаларды эмоциялық бөлектеу болса екіншісі, ата-аналық бедел болып табылады. Себебі, ата-анасы бөлектеген балалар әлеуметтік қызығушылықтарға қарағанда, өз басының кереметтігін көбірек ойлайды. Сол секілді, ата-аналық бедел де баланың өмір стилінің бұзылуына әсер етеді. Отбасында үстемдік ететін әкеден тәрбие алған бала әлеуметтік қызығушылықтарға қарағанда, өзінің жеке басының кереметтігі мен билікке ұмтылуға үйренеді.

Сонымен, А. Адлер бойынша баланың әлеуметтік сезімдерінің дамуына әке мен ананың зор ықпалы бар. Егер осылай десек, онда бақытсыз отбасында өскен балалардың әлеуметтік қызығушылықтарының дамуы шектеулі болуы мүмкін. Егер әйелі өз күйеуіне эмоциялық қолдау білдірмей, бар сезімін тек балаларына ғана бөлсе, онда олар шамадан тыс қамқорлықтың салдарынан олардың әлеуметтік қызығушылықтары сөніп қалады. Егер өз күйеуі әйелін балаларының көзінше жазғырса, онда балаларының алдында олардың екеуі де беделден айрылады. Егер ата-аналар бір-бірімен араз болса, онда балалар олардың бірін жақтап, бірінің жағына шығады. Егер олар қайта татуласса, онда бұл жерде бәрінен бұрын балалар ғана ұтылады.

А. Адлер бойынша әлеуметтік қызығушылықтар адамның психикалық саулығын бағалайтын негізгі критерий болып табылады.

Ол әлеуметтік қызығушылықты адам өмірінің сапасын бағалауға қолдануға болатын көрсеткіш құрал - «қалыптылық барометрі» ретінде санаттайды. Яғни ол адам өмірі басқа адамдар өмірінің құндылығын арттырумен құнды деп есептейді. Оның айтуынша нормалығы сау адамдар үшін мәнінде басқа адамдар, олардың кереметтікке ұмтылуы, оларға жағдай жасау туралы ойлайды. Керісінше ортаға бейімделе алмайтын адамдардың әлеуметтік қызығушылықтары төмен болады. Олар өзіншіл, жеке басының кереметтігін ғана ойлап, басқаларға үстемдік еткісі келеді, олардың әлеуметтік мақсаттары болмайды.

Шығармашылық «Мен». Біз алдыңғы бөлімдерде А. Адлер бойынша адамның өмір стилі ерте жастан бастап қалыптасатынын айтқан едік. А. Адлердің түсінігінде өмір стилі баланың бес жасында бекіп, кейіннен өмір бойы сол бағытта жылжып отырады. Адамның өмір стилінің қалыптасуын осылайша түсіну, А. Адлердің де З. Фрейд секілді қатып қалған детерминизм принципін ұстанғандығы жөнінде бір жақты ойға қалдыруы мүмкін. Шындығына келгенде, ересек адам тұлғасының тым ертеректе қалыптасуының маңызды жақтарын олардан өкпеуі де қолдады. Бірақ, А. Адлердің З. Фрейдтен айырмашылығы сол, ол ересек адамның мінез-құлқында баланың ерте кезде қалыптасатын қасиеттері жағдай ғана көрініп қоймай, олар оның тұлғалық ерекшеліктерінің көріністерінен орын алады деп түсінді. Сонымен қоса, А. Адлердің теориялық көзқарасындағы адамның өмір стилі түсінігі бірден көріне салатын механикалық құрылым емес, ол адамның шығармашылық «Мен» құрылымының нәтижесі болып табылады.

Шығармашылық «Мен» тұжырымы. А. Адлер теориясының ең бастысы, әрі оның психолог ретіндегі ең жоғарғы жетістігі болып саналады. Ол шығармашылық «Мен» түсінігін ашып көрсетіп, оны өз теориясына аяқтағанда, қалған барлық құрылымдар соған бағынышты жағдайда болды. Шығармашылық «Мен» құрылымында, адамға мағына әкелетін, адам өмірінің белсенділік принципі іске асады. Ол адамның өмір стилін тұлғаның шығармашылық қабілетінің әсерінен қалыптасады деп түсінді. Басқаша айтқанда шығармашылықтың арқасында әрбір адам өзінің жеке-дара өмір стилін еркін түрде құруға мүмкіндік алады. Адам өзін қалай ұстайды, болашақта кім болғысы келеді, міне бұл сұрақтарға А. Адлер адамның өзі жауапты деп қарады. Шығармашылық күштер адам өмірінің мақсаты мен оған қол жеткізудің әдіс-тәсілдерін анықтауға жауап беріп, әлеуметтік

қызығушылықтардың дамуына жағдай жасайды. Сол секілді шығармашылық күштер адамның қабылдау, ес, ойлау, қиял және ұйқы секілді психикалық процестеріне де әсер етеді. Шығармашылық күштер әрбір адамды бас бостандығы бар еркін (өзін-өзі анықтаушы) адам ете алады. Адамда шығармашылық күштердің болатынын болжай отырып, А. Адлер тұлғаның қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін туа берілетін қасиеттер мен қоршаған ортаның әсерінен де бас тартқан жоқ. Оның айтуынша әрбір сәби ерекше генетикалық мүмкіндіктермен дүниеге келіп, әлеуметтік тәжірибені бірден меңгереді. Бірақ адамды туа берілетін қасиеттер мен қоршаған орта әсерінің нәтижесінен басқа түк те емес деп қарауға болмайды. Өйткені, адам қоршаған ортаға жауап қайтарып қана қоймай, оған әсер ететін жасампаз тіршілік иесі болып табылады. А. Адлердің түсінігінде адам туа берілетін қасиеттер мен қоршаған ортаның ықпалын өз тұлғасын қалыптастыру үшін құрылыс материалы ретінде пайдаланады. Ал оның сәулетшілік шешімінде адамның жеке-дара стилі көрінеді. Сондықтан, А. Адлер бойынша адам өзінің өмір стилі мен қоршаған дүниеге деген қатынас бағдарына өзі жауапты болады. Сонда шығармашылық күштер неден пайда болады? Оның дамуына не түрткі болады? Бұл сұрақтарға А. Адлер толық жауап қайтарған жоқ. Ең бастысы ол адамның шығармашылық күштері эволюциялық тарихи дамудың жемісі болып табылады деп жақсы жауап берді. Адам адам болғандықтан шығармашылық күштерге ие болады. Шығармашылық күштер баланың ерте кезінен өркендейтінін, ал әлеуметтік қызығушылықтар оған ілесіп отыратынын біз жақсы білеміз. Бірақ олар қалай дамиды. Міне бұл сұрақтың кілті А. Адлер теориясында толық ашылмады. Сонымен қоса, туа берілетін қасиеттер мен қоршаған ортаның әсерінен шығармашылық күштер дамып, адам өзінің жеке-дара өмір стилін таңдауға мүмкіндік алады. А. Адлер бойынша адам шығармашылық «Мен» тұжырымының арқасында өз тағдырының қожасына айналады.

Туылу тәртібі. Тұлғаның дамуындағы әлеуметтік қасиеттердің маңызды ролін айта отырып, А. Адлер өмір стилімен қатар жүретін негізгі бейім-бағдар детерминанттары ретінде баланың туылу тәртібіне де ерекше назар аударды. Оның айтуынша егер балалар бір ата-анадан туылып, отбасында бірдей жағдайда өссе де, бәрібір олардың бірыңғай әлеуметтік ортасы бола бермейді. Басқа балаларға қатысты отбасындағы үлкен не кіші баланың тәжірибелерін, ата-ананың ықпалының ерекшеліктерін, отбасындағы келесі баланың

дүниеге келуі өзгертіп жібереді, ол өмір стилінің қалыптасуына да қатты әсер етеді. А. Адлер бойынша отбасындағы баланың туылу тәртібі шешуші рол атқарады. Әсіресе жағдайды қабылдау маңызды орын алады, өйткені онда белгілі бір ұстанымдар жүзеге асады. Яғни, балаға болған жағдайлар не мән әкеледі, баланың туылу тәртібі өмір стиліне қалай әсер етеді, міне мұның бәрі осыған байланысты. Сонымен қоса, белгілі бір ұстанымда тұрған баланың қабылдауы қашан да субъективті болғандықтан, ондай жағдайда кез келген өмір стилі қалыптасуы мүмкін. Бірақ белгілі бір психологиялық өреңшеліктер отбасындағы баланың нақты ұстанымымен байланысты болады.

Тұңғыш бала (үлкен бала). А. Адлер бойынша тұңғыш бала отбасындағы жалғыз бала болғандықтан, оның жағдайы адам қызығарлықтай десе де болады. Әдетте ата-аналар тұңғыш баланың дүниеге келуін қатты уайымдайтын болғандықтан, бәрі тиістісінше болуы үшін оған бар жағдайды жасауға тырысады. Сондықтан, тұңғыш бала ата-ананың қамқорлығы мен сүйіспеншілігіне бөленіп өседі. Ол өзінің қауіпсіз, әрі алаңсыз өмір сүргендігінен ләззат алады. Бірақ оның бұл жағдайы келесі бала дүниеге келіп, оның орынға тартып алғанға дейін ғана созылады. Келесі баланың дүниеге келуі шалендікпен түрде баланың отбасындағы жағдайы мен қорықпай артаға деген көзқарасын өзгертеді.

А. Адлер екінші баланың дүниеге келуімен байланысты тұңғыш баланың пайда болатын көңіл-күйді «тағынан айрылған ханның» жағдайы ретінде сипаттап, оның балаға өте қатты ауыр тиетінін атап көрсетеді. Үлкен бала өзінен кіші бауырының ата-анасының назарын өзіне аудартып, мейіріміне бөленгенін көргенде, өзінің үлкен екенін білдіріп күресетін болады. Бірақ бұл күресте сәтсіздікке жиі ұшырап, жеңіле бергендіктен және өткенді қайтарудың мүмкін емес екенін көргенде рабынан қайтып, өзіне тоқтатады. Уақыттың өтуімен ол өзінің орынсыз талаптарын тыңдауға ата-ананың қолы тимейтіндігін не одан шаршағандығын немесе өзіне селқос қарайтындығын саналы түрде ұғына бастайды. Сонымен қоса, өзіне қарағанда ата-ананың билігі үстем екенін, егер шектен шықса (өзіне назар аударуын талап етсе) жазалайтынын білетін болады. Осындай түк шықпайтын отбасылық күрестің нәтижесінде үлкен бала бөлек жүруге үйреніп, өзін мақұлдатуды не ата-анаға арқа сүйеуді талап етпейтін өзінше өмір сүрудің стратегиясын меңгереді. А. Адлер отбасында ең үлкен бала керітартпа, билік құмар, көшбасшылыққа бейім келеді деп

есептеді. Сондықтан ол отбасының бейім-бағдарлары мен моралдық нормаларын сақтайтын болады.

Жалғыз бала. А. Адлер жалғыз баланың бәсекеге түсетін басқа бауырлары болмайтындықтан, оның ұстанымы ерекше деп есептейді. Ана қамқорлығы секілді ерекше сезімдерді қоса алағанда, оның бұл жағдайы әкесімен бақталастыққа түсуге жиі әкеліп соқтырады. Ол өз анасы тарапынан үнемі бақылауда болғандықтан, осындай қамқорлық пен қорғауды басқалардан да күтеді. Сондықтан, өзіншілік пен тәуелділік жалғыз баланың өмір стилінің басты ерекшелігі болып табылады.

Мұндай балалар бүкіл балалық шағын отбасы өмірінің назарында өткізгенді қалайды. Бірақ ол кейінірек өзінің үнемі назарда бола бермейтінін түсініп, ойлана бастайды. Жалғыз бала өзінің осындай жағдайын ешқашан ешкіммен бөліспеген және ол үшін ешкіммен күресіп те көрмеген. Осының салдарынан оның құрбыларымен қарым-қатынасында қиындықтар жиі болып тұрады.

Екінші (ортаншы) бала. Екінші баланың жарыста алдыңғыларын басып озуына, оның өзінен үлкен бауыры түрткі болады. Осындай қарқынның арқасында, оның дамуы үлкен баламен салыстырғанда біршама жоғары болады. Мысалы, екінші бала бірінші балаға қарағанда жүру мен сөйлеуді ерте кезінен-ақ меңгеруі мүмкін. «Ол өзін жарыста жүргендей ұстайды, егер біреу екі қадам алға басса, оны басып озуға асығады. Ол барлық уақытта бәрінен бұрын зымырауға тырысады», - дейді А. Адлер.

Осының нәтижесінде екінші баланың атаққұмарлығы мен бақталастығы арта түседі. Екінші баланың өмір стилі өзінен үлкен бауырынан артық екенін үнемі дәлелдеумен сипатталады. Сондықтан, А. Адлер бойынша екінші бала өзінің жетістікке деген бағдарлануымен ерекшеленеді. Ол кереметтікке қол жеткізу үшін кез келген әдісті пайдаланады. А. Адлер мұндай балалар сәтсіздіктің ықтималдығын арттыратын орындалмайтын мақсаттарды да алдына қоя алады деп санайды. Ең қызығы А. Адлердің өзі де отбасында ортаншы бала болған.

Кенже (соңғы) бала. Кенже баланың өмірі көп жағдайда ерекше. Біріншіден, ол басқалар секілді ешқашан «тақтан айырылып қаламын» деп уайымдамайды. От басының кенжесі болғандықтан, оны тек ата-анасы ғана емес, өзінен үлкен бауырлары да еркелетіп, оған қамқорлық көрсетеді. Екіншіден, ата-анасының материалдық жағдайы болмай жатса, сондай-ақ оның өз заты болмаса, онда ол

отбасының басқа да мүшелерінің заттарын пайдалана береді. А. Адлердің айтуынша кенже балаға өзінен үлкен бауырлары әлімжеттік көрсетіп, өздерінің үлкен екенін білдіріп қоятындықтан, ол отбасында тәуелсіздікті аңсап, толық еместік сезімін қатты бастан кешіреді.

Осыған қарамастан, өзінен үлкен бауырларын басып озуға деген мотивациясының жоғары болуы кенже баланың тағы бір артықшылығы болып табылады. Осының нәтижесінде кенже балалар ең жақсы жүзуші, музыкант, адал студент бола алады. А. Адлер үшөмі күресін жүретін кенже баланы болашақ революционерлер деп атаған.

Жоғарыда көтірілген мінездемелер тұңғыш бала мен ортаншы және кенже балаларға тән таптаурынды сипаттамалар болып табылады. Алдыңғы бөлімдерде атап көрсеткеніміздей, А. Адлер бойынша әрбір баланың өмір стилі бір-біріне ешқашан сай келе бермейді. Оның айтуынша отбасындағы әрбір баланың ұстанымы белгілі бір мәселенің болуымен (мысалы, бәрінің назарында болғандықтан, осы ұстанымды сақтап қалуды қажетсіну, кімнің өмір тәжірибесі мен білімі көп болса сонымен бәсекелес болуға тырысу және т.б.) байланысты болады.

Фикционды финализм. А. Адлер бойынша адам өмірде не істесе де көрмеңеттікке қол жеткізу үшін ұмтылатынын біз айтқан едік. Мұндай ұмтылыстардың мақсаты адам өміріндегі тұтастық пен толықтыққа, жетістікке қол жеткізу болып табылады. А. Адлер мұндай әмбебап мотивациялық үрдістер мақсатты анықтайтын субъективті ұғымызатын ұмтылыстар түріндегі нақты нысанды айтып отырады деп өсентейді. Бұл пікірді бағалау үшін адамның мінез-құлқы болашаққа қатысты белгіленетін мақсаттарға бағынады дейтін идеядан туындаған А. Адлердің фикционды финализм тұжырымдамасын қарастыру қажет.

А. Адлер Э. Фрейдпен арақатынасын үзгеннен соң, оған атақты еуропалық философ Ханс Вайингердің ықпалы зор болды. Ол өзінің «Мүмкіндіктер философиясы» атты еңбегінде шынайы өткен жағдайларға қарағанда, адамға болашаққа қатысты үміттер қатты әсер етеді деген идеяны дамытты. Х. Вайингер көптеген адамдар бүкіл өмір бойы егер ол объективті шындық болса, өздері басшылыққа алған идеяның ықпалында жүре береді деді. Оның түсінігінде адамды белгілі бір мінез-құлыққа итермелейтін тек шындық ғана емес, олардың өз пікірінде солай деп ойлағандары

болып табылады. Х. Вайнгердің кітабы А. Адлерге әсер еткені сонша, ол өз теориясына оның кейбір тұжырымдарын енгізді.

А. Адлер адамның негізгі мақсаты (адам өмірін белгілейтін және оның бағытын анықтайтын мақсаттар) шындығын практикада не дәлелдеуге, не тексеруге болмайтын жалған мақсаттардан тұрады дейтін ойды дамытты. Мысалы, кейбір адамдар өз өмірін бәріне қол жеткізуге көмектескен болмашы сәттіліктер мен шиеленіскен еңбек жөніндегі түсініктеріне негіздеп құруы мүмкін. Кейбір адамдар жанын қинап еңбек етседе, еңесіне одан ешнәрсе алмайтын болғандықтан, мұндай түсініктер А. Адлердің көзқарасы бойынша жалған болып табылады. Жалған мақсаттардың басқаша мысалына жер бетінде әділ өмір сүргені үшін құдай оларды жарылқайды деген сенімнің адамға қатты әсер ететінін жатқызуға болады. Оның бар екені жөнінде эмпирикалық және логикалық дәлелдемелер жоқ болғандықтан, құдайға, ақыретке сенудің өзі де А. Адлер бойынша жалған түсінік болып табылады. Сонымен қоса, мұндай сенімдер діни нанымдар жүйесін қабылдаған адамдар үшін шындық болып шағды. Жалған түсініктердің тағы бір мысалына, адам өміріне әсер ететін: «Адалдық деген ең жақсы саясат», «Адамдардың бәрі бірдей болып жаратылған», «Ер адам әйелдерден биік тұрады», - дейтін түсініктерді де жатқызуға болады.

А. Адлер бойынша адамның кереметтікке ұмтылуын өздері таңдап алған жалған мақсаттары басқарады. Сондай-ақ, ол жалған мақсат ретіндегі кереметтік адамның өзі қабылдаған шешімінің нәтижесі болып табылады. Мұндай мақсаттар адамның жеке шығармашылық күштерінің әсерінен қалыптасып, оны жеке-дара бірегей етеді. Олай болса, жалған мақсат ретіндегі кереметтікке ұмтылу адам үшін үлкен мәні бар, субъективті түрдегі адамның мұраттары болып табылады. А. Адлердің айтуынша адамның жалған мақсаттары белгілі болып, одан кейінгі жасайтын әрекеттері мағынаға толы болса, онда оның «өмір тарихын» қосымша түсіндіріп алу қажет.

Жалған мақсаттар шындықта бір-біріне ұқсас бола бермейтіндіктен, олар өмірлік мәселелерді тиімді түрде шешуге көмектеседі. А. Адлер егер мұндай мақсаттар күнделікті өмірде өзінің бағдарларлау қызметін атқармайтын болса, онда оларды не қадағалап не өзгертіп отыру керек не болмаса оны тастау керек дейді. Жалған мақсаттар пайдалы болуы да мүмкін, бірақ оның мынадай жақтары бар. Мысалы, өз әріптестерімен салыстырғанда біршама жоғары кәсіби деңгейге қол жеткізгісі келетін дәрігер әйелді алып көрейік.

Бірақ бұл жерде кереметтіктің ешқандай шегі болмайды. Ол өз мамандығы бойынша жаңалықтарды үнемі оқып біліп отыруы мүмкін. Әрине ол өзінің уақытының басым көпшілігін медициналық журналдар оқумен өткізеді. Бұдан басқа да ол медициналық семинарлар мен кәсіби қауымдастықтар мәжілісіне қатысып, өз білімін тереңдетеді. Бірақ соңғы мақсат – кереметтікке ол ешқашан толық қол жеткізе алмайды. Сонымен қатар, оның ең жоғары кәсіби деңгейге қол жеткізуге деген ұмтылысы пайдалы, әрі жақсы болуы мүмкін. Өйткені мұндай талпыныстар оның өзі мен пациенттеріне көп пайда әкеледі.

Жалған мақсаттар тұлға үшін оны құртатын қауіпті де болуы ықтимал. Мысалы, егер ол шынымен ауру болса, өзін солай ұстайтын гипохондриктерді (өзінің денсаулығына қатты алаңдайтын, әлі болмаған қатерлі аурулардан қорқып жүретін адамдар) алып қарайық. Болмаған паранойяден зардап шегетін адамды алсақ, онда оны шынымен де біреу айдан жүргендей өзін ұстайтын болса не болады. Жалған мақсаттар мен түсініктердің тағы бір мысалына, басқаларына қарағанда арнайы пәсілдерді керемет деп санайтын ұлтшылдық сенімді жақтайтын деструктивті жалған нанымдарды да жатқызуға болады. Мұндай түсініктердің негізі шындық болмаса да, бұған арнайы пәсілдер ұлы пәсіл деп көптеген немістерді сендіріп әрекет етуге итермеледеген Адольф Гитлер түрткі болды.

Сонымен А. Адлер бойынша жалған мақсаттар адамның өзін-өзі жетілдіруі мен кереметтікке қол жеткізуінде маңызды рөл атқарады. Оның түсінігінде адамның өткен тәжірибелеріне қарағанда болашақ туралы субъективті үміті тұлғаға қатты әсер етеді. А. Адлер адамның қиындардан жалған өмірлік мақсаттарды саналы түрде ұғынуға бағытталғанды деп есептейді. Жалған мақсаттар өмірде шынайы түрде көзделмесе де олар адамның өзін-өзі жетілдіруі мен тұтастығын сақтап қалуына, кереметтікке ұмтылуына ықпал етеді.

3.3 К.Г. Юнгтың тұлға жөніндегі аналитикалық теориясы

К. Юнгтың психоанализді қайта өңдеуі психология, философия, астрология, археология, мифология, теология және әдебиет секілді әр алуан ғылым салаларынан алынған күрделі идеялардың тұтас кешенінің пайда болуына алып келді. Күрделі, әрі құпия авторлық жазу стилін қоса алғанда, К. Юнгтың мұндай интеллектуалдық

ізденістерінің кеңдігі, оның тұлға жөніндегі психологиялық теориясын түсінудің қиындығына себеп болды.

К. Юнг жанды (К. Юнгтың теориясында бұл термин тұлға ұғымына сай келеді) бір-біріне өзара әсер ететін эго, жеке бейсаналы және ұжымдық бейсаналы құбылыстар деп аталатын үш дербес құрылымшалардан тұрады деп есептеді. К. Юнгтың түсінігінде эго сана шеңберінің орталығы және ол адамның тұтастығы мен тұрақтылығын, өзін адам ретінде қабылдауын сезіндіретін барлық түсіндірулер мен ойлардан, сезімдерден тұратын психиканың (psyche) құрамдас бөлігі болып табылады. Эго адамның өзіндік санасы негізінде қызмет етеді және оның арқасында адам өзінің қарапайым саналы түрдегі іс-әрекетінің нәтижесін көре алады.

Жеке бейсаналы құбылыстар бір кездері саналы түрде ұғынылып, соңынан ұмыт болған немесе өшіп қалған ойлар мен түсініктерден тұрады. Оған санада сақтау үшін айқындылық жетісе бермейтін сезімдік әсерлер жатады. Осы жағынан алғанда К. Юнгтың жеке бейсаналы психикалық құбылыстар жөніндегі тұжырымдамаларын өзінің мағынасы жағынан З. Фрейдтің ойларына тым ұқсас деуге болады. Бірақ К. Юнг жеке бейсаналы құбылыстар адамның бұрын пайда болған жеке тәжірибелерінен немесе туа берілетін қасиеттерінен келіп шығатын оқталған эмоциялық ойлар мен сезімдердің жиынтығынан (кешенінен) тұрады деп З. Фрейдтен де әрі тереңге барды. К. Юнгтың көзқарасы бойынша бұл кешен адамның мінез-құлқына қатты әсер ететін, оның айналасынан жинақталған, қарапайым мәліметтерден құралады. Мысалы, билік кешені бар адамдар өзінің психикалық күш-қуатының басым бөлігін сол билікпен байланысты іс-әрекеттерге жұмсауы мүмкін. Сол секілді анасының не әкесінің немесе ақшаның қатты әсерінен адал адамдардың мінез-құлқынан да алуан түрлі кешендерді көруге болады. Мұндай кешендер адамның мінез-құлқы мен дүние танымына қатты әсер етеді. К. Юнг әр адамдағы жеке бейсаналы құбылыстарды саналы түрде ұғынуға болатын, бірегей құрылым деп есептейді. Нәтижесінде мұндай кешендердің құрамдас бөліктері немесе оның тұтас кешені саналы түрде ұғынылып, олар адам өміріне шамадан тыс қатты әсер етеді.

К. Юнг тұлға құрылымының оданда басқа терең қабатының болатынын айтып, оны ол ұжымдық бейсаналы құбылыстар деп атады. Ұжымдық бейсаналы құбылыстар адамның, тіпті адамзат ұрпағының есінде ұмыт болған іздерді сақтайды. Ол адамның жалпы

бстан кешкен эмоциялық сезімдерінің нәтижесі болып табылатын, бүкіл адамзатқа ортақ ойлар мен сезімдерді бейнеленейді. Ол: ұжымдық бейсаналылық әрбір адамның ми құрылымында қайта туындайтын адамзат эволюциясының барлық рухани мұраларынан тұрады, - дейді. Олай болса, К. Юнг бойынша ұжымдық бейсаналы құбылыстардың мазмұны барлық адамға тән ортақ тұқым куылаушылық қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Біз бұл жерде З. Фрейд пен К. Юнгтың бір-бірінен қол үзуіне, оның осы айтылған ұжымдық бейсаналы құбылыстар жөніндегі тұжырымдамасының себебі болғанын айта кеткіміз келеді.

К. Юнг бойынша ұжымдық бейсаналы құбылыстар архетиптер (грек тілінен аударғанда archetipos – алғашқы бейне) деп аталатын өте күшті алғашқы психикалық бейнелерден тұрады. Архетипке белгілі бір оқиғаларға адамның жауап реакцияларын қайтаруы мен ол туралы ұайымдауына, қабылдауына адамды ишеттендіретін туа берілетін идеялары мен ойлары жатады. Шын мәніне келгенде, архетиптер ойлар мен бейнелердің өзі емес, олар қандай да бір оқиғалар мен объектілерге адамның жауап қайтаруында көрінетін әрекеттер мен ойлардың амбебан үлгілерін мінез-құлықта жүзеге асыруына ықпал ететін ишеттендіруші факторлар болып табылады. Бұл жердегі туа берілетін қасиеттерге адамның қандай да бір жағдайға эмоциялық, инстинктивті, мінез-құлықтық деңгейдегі жауап реакциялары жатады. Мысалы, баланың ата-анасымен не ұнататын адамымен немесе таныс емес адамдармен күтпеген жерден қақтығысып қалуын осыған жатқызуға болады. К. Юнг келтірген көптеген архетиптердің қатарына ана мен бала, батырлар, даналар, Күн тәңірі, Құдай және оқим жатады.

К. Юнг әрбір архетип белгілі бір объектілер мен жағдайларға қатысты болған сай келетін ойлар мен сезімдердің көріністерімен байланысты болады деп шамалады. Мысалы, баланың өз анасын қабылдауында тәуелділік пен жемістілік, тәрбие секілді анаға тән архетиптерді елестететін бейсаналы өрнектелген бейнелер туындайды. Сондай-ақ, К. Юнг архетиптік бейнелер әдебиет пен дінде, кескіндеме өнерінде қолданылатын символдар түрінде, мәдениетте, адамның түс көру әрекетінде көрініс табады деп ойлады. Осыресе ол әртүрлі мәдениетке тән символдардың ұқсас болуы, олардың бүкіл адамзатқа тән ортақ архетиптерден келіп шығуынан деп есептеді. Мысалы, ол «Меннің» тұтастығы мен бірлігін символдық түрде көрсету болып табылатын мандалдардың

(дөңгелектердің) бейнесін көптеген мәдениеттерден кездестірген. К. Юнг архетиптік символдарды түсіну пациенттердің түсінде көргендерін талдауға көмектеседі деп есептеген.

Адамда ұжымдық бейсаналы архетиптердің саны шексіз болуы мүмкін. Бірақ К. Юнг солардың ішінен персона, көлеңке, анима, анимус, өзіндік секілді архетиптерге көбірек көңіл бөлді. Персона сөзін латын тілінен аударғанда «persona» - «бет перде» деген мағынаны білдіреді және бұл ұғым адамның бет бейнесін, яғни оның басқа адамдармен қатынастарда* өзін қалай көрсететіндігін сипаттайды. Персона түсінігі әлеуметтік талаптарды орындауға байланысты адамның жеңіліп қалуынан көрінетін, оның атқаратын көптеген рөлдеріне қатысты айтылады. К. Юнгтың түсінігінде персона адамның басқа адамдарға ерекше әсер қалдыруы не өзінің шынайы болмысын басқалардан жасырып қалуы үшін қызмет етеді. Архетип ретінде персона адамға күнделікті өмірде басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау үшін қажет болады. Дегенмен К. Юнг егер бұл архетип адамда үлкен мәнге ие болып кететін болса, онда адамның шынайы эмоциялық тәжірибеден бойын аулақ ұстайтын және бір ғана рөлге шамасы жететін, бәріне үстірт қарайтын, таяз болуы мүмкін екенін алдын-ала ескертеді.

Адамның қоршаған ортаға бейімделуін қамтасыз ететін персона рөліне қарама-қарсы рөлді сипаттайтын, тұлғаның хайуандық жағы мен жағымсыз қасиеттерін білдіретін архетип, оның көлеңкесі болып табылады. Көлеңке адамның әлеуметтік орта үшін қолайсыз қылықтарын, оның сексуалдық құштарлықтары мен агрессивтік ұмтылыстарын, моралға қарсы ойлары мен сезімдерін құрайды. Бірақ көлеңкенің де жағымды қасиеттері болады. К. Юнг көлеңкені адам өміріндегі шығармашылық пен тапқырлықтың бастамасы, өмірлік күштердің дереккөзі ретінде қарастырады. К. Юнг бойынша эго-ның қызметі адамның басқалармен үйлесімді өмір сүруі үшін, оның жағымсыз қылықтарын нокталап, өз ойын ашық айтатын, шығармашылық пен салауатты өмір салтынан лаззат алатындай дәрежеде көлеңкенің барлық күш-қуатын қажетті жаққа бағыттауы болып табылады.

К. Юнг анима мен анимус архетиптерін адамның туа берілетін андрогиндік (лат. andrus – ерлер, gynes – әйелдер) табиғатымен түсіндіреді. Анима ерлердегі әйел адамның ішкі бейнесін, оның бейсаналы әйелге тән жақтарын білдірсе, анимус әйелдердегі ер адамның ішкі бейнесін, оның бейсаналы ерлерге тән қасиеттерін

сипаттайды. Бұл архетиптер ерлер мен әйел адамдардың ағзасындағы ерлер мен әйелдерге тән гормондардан өндіріліп алынатын, биологиялық қасиеттерге негізделеді. К. Юнг мұндай архетиптерді қарама-қарсы жыныс өкілдерімен өзара әрекеттестікке түсу тәжірибесінің нәтижесі ретінде бейсаналы құбылыстарда бекіп қалыптасқан туа берілетін қасиеттер деп түсінеді. Оның айтуынша көптеген ер адамдар бір әйелмен ұзақ уақыт бірлесіп өмір сүргендіктен, олардың бойында әйелге тән қасиеттер де болады, ал әйелдер керісінше осындай бірлескен өмірлік іс-әрекеттің салдарынан ерлерге тән қасиеттерді меңгереді. К. Юнг өзін-өзі жетілдіру бағытындағы тұлғаның дамуы тежеліп қалмас үшін анима мен анимус басқа да архетиптер секілді ортақ теңгерімді бұзбай, үйлесімде болуы тиіс деп есептейді. Басқаша айтқанда ерлер өзінің ер адамына тән қасиеттерімен қатар, әйелге тән сапаларын, ал әйелдер өзінің әйелге тән қасиеттерімен қатар, ерлерге тән сапаларын көрсетіп отыруы тиіс. Бұлай болмаған жағдайда тұлға бір жақты жетіліп, бір жақты қызмет ететін болады,- дейді ол.

Өзіндік (кейбір психологиялық еңбектерде мұны өздік деп аударып жүрі ұғымы К. Юнг теориясындағы ең маңызды архетиптердің бірі. Өзіндік, оның төңірегінде басқа барлық элементтер ұйымдасып бірігетін тұлғаның негізгі өзегі болып табылады. Жаннан барлық жақтары ықпалдасып болғанда, адам өзін үйлесімді бірлікте, тұтастықта сезінеді. К.Юнг адамдағы өзіндіктің дамуы, оның өмірінің басты мақсаты деп санайды. Адамдағы өзіндіктің негізгі символы мандалдар (абстрактілі түрде алынған дөңгелек, қасиетті нұр) болып табылады. К. Юнг бойынша «Меннің» тұтастығы мен бірлігін символдық түрде бейнелейтін мандал тәрізді фигуралары адамның түс қору әрекетінен, қиялынан, аңыздардан, аңғарлар мен дін тәжірибелерден тауып алуға болады. К. Юнг дін адамның тұтастық пен толықтыққа ұмтылуына әсер ететін ұлы күш деп есептейді. Жанның барлық бөліктерінің үйлесімді келуі күрделі процесс болып табылады. Тұлға құрылымының шынайы тепе-теңдігіне қол жеткізу мүмкін емес дей отырып, ол оған кем дегенде орта жастарда ғана қол жеткізуге болады деп санады. К. Юнг бойынша санала және бейсаналы құбылыстар мен жанның барлық жақтары ықпалдасып, үйлесім таппайынша өзіндік архетиптер жүзеге келмейді. Сондықтан кемелденген «Мен» адамнан тұрақтылық пен табандылықты, интеллектті мен үлкен өмірлік тәжірибені талап етеді.

К. Юнгтың психология ғылымына қосқан ең үлкен үлесі, оның экстраверсия және интроверсия деп аталатын екі бағыттылықты сипаттауы болды. К. Юнгтың теориясы бойынша мұндай бағыттылықтың екеуі де бір адамның бойынан табылуы мүмкін. Бірақ олардың бірі екіншісінен қашанда басым болады. Экстраверттік бағыттылықта адам қоршаған ортаға, басқалар мен заттарға көбірек назар аударады. Экстраверттердің қозғалымпаздығы, сөзшеңдігі мен тез тіл табысқыштығы, сыртқы себептерге жүгінуі адам үшін қозғаушы күштер болып табылады. Ал интроверттер керісінше өз ойы мен сезімдерінің, жеке тәжірибелерінің ішкі дүниесіне бас қатырады. Ондай адамдар бір нәрсеге сырттай қарап, ұстамды келеді, оқшаулануға, объектіден бойын аулақ ұстауға бейім болып, олардың бар қызығушылығы тек өзіне ғана бағытталады. К. Юнг бойынша адам бойындағы экстраверттік және интроверттік қасиеттер бір-бірінен бөлек өмір сүрмейді, олардың екеуі де бір адамның бойынан табылып, бір-біріне қарама-қарсы бағытта қызмет етеді. Егер олардың бірі жетекші болып, ақылға қонымды шешім қабылдаса, екіншісі қосалқы қызмет атқарады. Эго-бағдарлардың жетекші және қосалқы бағыттарының қиысуы нәтижесінде олардың қайсысы мінез-құлықты анықтап, басымырақ болып тұрса, онда ол сондай тұлға болып табылады.

К. Юнг өзінің осы айтылған экстраверсия және интроверсия жөніндегі тұжырымдамасын қалыптастырғаннан соң, осы екі қарама-қарсы бағдарлардың бұл жұптары адамның қоршаған дүниеге деген қатынасының ерекшеліктерін толық түсіндіруі мүмкін емес деген қорытындыға келеді. Сондықтан ол өз типологиясының ауқымын кеңейтіп, оған психологиялық қызметтер (функциялар) дейтін түсінікті қосты. К. Юнг негізгі төрт қызметті бөліп шығарып, оған ойлау, түйсіну, сезім мен ішкі сезімді (интуицияны) жатқызды.

Ойлау мен сезім өмір тәжірибесі туралы пікір қалыптастыруға мүмкіндік беретіндіктен, К. Юнг оларды рационалды қызметтер қатарына жатқызады. Сондықтан ойлампаз типтер К. Юнг бойынша логикалық қисындар мен дәлелдерге сүйеніп қандай да бір заттың құндылығын бағалай алады. Ол ойлауға қарама-қарсы қызмет атқаратын сезімді адамға жағымды не жағымсыз эмоциялардың шынайылығы туралы хабар әкелетін психикалық қызмет деп түсінді. К. Юнг бойынша сезімтал типтегі адамдар өзінің бар назарын өмірлік тәжірибелердің эмоционалды жақтарына аударып, заттардың құндылығын «жақсы не жаман», жағымды не жағымсыз», «бір

нәрсеге итермелейтін не итермелемейтін» санаттағы заттар деп бағалайды. Сонымен қоса К. Юнг адамда ойлау жетекші қызмет атқаратын болса, онда ондай адамдар бағаланатын тәжірибенің шынайы не жалған екендігін анықтау мақсатында ақылға қонымды пікір қалыптастыруға бағдарланады деп есептейді. Ал адамда сезім жетекші қызмет атқаратын болса, онда ондай адамдар бағаланатын заттар мен оқиғалар жағымды не жағымсыз болып шыға ма, жоқ па деген пікір қалыптастыруға бағдарланады.

Бір-біріне қарама-қарсы бағытталған қызметтердің екінші жұбына жататын түйсіну (сезу) мен ішкі сезімдерді (интуицияларды) К. Юнг иррационалды немесе бейрационалды қызметтер деп атады. Себебі, олар заттардың мәнін түсіндірмей бағалап, болған оқиғалар мен жағдайларға еңжар жауап береді, олады тек сыртқы (түйсінулер арқылы) және ішкі (ішкі сезім арқылы) дүниесімен ғана қабылдайды. К. Юнгтың түсінігінде түйсіну сыртқы дүниені бағаламай тікелей ғана қабылдайтын процесс болып табылады. Сондықтан түйсінгіш типтегі адамдар дәм сезуге, иістер мен басқа да қоршаған дүниеден берілетін тітіркендіргіндерге келгенде өте қырағы келеді. Керісінше, адамның ішкі сезімі (интуициясы) болған оқиғаларды санасыз түрде қабылдауымен сипатталады. Ішкі сезімі (интуициясы) басым адамдар К. Юнг бойынша өмірде кездесетін оқиғаларды болжамды түрде қабылдауға байым келеді. К. Юнг түйсінуі жетекші қызмет атқаратын адамдар болған оқиғаларды суретке түсіріп алғандай дәлме-дәл қабылдап, оның шынайылығына мән береді деп сендіреді. Ал адамда ішкі сезім (интуиция) жетекші қызмет атқаратын болса, онда ондай адамдар К. Юнг бойынша болған жағдайға саналы түрде ұғынатын бейнелер мен символдар арқылы жауап береді.

Оның айтуынша әрбір адам осы айтылған төрт қызметтерге сай бөлінеді. Бірақ адамда бір ғана тұлғалық бағдар - экстраверсия немесе интроверсия саналы түрде басымдық қызмет атқарады. Сол секілді адамда рационалды немесе бейрационалды қызметтердің біреуі ғана саналы түрде ұғынылып, басым болады. Ал қалған қызметтер адамның мінез-құлқын реттеуде бейсаналы түрде кездесіп, қосалқы қызмет атқарады. К. Юнгтың айтуынша адамда кез келген қызмет жетекші рөл атқаруы мүмкін. Соған сәйкес ойлампаз, сезімтал, түйсінгіш, ішкі сезіміне сүйеніп әрекет ететін адам типтерін анықтап байқауға болады. К. Юнгтың теориясы бойынша тұрмыс жағдайына қарай бәрін ықпалдастырып, осы айтылған қарама-қарсы

қызметтердің барлық түрін меңгеріп пайдаланатын тұлғалар да кездеседі.

Екі эго-бағдарлар мен төрт психологиялық қызметтер бір-бірімен өзара әрекеттестікке түсе отырып, тұлғаның алуан түрлі сегіз типін құрайды. Мысалы, экстравертті ойлампаз типтер қоршаған дүниенің практикалық мәні бар ақиқатының объективті жақтарына көп назар аударады. Олар әдетте бекітілген ережеге сай өмір сүретін суық адамдардың кейпіндей әсер қалдырады. Ал интровертті ішкі сезіммен әрекет ететін адамдар типіне жатағындар керісінше өзінің ішкі дүниесінің шынайылығына көбірек көңіл бөледі.

Тұлғаның мінез-құлқыл үлгісін қалыптастыруда шешуші кезең деп балалық шаққа ерекше мән берген К. Юнгтың З. Фрейдтен айырмашылығы сол, ол тұлғаның дамуын бүкіл өмір бойы дамитын динамикалық процесс ретінде қарастырды. Тіпті ол балалық шақтағы элеуметтену процесі туралы да ештеңе айтпады, адамның мінез-құлқын анықтайтын, оның тек бастан кешкен оқиғалары (әсіресе сексуалдық қақтығыстары) деп түсінген З. Фрейдтің көзқарасымен де бөліспеді. К. Юнгтың көзқарасы бойынша адам үнемі жаңа ептіліктерді ойлап тауып, жаңа мақсаттарға қол жеткізеді және осылайша ол өзін толық жүзеге асырады. Ол тұлғаның әртүрлі құрамдас бөліктерін бірлікке ұмтылдыратын «өзіндікті тауып алу» секілді адамның өмірлік мақсатына көп көңіл бөлді. Оның ықпалдастық пен үйлесімділікке, тұтастыққа ұмтылу жөніндегі идеялары соңынан тұлғаның экзистенциалистік және гуманистік теорияларында қайтalandы.

К. Юнг адамның ең соңғы өмірлік мақсатын - «Менді» толық жүзеге асыру, яғни бірыңғай, қайталанбайтын, тұтас индивид болып қалыптасу деп түсінді. Осы бағыттағы әрбір адамның дамуы ерекше болады. Ол адамда бүкіл өмір бойына созылатын және индивидуация (жеке болу) деп аталатын процестен тұрады. Қарапайым тілмен түсіндіргенде индивидуация бұл көптеген қарама-қарсы бағытта әрекет ететін тұлғаның ішкі күштері мен үрдістерін ықпалдастыратын динамикалық, эволюциялық жолмен бірте-бірте дамитын процесс болып табылады. Басқаша айтқанда индивидуация тұлғаның барлық элементтерін ашып көрсетіп, толық дамуын қамтамасыз ететін, адамның өзінің ерекше психикалық шындығын саналы түрде жүзеге асыруы. Осы жағынан алғанда өзіндік архетипі бірыңғай басты тұтастығы ретінде тұлғаның ең басты орталығына айналатын, көптеген қарама-қарсы сапаларды теңестіреді. Осының арқасында

тұлға дамуының жалғасуына қажетті күш-қуаттар босанып шығады. Индивидуацияның жүзеге асуы қол жетімді құбылыс емес, сондықтан оны К. Юнг адамның өзін-өзі жүзеге асыруы деп атады. Ол тұлға дамуының ең соңғы сатысы, оған қол жеткізуге уақыты бар, қабілетті және жоғары білімді адамдар ғана жете алады деп есептеді. Сондықтан адамның өзін-өзі жүзеге асыруына кедергі болатын мұндай нөкстеулер оған көптеген адамдардың қол жеткізуіне тосқауыл болады.

Сонымен, З. Фрейдтің психоаналитикалық теориясынан бойын аулақ ұстаған К. Юнгтың тұлғаның құрылымы мен мазмұны жөніндегі идеялары біздің көзқарасымыз бен түсінігімізді кеңейтіп, барынша тереңдетіп түсті. Дегенмен оның ұжымдық бейсаналы құбылыстар мен архетиптер жөніндегі тұжырымдамасы түсінуге күрделі, әрі эмпирикалық түрде тексеруге келмейтін абстрактілі ұғымдар болса да К. Юнгтың айтқан идеялары көптеген психологтардың назарын өзіне аударды. Оның бейсаналы құбылыстар туралы түсінігі даналықтың бай да, өмірлік мәні дереккөздер ретінде қазіргі кездегі кәсіби психологтар мен студенттер арасында К. Юнгтың теориясына деген қызығушылықтың және толқынын өкелді. Сонымен қоса К. Юнг тұлға дамуын арастарға отырып, рухани құндылықтар мен дінге, тіпті мистикалық тәжірибелерге де жағымды үлес қосуға болатынын алғаш рет түсініп, мойындағандардың бірі болды. Мұның өзі оның тұлға психологиясын арастарында гуманистік бағытты қатты ұстанғандығының тағы бір дәлелі болса керек. Л. Хьелл, Д. Зиглер секілді психологтар соңғы жылдарда Құрама Штаттың зиялы қауымы арасында, оның көптеген теориялық қағидаларымен келіскендіктен аналитикалық психологияның танымалдылығының арта түскенін айтады. Теология, философия, тарих және көптеген ғылым салаларының өкілдері, оның еңбектеріндегі ұтымды ойлар мен идеяларға қарап оны К. Юнгтың шығармашылық тапқырлығы деп есептейді. Бұл оның тынымсыз еңбегі мен шығармашылық ізденісіне берілген жоғары баға мен құрметтің белгісі болса керек.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Психологиядағы психодинамикалық бағыт туралы не айтар едіңіз?

2. З. Фрейд тұлғаның психологиялық құрылымын қалай қарастырды?

3. Жыныстық құмарлықтар мен агрессия адамның мінез-құлқын басқаратын екі негізгі мотивтер дейтін З. Фрейдтің көзқарасымен келісер ме едіңіз?

4. Тұлға құрылымындағы «ол», «мен» және «жоғарғы мен» құрылымшаларының арасындағы қақтығыстарды қалайша сипаттауға болады?

5. З. Фрейд бойынша тұлғаның психосексуалды даму кезеңдерін сипаттап бере аласыз ба?

6. З. Фрейд бойынша тұлғаның психологиялық құрылымында қандай қорғаныс механизмдері бар?

7. З. Фрейд тұлғаның қандай типтерін бөліп шығарды?

8. А. Адлердің индивидуалды психологиясы жөнінде не білесіз?

9. А. Адлер адамдағы жетіспеушілік кешені және оның орнын толықтыру туралы идеяны ұсынғанда ол не айтқысы келді?

10. А. Адлер бойынша кереметтікке ұмтылу дегеніміз не?

11. А. Адлер тұлғаның қандай типтерін бөліп шығарды?

12. А. Адлер бойынша баланың туылу тәртібін сипаттап бере аласыз ба?

13. А. Адлердің индивидуалды психологиясындағы «жалған мақсат» ұғымын қалай түсінесіз?

14. А. Адлердің З. Фрейдтің көзқарасынан айырмашылығы қандай?

15. К. Юнгтың аналитикалық психологиясын түсіндіріп бере аласыз ба?

16. К. Юнг бойынша тұлғаның психологиялық құрылымын қалай сипаттауға болады?

17. К. Юнгтың тұлға теориясындағы жеке және ұжымдық бейсаналы құбылыстардың арасында қандай айырмашылықтар бар?

18. К. Юнгтың архетиптер жөніндегі тұжырымдамасын сипаттап бере аласыз ба?

19. К. Юнг өз теориясында тұлғаның қандай типтерін бөліп шығарды?

20. К. Юнг бойынша тұлғаның дамуы қалайша сипатталады?

Өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар

1. Психологиядағы «психодинамикалық бағытты» түсіндіру үшін осы тақырыпқа эссе жазындар.

2. Тұлға құрылымын психоаналитикалық теория тұрғысынан түсіндіру үшін З. Фрейдтің «Мен» және «Ол» кітабына қысқаша конспект дайындаңдар.

3. Тұлғаның қорғаныс механизмдерінің қызметін ашып көрсету үшін осы тақырыпқа баяндамалар дайындаңдар.

4. Вейсманалықты зерттеудегі психоаналитикалық терапияны практикалық қолданудың маңыздылығын ашып көрсету үшін осы тақырыпқа рефераттар жазындар.

5. Тұлғаның психикалық дамуын түсіндіру үшін З. Фрейд пен Э. Эриксонның тұлға жөніндегі тұжырымдамаларына салыстырмалы талдаулар жасаңдар.

6. Адам табиғатын түсіндіруге қатысты З. Фрейд пен К. Юнгтің негізгі қағидаларын салыстыру мақсатында «Фрейдизм және неофрейдизм» тақырыбына баяндама жазындар.

7. Тұлғаның тұтастығын ашып көрсету үшін А. Адлердің «Мүшелердің толық еместігін зерттеу және оны психикалық толықтыру» атты еңбегіне қысқаша конспектілер дайындаңдар.

4 Психологиядағы тұлға мәселесі

Психологиядағы тұлға мәселелері жөніндегі тұжырымдамалардың басым көпшілігі жүйелі-құрылымдық бағытты негізге ала отырып, тұлғаның құрылымын сипаттайтын әртүрлі психологиялық түсініктер мен ұғымдарды бөліп шығарады. Мысалы, Д.Н. Узнадзе бастаған грузин психология мектебінің өкілдері А.С. Прангишвилидің, В.Г. Норакидзенің және т.б. тұлға жөніндегі тұжырымдамаларында тұлғаның құрылымын сипаттайтын бейім-бағдар (установка) мәселесі қарастырылса, ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) психология мектебінің өкілдері А.Ф. Лазурскийдің, В.Н. Мясичевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамаларында, оның құрылымын сипаттайтын қатынас мәселесі қарастырылды. Сонымен қоса отандық психологиядағы тұлға жөніндегі тұжырымдамалардың қалыптасуына Л.С. Выготскийдің, С.Л. Рубинштейннің, А.Н. Леонтьевтің, А.Г. Ковалевтің, Б.Г. Ананьевтің, Л.И. Божовичтің, В.С. Мерлиннің мектептері ерекше үлес қосқандығын айта кеткен орынды. Сондай-ақ тұлғаның диспозициялық құрылымын бөліп шығарған В.А. Ядовтың элеуметтік-психологиялық тұжырымдамасы мен С.М. Жақыповтың тұлғаның қалыптасуы жайындағы тұжырымдамалары тұлғаның құрылымын тағы бір қырынан түсінуге көмектесетіні сөзсіз.

Біз көріп отырғанымыздай, психологиядағы тұлға мәселесі, оны әр қырынан түсінуді талап ететін күрделі мәселелердің бірі. Сондықтан, психологиядағы осы айтылған авторлардың тұлға жөніндегі тұжырымдамаларын білмейінше бұл ұғымды тереңірек түсіну мен оны әр қырынан ашып көрсету мүмкін емес. Мұның өзі бұл авторлардың тұлға туралы түсініктеріне жеке-жеке тоқталып, сипаттама беруді талап етеді. Енді осы авторлардың тұлға жөніндегі тұжырымдамаларына тоқталайық.

4.1 А.Ф. Лазурскийдің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы

А.Ф. Лазурскийдің тұлға жөніндегі тұжырымдамасының мәні, мұнда ол ең алғаш рет тұлғаның негізі болып табылатын, оның қатынасы туралы қағиданы ұсынды. Мұның тағы да бір ерекшелігі тұлғаның қатынасы жөніндегі ойлар көптеген отандық психологтармен, соның ішінде Санкт-Петербург (ескіше Ленинград)

психология мектебінің өкілдері үшін А.Ф. Лазурскийдің осы тұжырымдамасынан басталды.

А.Ф. Лазурскийдің тұлғаның табиғаты мен құрылымы жөніндегі көзқарасы бір кездері ол В.М. Бехтеревтің жетекшілігімен Психоневрологиялық институтта жұмыс істегенде, оның тікелей идеяларының әсерінен қалыптасты. В.М. Бехтеревтің пікірінше, «тұлға, оның бірі органикалық, ал екіншісі әлеуметтік шеңберлермен тығыз байланысты болып келетін, бір-бірімен ажырамас байланыстағы екі іздердің жиынтығынан тұрады». Олардың арасындағы өзара әрекеттестіктің сипатын қарастыра келіп, В.М. Бехтерев «органикалық әсерлер әлеуметтік қатынастардың өткен тәжірибелерімен әлеуметтік әсерлердің қысымына ұшырағанда, әлеуметтік шеңберлер органикалық алғышарттардың салдарынан дами отырып, өмірдің әлеуметтік жағдайларына қарай, оны шегіне дейін кеңейте түсетіндігін» айтқан еді.

Сондай-ақ В.М. Бехтерев тұлғаның тұтастай құрылымында «қоғамдық өмірден туындап, қандай да бір органикалық реакцияларды жандандыратын және жалпы барлық іздерді, психорефлекстерді қоздырушы, біріктіруші негізгі түйін болып табылатын» әлеуметтік шеңбердің маңызды рөлін өз жұмыстарында әрекше атап көрсетті. В.М. Бехтеревтің бұл идеяларымен А.Ф. Лазурскийдің тұжырымдамаларын салыстырсақ, онда оның осы соңғы идеясы А.Ф. Лазурский үшін тұлға тұжырымдамасының өзінен алынған теориялық эмпирикалық негіз болатын тұжырымдамалық қағидаға айналғанын оңай аңғарамыз.

А.Ф. Лазурскийдің пікірінше тұлғаның негізгі міндеті – бұл аса кеңірек мағынада ұғынылатын қоршаған ортаға (табиғатқа, заттарға, адамдардың өзара қатынасына, идеяларға, құндылықтарға және т.б.) бейімделуі болып табылады. Тұлғаның ортаға бейімделу белсенділігінің дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ, ол негізінен үш түрлі психикалық деңгейлерде көрінеді. Атап айтқанда, тұлғаның ортаға бейімделуі психика дамуының төменгі, орта және жоғарғы деңгейлерінен байқалады. Шындығына келгенде, бұл деңгейлер адамның психикалық даму процесінде бейнеленеді.

А.Ф.Лазурскийдің түсінігінде тұлға екі түрлі психологиялық механизмдердің бірлігінен тұрады. Бір жағынан ол адам психикасының ішкі механизмі болып табылатын - эндопсихикадан, ал екінші жағынан тұлғаның сыртқы қоршаған ортаға, объектіге қатынасының мазмұнымен анықталатын, оның тұлғасының маңызды

жақтарын құрайтын - экзопсихикадан тұрады. Эндопсихика адамның зейін, ес, ойлау және қиялы секілді негізгі психикалық қызметтерде, сондай-ақ оның ерік-жігер қабілетінде, эмоционалдылығында, қарқындылығында, темпераментінде, ақыл-ой қабілеттерінде, мінезінде кездеседі.

А.Ф. Лазурскийдің айтуынша адамның эндобігістері туа беріледі. Дегенмен ол мұның бәрін туа беріледі деп есептемейді. Бірақ, оның пікірінше эндопсихика адам тұлғасының өзегі, ең басты негізі болып табылады. Ал экзопсихикалық көріністер қашан да адамға сыртқы қоршаған ортаның жағдайын бейнелейді. Тұлғаның осы айтылған екі бөлігі бір-біріне әсер ете отырып өзара тығыз байланыста болады. Мысалы, шығармашылық іс-әрекеттерге қабілеттілік пен алғышарт жасайтын қиялдың дамуы, оның аса сезімталдығы мен қозғыштығы, мұның бәрі де кішкене балаға өнермен айналысудың қажет екендігін білдіреді. Мұнда айтылған бітістер бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, олардың бірінің айтарлықтай дамуы қалғандарының дамуына да әсер етеді.

А.Ф. Лазурский бойынша тұлғаның қоршаған ортаға бейімделуі әртүрлі деңгейде болатындығын біз жоғарыда айтқан едік. Осыған байланысты ол психика дамуының үш түрлі деңгейлерін бөліп шығарады. Бұл деңгейлерге сипаттама бермей тұрып, алдымен біз психикалық деңгейлерді жоғарылатуды сипаттайтын А.Ф. Лазурский бөліп шығарған негізгі белгілер туралы бірер сөз айта кетейік. Сонымен А.Ф. Лазурский бойынша психикалық деңгейлердің жоғарылауы үшін мынадай белгілердің болуы шарт.

1. Психикалық өмірдің жалпы санын білдіретін және тұлғаның сыртқы жағынан көрінетін, оның рухани байлығы болуы шарт, яғни жеке психикалық көріністердің күрделілігі, көптігі мен алуан түрлілігі (немесе керісінше қарапайымдылығы, кедейлігі мен бір түрлілігі) болу керек.

2. Жеке психикалық көріністер қарқынды, айқын және күшті болуы шарт. Олар неғұрлым күштірек болған сайын, психикалық деңгейлердің жоғарылауының мүмкіндігі де соғұрлым басым болады.

3. Психикалық көріністер идеялы және саналы болуы керек. Адамның рухани ұйымдасуы неғұрлым жоғары болған сайын, ол соғұрлым бай және қарқынды рухани өмірде өмір сүреді. Соның нәтижесінде адам өнегелі, әлеуметтік және т.б. принциптердің жүйесін өндіреді.

4. Адамның жеке басының жиынтығын құрайтын психикалық элементтердің үйлесімділігі болуы керек. Осы айтылған элементтер жиынтығы мен үйлесімділікке деген адамның бейімділігі неғұрлым жоғары болса, оның психикалық дамуының деңгейі де соғұрлым жоғары болады.

А.Ф. Лазурский психиканың даму деңгейлеріне сай тұлғаның ортаға бейімделуін былайша сипаттайды.

Психика дамуының ең төменгі деңгейі адам психикасына сыртқы ортаның қатты әсер ететінін сипаттайды. Орта мұндай адамды, оның андоерекшеліктерін есепке алмастан ол өзіне бағындырып алады. Ол менгерген кәсіби дағдылар мен адамның мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылық осыдан туындайды. Сондықтан, мұндай тұлғалар тіпті өзінің аз да болса мінез-құлқының тәуелсіздігі мен дербестігін көрсетуге келгенде қабілетсіз келеді. Психика дамуының орташа деңгейі адамның ортаға бейімделуі мен одан өз орнын тауып алуына деген мүмкіндігінің мол екенін білдіреді. Бірашама саналырақ, жұмысқа үлкен қабілеті бар, ынталы адамдар өздерінің икемділіктері мен нишандарына сай келетін жұмыстарды таңдайды. Оларды бейімделе алатын адамдар деп айтуға болады. Психикалық дамудың жоғарғы деңгейінде бейімделу барысы күрделенеді, айтарлықтай шиеленіс, рухани өмірдің қарқындылығы адамды ортаға бейімделуге мәжбүрлеп қана қоймай, өзінің қажеттіліктері мен құштарлығына қарай олардың түрін өзгертуге, оны қайта жасауға ниет туғызады. Басқаша айтқанда, біз бұл жерден адамдағы шығармашылық ағымды көздерімізге аламыз. Олай болса, психологиядағы тұлға түсінігінің мәні А.Ф. Лазурский айтқандай психика дамуының әртүрлі деңгейлерінде көрінетін адамның қоршаған ортаға бейімделуімен анықталады.

Сонымен, А.Ф. Лазурский бойынша психика дамуының төменгі деңгейі адамның ортаға бейімделе алмайтындығын немесе нашар бейімделетіндігін, ал орташа деңгейі адамның бейімделе алатындығын, ал жоғарғы деңгейі адамның бейімделгіштігін білдіреді.

Бір жағынан адамның қандай да бір психикалық даму деңгейіне жататындығын, ал екінші жағынан әр бір деңгей ішіндегі тұлғаның мазмұнды психологиялық сипаттамасын негізге ала отырып, тұлғаның осы екі сипатының өзара әрекеттестігін байланыстыру А.Ф. Лазурскийге эмперикалық зерттеулердің негізі етіп қойылған тұлғаның нақты типологиясын құруға және оларды төмендегідей етіп бөліп шығаруға мүмкіндік берген.

Психикалық дамудың төменгі деңгейін типтерге бөлу психофизиологиялық функциялардың басым көпшілігін (эндопсихикалық кешендер ішіндегі типологияны) бөліп шығарудың негізінде алынды. Ол осы деңгейді ақыл-парасатты, аффективті және белсенді деп екіге бөледі. А.Ф. Лазурский ақыл-парасатты, аффективтіге – «қозғалымпаз», «сезімтал», «арманшыл» типтерді жатқызды, ал белсендіге – «жігерлі», «көндіккен-іскер және бірбеткей» типтерді жатқызды.

Психикалық дамудың төменгі деңгейін типтерге бөлу эндо- және экзопсихикаға сәйкес келетін психоэлеуметтік кешендер бойынша жүрді. Сонымен қоса А.Ф. Лазурский орташа деңгейдің барлық таза типтерін ондағы шындыққа негізделген-практикалық (практикалық-реалистік) немесе дерексіз-идеалистік үрдістердің басымдығына қарай екі үлкен топқа, практикасы жоқ (тәжірибесіз), шыншыл-теоретиктер және практикасы бар шыншылдар деп бөлді. Практикасы жоқ, шыншыл-теоретиктерге – ғалымдарды, суретшілерді, діни пайымдаушыларды жатқызды, ал практикасы бар шыншылдарға – адамсүйгіштерді (альтруистерді), қоғамшылдарды, өктемшілдерді, шаруақорларды жатқызды.

Психикалық дамудың жоғарғы деңгейінде адамның рухани байлығы, саналылығы, жан дүниесімен әсерленуінің үйлесімділігі арқасында экзопсихика дамудың ең жоғарғы сатысына жетеді де эндопсихика оның табиғи негізін құрайды. Сондықтан, экзопсихикалық санаттарға бөлу дәлірек айтқанда, жалпы адамзатқа тән маңызды идеялар мен олардың алуан түрлерінің сипаттамалары бойынша жүреді. А.Ф. Лазурскийдің айтуына қарағанда, олардың арасындағы ең маңыздысы альтруизм, білім, сұлулық, дін, қоғам, сыртқы іс-әрекеттер, жүйелер, өктемдік болып табылады.

4.2 В.Н. Мясищевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы

В.Н. Мясищевтің тұлға туралы көзқарастарын талдай отырып, тұлға мәселелерінің теориялық мәнін түсіну үшін кем дегенде екі маңызды жағдайды атап көрсетуге болады. Оның бірі, тұлғаның құрылымы жайлы мәселелерді кімдер ашық түрде қоя білсе, соның бірі В.Н. Мясищев болды. «Адамның құрылымдық сипаты бізге, оның әртүрлі психикалық қызметінің артықтығы немесе біршама жеткіліксіздігі, тереңдігі немесе үстірттігі, бір ізділігі немесе қарама-

қайшылығы, тұтастығы немесе ыдырауы жағынан алып сипаттап береді», - дейді В.Н. Мясичев. Шамасы өзінің жеке құрылымдары болмаса да, тұлғаның басқа да барлық психологиялық сипаттарын өзінде тұйықтайтын қатынас дейтін психологиялық шындығы бар осы негізгі жағдайлар, оның тұлғаның құрылымына деген көзқарасын анықтаған болса керек. В.Н. Мясичевтің айтуынша қатынас тұлғаның мінез-құлқының бір ізділігі мен тереңдігін, тұрақтылығын, тұтастығын қамтамасыз ететін осы қасиеттердің жиынтығы болып табылады. Осыған байланысты В.Н. Мясичев адамның бағыттылығы мен темпераментін, эмоционалдылығын тұлға құрылымының шегінен шып тастады деп оны кінәлаған К.К. Платоновтың кейбір пікірлеріне қосыла беруге болмайды. В.Н. Мясичевтің айтуынша бағыттылық «доминанциялаушы қатынасты немесе оның бір тұтастығын білдіреді». Ал эмоционалдылық болса, олда қатынастың өз құрылымының бір бөлігі болып табылады. Темпераментке қатысты айтар болсақ, онда өз табиғатында бұл құрылымды енгізу, оның негізі тұлғаның өзі болатын функционалды құрылымдардың элементі болып табылады. Сондықтан, К.К. Платоновтың бұған қатысты дау айтуы қисынсыз.

Екінші жағынан, бұл А.Ф. Лазурскийден келе жатқан қатынас жөніндегі мәселені тереңдету мен дамыту болып табылады. Тұлғаның қатынасы туралы оның ойларын дамыта отырып, В.Н. Мясичев негізгі элементі «қатынас» ұғымы болып табылатын өзінің тұлға жөніндегі тұжырымдамасын салды. В.Н. Мясичев тұлғаның қатынасын тұлғаның тәжірибелеріне негізделген шындықтың алуан түрлі жақтарымен белсенді, біртұтас, таңдамалы байланысы деп түсінді. В.Н. Мясичевтің ойынша қатынас – қатынастардың жүйесі ретінде ұсынылған тұлғаның жүйе құрушы элементтері болып табылады. Мұндағы маңызды сәттердің бірі ретінде В.Н. Мясичевтің тұлға ұғымын қоршаған ортаның жеке жақтарымен не оның құбылыстарымен субъектінің байланысынан бастап, тұтастай шындықтың барлығымен байланысын анықтайтын – жалпылану дәрежесі бойынша құрылымдалған қатынастардың жүйесі деп түсінуін айтуға болады. Ал В.Н. Мясичев бойынша тұлғаның қатынасының өзі тұлғаның тұтастай қоршаған ортамен, жекелеп алғанда қоғаммен байланысындағы қоғамдық қатынастардың әсерінен қалыптасады.

Шындығында да адам туа салысымен адамның субъективті, тұлғалық қатынастарын бекіту мен дамытуға, қалыптастыруға жағдай жасайтын және «ішкі жағдайлар» арқылы өздігінен ұғынылатын

қоғамдық қатынастарға (ең алдымен анасымен тікелей эмоциялық қатынасқа, сосын ойын, оқу, қарым-қатынас және еңбек іс-әрекеттері түріндегі, оны қоршаған жақындарымен, құрбыларымен, тәрбиешілерімен, оқытушыларымен, әріптестерімен және т.б. қатынастарға) қосылуға мәжбүр болады. Бұл қатынастар тұтастай тұлғаны сипаттай отырып, адамның ішкі әлеуетін құрайды. Атап айтқанда, олар адам үшін жабық түрде кездесетін, оның жасырын мүмкіндіктерін ашып беріп, жаңаның пайда болуына жағдай жасайды. Сонымен қоса өз еңбектерінде В.Н. Мясищев адамның мінез-құлқындағы қатынастың реттеуші рөлін ерекше атап көрсетеді.

Қатынастың құрылымы. В.Н. Мясищев қатынастың құрылымынан, оның «эмоциялық», «бағалау» (когнитивті және танымдық) және «конатативті» (мінез-құлықтық) жақтарын бөліп шығарады. Қатынастың әрбір жақтары зат алмасудан бастап саналы қарым-қатынасқа дейінгі әртүрлі сәттерді қамтитын тұлғаның қоршаған ортамен, оның басқа адамдармен өзара әрекеттестігінің өмірлік сипатымен анықталады. Қатынастың эмоциялық жағы қоршаған ортадағы объектілерге, адамдарға және өзіне деген эмоциялық қатынастың қалыптасуына жағдай жасайды.

Қатынастың танымдық және бағалаушы жақтары қоршаған ортадағы объектілерді, адамдарды және өзін-өзі қабылдап бағалауына (саналы түрде ұғынуыға, түсінуге, түсіндіруге) мүмкіндік береді. Қатынастың мінез-құлықтық (конатативті) жақтары, оған маңызды (құнды) болып көрінген қоршаған ортадағы объектілерге, басқа адамдарға және өзіне қатысты тұлғаның мінез-құлқының тактикалары мен стратегияларын таңдап жүзеге асыруына көмектеседі.

Қатынастың түрлері. В.Н. Мясищевтің тұжырымдамасында қатынастың рационалдық (ақыл-ой арқылы) бағалау мен эмоциялық жақтарына сай, оның түрлері де жағымды және жағымсыз болып екіге бөлінеді. Қатынастың мінез-құлықтық жақтары қажеттілік арқылы көрінетін болғандықтан, қажеттілік өз затын өзі көрсете отырып, осы затқа қол жеткізудің тәсілдерін де оның өзі нұсқайды.

Қатынастың эмоциялық жақтары жақсы көруден, ұнатудан, сүйуден және сезімдердің қарама-қарсы белгілері бойынша жек көруден, ұнатпаудан, сүймеуден және т.б. көрінеді. Қатынастың бағалау не танымдық жақтарына тұлғаның қабылдаған мұраттары, бейімділігі, талғамы, нанымдары, адамгершілік құндылықтары жатады.

Қатынастың дамуы. Егер тұлға қатынастардың жүйесінен тұратын болса, онда тұлғаның дамуы, оның қатынасының дамуымен анықталады. В.Н. Мясницев адамның мінез-құлқының таңдамалы өрістеуінің алғашқы сатылары саналылықтың белгісі байқалмайтын қатынастың алдындағы кезеңмен сипатталатынын атап көрсетеді. Мұнда адам еш нәрсені сезбейді, бірақ ол адамды белгілі бір іс-әрекетке итермелейді (мінез-құлықтың санасыз мотивациясы).

Одан әрі екі-үш жасар балада ата-анаға, тәрбиешілеріне, құрбыларына деген қатынастың таңдамалылығы айқындалып, дами бастайды. Мектеп жасына келгенде балада қатынастың саны көбейіп, өзінің мінез-құлқы ерікті түрде басқарудың қажеттілігі секілді отбасынан тыс міндеттер, оқу еңбегі пайда болады. Жоғарғы сыныптарда баланың мұрағаттары мен нанымдары, принциптері қалыптасады.

Қатынас және бейім-бағдар (установка). Осы айтылған психологиялық ұғымдарды өзара салыстырудың маңызы, олардың еркіндіктерінде бәрін өз ішіне қамти алатын психологиялық категориялар болуға талпынуымен байланысты. Осы мәселеге қатысты 1970 жылы медициналық психологияда қатынас пен бейім-бағдардың ролі мен орнын анықтауға арналған арнайы симпозиумда отырылды.

В.Н. Мясницев қатынас пен бейім-бағдарды жеке тәжірибелер барысында пайда болатын психикалық құрылымдардың жиынтығы ретінде қарастырды. Өзіндік парқы болмағандықтан, бейім-бағдар бейивалды, ал қоныс мотивы немесе оның дереккөздері саналы түрде сезіле бермеуі мүмкін, бірақ қатынас саналы», - дейді В.Н. Мясницев. Сонымен қатар ол қатынастың бейім-бағдардан басқа да айырмашылықтары ретінде қатынастың таңдамалылығымен, ал бейім-бағдардың дайындығымен сипатталатындығын ерекше атап көрсетеді.

Олай болса, қатынас пен бейім-бағдар бір-бірінен ерекше ажыратылатын психикалық түсініктер болып табылады. Сондықтан, қатынас ұғымын бейім-бағдар, қажеттілік, мотив, қызығушылық және т.б. секілді психологиялық категориялармен шатастыруға және оны басқа да психологиялық категориялардан ажыратып бөлуге болмайтын психологиялық ұғымдардың дербес тобына жатқызуға болады.

4.3 А.Г. Ковалевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы

А.Г. Ковалевтің еңбектерінде тұлға ұғымы психикалық процестердің, психикалық күйлердің және психикалық қасиеттердің біртұтас құрылымы ретінде сипатталады. А.Г. Ковалевтің пікірінше «индивидтің психикалық өмірінің негізі психикалық қасиеттерге айналатын және сол арқылы олар көрінетін, өзара әрекеттесетін психикалық процестерден тұрады». Оның айтуынша психикалық процестер адамның психикалық өмірінің негізі болып табылады. А.Г. Ковалевтің ойынша тұлғаның қасиеті «психикалық іс-әрекеттің уақытша қызметінің деңгейлерін анықтайтын психикалық күйлер мен психикалық процестер түрінде қалыптасады». Осы тұжырымдама бойынша психикалық процестер күйлерге, одан тұлғаның қасиеттеріне айналады. Адамның тұрақты психикалық қасиеттері құрылғанға дейінгі кезеңде кездесетін әртүрлі психикалық күйлер, баланың тұлға ретінде дамып келе жатқанын сипаттайды. Мұндай жағдайларды баланың мінез-құлқының әркелкілігінде көрінетін күйлерінен, атап айтқанда, оның мінез-құлқында байқалатын дөрекіліктен, байсалдылықтан, аффективтіліктен, салмақтылықтан және т.б. аңғаруға болады. А. Г. Ковалевтің айтуынша бала бойындағы күйлердің ауысуы, оның тұлғасының өзгеруіне алып келеді. Белгілі бір жағдайларда осы айтылған күйлер баланың мінез-құлқында бекіп, оның мінезінің кейбір ерекшеліктерін (ұялшақтығын, қозғыштығын, күйзелгіштігін және т.б.) анықтауы мүмкін. Сонымен, А.Г. Ковалевтің тұжырымдамасы бойынша психикалық қасиеттер психикалық күйлер түрінде қызмет ететін психикалық процестерден құралады. А.Г. Ковалев қасиет сол адамның өзіне тән белсенділігінің үнемі бір қалыптылығын, тұрақтылығын сипаттайды дей келе, тұлғаның мазмұнды жақтарын талдауға көшеді. Ол белсенділіктің осы деңгейі бір жағынан тұлғаның элеуметтік құндылықтарының ерекшеліктерін анықтаса, екінші жағынан қасиет өз кезегінде индивидтің одан әрі дамуының ішкі субъективті жағдайын құрайтындығын айтады.

Сондай-ақ А.Г. Ковалев психикалық қасиеттердің дамуы белгілі бір жағдайда бір-бірімен тығыз байланыса отырып, күрделі құрылымға айналатынын ерекше атап көрсетеді. Тұлғаның осындай күрделі құрылымдары ретінде А.Г. Ковалев адамның табиғи қасиеттерінің жүйесі болып табылатын, оның темпераментін, адамның қажеттіліктерінің, қызығушылықтары мен мұраттарының

жүйесі болып табылатын, оның бағыттылығын, адамның интеллектуалды, еріктік және эмоциялық қасиеттерінің негізін құрайтын, оның қабілетін, мінез-құлықтың тәсілдері мен қатынастарының жүйесі болып келетін, оның мінезін қарастырады. Сонымен қоса, тағым шартты түрде алынып, бұл құрылымдардан бөліп шығарылған қандай да бір қасиеттер сол адамның бағытталмаған сипаттан қана қоймай, оның мінезін, қабілетінің көрінуін де сипаттайтынын атап көрсетеді. «Бірақ», - дейді ол: «бірдей қасиеттердің өзі ерекшеленетіндіктен, мысалы, бағыттылықта адамдар өздерінің темпераменті мен қабілеті, мінезі бойынша бір-бірінен ерекшеленетіндіктен, бұл құрылымдарды дербес түрде ажыратуға тура келеді».

Тұлғаның құрылымы жайындағы көзқарастарын А.Г. Ковалев бұдан ары көп дамытпайды. Дегенмен, оның жалпы психология бойынша 1981 жылы жазған оқулығының тұлғаға арналған бөлімінде, тұлға құрылымының бірінші құрамдас бөлігіне, оның бағыттылығын, екіншісіне - қабілетін, үшіншісіне - мінезін, төртіншісіне - «Мен» ұғымымен анықталатын, оның басқару жүйесін, ал бесіншісіне-психикалық процестерін жатқызады.

Сонымен, А.Г. Ковалевтің тұжырымдамасы бойынша тұлғаның өзі осы айтылған құрылымдардың бірігуінен тұрады. Мұндай құрамдас бөліктердің бірігуі адамның мінез-құлқының дербестігі мен еркіндігін, оның тұлғасының кемелденіп, пісіп жетілуін қамтамасыз етеді.

4.4 В.С. Мерлиннің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы

Тұлға туралы айтылған барлық отандық тұжырымдамалардың ішінде жоғарыда келтірілген тұжырымдамадарға өзінің мазмұны жағынан біршама жақын және оларға сәйкес келетін тұжырымдамалардың бірі Перм психология мектебінің жетекшісі, әрі оның негізін салушысы – В.С. Мерлиннің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы болып табылады. Ленинградтық (қазіргі Санкт-Петербургтық) психологтардың бағыты мен В.С. Мерлин бағытының қабысуын қандай мәселелер жақындастыруы мүмкін? Біздіңше оларды жақындастыратын негізгі мәселе, ол тұлғаның қасиетін түсінудегі көзқарастардың ұқсастығы болса керек.

Біріншіден, В.С. Мерлин тұлғаның психикалық қасиеттері деп «адамды қоғамдық еңбек іс-әрекетінің субъектісі ретінде сипаттайтын қасиеттерін түсінді».

Екіншіден, В.С. Мерлин тұлға қасиеттерінің психологиялық мазмұнын, оның қатынасы ретінде қарастырды. «Іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі адамның сипаты үшін, оның іс-әрекет объектісіне қатынасын сипаттау қажет», - дейді ол. Тағы бір жерінде «тұлғаның әрбір қасиетінде, оның шындыққа деген қатынасы көрінеді», - деп жазады. Олай болса, А.Ф. Лазурский мен В.Н. Мясищевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамаларында маңызды орын алатын қатынас түсінігі, В.С. Мерлиннің де тұжырымдамасында басты рөл атқарады. Бірақ, В.С. Мерлин тұлғаның қасиеттерін сипаттайтын қатынасы «адамның қатынасын сипаттайтын құбылыстар мен басқа да психикалық қасиеттерден» ажыратылатынын ерекше атап көрсетеді.

В.С. Мерлин бойынша тұлғаның қасиетінде көрінетін қатынасы біріншіден, сананың жеке жақтарын ғана емес, тұтастай сананың қатынасы болып табылады. Мысалы, тұлғаның бақылампаздық, эмоционалдылық, зейінділік секілді қасиеттері сананың жеке жақтары болып табылады.

Екіншіден, тұлғаның қасиеттерін сипаттайтын қатынас адамның «санадан тыс кездесетін қандай да бір объективтілікке қатынасын білдіреді, олар еңбекке, адамдарға, ұжымға, заттарға және т.с.с. қатынасы» болып табылады. Мысалы, тұлғаның бақылампаздық не ойлампаздық секілді қасиеттері тұлғаның өзінің жеке психикалық іс-әрекеттеріне, атап айтқанда, оның ойланып-толғану не бақылау секілді қажеттіліктеріне қатынасын сипаттайды.

Үшіншіден, тұлғаның қатынасы «қоғамдық-еңбек іс-әрекеті үшін ерекше мәні бар шындықтың белгілі бір жақтарына аса жоғары дәрежедегі жалпыланған қатынасын білдіреді».

Тұлғаның қасиеттерінде көрінетін қатынастың осы соңғы түрінің ерекшелігі, оның үнемі бірқалыпты тұрақты түрде кездесетіндігінде. «Осы қатынастың арқасында», - дейді В.С. Мерлин: «әрбір тұлға қоршаған ортаның әртүрлі әсеріне қарсы тұра алады, сыртқы жағдайлардың қарсылықтарын жеңіп, өзінің мақсаттары мен ниеттерін жүзеге асыра алады». «Олай болса, тұлғаның психикалық қасиеті шындықтың белгілі бір объективті жақтарына тұтастай сананың аса жалпыланған, біршама тұрақты және үнемі бірқалыпты қатынасын білдіреді. Мұндай қатынастарды біз бұдан былай тұлғаның қатынасы деп атаймыз», - деп жазады.

В.Н. Мяснищевтің соңынан В.С. Мерлин де өзінің қатынас жөніндегі көзқарасын нақтылай отырып, оның элементтері жеке блоктардан немесе жеке құрылымшалардан тұратын тұлға құрылымын түргыздудан бас тартты. Оның пікірі бойынша тұлғаның құрылымын адамның темпераменті, мінезі, қабілеті мен бағыттылығы секілді әр алуан психикалық қасиеттердің жиынтығынан құралған жүйелер ретінде сипаттауға болады. Себебі, В.С. Мерлиннің түсінігінде темперамент индивидтік қасиеттер болып табылатындықтан, ол тұлғаның қасиетіне жатпайды. Сондай-ақ, мінез, қабілет және бағыттылық секілді қасиеттер жеке алынған құрылымшалар болып табылмай, олар тұлғаның қандай да бір қасиетінің әртүрлі қызметтерін сипаттайды. Сондықтан, В.С. Мерлин оларды жеке құрылымдарға бөліп көрсетпеді. В.С. Мерлиннің мұндай ұстанымды ұстануы, оның бағытының басқа да отандық психологтардан ерекшеленетіндігін көрсетеді.

Шындығында да тұлғаның қасиеті одан әрі ажырамайтын, жиналған, үнемі бір қалыпты, тұрақты сана қатынасы болғандықтан, оның бұл қатынасы тұлғаның бағыттылығында, мінезінде және қабілетінде көрінеді. Олай болса, В.С. Мерлиннің тұжырымдамасы бойынша тұлғаның құрылымы өзара тығыз байланысты тұлға қасиеттерінің ұйымдасқан көп деңгейлі жүйесі болып табылады. Дәлірек айтқанда, жеке қасиеттер арасындағы өзара байланыстан тұлға қасиеттерінің белгілер кешені (симптомокомплексі) деп аталатын жүйесі құрылады. Тұлға қасиеттерінің белгілер кешені дегеніміз не және оның параметрлері қандай?

Қасиеттердің белгілер кешені деп тұлға қасиеттерінің арасындағы байланыстар ықтималдығын айтады. Р. Кеттел бойынша мұның мәні факторлар болып табылады. Тұлғаның біршама тәуелсіз қатынастары қанша болса, олардың осындай байланыстары да сонша болады. В.С. Мерлин бойынша бірыңғай белгілер кешенін құратын қатынастар тұлғаның типтерін сипаттайды. Шындығында да, егер тұлғаның қатынасы әлеуметтік-типтік болса, онда соған сәйкес белгілер кешені де әлеуметтік-типтік сипатта болады.

Сонымен, В.С. Мерлин өз тұжырымдамасында белгілер кешенінің мынадай қасиеттерін бөліп шығарады:

- саны жағынан белгілер кешенінің жалпылану дәрежесін бағалауға болатын, ондағы жеке қасиеттердің саны белгілер кешенінің көлемі мен кеңдігін сипаттайды;

-белгілер кешенінің негізінде жатқан тұлғаның қатынасы белсенділігі мен күші жағынан ерекшеленеді. Кейде оны қуаттандырушы мотив деп те атайды;

-белгілер кешенінің тұрақтылығы тұлға қатынасының үйлесімділігімен сипатталады.

В.С. Мерлиннің пікірінше тұлғаның қатынасы осы айтылған үш қасиетінде де жоғары дәрежеде болса, онда олар тұлғаның тұтастай психологиялық сипатын айтарлықтай шамада детерминациялайды.

Тұлғаның құрылымы туралы В.С. Мерлиннің көзқарасындағы негізгі жағдайлардың бірі байланыстар жүйесі болғандықтан, олардың түрлері мен ұйымдасу деңгейлері арасындағы байланыстарды орнатудың маңызы өте зор болып табылады. Сондықтан, осы орайда тұлғаны эмперикалық (тәжірибелік) зерттеп білуде В.С. Мерлин мен оның шәкірттерінің аса ірі табыстарға қол жеткізгендігін айта кеткен орынды.

Атап айтқанда, В.С. Мерлиннің көп деңгейлі адам құрылымы, соның ішінде көп деңгейлі тұтастай құрылымнан тұратын тұлғаның құрылымы жайындағы қағидаларына ешкімде талас пікір айтқан емес. Кезінде адамның биологиялық және әлеуметтік шарттыланған қасиеттерін бөліп шығару арқылы, оның жүйесін иерархиялаудың дәстүрлі принциптері адам туралы ғылымда кеңінен тарады. Бірақ мұнда осы айтылған екі деңгейдің көрсеткіштері арасындағы байланыстар бір жақты не оларды инвариантты (өзгерілмейтін) түрде қарастырған еді.

Ал В.С. Мерлин болса, табиғатта байланыстардың басқа да типтерінің болатындығы жайлы болжамды эмперикалық түрде негіздей отырып, оны алға қарай жылжытты. Осыған қарап, біз адамдағы биологиялық қасиеттердің әлеуметтік қасиеттерге, сол секілді әлеуметтік қасиеттердің биологиялық қасиеттерге айналатындығы жөнінде тікелей мәлімет берудің мүмкін емес екендігін аңғарамыз.

Олай болса, В.С. Мерлин біріншіден, жүйешелер ішіндегі инварианттық функционалдық тәуелділікті, ал екіншіден, қасиеттердің алуан түрлі деңгейлері арасындағы көп мәнді байланыстардың көптігін бөліп шығарды. В.С. Мерлиннің биологиялық және әлеуметтік қасиеттердің ішіндегі жинақталған индивидуалдылықтың жүйе ішіндегі жүйешелерінің күрделі иерархиясын бөліп шығаруын, оның ерекше еңбегі деуге болады.

Осының бәрі В.С. Мерлинге бір-бірінен тәуелсіз заңдылықтарды зерттеп, оларды біріктірудің тәсілдерін табуға көмектесті. Алуан түрлі байланыстардың көптігі мен олардың иерархиялық ұйымдасуынағы екі принциптің басын қосу, В.С. Мерлинге мынадай жүйелерден тұратын тұлғаның динамикалық құрылымын құруға мүмкіндік берді.

1. Ағзаның индивидуалды қасиеттерінің жүйесі. Олар мынадай жүйешелерден құралады:

- биохимиялық жүйеше;
- жалпы соматикалық (денеге қатысты) жүйеше;
- жүйке жүйесінің қасиеттері (нейродинамикасы).

2. Индивидуалды психикалық қасиеттердің жүйесі. Олар мынадай жүйешелерден тұрады:

- психодинамикалық қасиеттердің жүйешесі (темперамент қасиеттері);

- тұлғаның психикалық қасиеттері.

3. Әлеуметтік-психологиялық индивидуалды қасиеттердің жүйесі. Ол мынадай жүйешелерден тұрады:

- ұжымда және топта атқаратын әлеуметтік рөлдері;
- әлеуметтік-тарихи қауымдарда атқаратын рөлдері.

Тұлғаның даму процесі индивидуалдылықтың әртүрлі деңгейіндегі ұйымдасуына және осы байланыстардың көптеген көп мәнділік үрдісінің ұлғаюына қатысты қасиеттер арасындағы байланыстардың ұлғаюынан көрінеді.

4.5 К.К. Платоновтың тұлға жөніндегі тұжырымдамасы

Бұл тұжырымдама адам тұлғасын түсінудегі құрылымдық бағыттың идеяларын жүзеге асырудың айқын үлгісі болып табылады. К.К. Платонов тұлғаны, оның тұтас құрылымынан, бір-бірімен өзара тығыз байланысты, оның жақтарын немесе сапаларын бейнелейтін, уақыт өтуімен өзгеріп, дамып отыратын динамикалық жүйе ретінде қарастырады. Ол тұлғаның динамикалық жүйесінен тұлғаның төрт түрлі құрылымшаларын бөліп шығарады. Құрылымшаларды бөліп шығаруда К.К. Платонов мынадай критерийлерге сүйенеді:

1. Процессуалдық және мазмұндық, туа берілетін және өмір үстінде пайда болатын, биологиялық және әлеуметтік қасиеттердің қатынастары;

2. Әрбір құрылымшаларға кіретін тұлғаның мінез бітістерінің ішкі жақындықтары;

3. Әрбір құрылымшалардың қалыптасуының өз тәсілдерінің болуы (тәрбие, оқыту, жаттығу, машықтану);

4. Құрылымшаларда иерархиялық тәуелділіктің болуы;

5. Тұлғаның мәнін түсіну үшін пайдаланылған тарихи критерийлердің болуы:

- тұлға адамның жан дүниесі ретінде;
- тұлға психикалық қызметтің жиынтығы ретінде;
- тұлға адамның тәжірибелері ретінде;
- тұлғаның биологизациясы
- тұлғаның әлеуметтенуі (тұлғаның социологизациясы);
- тұлға мен адамды теңестіру.

Тұлғаны талдау үшін осы критерийлерді пайдалана отырып, оның құрылымынан К.К. Платонов мынадай жеке құрылымшаларды бөліп шығарады.

Бірінші құрылымшаға тұлғаның моралдық бітістері түрінде көрінетін, оның қатынастары мен бағыттылығы жатады. Олардың туа берілетін нышандары болмағандықтан, олар өмір үстінде тәрбие арқылы қалыптасады. Сондықтан, бұл құрылымшаны әлеуметтік шарттыланған құрылымша деп атайды. Оған тұлғаның тілектері, қызығушылықтары, бейімділіктері, ұмтылыстары, мұраттары, нанымдары, дүниетанымы жатады. Тұлға бағыттылығының мұндай көріністері, оның қатынасында көрінеді. Бірақ К.К. Платонов тұлғаның қатынасын, оның қатынасы ретінде емес, тұлғаның белсенділігінің әртүрлі көріністерін анықтайтын сана атрибуттары (белгісі) ретінде қарастырады. К.К. Платоновтың айтуынша бұл құрылымшаның параметрлерін әлеуметтік-психологиялық деңгейде қарастыруға болады.

Екінші құрылымшаға, оның білімдерін, дағдыларын, ептіліктері мен әдеттерін біріктіретін тұлғаның тәжірибелері жатады. Олар оқыту процесі арқылы қалыптасады. «Бірақ» - дейді К.К. Платонов бұл құрылымшадан – «биологиялық, тіпті генетикалық шарттыланған тұлға қасиеттерінің әсерін байқауға болады». Сондықтан К.К. Платонов психологияда бұл құрылымшаға жататын қасиеттерді тұлғаның қасиеттері ретінде қарастыра бермейтіндігін мойындайды. Дегенмен мұндай қасиеттер оқыту процесінде бекіп, белгілі бір типтік түрге айналатындықтан, оларды К.К. Платонов тұлғаның қасиеттері деп санайды. Бұл құрылымшадағы тұлға сапаларын

дамыту оқыту процесімен шарттыланады, ал оларды талдау психологиялық-педагогикалық деңгейде жүргізіледі.

Үшінші құрылымша психикалық процестердің немесе ес, эмоция, түйсіну, ойлау, қабылдау, сезім, ерік қызметтерінің индивидуалды ерекшеліктерінен тұрады. К.К. Платоновтың пікірінше психикалық процестер мен қызметтердің туа берілетін биологиялық және генетикалық негіздері болатындықтан, бейнелеу нысаны болып табылатын психикалық процестердің иерархиялық қатары да осыдан басталады. «Бұлардың ретін бұлайша сақтау кездейсоқтық емес», - дейді К.К. Платонов. Оның айтуынша адамның психикалық есі физиологиялық және генетикалық естің негізінде дамиды, онсыз басқа психикалық процестер мен қызметтердің болуы мүмкін емес. Сондықтан бірінші кезекте К.К. Платонов бойынша ес процесі тұрады.

Ал енді эмоция мен түйсіну процестеріне келетін болсақ, онда олар жануарларда қалай болса, адамға да солай тән деп түсінеді К.К. Платонов. Сондықтан олардың дамуына биологиялық себептердің көбірек әсер ететінін осыдан көруге болады. К.К. Платонов психикалық процестер мен қызметтердің индивидуалды ерекшеліктерін жаттығу арқылы қалыптастырып, дамытуға болатынын, ал бұл құрылымшаны негізінен индивидуалды-психологиялық деңгейде ғана зерттеп білуге болатынын айтады.

Төртінші құрылымша тұлғаның жастық және жыныстық қасиеттері мен оның типологиялық қасиеттерін (темпераментін) біріктіретін, тұлғаның биопсихикалық қасиеттерінен тұрады. Осы құрылымшадағы тұлғаның қажетті бітістерін, егер мүмкін болса қайта өзгертіп қалыптастыру тек машықтандыру арқылы ғана жүзеге асырылады. Бұл құрылымшаға жататын тұлғаның қасиеттері көбіне мидың физиологиялық ерекшеліктеріне тәуелді болып келеді. К.К. Платоновтың пікірінше әлеуметтік ортаның әсері бұл қасиеттерді бар болғаны толықтырып, өзіне бағындырып қана отырады. Осы құрылымшадағы белсенділіктердің бұл түрі жүйке жүйесінің күшімен анықталатын болғандықтан, оларды психофизиологиялық деңгейде, кейде молекулярлыққа дейінгі нейробиологиялық деңгейде де зерттейді.

К.К. Платоновтың пікірінше тұлғаның барлық белгілі қасиеттерін осы айтылған төрт құрылымшаларға жатқызуға болады. Бірақ тұлға қасиеттерінің кейбір бөліктерін негізінен бір құрылымшаға мысалы, оның наным мен қызығушылығын – бірінші құрылымшаға, ал көп

оқығандығы мен шеберлігін – екінші құрылымшаға, ал шешімге келгіштігі мен тапқырлығын – үшінші құрылымшаға, ал оның қозғыштығы мен бәсеңсуін – төртінші құрылымшаға жатқызуға болады. Тұлғаның бұдан басқа қасиеттері әртүрлі жеке құрылымшалардың өзара байланысының нәтижесі болып табылатындықтан, оларды құрылымшалардың қиылысуына жатқызуға болады. Мысалы, еріктің моралдық тәрбиесі бірінші және үшінші құрылымшалардың өзара байланысының нәтижесі; адамның музыкалық қабілеті үшінші мен төртінші құрылымшалардың, және ол әдетте екінші құрылымшаның өзара байланыстарының нәтижесі болып табылады.

Осы айтылған төрт құрылымшалардың әрқайсысы ғана тұтас қарастырылып қоймай, өз кезегінде олардың өз құрылымшалары да болады, сол секілді тұлғаның әрбір бітісінің де біршама астарлы байланысынан келіп шығатын өз құрылымы болады. Мысалы, тұлғаның нанымы негізінен бірінші құрылымшаға қатысты болса да, оның құрылымына ерік элементтері мен тиісті білімдері, ақыл-ой дағдылары да жатады.

Сонымен К.К. Платонов бойынша тұлғаның динамикалық жүйесін құрайтын осы айтылған төрт негізгі құрылымшалар тұлғаның белгілі қасиеттерінен тұрады және олар жалпыланып терең зерттелген. Жалпы алғанда К.К. Платонов тұлға түсінігінің өзін сананың синонимі ретінде қарастырады. «Тұлға», - дейді ол: «сана иесі ретіндегі нақты адам болып табылады. Балада сана пайда бола бастаса болды, ол тұлға болып қалыптаса бастайды. Неғұрлым адам санасы және оның ең жоғарғы нысаны - өзіндік сана толық дамыған сайын, оның тұлғалық дамуы да соғұрлым толық айқындалады».

4.6 А.Н. Леонтьевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы

А.Н. Леонтьевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасының бір ерекшелігі, оның тұлға мәселесін іс-әрекет бағытында қарастыруында болып табылады. Ол тұлғаның құрылымын сипаттауға кіріспей тұрып, ең алдымен психологиядағы тұлға құрылымын қарастырудың кейбір жалпы алғышарттарын тұжырымдап берді. Мұның мәні тұлғаны іс-әрекетпен ажырамас байланыста қарастыру қажет дегенге келіп саяды.

Тұлғаны зерттеудің барлық теориялық үлгісін беру үшін, ол жұпелі түрде іс-әрекет принципін жүргізді. А.Н. Леонтьевтің тұжырымдамасындағы – «адам тұлғасы, оның санасы секілді, оның іс-әрекетіне қатысты ешқандай өткендері болып табылмайды, онда ол туындайды», - дейтін идеясы тұлға ұғымын ғылыми тұрғыдан түсінуге жол ашып берді. Ғалымның пікірінше тұлғаны ғылыми тұрғыдан түсіну үшін, оның тұлғасының өзгеруі мен туындауын іс-әрекет үстінде зерттеу қажет. Мұндай жағдайда тұлға бір жағынан іс-әрекеттің пайда болуына себепші болады, ал екінші жағынан, ол іс-әрекеттің өзінің жемісі болып табылады.

Сондай-ақ А.Н. Леонтьев: «адам тұлғасы қоғамдық қатынастарда құрылып, қоғамдық қатынастардан өндіріледі», -дейді. Оның бұлай деуінің өзіндік себебі бар. Өйткені, көптеген отандық психологтардың тұлға жөніндегі көзқарастарына К. Маркстің – «адамның мәні жеке индивидтердің өзіне тән абстрактісі емес. Ол өз шынайылығында барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығынан тұрады», - дейтін жалпылама қағидасы әсер еткенді. Бірақ бұл қағиданы әркім өзінше түсініп, өзінше талдады. Ал А.Н. Леонтьев болса бұл қағидаға өзінің «заттық іс-әрекет» дейтін маңызды түсінігін қосты. Оның айтуынша «индивид өзінің заттық іс-әрекетіне кіріскенде барып тұлға қоғамдық қатынастарда құрылады». Тағы бір жерінде «адам тұлғасының шынайы негізі», - дейді ол: «дүниеге өз табиғатында қоғамдық қатынастарының жиынтығы болып табылады, бірақ жүзеге асатын қатынас, ал олар оның іс-әрекетінде, нақтырақ айтқанда, оның алуан түрлі іс-әрекеттерінің жиынтығында жүзеге асады».

Олай болса, А.Н. Леонтьев психологиядағы тұлға ұғымын талдаудың бірлігі ретінде субъектінің іс-әрекет категориясын ең басты жоспарға қойды. Ол өзінің «Іс-әрекет. Сана. Тұлға» атты үлкен еңбегінде тұлғаның құрылымын талдаудың бірлігі ретінде, субъектінің іс-әрекетін алады. «Тұлғаны психологиялық талдаудың негізгі бірлігі әрекетте емес, операциялар да емес, психофизиологиялық қызметте емес немесе осы қызметтің блоктары да емес, атап айтқанда, субъектінің іс-әрекеті болып табылатындығын естен шығармау керек», - деп атап көрсетеді. Оның айтуынша кез келген іс-әрекет, іс-әрекеттің жағдайы мен мақсатының ерекшеліктеріне байланысты ажыратылатын, белгілі бір тәсілмен жүзеге асатын іс-әрекеттің объектісі немесе оның затының және мақсатының болуымен сипатталады.

Барлық кеңес психологтары секілді А.Н. Леонтьев те іс-әрекеттің негізгі сипаты оның мотивінің болуында деп санайды. «Мотивсіз іс-әрекет болмайды; «мотивацияланбаған» іс-әрекет – бұл мотивынан айрылған іс-әрекет емес, керісінше, мотивы объективті түрде жасырылған, субъективтілігі бар іс-әрекет», - деп атап көрсетеді. Іс-әрекеттің жалпы легінен А.Н. Леонтьев оны құрайтын бірліктерді бөліп шығарады, ғалымның пікірінше ол, оның күрделі құрылымдары болып табылады.

Бұл «біріншіден, жеке (ерекше) іс-әрекеттер – белгісі бойынша оларды оятатын мотивтер. Одан әрі саналы мақсатқа бағынатын процесс – әрекетті бөліп шығарады. А.Н. Леонтьев әрекетті іс-әрекетті талдаудың негізгі бірлігі ретінде анықтайды. Сондықтан әрекет алға қойған мақсатты жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттің бөлігі болып табылады. Ал мақсат дегеніміз не? А.Н. Леонтьевтің түсінігінде мақсат – бұл тілеген нәтиженің бейнесі, яғни адам әрекетті орындау барысында, оның нәтижесіне қол жеткізеді. Тілеген нәтиженің бейнесі қашанда саналы. Өйткені, әрекет жүзеге асқанша бейне санада болады.

Ең соңында нақты мақсатқа жетудің жағдайларына тікелей тәуелді болып келетін операцияларды бөліп шығарады. Операция деп – әрекетті орындау тәсілдерін айтады. «Адам іс-әрекетінің бұл «бірлігі», оның күрделі құрылымын құрайды», - дейді. Ұсынылған осы байланыстағы іс-әрекет пен ерекше іс-әрекеттердің сипаттамалары ғалымның айтуынша адам туралы білімдер жүйесінде ерекше орын алады. Сөйтіп, А.Н. Леонтьев тұлғаны талдаудың бірлігі ретінде, оның іс-әрекетін ұсынады. Сонда мұнан қандай нәтиже шығады?

Біріншіден, тұлғаның құрылымын талдаудың негізгі бірлігі етіп алған А.Н. Леонтьевтің іс-әрекет категориясы, оған психологиядағы тұлға мен индивид ұғымдарының арасындағы шектеулі айырмашылықтарды ажыратуға мүмкіндік берді. А.Н. Леонтьевтің түсінігінде тұлға – бұл онтогенетикалық дамудың соңғы сатысында пайда болатын ерекше құрылым, оның өз сөзімен айтқанда «тұтастылықтың ерекше түрі» болып табылады. Бұл құрылым адамның өзіне тән ерекше қатынастарында туындап қалыптасады. Ал «индивид» ұғымы тіршілік дамуының алғашқы сатысында кездесетін нақты субъектінің бөлінбейтін, тұтастай ерекшелігі. А.Н. Леонтьев индивидті бар болғаны адамның генотиптік құрылымы ретінде, ал тұлғаны ол әлеуметтік ортада пайда болатын ерекше құрылым

ретінде сипаттайды. Сол секілді индивид туа пайда болады, ал тұлға туа пайда болмайды, ол өмір үстінде қалыптасады. «Сондықтан да біз нәрестенің тұлғасы не бөбектің тұлғасы деп айтпаймыз», - дейді А.Н. Леонтьев.

Сондай-ақ А.Н. Леонтьевтің пікірінше индивид өздігінен тұлғаның қалыптасуы мен дамуын алдын-ала толық анықтай амайды, ол тек тұлғаның дамуына алғышарт қана жасайды. Сондықтан тұлға қоғамдық қатынастардың табиғатымен анықталады, яғни ол индивидтің қоғамдық қатынастары барысында алуан түрлі заттық іс-әрекеттерді атқару процесінде туындайды.

Алайда адамның табиғи индивидуалды қасиеттері туралы, атап айтқанда, оның морфологиялық, физиологиялық, сонымен қоса адамның өмір үстінде қалыптасатын кейбір индивидуалды қасиеттері жөнінде не айтуға болады? А.Н. Леонтьев мұндай қасиеттерді тұлғаның қасиеттеріне жатқызбай, оларды индивидтік қасиеттерге жатқызады. Ол индивидті адамның дене қасиеттерімен шектелетін құрылым ретінде сипаттайды. Егер индивид өзінің индивидуалды ерекшеліктерімен қоса алғанда бөлінбейтін, адамның тұтастай генотиптік құрылымы болса, тұлға да сондай тұтас құрылымнан тұрады. Бірақ ол индивид секілді туа пайда болмай, өмір үстінде қоғамдық қатынастардан өндірілетін адамның көптеген заттық іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады. Сондықтан А.Н. Леонтьевтің тұжырымдамасының аса маңызды, әрі негізгі теориялық постулаттарының бірі – тұлғаны психологиялық талдаудың бірлігі етіп алған іс-әрекет жайындағы қағидасы болып табылды.

А.Н. Леонтьевтің дәл осындай маңызды постулаттарының бірі – «сыртқы себеп ішкі жағдай арқылы әсер етеді», - дейтін С.Л. Рубинштейннің қағидасына ерекше көңіл аударуы болып табылады. Мұнда А.Н. Леонтьев бұл айтылған қағидаға тікелей қарсы шығады. Ол «ішкі жағдайларды сыртқы әсерлерге байланысты өзгертін субъектінің күнделікті қалпы деп түсінетін болсақ, онда С.Л. Рубинштейн бихевиористердің $S - R$ сұлбасына сәйкес ешқандай жаңалық енгізіп отырған жоқ», - деп бағалайды. А.Н. Леонтьев, егер тіршілік субъектісі «реакциялардың дербес күшіне», басқаша айтқанда адам белсенділікке өмір үстінде ие болатын болса, онда «ішкі жағдай сыртқы себеп арқылы әсер етеді және мұнан өзін-өзі өзгертеді» деу дұрыс болар еді деп шамалайды.

Біз көріп отырғанымыздай, А.Н. Леонтьевтің тұжырымдамасында тұлғаның дамуы бір-бірімен иерархиялық қатынаста болатын

көптеген іс-әрекеттердің өзара әрекеттесу процесінің нәтижесі ретінде көрінеді. Басқаша айтқанда тұлға іс-әрекеттің иерархиялық қатынастарының жиынтығы болып табылады. А.Н. Леонтьевтің айтуынша осы айтылған іс-әрекеттердің иерархиясы тұлғаның дербес дамуында туындай отырып, олар тұлғаның негізгі «өзегін» құрайды. Сонда іс-әрекеттің иерархиялық құрылымының психологиялық сипаттамаларын қалай түсіндіруге болады деген орынды сұрақ туады? Іс-әрекеттің иерархиялық құрылымын түсіндіру үшін А.Н. Леонтьев «қажеттілік», «мотив», «эмоция», «мән» мен «мағына» секілді психологиялық ұғымдарды пайдалана отырып, олардың әрқайсысын жеке-жеке талдайды.

А.Н. Леонтьев қажеттілікті – объективті мұқтаждық деп түсінеді. Оның айтуынша қажеттілік ең алдымен өтелмей тұрғанда, ол өзінің затын танымайды, сондықтан қажеттілік өз затын тауып алуы қажет. Қажет еткен затпен кездеспей тұрғанда адамда іздестіру әрекеті жүзеге асады. Мұндай әрекеттерді адамдағы процессуалды мотивтер ғана оятады. Іздестіру әрекеті үстінде қажеттілік өз затымен кездеседі. Қажеттілік өз затымен кездескен сәтте, ол өзінің затын таниды, яғни мұны А.Н. Леонтьев қажеттіліктің заттылану процесі деп атады. Егер осы зат қажеттілікті өтей алатын болса, онда адамда мотив пайда болады. Мотивті А.Н. Леонтьев қажеттіліктің заты ретінде анықтады. Мотив деп – адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін оятатын және оған бағыт беретін түрткіні, яғни қажеттіліктің затын айтамыз. Егер біз осы жағдайға мұқият көңіл аударатын болсақ, онда адамның қажеттілігін кез келген заттың өтей алмайтынына көз жеткіземіз. Олай болса адам іздестіру іс-әрекеті үстінде өз қажеттілігінің нақты затын анықтайды. Сондықтан нақты зат қана іс-әрекеттің мотиві бола алады.

Бірақ адамдағы іс-әрекет мотивінің пайда болуы мен қалыптасуы әртүрлі болып келеді. А.Н. Леонтьев адамдағы іс-әрекет мотивінің пайда болуы мен жүзеге асуының механизмдерін түсіндіру үшін психологиядағы эмоция мен тұлғалық мағына категорияларын талдауға ерекше көңіл аударады. Оның айтуынша кейде адамның іс-әрекет мотивы, оның мақсатымен сәйкес келе бермейді. Мотивтің мақсаттан айрымашылығы, оның саналы түрде сезіле бермеуінде. Адам қандай да бір іс-әрекетті атқарғанда, оны оятатын мотив туралы өз-өзіне ешқандай есеп беріп жатпайды. Себебі, мұндай жағдайда адамның іс-әрекетін оятатын мотивтер санадан тыс түрде кездеседі. Егер іс-әрекеттің мотиві саналы түрде сезілмесе, онда ондай мотивтер

санада қалай бейнеленеді, әлде олар санада бейнеленбей қала бере ма деген оранды сұрақ туады? А.Н. Леонтьевтің пікірінше мұндай мотивтер санада басқаша түрде, атап айтқанда іс-әрекеттің эмоциялық бояуында бейнеленеді. «Тіпті мотив саналы түрде сезілмесе де, яғни әртүрлі әрекеттерді жасауға, оны түрткілейтін нәрселер туралы адам өз-өзіне есеп бермеген жағдайда да, бәрі бір олар өзінің психикалық бейнесін табады, бірақ ол ерекше нысанда – әрекеттің ерекше эмоциялық бояуы түрінде бейнеленеді», - дейді ол.

Іс-әрекет бағытында эмоция өзіне іс-әрекетті бағындырмайды, керісінше ол іс-әрекеттің нәтижесі мен оның қозғалысының «механизмі» болып табылады. А.Н. Леонтьев өз тұжырымдамасында эмоцияны іс-әрекет нәтижесінің мотивке қатынасын бейнелейтін процесс ретінде анықтайды. Егер іс-әрекет мотивы табысты аяқталса, онда жағымды эмоция пайда болады, ал керісінше іс-әрекеттің мотивы сәтсіз аяқталса, онда жағымсыз эмоция пайда болады. «Эмоцияның ерекшелігі, ол мотивтер жетістіктің не субъектінің іс-әрекетін табысты жүзеге асыруға жауап беретін, оның мүмкіндігі арасындағы қатынасты бейнелеуден тұрады», - дейді ол.

Олай болса, эмоция іс-әрекет мотивінің жүзеге асу не аспай қалу жағдайындағы сәттерді бағалау үстінде туындайтын адамның күйі болып табылады. Өз іс-әрекетінің нәтижесін адамның ойша бағалауы, оған қандай да бір жеке мағыналарды туғызады. Осындай сәттерде адам өз іс-әрекетінің мотивын саналы түрде ұғынатын болады. Мұндай жағдайда іс-әрекеттің мотивы, оның мақсатына сәйкес келеді. Мотивтердің бұл түрін А.Н. Леонтьев мотив-мақсат деп атады.

Сонымен А.Н. Леонтьевтің түсінігінде мотив екі түрлі қызмет атқарады. Біріншіден, кейбір мотивтер мінез-құлық пен іс-әрекетті оятып, оларға бағыт беріп қана қоймай, сонымен қатар, олар іс-әрекеттің субъективті жағын туғызып, тұлғалық мағынаны әкеледі. Мұндай мотивтерді А.Н. Леонтьев мағына құрушы мотивтер немесе мағыналы мотивтер деп атады. Ал екіншіден, басқа бір мотивтер жағымды және жағымсыз өткір эмоциялық күйлермен іс-әрекетті оятса да, олардың мағына құрушы қызметі болмайды. Мұндай мотивтерді А.Н. Леонтьев мотив-түрткі немесе ынталандырушы мотивтер деп атады.

Ол өзінің 1977 жылы жазған - «Тұлға. Сана. Іс-әрекет» атты еңбегінде – «тұлғаны іс-әрекеттің ішкі сәті» - деп анықтады. Олай болса, тұлғаның осындай ішкі сәттерін құрайтын, тұлға

құрылымының психологиялық негізі, оның мотивациялық шеңбері болып табылады. Бірақ тұлғаның мотивациялық шеңбері, оның иерархиялық құрылымымен анықталады. Мотивациялық шеңбердің иерархиялық құрылымы деп әдетте, осы шеңбердегі мотивтердің рет-ретімен орналасу тәртібін айтады. А.Н. Леонтьевтің тұжырымдамасында мағыналы мотивтер мен ынталандыратын мотивтердің иерархиясы тұлғаның мотивациялық шеңберін құрайды. Оның айтуынша мағыналы мотивтер тұлғаның өмірінде жетекші рөлді атқара отырып, олар мотивациялық шеңберде жоғарғы иерархиялық орынды иелейді. Сондай-ақ ол өз тұжырымдамасында психологиядағы тұлға мен индивид ұғымдарын теориялық тұрғыдан ажырата отырып, индивидке тән ынталандыратын мотивтердің, ал тұлғаға тән мағыналы мотивтердің сәйкес келетінін айтады. Олай болса, А.Н. Леонтьев бойынша тұлға, ол өзінің мағыналы мотивтерімен анықталады.

Сонымен қоса, А.Н. Леонтьевтің жұмыстарындағы «мән» мен «мағына» ұғымдарын ажырату сана мен мотивтің арақатынасын түсінуге жасалған маңызды қадымдардың бірі болды. А.Н. Леонтьев мәнді адамзаттың қоғамдық практикасының, қоғамдық тәжірибелерінің кристалданған, идеалды, рухани түрі ретінде сипаттады. «Адам өткен ұрпақ адамдарының тәжірибелерін өз өмірінде меңгереді: атап айтқанда, бұл олардың мәнді меңгеруі түрінде өтеді... Сонымен, психологиялық мән – бұл менің санама (өзінің толықтығы мен көп қырлылығы жағынан азды-көпті) игілік етіп қондырылған, адамзат баласы өндірген білімдер, ұғымдар түрінде немесе тіпті жалпыланған «әрекеттің бейнесі», мінез-құлық нормалары және т.б. секілді ептіліктер түрінде бекіген шындықтың жалпылама бейнеленуі», - дейді.

А.Н. Леонтьевтің теориясында мәннің екі түрлі табиғаты сипатталады: біріншіден, мән қоғамдық сананың бірлігін құрайды. Қоғамдық тәжірибенің жиынтығын белгілі бір түрде көрсететін қоғамдық сананың бірлігі ретіндегі мән – жалпы адамзат баласы жинақтаған тәжірибенің нәтижесі болып табылады. Оған адамзатқа тән дамыған ұғымдар мен қоғамдық санада бекіген білімдер жатады. Сондай-ақ, оған ғылыми түсініктер мен қатар шындықтың әртүрлі дәрежелерін көрсететін элеуметтік стереотиптер, мінез-құлық нормалары және т.б. секілді қарапайым түсініктер де кіреді. Олар ұрпақтан-ұрпаққа беріле отырып, қоғамдық сананың белгілі бір мәдени-тарихи сипатын бейнелейді. А.Н. Леонтьевтің пікірінше

мәнді жасамаса да, оны сақтайтын тіл болып табылады. Ол былай дейді: «Объективті шындықты танып білу мен өзгерту процесіндегі әрекеттен өндірілген қоғамдық тәсілдер тілдің мәнінде бүркемеленіп жатыр». Әрбір адам мәнді өзі жасмайды, оны меңгереді. Сондықтан, мәндер жүйесі білім ретінде немесе білімнен шыққан түсініктер, білімдердің жиынтығы болып табылады.

Екіншіден, мән индивидуалды сананы құрайды. Мұнда мән тұлғалық мағынаға айналады, яғни мұны ғалымның өз сөзімен айтсақ, мән «мен үшін мәнге» айналады. Оны түсіндіру үшін ол былай дейді: «Қызыл сәтхана бағасының мәні мен одан шығатын салдарларды жоғары сыныптың оқушылары әрине жақсы біледі. Сонымен қоса олардың әрқайсысының санасы үшін баға әртүрлі болуы мүмкін: айтанық, таңдаған мамандығына қадам басу (немесе кедергі келтіру) немесе өзіне басқалардың көзін жеткізудің тәсілі, не болмаса мүлде басқаша. Міне, осы жағдай психологияның алдына саналы түрде сөйлеген объективті мән мен оның субъекті үшін мәнін ажыратудың қажеттілігін қояды. Терминдердің қосарлануынан құтылу үшін мен соңғы жағдайды тұлғалық мағына деп айтамын. Онда келтірілген мысал мынаны: бағаның мәні оқушылардың санасында әртүрлі тұлғалық мағыналарды тудырады дегенді білдіреді», - дей отырып, А.Н. Леонтьев мағынаны мәннен шығарады. Мағына дегеніміз «мен үшін мән болып табылады», - деп дәлелдейді ол.

А.Н. Леонтьев өзінің соңғы жұмыстарында тұлғаға былай деп анықтама береді: «Тұлға индивидке \neq ; бұл өз табиғатында қоғамдық, индивид араласатын қатынастардың тұтас тобында, индивидтің қоғамда тауып алған ерекше сапасы; басқаша айтқанда: тұлға жүйелі, сондықтан «аса сезімтал» сапа, дегенмен оның туа берілетін және өмір үстінде пайда болған барлық қасиеттерін қоса алғанда осы сананың иесі тым сезімтал, денесі бар индивид болып табылады». Тұлғаға берген осы анықтаманы талдай отырып, А.Г. Асмолов, Б.С. Братусь және т.б. психологтар А.Н. Леонтьевтің «аса сезімтал» сапа деген ұғымын кейін өзі тұлғалық мағына ұғымымен нақтылағанын айтады. Олай болса, тұлға аса сезімтал сападалардан, атап айтқанда тұлғалық сапалардан тұрады.

Осы айтылған негіздердің бәрі А.Н. Леонтьевке тұлғаның іс-әрекетінен, оны анықтаудың үш түрлі негізгі параметрлерін бөліп шығаруға мүмкіндік береді:

-оның іс-әрекеті арқылы адамның қоршаған дүниемен байланысының кендігін анықтау;

- мағына құрушы мотивтердің (мотив-мақсаттың) иерархиясына айналған, осы байланыстардың иерархияланған дәрежесін анықтау;
- осы байланыстардың, дәлірек айтқанда мағыналы мотивтердің жалпы құрылымын анықтау.

Сонымен, А.Н. Леонтьев бойынша тұлғаның қалыптасуы бұл «тұлғалық мағыналар жүйесімен байланысты қалыптасу» процесі болып табылады.

4.7 Л.И. Божовичтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы

Егер А.Н. Леонтьевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасында басты орынды «тұлғалық мағына» иелейтін болса, Л.И. Божовичтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасында тұлға құрылымының жүйе құрушы белгісі ретінде «тұлғаның ішкі ұстанымдары (позициялары)» немесе оның бағыттылығы иелейді. «Біз тұлғаның тұтастай құрылымын ең алдымен, оның бағыттылығы анықтайтындығы жөніндегі болжамды теориялық талдаулар негізінде бөліп шығарып отырмыз», - деп жазады ол өз еңбегінде. Л.И. Божович «тұлғаның кез келген сапаларының сипаты мен құрылымы адам тұлғасының бағыттылығына тәуелді» деп түсінеді. Оның айтуынша тұлға бағыттылығының негізін адамның мотивациялық шеңберінің құрылымын сипаттайтын, оның өмір үстінде пайда болған доминациялаушы (билеуші) тұрақты мотивтерінің жүйесі, негізінен қалған барлық мотивтерді өзіне бағындыратын жетекші мотивтер құрайды. Л.И. Божович мотивтердің осындай иерархиялық жүйесінің болуы, тұлғаның ең жоғарғы дәрежедегі тұрақтылығын қамтамасыз етеді дейді. Дәлірек айтқанда, тұлға бағыттылығының мазмұны, оның қызығушылықтарының, ұмтылыстарының, қайғыруларының, мінез бітістерінің және т.б. ерекшеліктерімен сәйкес келеді. Сонымен қоса Л.И. Божович тұлғаның бағыттылығы тұлғаның өзіне тән сапаларының ерекшеліктеріне ғана тәуелді болып қоймай, олардың әрқайсысының құрылысына да байланысты болып келеді дейді.

Осындай идеяларды басшылыққа алған Л.И. Божович өз тұжырымдамасында тұлғаның құрылымынан жетекші орынды иелейтін, оның аффективті-мотивациялық-қажеттілік шеңберін бөліп шығарады. Л.И. Божовичтің пікірінше тұлға деп психикалық дамуы белгілі бір дәрежеге, айтарлықтай жоғары деңгейге жеткен адамды ғана айтуға болады. Бұл деңгей өзін-өзі тану процесінде кездесетін

адамның өзін қабылдай бастауымен, біртұтас ретінде өз-өзіне жаны ашуында және «Мен» түсінігінде көрініп, өзін басқалардан ажырата алуымен сипатталады. Сондай-ақ Л.И. Божович өз жұмысында «моральдық дамуы жоғары деңгейге жеткен адамдарды ғана тұлға деп өсентеуге болады деп санайтындармен жиі-жиі қақтығысуға тура келетінін» айта отырып, бұл пікірлерге өзінің қосылмайтынын білдіреді. Оның пікірінше адамның барлық іс-әрекеті мен мінез-құлқын анықтайтын тұрақты мақсаттары мен тұрақты көзқарастары бар кез-келген адамды, оның осы айтылған мақсаттары мен көзқарастарының мазмұны қандай болуына қарамастан тұлға деп айта беруге болады. Л.И. Божовичтің айтуынша тұлғаның дамуы мен қалыптасуы баланың өте ерте кезінен басталып, оның өмірінің ақырына жейін жалғасады.

Бала тұлғасының дамуы мен қалыптасуын Л.И. Божович, оның мінез-құлқын тікелей оятатын, бірақ саналы түрде сезіле бермейтін немесе жарым-жартылай сезілетін қарапайым қажеттіліктерден саналы түрде қойылған мақсаттар мен ниеттер арқылы жүзеге асатын жанама қажеттіліктерге біртіндеп жүйелі көшуі ретінде қарастырады.

Әрбір жас кезеңдерінде баланың мотивтері мен мотивациялық шеңберінің иерархиялық құрылымы өзіне тән ерекшеліктермен сипатталады. Алғашқы балалық шақта, яғни бөбек жасында баланың мінез-құлқы, оның санасынан тыс түрде кездесетін және әртүрлі жағдайлардан туындайтын тікелей аффективті үрдістерге уақытша бағынуымен анықталады. Одан әрі бір қалыпты доминациялаушы қажеттіліктердің негізінде балада біршама тұрақты түрде кездесетін мотивтердің иерархиялық жүйесі қалыптасады. Баланың онтогенетикалық дамуының (жеке дамуының) соңғы сатыларында мотивтердің иерархиялық жүйесі барынша жоғары тұрақтылыққа ие болып, сыртқы ортаның әсерлерінен еркін бола бастайды. Мұнда субъекті өзінің нанымдары мен жеке көзқарастарына сүйенетін болады.

4.8 С.Л. Рубинштейннің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы

Психологиядағы тұлға мәселелерін сипаттауға кіріскенде С.Л. Рубинштейн ең алдымен психикалық процестердің адам тұлғасына тәуелді болатындығына ерекше назар аударады. С.Л. Рубинштейннің пікірінше мұндай тәуелділікті біріншіден, адамдар арасындағы

индивидуалды-дифференциалды (дара) ерекшеліктерден көруге болады. Адамның индивидуалды, яғни тұлғаның даралық ерекшеліктеріне байланысты әр адамда қабылдау мен бақылау, ес, зейін және ақыл-ой секілді психикалық іс-әрекеттерінің типтері де түрліше болады.

Психикалық процестердің тұлғаға тәуелділігі екіншіден, психикалық процестердің даму барысының өзі тұлғаның жалпы дамуына тәуелділігінен көрінеді. Оның айтуынша сол арқылы әрбір тұлға жүріп өтетін және онда оның дамуы жүзеге асатын тіршілік заманының ауысуы адам өміріндегі бейім-бағдарлар мен қызығушылықтардың, құнды бағдарлардың ауысуына ғана әкеліп қоймай, сонымен қатар оның еркі мен сезімдерінің ауысуына да өз әсерін тигізеді. «Біздің өміріміздің белгілі бір кезеңдері не дәуірі ескіріп, қайтып оралмасқа кеткенде, оның орнына жаңасы келеді, сондай-ақ ең алдымен ескі сезімдер құрып, олардың орнын жаңасы басады; эмоциялық өмірдің тұтас қатары ауысады. Тұлғаның қазіргі кездегі бейім-бағдарлары мен сезімдерінің байланысы, оның өткен сезімдерімен байланысына қарағанда маңыздырақ болып келеді», - дейді ол. Басқаша айтқанда сырқат адамның жеке басының елеулі өзгерістеріне ауру қалай әсер етсе, оның даму барысындағы тұлғасының өзгеруі де психикалық процестерінің өзгеруіне сондай әсер етеді.

Психикалық процестердің тұлғаға тәуелділігі үшіншіден, тұлғаның психикалық қызметіне айналуынан көрінеді, яғни С.Л. Рубинштейннің айтуынша осы процестердің өзі тәуелсіз дамыған процестер ретінде қалып қоймай, олар адамның іс-әрекетін саналы түрде реттейтін операцияларға айналады. Сонымен, тұлғаның даму барысында қабылдау процесі азды-көпті саналы түрде реттейтін процесс бақылауға айналады. Сол секілді, адам есіндегі ырықсыз әсер алу процесі саналы түрде есте сақтайтын процеске ауыса отырып, ұйымдасқан жаттау операциясына көшеді, сондай-ақ ырықсыз еске түсіру процесі ырықты еске еске түсіру процесіне айналады. Ал ойлау процесі болса, ол өз табиғатында міндеттерді саналы түрде шешуге бағытталған операциялардың жиынтығынан тұрады. Адамның өзіне тән зейінінің ерекше түрі «ырықты» болып келеді, яғни тұлғаның зейіні саналы түрде реттеледі. С.Л. Рубинштейннің пікірінше, осы айтылған адамның барлық психологиясы тұлға психологиясы болып табылады.

С.Л. Рубинштейннің тұлға жөніндегі тұжырымдамасының тағы бір ерекшелігі, оның тұлғаны қоршаған дүниемен өзара әрекеттестікте қарастыруында еді. Ол тұлғаны «барлық сыртқы әсерлерді өзінше қабылдап, өзінше ұғынатын ішкі жағдайлардың жиынтығы» ретінде анықтайды. С.Л. Рубинштейн былай деп жазады: «біз органикалық емес табиғаттан органикалыққа, тірі ағзалардан адамға қарай неғұрлым «жоғары» көтерілген сайын, құбылыстардың ішкі табиғаты соғұрлым күрделі бола бастайды және сыртқыға қарағанда ішкі жағдайлардың үлес салмағы соғұрлым көп болады». Атап айтқанда, С.Л. Рубинштейннің осы айтқан әдіснамалық тұжырымдары, оның адам «тұлға болып туылмайды, ол қалыптасады», - дейтін қағидасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен, С.Л. Рубинштейн бойынша адамның барлық психикалық процестері тұлғаның мазмұнын сипаттай отырып, олар іс-әрекет барысында тұлғаның қасиетіне айналады. Оның тұжырымдамасында адамның психикалық процестері мен қасиеттері бір-бірімен тығыз байланыста кездесетін және өзара ажырамайтын тұлғаның кейпін сипаттайды. Бірақ С.Л. Рубинштейннің айтуынша тұлғаның психикалық қасиеттерін, оның психикалық процестерінен ажырата да білу қажет. С.Л. Рубинштейннің пікірі бойынша тұлғаның бағыттылығы мен мінезін, оның қабілетін сипаттайтын адамның ерекше белгілері тұлғаның негізгі сипаттарын құрап, оның психикалық кейпін анықтайды. Барлық психикалық процестер, олардың нақты ағымдары бір жағынан қабылдағыштық, әсерленгіштік және т.б. секілді тұлғаның қасиеттері мен ерекшеліктеріне тәуелді болып келсе, екінші жағынан – «психикалық процестердің әрбір түрі тұлға өмірінде өз рөлін атқара отырып, іс-әрекет барысында тұлғаның қасиетіне айналады» - дейді. Олай болса, С.Л. Рубинштейн бойынша тұлғаның қасиеттері о бастан-ақ туа берілген қасиеттер емес, олар іс-әрекет барысында қалыптасатын қасиеттер болып табылады.

Сондай-ақ ол өз еңбегінде тұлғаның іс-әрекет үстінде пайда болып, іс-әрекеттің үстінде қалыптасатынын ерекше атап көрсетеді. Сондықтан тұлғаны іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарастыру С.Л. Рубинштейнге тұлғаның «психологиялық мазмұны» жөніндегі мәселені қоюына мүмкіндік берген. Басқа да отандық психологтар секілді С.Л. Рубинштейн де тұлғаның негізін, оның саналы әрекетінің мотивы құрайтынын айтады. Сонымен қоса, оның

тұжырымдамасында тұлғаны саналы әрекеттің мотивтерінен басқа санадан тыс түрде кездесетін адамның бейім-бағдарлары мен үрдістерінде (тенденциясында) сипаттайды. С.Л. Рубинштейн бейім-бағдарлар мен үрдістерді тұлғаның психикалық қасиеттеріне жатқыза отырып, оларды тұлғаның бағыттылығы ретінде қарастырады. Осындай негіздемелерге сүйенген С.Л. Рубинштейннің көзқарасы бойынша тұлға психологиясын түсіну үшін мынадай жағдайларды білудің маңызы өте зор:

1) тұлғаның мінез-құлқында, жасаған әрекеттері мен қылықтарында кездесетін психикалық қасиеттері бір мезгілде көрініп, бір мезгілде қалыптасатынын;

2) тұлғаның психикалық кейпі мен алуан түрлі қасиеттерінің көрінісі, оның өмір салты шынайы болмысымен анықталып, нақты іс-әрекеттерде қалыптасатынын;

3) тұлғаның психикалық кейпін зерттеп білу үшін мынадай үш түрлі сұрақты шешіп алу қажет екенін:

- тұлға нені қалайды, оған не тартымды, ол неге ұмтылады? Бұлар тұлғаның бағыттылығы, бейім-бағдарлары мен үрдістері, қажеттіліктері, қызығушылықтары мен мұраттары туралы сұрақтар;

- тұлға не істей алады? Бұл тұлғаның қабілеті, оның дарындылығы, таланты жөніндегі сұрақ;

- алайда қабілет – ең алдымен, оның мүмкіндігі ғана; сондықтан адамның оны қалай жүзеге асыратындығы мен пайдаланатындығын білу үшін, оның үрдістері мен бейім-бағдарларын, оның қаны мен сүйегіне сіңген және оның тұлғасының негізгі ерекшелігі ретінде бекіген, бізге әлі оның қандай екенін білу қажет. Бұл тұлғаның мінезі туралы сұрақ», - дейді ол.

Тұлғаның психикалық кейпінен, оның осы жақтарын бөліп шығара отырып, С.Л. Рубинштейн нақты іс-әрекеттерде олар біртұтас болып бірігетін, олардың өзара шарттылығы мен өзара байланыстылығын атап көрсетеді. Сондай-ақ ол бірыңғай жағдайлардағы адамның белгілі бір қылықтарынан туындайтын тұлғаның бейім-бағдарлары мен бағыттылығы, соңында оның мінезіне айнала отырып, тұлғаның қасиеті түрінде бекиді дейді. Сонымен қоса С.Л. Рубинштейн адамның белгілі бір іс-әрекет саласына деген қызығушылығының болуы, оның осы бағыттағы қабілетінің дамуына түрткі болатынын, ал іс-әрекетке қабілетінің болуы, оны осы іс-әрекетті ойдағыдай атқаруға көмектесіп, оған деген қызығушылығын оятатынын айтады.

Сол секілді, адамның қабілеті мен мінезі де бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Адамдағы қабілеттің болуы, оның өзіне деген сенімділігін, беріктігін, шешімге келгіштігін не керісінше оның өзін дәріптеушілігін не оның бейқамдығын білдіреді. С.Л. Рубинштейн бойынша адамның қабілеті, оның мінез қасиеттерінің жүзеге асуымен дамитын болғандықтан, олар қабілеттің дамуына жағдай жасайды. Ал мұның өзі өз кезегінде адамның табандылығы, мақсатқа талпынушылығы, шыдамдылығы, қайсарлығы секілді мінез қасиеттеріне байланысты болады. Олай болса, С.Л. Рубинштейннің тұжырымдамасында тұлғаның психикалық кейпінің барлық жақтары бір-біріне ауысып көше отырып, шынайы өмірде ажырамайтын бірлікті құрайды.

4.9 Д.Н. Узнадзеңің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы

Бейім-бағдар теориясының авторы Д.Н. Узнадзеңің тұлға жөніндегі тұжырымдамасы кеңес психологиясында ерекше орын алады. В. Вундттың, И. Фолькеттің және т.б. мектептерінде психологиямен айналысып, Германияда жоғары білім алған Д.Н. Узнадзе 1909 жылы «В. Соловьевтың метафизикалық дүниетанымы және оның таным теориясы» атты тақырыпта өзінің докторлық диссертациясын қорғайды. Содан соң ол Грузияға қайта оралып Тбилиси университетінде алғаш рет психология кафедрасы мен психология бөлімін және эксперименттік психологияның лабораториясын ашады. Бұл лабораториядағы Д.Н. Узнадзеңің эксперименттік зерттеулерінің негізгі пәні психологиядағы бейім-бағдар мәселесі болды. Қабылдау процесінде туындайтын әртүрлі иллюзияларды (*illusio* – латынша алдану, қателесу дегенді білдіреді) эксперименттік тұрғыдан зерттей келе, Д.Н. Узнадзе олардың пайда болуының негізінде шешуші рөл атқаратын қандай да бір бейім-бағдарлы құбылыстың жатқандығын айтады.

Қабылданатын жағдайға қайтарылған жауаптың жылдамдығын анықтайтын себептердің өткен тәжірибемен байланыстылығын анықтау үшін бұл ұғымды алғашқыда неміс психологы Л. Ланге, ал соңынан А. Бине қолданды. 1900 жылы А. Бине адамдағы иланушылық құбылысты зерттегенде, оны аттитюд деп атай отырып, бейімділік құбылыстарының қалыптасу жолдары жайлы болжам жасады. Эксперимент жағдайында ол оқушыларға алдымен бірінші

сызықты, ал соңынан екіншісін көрсетіп, олардан осы сызықтардың қайсысының ұзын екенін анықтауды сұрайды. Осы жағдайды А. Бине оқушыларға бірнеше рет қайталаған, бірақ мұнда екінші сызық ұзын болған. Ең соңында оқушыларға ұзындықтары бірдей екі сызықты бірінен соң бірін көрсеткенде, олар екінші сызықты ұзын деп қабылдаған. Бұл құбылыстың эксперименттік нәтижелерін қорытындылай отырып, А. Бине бейім-бағдарлы көрсетулер үстіндегі оқушыларда пайда болған екінші сызықты біріншіге қарағанда ұзынырақ дейтін ерекше қатынас, оларда автоматты түрде қалыптасты деп түсіндірген еді. * Міне «бейім-бағдар» ұғымы психология ғылымында осылайша дүниеге келді.

Кеңес психологиясында бейім-бағдардың теориялық қағидалары мен эксперименттік нәтижелерін грузин психологы Д.Н. Узнадзе өзінің 1925 жылы жазған «Эксперименттік психология негіздері» атты еңбегінде толығырақ жариялады. 1931 жылы ол ғылымда «Узнадзе әсері» деген атқа ие болған бейім-бағдардың жаңа заңдылықтарын ашты. Д.Н. Узнадзенің пікірінше, бейім-бағдар қандай да бір қасиет түрінде кездесіп, саналы түрде сезілмейді, бірақ ол осыған қарамастан адамның қоршаған шындықпен өзара әрекеттестігінің жанамалаушы механизмі болып табылады. Атап айтқанда, бейім-бағдар адамды тек қандай да бір тәсілдермен берілген түрткінің сипатына тәуелді тіршілік иесі ғана емес, белсенді қайраткер ретінде де сипаттай алады. Д.Н. Узнадзенің теориясы бойынша, бейім-бағдар белгілі бір қажеттілікті өтеу үшін және осы жағдайға мінез-құлықтың икемделуі, дайындықтың тұтастай тұлғалық күйі болып табылады. Осы қажеттілікті жүзеге асыруға болатын жағдайдың қайталануы нәтижесінде, бейім-бағдар бекиді. Жағдайдың қайталануында көрінетін бейім-бағдарды Д.Н. Узнадзе бекіген бейім-бағдар деп, ал өзекті жағдай үстінде пайда болатын бейім-бағдарды ол алғашқы бейім-бағдар деп атады.

Д.Н. Узнадзе өз зерттеулерінде алғашқы бейім-бағдар үстіндегі құбылысты былайша сипаттайды. Ол әрқайсымызға белгілі күнделікті өмірден бізге жақсы таныс жағдай, кенеттен шөлдеген адамның мінез-құлқын сипаттауға назар аударады. «Айталық мен қатты шөлдедім, осы жағдайда мен салқын сусын сататын жерден өттім, оның жанынан маған күніне бірнеше рет өтуге тура келсін делік. Осы кезде сусындар қызықтырып тұрғандай, мені өзіне тартып тұрғанын мен сезе бастаймын. Қазір маған біршама тартымды болып көрінген осы құмарлыққа бағынып, мен тоқтай қалып өзіме суға

тансырас беремін. Мен шөлімді басысымен-ақ, су мен үшін тартымдылық күшін жояды, егер мен сондай күйде сол орыннан тағыда өтсем, ол менің қызығушылығымнан тыс қалады не болмаса мен оны тіпті байқамағандай боламын», - дейді ол. Сондай-ақ Д.Н. Узнадзе мінез-құлықты түсіну үшін осы жағдай ең маңыздысы бола тұра, осы құбылыс ғылымда дұрыс қолданылмай, әлі күнге дейін түсініксіз болып келгенін атап көрсетеді. Сонымен қоса бұл құбылысты зерттей келе ол адамның психикалық іс-әрекетін талдау ең алдымен, оның бейім-бағдарын зерттеуден басталуы тиіс деген қорытынды жасайды.

Сондай-ақ, Д.Н. Узнадзе қажеттілікті одан тыс жатқан бірдемеге мүлтіксіз түрінде көрінетін, ағзаның психофизиологиялық күйі ретінде анықтайды. «Егер ағзада қажеттілік пайда болмаса ол қозғалысыз қалар еді. Қажеттілік белсенділікке күш береді, бейім-бағдар бағытынан белсенділікке көшуге, ең бастысы – алғашқы бейім-бағдардың негізгі ерекшелігі оның динамикалылығына өтуіне әкеледі», - дейді ол.

Ертеректе кеңес психологиясында іс-әрекет пен бейім-бағдардың ара қатынасы жайындағы мәселелер көптеген пікір таластар тұтастай барша психологтарға белгілі. Осыған қатысты А.Г. Асмолов өз кітабында – іс-әрекет пен бейім-бағдар арасындағы қатынас мәселелерін шешу жолында кедергі тас болып табылатын бейім-бағдарды бейнелеу, алғашқы бейім-бағдар туралы сұрақтар осы кезге дейін пікір талас күйінде қалып отыр. Бейім-бағдардың «біріншілігі» туралы пікір талас – мұның мәні негізінде психикалық құбылыстар жатқан категория жайындағы пікір талас болып табылады», - деп атап көрсетеді.

Дегенмен, осы тұжырымдамалардың қай-қайсысын алсақ та, олар дербес талдаулардың пәні болатыны даусыз, бірақ іс-әрекеттегі бейім-бағдар құбылыстарының орны мен ролін, сондай-ақ, іс-әрекет пен бейім-бағдар арасындағы өзара қатынастар жайындағы мәселелерді бұл екі тұжырымдама өзінше шешуге тырысты. Соның нәтижесінде екі қарама-қайшы бағыттар пайда болды. Д.Н. Узнадзе мектебінің өкілдері, атап айтқанда, А.С. Прангишвили, А.Е. Шерозия, Ф.Б. Басенин, Ш.А. Надирашвили және т.б. көптеген жылдар бойы белсенділіктің кез келген түрінің өрістеуін алдын-ала анықтайтын алғашқы бейім-бағдардың болатындығы жайлы идеяны жақтап, психологияда бейім-бағдар мәселесін бірінші орынға қойды. Ал іс-әрекет бағытын жақтаған ғалымдар А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец

және т.б. болса, оған қарама-қарсы бағытты ұстанып, алдымен іс-қимыл болу керек, одан соң барып бейім-бағдар пайда болады деді.

Д.Н. Узнадзе мен іс-әрекет бағытының негізгі өкілдері Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, Д.Б. Эльконин және т.б. психологиядағы жалпы мәселені, психикалық процестерді талдаудың екі мүшелік сұлбасы – әсер етуші объекті мен оны бастан кешіретін субъектінің сол кездегі қалыпты күйінің өзгеруінде туындайтын тікелей бейнелеушілік пастулаттарын жеңу мәселелерін шешуді қарастырды. Д.Н. Узнадзе объектінің субъектіге әсері салдарынан туындайтын психикалық құбылысты алғашқы бейім-бағдар деп атауды ұсынса, А.Н. Леонтьев мұны заттық іс-әрекет деп атауды ұсынды. Бірақ бұл пікір таластар мұнымен аяқталған жоқ, оның салдары іс-әрекеттен бейім-бағдар туындай ма, жоқ әлде бейім-бағдардан іс-әрекет туындай ма деген үлкен даулы мәселелерге алып келді.

Сонымен, бейім-бағдар мәселелері бойынша негізгі зерттеулер Д.Н. Узнадзениң басшылығымен грузин психология мектебінде қарастырылды. Д.Н. Узнадзе бойынша бейім-бағдар адамның белгілі бір бағыттағы болашақ оқиғаларды қабылдауға санадан тыс дайындығы ретінде сипатталды. «Бейім-бағдар теорияларының негізгі қағидалары» атты 1941 жылы жазған еңбегінде Д.Н. Узнадзе алғашқы бейім-бағдарға былай деп анықтама береді: бейім-бағдар бұл – «өз табиғатында пайымдап қараудан, немесе әсерлі бейнелеуден, немесе белгілі бір себептермен пайда болатын тұтастай бейнелеу. Ол пайымдап қарауға немесе әсерлі бейнелеуге бара-бар жағдайларды қамтамасыз етіп, атап айтқанда, онда сондай қимыл-қозғалысты не психикалық актілер пайда болуы үшін ... соған субъектінің күйін, оның дайындығын өзінше реттеу болып табылады. Оны «бейім-бағдарлы бейнелеу» деп айтуға болады. Субъектінің психикасының мазмұны мен жалпы оның мінез-құлқының бәрі осы бейім-бағдар арқылы жүзеге асады деп мойындауға және соның салдарынан екінші құбылыс пайда болады деуге болады».

Ш.Х. Чхартишвили Д.Н. Узнадзениң осы тұжырымдамаларын дамыта отырып, алғашқы және бекіген бейім-бағдарлардың ара қатынасы жайындағы мәселелерді қарастырады. Егер алғашқы бейім-бағдар – бұл мінез-құлықтың барлық жалпы сипаттарын алдын-ала бейнелейтін, қашан да субъектінің қалпы болып табылса, бекіген бейім-бағдарды Ш.Х. Чхартишвили – осы бейім-бағдар өндірілетін субъектінің сол жағдаймен қақтығысында іске асатын әрекеттің

белгілі бір тәсілдерін қайта жүзеге асыруға бағытталған адамның дайындығы деп түсінді. Ш.Н. Чхартишвили екінші реттік бекіген бейім-бағдардың алғашқы бейім-бағдардан айырмашылығы, оның ұзақ уақыт сақталатындығында екендігін, тіпті кейде ол адам өмірінің ақсарына дейін сақталатындығын айтады. Ол өндірілген сол жағдайға тән болмайынша индивидуалды түрде өмір сүре береді. Бекіген бейім-бағдарларға негізделген осы жағдай пайда болғаннан кейін, ертеректе бекіген сол әрекет дамиды. Сондай-ақ, адамда бір мезгілде бекіген бейім-бағдарлардың саны шексіз болуы да мүмкін дейді. Сөйтіп, Ш.Н. Чхартишвили алғашқы және бекіген бейім-бағдарлардың өзіне тән ерекше белгілерін ажыратып берді.

А.В. Шеролия алғашқы бейім-бағдарды тікелей эксперименттік түрде зерттеудің мүмкін емес екендігін айтады. Оның пікірінше психология ғылымының түсіндіруші принципі болып табылатын, алғашқы бейім-бағдардың қасиеттері туралы нәтижелерді тек екінші реттік бекіген бейім-бағдарды зерттеуде алынған мәліметтер арқылы ғана жанама түрде талдауға болады.

Сонымен, келтірілген осы деректерге қарамастан Д.Н. Узнадзе өзінің алғашқы бейім-бағдар жайындағы пікірін өзгертпеді. Оның айтуынша алғашқы бейім-бағдар кет келген іс-әрекетте, соның ішінде қабылдауға дейінгі кезеңде де пайда болады, бірақ бейім-бағдар пайда болу үшін жағдайды қабылдағанда қажеттілік өтелуі тиіс. Ол бейім-бағдардың пайда болуы үстіндегі қажеттілікті сипаттай отырып: «Егер ол осы орта жағдайында өтуге болатын қажеттіліктен мүлде айрылған болса, орта өздігінен субъектінің әрекетіне ешқандай түрткі бола алмайды. Онымен өзара әрекеттестік орната отырып, біз қандай қажеттіліктерді меңгереміз, сонда ғана соған сәйкес орта біздің әртүрлі әрекеттеріміздің өзіне тән ерекше жағдайларына айналады», - дейді. Демек, Д.Н. Узнадзе бойынша бейім-бағдар қажеттіліктен туындайды.

Іс-әрекет теориясында А.Н. Леонтьев қажеттіліктің өз затымен көздесу процесін мінез-құлықтың пайда болуының маңызды сәттерінің бірі ретінде қарастырғанын сіздер алдыңғы бөлімдерден жақсы білесіздер. Бірақ, А.Н. Леонтьев қажеттіліктің заттылану процесін іс-әрекет мотивінің пайда болуымен ұштастырады. Ал Д.Н. Узнадзе болса бейім-бағдарды мотив ретінде сипаттамай, оны өзінше қарастырады. Ол өзінің бейім-бағдар теориясына сүйене отырып, мотивтің мағынасы адам өмірінде бекіген бейім-бағдарға сәйкес әрекетті орындау деп, оны ол субъектіні осы актіні орындауға

мәжбүрлейтін мақсатқа бағытталған, қанағаттандырылған, мойындалған мінез-құлық ретінде көрсетті. Осыған байланысты А.Г. Асмолов Д.Н. Узнадзенің мотивке жалпылама анықтама бермегендігін және соның салдарынан бейім-бағдар психологиясы соңғы зерттеулерде мотивтен ерекше етіп бөліп шығарған бейім-бағдардың өзінің іштей оятушылық бағасынан айрылғандығын айтады. Сондай-ақ, А.Г. Асмолов іс-әрекеттің маңызды алғы шарттарының бірі ретіндегі алуан түрлі қажеттіліктер мен іс-әрекетті реттейтін және бағыттайтын қажеттіліктер Д.Н. Узнадзенің теориясында өз бейнесін тапқан еді, бірақ оның тұжырымдамасындағы затпен кездескенге дейінгі қажеттілік пен затпен кездескеннен кейінгі қажеттіліктерді ажырату үстіндегі жанама субстанция алғашқы бейім-бағдар туралы түсінік бейім-бағдар теориясын салушылардың оны жеткілікті түрде айырып, анықтауына көптеген кедергілер келтірді дейді.

Д.Н. Узнадзе көрсеткендей, шындығында да қажеттіліктің психологиялық мазмұны туралы сөз тек мынадай жағдайда ғана болуы мүмкін, ол белсенділік барысында өзінің затымен кездеседі және осы затқа бағытталған іс-әрекетке дайындық түрінде көрінетін, оның затымен қажеттіліктің кездескеннен кейінгі субъектінің күйін тұтастай етіп көрсететін ерекше психологиялық ұғымды енгізеді. Ол осы күйді «бейім-бағдар» терминімен белгілейді. Олай болса Д.Н. Узнадзе бойынша бейім-бағдар ғана тұлғаның бағыттылығын анықтайтын, оның құрылымының негізгі сипаты болып табылады.

Д.Н. Узнадзенің бұл идеяларын дамыта отырып, бейім-бағдар теориясының өкілдері бейім-бағдардың табиғаты туралы түсініктерді біршама кеңейтуге тырысты. Мысалы, А.Е. Шерозия, бейім-бағдар кейбір «тұтастылықтың алғашқы психикалық күйі» ғана емес, санасыз және саналылармен қатар, саналы және санасыз процестер ретінде жүзеге асатындардың негізгі қызметін атқаратын барлық психикалық құрылымдардың маңызды бөлігі деп түсінді. Олар тұлғалық көріністерді іске ауыстырудың механизмі, соның ішінде іс-әрекетті де жүзеге асыратын бейім-бағдар болып табылады деді. Бұған мәскеу мен грузия психология мектептерінің психологтары арасындағы көп жылдық «іс-әрекеттің бейім-бағдары ма, жоқ әлде бейім-бағдардың іс-әрекеті ме?» - деген пікірталастар дәлел бола алады. Сонымен қоса, осы мектептің өкілдері бейім-бағдарды дайындық күйі ғана емес, сондай-ақ, оны сана көріністеріне жататын

«семантикалық мәні», «тұлғаның мағыналық сипаттамалары», «бейнелеудің алғашқы әсері» ретінде түсіндірді.

Д.Н. Узнадзе және оның шәкірттері «бейім-бағдарды бекіту» әдісінің көмегімен психикалық белсенділіктер процесінің «бұзылуын» және әртүрлі жалған қабылдаулардың бәсеңдеуі мен дамуында, пайда болуында үлкен орын алатын бекіген бейім-бағдарлардың маңызды рөлін зерттеуге қол жеткізді. Әлемдік психологияда Д.Н. Узнадзенің мектебі секілді ешбір мектеп осындай бағытта ешқандай үлкен жаңалықтар ашқан жоқ. Д.Н. Узнадзенің ізбасарлары өз ұстазына еліктей отырып, бекіген бейім-бағдарлардың сипатын, оның динамикалылығы мен статикалылығын, ырғақтылығы мен өрескелдігін, тұрақсыздығы мен тұрақтылығын, таралуын және т.б. жақтарын бөліп шығарды. Д.Н. Узнадзенің басшылығымен олар бекіген бейім-бағдарды зерттейтін астарлы әдістердің тұтастай қатарын, атап айтқанда Э.И. Ходжавы «бейтарап әріптер», Б.И. Хачануридзе «субсенсорлы тітіркендергіштер» әдісін салды. И.Т. Бжалова бейнелерден кейінгі материалдардағы бекіген бейім-бағдарларды зерттеді. Осы зерттеулердің көмегімен негізгі мәселе болып табылатын алғашқы бейім-бағдарды зерттеу мүмкін емес еді, - дейді А.Г. Асмолов.

Д.Н. Узнадзенің пікірінше бейім-бағдар адамның мінез-құлқын психикалық белсенділіктің екі деңгейінде, дәлірек айтқанда саналы және бейсаналы деңгейлерде реттейді. Бір жағынан адамның қажеттілігінен, ал екінші жағынан осы қажеттілікті өтеуге негізделген сыртқы ортадағы жағдайдың әсерінен пайда болатын бейім-бағдарлар адамның мінез-құлқын санасыз деңгейде реттейді. Сыртқы жағдайлар адам танымының пәніне айналғанда бейім-бағдар, оның мінез-құлқын саналы түрде реттейді. Бұл құбылысты Д.Н. Узнадзе бейім-бағдардың объективтіленуі деп атады.

Д.Н. Узнадзенің шәкірті Ш.А. Надирашивили тұлға деңгейінде жүзеге асатын тағы бір деңгейді, психикалық белсенділіктің әлеуметтік деңгейін бөліп шығарды. Мұндай жағдайда тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқының дереккөзі әлеуметтік қажеттіліктерден қалыптасатын әлеуметтік бейім-бағдарлардан (әлеуметтік мінез-құлықтың бейім-бағдарларынан) тұрады. Ш.А. Надирашивилидің айтуынша әлеуметтік бейім-бағдарлар тұлғаның өзіндік санасында бекіп, оның психологиялық бейнесінен көрінеді. Осы айтылған негіздемелер Д.Н. Узнадзеге тұлғаның құрылымында маңызды рөл

атқаратын бейім-бағдарды, оның жалпы психологиялық сипаты ретінде қарастыруға мүмкіндік берген.

4.10 В.А. Ядовтың тұлға жөніндегі тұжырымдамасы

Тұлға қалыптасатын нақты әлеуметтік жағдайлар мен тұлға құрылымының жалпы психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып негіздеген В.А. Ядовтың бұл тұжырымдамасын әлеуметтік-психологиялық тұжырымдамалар қатарына жатқызуға болады. В.А. Ядовтың осы тұжырымдамасының негізінде жоғарыда айтылған тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқының бейім-бағдарлы немесе диспозициялық реттелу механизмдері жатыр. Оның айтуынша тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқы алуан түрлі бейім-бағдарлар мен диспозициялық жүйелер арқылы реттеледі. Бірақ тұлғаның алға қойған мақсатына қарай әрбір нақты жағдайларда диспозициялардың белгілі бір деңгейі жетекші рөл атқарады. Диспозиция (disposition – лат. орналасу, икемделу) деп әдетте адамның белгілі бір мінез-құлық актілеріне, қылықтарға, әрекет етуге және олардың жүйелілігіне дайындығы мен икемділігін айтады. В.А. Ядовтың пікірінше диспозициялардың (бейім-бағдарлардың) өзі бір жағынан қажеттіліктердің иерархиясына диспозициялардың иерархиясы сәйкес келгенде, екінші жағынан жағдайлардың иерархиясына қажеттіліктердің иерархиясы сәйкес келгенде жүзеге асатын қажеттіліктер мен оған негізделген жағдайлардың болуында қалыптасады.

Сондай-ақ В.А. Ядов қажеттіліктердің иерархиясына қатысты адамның затқа бағытталған қажеттіліктерін әлеуметтік және физикалық қажеттіліктер ретінде жіктеп берді. Оның айтуынша қажеттіліктерді жіктеу бір жағынан биогендік қажеттіліктер мен социогендік қажеттіліктерді ажыратып көрсетуге негізделсе, екінші жағынан біршама кеңірек алуан түрлі әлеуметтік іс-әрекеттер мен қарым-қатынастар шеңберіне қосылатын тұлғаның социогендік қажеттіліктерінің де шеңбері кеңейетіндігін көрсету болып табылады. Осындай негіздер бойынша ол қажеттіліктердің мынадай түрлерін бөліп шығарады:

- психофизиологиялық, өмірлік қажеттіліктері;
- от басы төңірегіне деген қажеттіліктері;

«тұлғаның көптеген шағын топтар мен ұжымдарға қосылуындағы қажеттіліктері;

«тұлғаның тұтастай әлеуметтік жүйелерге қосылуындағы қажеттіліктері.

В.А. Ядовтың пікірінше осы айтылған қажеттіліктерді жүзеге асыруға болатын іс-әрекеттер мен жағдайлар, оларда иерархиялық құрылымнан тұрады. Іс-әрекеттер мен жағдайлардың иерархиялық құрылымын жіктеп көрсету үшін В.А. Ядов, «оның аралығында осы жағдайлардың негізгі сапалары сақталатын уақыт мерзімдерін», басқаша айтқанда, белгілі бір уақыт аралығына дейін созылатын тұрақты жағдайларды негізге алады.

Бұл құрылымның ең төменгі деңгейі тұрақтылығы аз уақытқа созылатын «заттық жағдайлардан» тұрады. Қысқа уақыттық мерзім ішінде адам қандай да бір жағдайдан екіншісіне көшеді.

Осы құрылымның келесі деңгейінде «топтық қарым-қатынас жағдайлары» орталасқан. «Топтық мораль» ретінде бекіген топтың негізгі талаптары біраз уақыт бойы өзгермей сақталатын болғандықтан, бұл жағдай алдыңғыға қарағанда біршама тұрақты болып келеді. Топтық қарым-қатынас жағдайына қарағанда уақыты жағынан біршама ұзаққа созылатын тұрақты жағдай, бұл әртүрлі әлеуметтік іс-әрекеттер шеңберіндегі адамның еңбек, бос уақыттағы, от басы өміріндегі іс-әрекеттер жағдайына қосылуы болып табылады.

Уақыт жағынан барынша тұрақты жағдай, бұл адамның өмірлік іс-әрекетінің жалпы әлеуметтік жағдайларына, оның экономикалық, саяси, мәдени іс-әрекеттерге қосылуы. В.А. Ядовтың пікірінше «тарихи уақыт» шеңберінде өзгерістерге ұшырамайынша бұл деңгей сақтала береді.

Тұлғаның диспозициясы адамның қажеттіліктері өтеліп, соның салдарынан оған сәйкес келетін диспозициялардың иерархиялық жүйесі қалыптасатын қажеттіліктер мен жағдайлардың өзара қақтығысында туындайтын мінез-құлық механизмдері екенін біз жоғарыда атап көрсеткен едік. Соған сәйкес тұлғаның диспозицияларының иерархиялық жүйесі де қарапайымнан күрделіге қарай орналасқан бірнеше деңгейлердің құрылымынан тұрады.

Тұлғаның диспозициялық жүйесінің ең төменгі деңгейінде қарапайым бекіген бейім-бағдарлар орналасқан. Олар адамда болатын физикалық қажеттіліктер мен қарапайым заттық жағдайлардың әсерінен қалыптасады. Мұндай бейім-бағдарлар өзгермейтін

болғандықтан, олар саналы түрде сезіле бермейді. Олар тек саналы процестердің негізінде жүреді.

Диспозициялық жүйелердің екінші деңгейі әлеуметтік бекіген бейім-бағдарлардан немесе әлеуметтік бейім-бағдарлардан тұрады. Олар тұлғаның алғашқы топқа қосылуында көрінетін әлеуметтік қажеттіліктер мен оған сәйкес келетін әлеуметтік жағдайлардың әсерінен қалыптасады. Әлеуметтік бейім-бағдарлар адамның жеке әлеуметтік объектілер мен олардың қасиеттерін және жеке әлеуметтік жағдайларды бағалау негізінде құрылады. В.Н. Мясищевтің тұжырымдамасына сай мұның мәнін «тұлғаның қатынасы» деп айтуға болады.

Диспозициялық жүйелердің үшінші деңгейін тұлға қызығушылықтарының жалпы бағыттылығы құрайды. Олар адамның аса жоғары әлеуметтік қажеттіліктері мен әртүрлі әлеуметтік іс-әрекеттің салаларына өзін теңестіруге бейімделуі негізінде қалыптасады. Шындығында да біз басым түсетін қызығушылықтардың бағыттылығын кейбір адамдарда кәсіби іс-әрекеттер шеңберінен көрсек, енді біреулерінен мұндай бағыттылықты, оның от басына деген қызығушылықтарынан, ал үшінші біреуінен мұндай бағыттылықты бос уақытындағы қызығушылықтарынан көреміз.

Диспозициялық жүйелердің ең жоғарғы деңгейін тұлғаның құнды бағдарларының жүйесі, оның өмірлік іс-әрекетіндегі мақсаттары мен оған қол жеткізудің құралдары құрайды. Олар тұлғаның аса жоғары әлеуметтік қажеттіліктері (әлеуметтік ортаға қосылуға деген қажеттіліктері) мен оған негізделген әлеуметтік және индивидуалды құндылықтарды жүзеге асыруға болатын өмір салтының негізінде қалыптасады. Адамның әлеуметтік мінез-құлқының реттелуінде осы деңгей В.А. Ядовтың айтуынша шешуші рөл атқарады.

Сондай-ақ В.А. Ядовтың тұжырымдамасында тұлғаның диспозициялық жүйелерінің деңгейлері мен элементтері бір-бірінен бөлек орналаспай, керісінше олар өзара тығыз байланыста болатын психологиялық механизм болып табылады. Оның айтуынша тұлғаның диспозициялық жүйелерінің өзара байланысты механизмдерінің өзін тұлғаның өзін-өзі реттеуі мен оның мақсатқа сай мінез-құлқын басқаруын қамтамасыз ететін «мотивация механизмі» ретінде қарастыруға болады. В.А. Ядовтың пікірі бойынша диспозициялық жүйелердің негізгі қызметі тұлғаның мінез-құлқын саналы түрде реттеу болып табылады. Сонымен қоса В.А.

Ядов адамның мінез-құлқының өзін ішінара бірнеше иерархиялық деңгейлерге бөлуге болатын күрделі құрылым екенін атап көрсетеді.

В.А. Ядов бойынша мінез-құлықтың бірінші деңгейі заттық жағдайларға бағытталған субъектінің әртүрлі жауап реакциялары мен мінез-құлық актілерінен тұрады. Олар адамның қоршаған ортаға байланысты қамтамасыз етеді. Тұлғаның мінез-құлқының келесі деңгейінде мінез-құлық актілерінің тұтастай қатарынан қалыптасатын адамның алғашқы әрекеттері мен қылықтары орналасқан. Қылық деп В.А. Ядов әлеуметтік қажеттіліктер мен әлеуметтік жағдайлар арасындағы сәйкестікті орнатуға көмектесетін әлеуметтік мәні бар мінез-құлықтың қарапайым бірліктерін түсінеді. Қылықтардың мақсатқа бағытталған жүйесі адам үшін аса маңызды болып көрінген әртүрлі іс-әрекеттер шеңберіндегі мінез-құлықтарды құрайды.

Сонымен, В.А. Ядов бойынша адамның өмірлік іс-әрекетінің әртүрлі шеңберлеріндегі мінез-құлықтың тұтастығы іс-әрекет тұтастығының көрінісі болып табылады. Осы деңгейдегі мақсат қою процесі адамның кейбір «өмірлік жоспарларын» білдіреді. Тұлға жөніндегі өз тұжырымдамасын сипаттай келіп В.А. Ядов тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқының диспозициялық реттелуі сол кездегі диспозициялық мотивация болып табылатындығын, яғни мінез-құлыққа диспозициялық әртүрлі күйін мақсатқа сай қалыптастыратын механизмдер екендігін атап көрсетеді. Сондықтан, В.А. Ядов бойынша тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқының реттелуі, оның барлық диспозициялық жүйелерінде түсіндірілуі шарт.

4.11 С.М. Жақыповтың тұлға жөніндегі тұжырымдамасы

С.М. Жақыповтың бірлескен іс-әрекеттегі танымдық іс-әрекеттің дамуы мен тұлғадағы мағынаның құрылуы жайлы айтқан тұжырымдары қазақстан мен ресей психологиясында ерекше орын алады. Психология мамандығы бойынша М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу университетінен жоғары білім алған С.М. Жақыпов 1985 жылы «Бірлескен іс-әрекеттегі мақсат құрылу» атты тақырыпта кандидаттық, ал 1999 жылы «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» атты тақырыпта өзінің докторлық диссертацияларын Мәскеу қаласында қорғайды. С.М. Жақыповтың тұжырымдамасы бойынша тұлға арнайы ұйымдастырылған оқыту процесіндегі бірлескен іс-әрекетте қалыптасады. Оның айтуынша арнайы

ұйымдастырылған оқыту процесінің өзі білім беруші мен білім алушылардың арасындағы түрі жағынан бірлескен-диалогтік, ал мазмұны жағынан танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталғандықтан, онда тұлғаның бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекеті дамиды. Бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекеттің өзі бірнеше сатылардан өтетін, яғни таным объектілерін бірлесіп қабылдаудан бастап бірлескен танымдық дамудың ең жоғарғы деңгейі – бірлескен-диалогтік ойлау іс-әрекетінің қалыптасуымен аяқталады. Сондықтан С.М. Жақыповтың тұжырымдамасы бойынша тұлғаның танымдық іс-әрекетінің дамуы мен қалыптасуы бірлескен іс-әрекет жағдайында ғана жүзеге асады.

Бірлескен іс-әрекет деп рухани мәдениет пен материалды объектілерді мақсатқа сай өндіруге бағытталған өзара әрекеттесуші индивидтер белсенділіктерінің ұйымдасқан жүйесін айтады. С.М. Жақыпов өзінің ертеректегі жұмысында бірлескен іс-әрекеттің өзіне тән реттеушісі болып табылатын, болашақта субъектілер меңгеретін, мақсат құрылу процесінің көмегімен, мағыналардың жалпы қоры бірлескен іс-әрекетте қалыптасатындығын эксперименттік түрде дәлелдеп көрсетті. Оның айтуынша бірлескен іс-әрекеттің белгісі оған қатысушыларда ортақ мотивтің болуымен анықталады. Бұл мотив бірден пайда болмайды, біртіндеп қалыптасады, алдымен ол жалған бірлескен іс-әрекеттен басталады. Мұнда ортақ мақсат пен ортақ міндет қалыптасады, ал іс-әрекеттің мотиві мен мағынасының қалыптасуы әлі алда болады. Кейін ол бірлескен іс-әрекетке айналады, мұнда мағыналардың жалпы қоры қалыптасады.

С.М. Жақыповтың бұл ойларына психикалық қызметтердің интерпсихологиялық сипаты жайлы айтқан Л.С. Выготскийдің идеялары мен А.Н. Леонтьевтің іс-әрекет жөніндегі тұжырымдамалары қатты әсер етті. Бала психикасының мәдени дамуы жайында Л.С. Выготский: «баланың мәдени дамуындағы барлық қызметтер сахнада екі рет, екі жоспарда – алдымен элеуметтік, одан соң – психологиялық. Интрапсихикалық категория секілді алдымен адамдар арасында, сосын интрапсихикалық категория секілді баланың ішінде көрініс табады», - деген еді. Л.С. Выготскийдің соңынан А.Н. Леонтьев «адамның сыртқы өзіне тән ерекше психологиялық процестері тек қана адам мен адамның өзара әрекеттестігінде, яғни интерпсихологиялық түрде туындауы мүмкін; сосын барып индивид өздігінен орындай бастайды», - деп тікелей атап көрсетеді. Осы түсініктерді одан әрі дамытқан С.М.

Жақыпов бірлескен іс-әрекеттегі мақсат құрылу мен мотив құрылу, мағына құрылу мәселелерін қарастырады.

Бірлескен іс-әрекеттегі мақсат құрылу процесі алдымен О.К. Такофировтың еңбектерінде қарастырылып, «мақсат қою және оған қол жеткізу алдымен адамдар арасында бөлінеді, сосын бір адамның іс-әрекетінде біріктіріледі», - деп нақтыланған еді. С.М. Жақыпов: «алдымен адамдар арасында бөлінген мақсат қою мен оған қол жеткізу бір адамның іс-әрекетінде қалайша біріктіріледі», - деген сұрақтың осы күнге дейін ашылмай, түсініксіз болып келгенін атап көрсетеді. Сондай-ақ, С.М. Жақыпов бұл мәселе сыртқының ішкіге айналудың нәтижесі интериоризация механизмі арқылы түсіндіріліп, оған жалпылама түрде жауап берілгендігін айтады. С.М. Жақыповтың зерттеулерінде интериоризация бірлескен іс-әрекет тұрғысынан қарастырылады. Ол былай деп жазады: «біз интериоризация деп «практикалық-идеалды» жазықтығында туындайтын қайта құрылымдарды ғана емес, сонымен қатар «коллективтік (бірлескен)-индивидуалды» жазықтығында туындайтын қайта құрылымдарды да түсінеміз». Оның айтуынша онтогенездегі бала мен үлкендердің өзара әрекеттестік былайша жүреді: бағалаушы, оқушы, түзетуші қызметтер үлкендерде, ал атқарушы қызмет балада болады. Іс-әрекетті жүзеге асыру барысында бала әлі де болса оны бағалап, түзете алмайды. Онда үлкендер ұйымдастырған мазмұн мен бағыттылық, белгілі бір әрекетті орындауға дайындық қана болады. Мұнда әрекет етуші бала өз әрекетінің не құндылығын, не мағынасын, не мақсатқа жетудің мәнін түсіне алмайды. Сондықтан, сыртқы заттық әрекеттің интериоризациясының өзі мағыналардың, құндылықтардың, бағалаулардың интериоризациясын білдірмейді дейді психолог С.М. Жақыпов. «Сондықтан, ерекше мән берілетін», - дейді С.М. Жақыпов: «жеке адамның мағыналы құрылымдарының дамуы болып табылады». С.М. Жақыповтың пікірінше мақсатқа жету мен мақсат құрылудың бір адамның іс-әрекетіндегі бірігуін зерттеу үшін біріктіруші негізгі себеп болып табылатын қарым-қатынасты талдау қажет. Сондай-ақ, қарым-қатынасты зерттеуден индивидуалды іс-әрекетті зерттеуге, одан бірлескен іс-әрекетті зерттеуге көшу қажет.

Б.Ф. Ломовтың еңбектерінде бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынастың әртүрлі психикалық процестерге әсері қарастырылды. Мұнда бірлескен іс-әрекеттің ортақ мақсаты, оның жүйе құрушы негізі ретінде алынды. Бірақ өкінішке орай бұл зерттеуде бірлескен

іс-әрекеттің ортақ мақсатының қалай қалыптасатындығы жөнінде ештеңе ашып көрсетілмеді. Ол өзінің соңғы бір мақаласында қарым-қатынас жөнінде былай деп жазады: «Қарым-қатынас процесінде, ... түсініктердің, ойлардың, қызығушылықтардың, көңіл-күйлердің, бейім-бағдарлардың және т.б. екі жаққа бірдей алмасуы жүзеге асады. Қарым-қатынаста нақты адам, ...басқа адамдар салған «рухани байлықтар қорын» меңгереді; сонымен қатар, қарым-қатынас арқылы ол, өзі нені ойлап тапса, соны осы қорға салады. Индивидтің өмірінде қарым-қатынастың мәні дәл осынысымен анықталады». Кейінірек Б.Ф. Ломов бұл ойларын дамыта түсіп, өзінің жарық көрген соңғы еңбегінде былай дейді: «Жалпы алғанда бірлескен іс-әрекеттің психологиялық мазмұны индивидуалды іс-әрекетке қарағанда анағұрлым бай. Осы іс-әрекеттің әрбір қатысушысы оған өздерінің бірегей тәжірибесін әкеліп салады. Қарым-қатынастың арқасында, оған қатысушылардың тәжірибелерін бір жерге шоғырландыратын, ұжымдық түсініктер, әрқайсысы пайдаланатын ақпараттардың жалпы қоры құрылады. Әрекетті үйлестірудің амалдары мен тәсілдері, ақпараттарды алмасудың өзіне тән біршама үнемді тәсілдері (жақсы жаттыққан адамдар бір-бірін «жарты сөзден-ақ ұғынады») қалыптасады. Оларды реттеу деңгейлері аса жоғарылайды. Сонмен қоса шығармашылық мәселелерді шешу мүмкіндіктері артады». Сөйтіп, Б.Ф. Ломов «ақпараттардың жалпы қоры» қарым-қатынаста қалыптасатындығын айтты. Бірақ, өкінішке орай бұл зерттеулерде ақпараттардың жалпы қорының жиынтығы бірлескен іс-әрекеттің ортақ мақсатының қалыптасу процесімен өзара тығыз байланысты болатындығы жөніндегі мәселе қойылмады.

С.М. Жақыпов бойынша ортақ мақсат білімдердің жиынтығына әкелетін бірлескен іс-әрекетке қатысушылар арасындағы білімдерді (мағыналар мен мәндерді) алмасу барысында жүзеге асатын қарым-қатынас процесінің нәтижесі болып табылады. Ол қарым-қатынастың екі түрлі қызметін атап көрсетеді: бір жағынан қарым-қатынас білімдердің жиынтығын қамтамасыз етсе, екінші жағынан ол осы білімдерді әрбір адамның меңгеруін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар С.М. Жақыпов өзінің жұмыстарында бірлескен іс-әрекет жағдайындағы қарым-қатынас процесінде қалыптасатын білімдердің жиынтығы немесе білімдер жиынтығының қоры ақпараттар жиынтығының қорына қарағанда өзінің психологиялық мазмұны жағынан анағұрлым бай екенін ескертеді. Сондай-ақ, ол бұл жұмысында Б.Ф. Ломовтың еңбегінде психикалық процестерді

детерминдеуітін білімдер жиынтығы қорының тек сыртқы жағына ғана мән беріліп, ал оның ішкі психологиялық мағыналық жағына мән берілмегенін айтады. С.М. Жақыпов « ... біздің түсінігіміздегі білімдер қорының жиынтығы осы білімдердің мағыналары қорының жиынтығымен тығыз байланысты», - дейді. С.М. Жақыпов: «... білімдер қорының жиынтығын «бір медалдың екі жағы» болып табылатын мәндердің жалпы қоры мен мағыналардың жалпы қорының бірлігі ретінде қарастыруға болады», - деп түйіндейді. «Олай болса, білімдер қорының жиынтығын, оны мән жағынан алып қарастырып, ақпараттық сипаттамасын ғана емес, сонымен қатар оны мағына жағынан қарастырып, оның мағыналы сипаттамаларында өзгеруі керек. Мұндай жағдайда қарым-қатынас ақпараттардың жалпы қорын құрып қана қоймай, жалпы мағыналар қорын құрудың құралы да бола алады», - дейді С.М. Жақыпов.

Сөйтіп С.М. Жақыпов қарым-қатынас барысында туындап, бірлескен іс-әрекеттің жүйе құрушы қызметін атқаратын мағына құрылу процесі бірлескен іс-әрекетте қалыптасады. Бірақ бұл процесс бірден қалыптаспайды, ол біртіндеп қалыптасады. Алдымен бұл процесс жалған бірлескен іс-әрекеттен басталады, ал соңынан ол бірлескен іс-әрекетке айналады. Жалған болуының себебі мынада. Әдетте адамның мотивациялық-қажеттілік шеңбері екі түрлі қызмет атқарады: оның бірі оятушы қызмет, ал екіншісі атқарушы қызмет. С.М. Жақыповтың айтуынша кішкене балада мотивтің оятушы қызметі болғанымен атқарушы қызметі болмайды. Себебі, ол дамып қалыптаспаған. Бұл қызметті баламен бірлескен іс-әрекетке түскенде үлкендердің өзі атқарады. Сондықтан, үлкендердің осы іс-әрекеті бала үшін жалған болады. Белсенділіктер біртіндеп үлкендерден балаға ауысқанда интериоризация процесі жүреді. Соның нәтижесінде бала үлкендер іс-әрекетінің қарапайым түрлерін меңгереді. Мұнда баланың еңалғашқы жалған индивидуалды бірлескен іс-әрекеті қалыптасады. Бала үлкендермен тағы да бірлескен іс-әрекетке түскенде осының негізінде оның бұл әрекеті күрделеніп, нәтижесінде баланың шынайы индивидуалды бірлескен іс-әрекеті қалыптасады. Мұнда атқарушы қызметтер үлкендер мен баланың арасында теңдей болуы мүмкін. Осы процесс бірнеше рет қайталанғанда баланың индивидуалды іс-әрекеті күрделеніп, соның салдарынан бірлескен іс-әрекет қалыптасады. Мұнда іс-әрекеттің мағыналары сәйкес келіп, бірлескен іс-әрекеттің ортақ мотивы құрылады.

Біз алдыңғы бөлімдерде А.Н. Леонтьевтің «адам тұлғасының шынайы негізі дүниеге өз табиғатында қоғамдық қатынастарының жиынтығы болып табылады, бірақ жүзеге асатын қатынас, ал олар оның іс-әрекетінде, нақтырақ айтқанда оның алуан түрлі іс-әрекеттерінің жиынтығында жүзеге асады», - деген пікірін келтірген едік. Осы пікірді одан әрі дамытқан С.М. Жақыпов: «Тұлға іс-әрекет секілді және іс-әрекеттің көмегінсіз өзін басқаша жүзеге асыра алмайды. Сол секілді адамды ісіне қарап, ал тұлғаны іс-әрекетіне қарап бағалайды», - деп түйіндейді.

Кезінде А.Г. Асмолов А.Н. Леонтьевтің іс-әрекет жайындағы тұжырымдарын негізге ала отырып, іс-әрекеттің бейім-бағдарлы реттелуінің үш деңгейін: Мағыналы бейім-бағдар, мақсатты және операцияналды бейім-бағдарларды бөліп шығарды. Сондай-ақ, мағыналы бейім-бағдарды тұлғалық мағынамен теңестірді. Бірақ А.Г. Асмолов іс-әрекеттің бейім-бағдарлы реттелуінің осы айтылған үш деңгейін «субъекті-объектілік» қатынас шеңберінде қарастырды.

Тұлғаның мағыналы құрылымының осыған ұқсас иерархиялық жүйесін, яғни орталығы тұлғалық мағыналы жүйемен байланысты болып келетін мағыналы құрылымдардың үш деңгейін: тұлғалық мағынаны, мақсатты және операцияналды мағыналарды психолог С.М. Жақыпов та бөліп шығарды. Бірақ, С.М. Жақыпов өз тұжырымдамасында осы айтылған үш деңгейді бірлескен іс-әрекетте қалыптасатын мақсат құрылу процесі біріктіретіндігін ерекше атап көрсетеді. Олай болса, С.М. Жақыповтың тұжырымдамасы бойынша психологиядағы тұлға құрылымының негізі және оның жүйе құрушы белгілері болып табылатын тұлғалық мағына, мақсатты және операцияналды мағыналар дамудың тым қарапайым деңгейін сипаттайтын жалған бірлескен іс-әрекеттен бірлескен іс-әрекетке және одан дамыған бірлескен іс-әрекетке көшу үстінде құрылатын мағыналардың жалпы қорын, оған қатысушылардың әрқайсысының меңгеруінің нәтижесі екендігін көреміз.

Сонымен қоса С.М. Жақыпов психологияда әлі күнге дейін шешілмей келе жатқан мәселе нышанның қабілетке айналуы жөніндегі сұрақтарды да бірлескен іс-әрекет тұрғысынан түсіндіреді. Оның айтуынша өзінің анатомиялық-физиологиялық туа берілетін қасиеті нышандар кешенімен дүниеге келген жас нәресте өзінің әлеуетті мүмкіндігін дамытып қабілетке айналдыру үшін үлкендермен міндетті түрде бірлескен іс-әрекетке түседі. Ғалымның пікірінше психологиядағы бұл мәселелердің әлі күнге дейін

шеңберімен түсініксіз болып келуі адамның индивидуалды іс-әрекетін субъекті-объектілік қатынас шеңберінде қарастырудан. Егер қабілетті субъекті-субъектілік қатынас аясында қарастырсақ, яғни оны бірлескен іс-әрекетте зерттесек, онда нышанның қабілетке айналуының психологиялық механизмдерін бірден түсінер едік дейді ол.

Ол жалған ойлау іс-әрекетінен бірлескен ойлау іс-әрекетіне өту үстіндегі мақсат құрылу процесін зерттеудің эксперименттік нәтижелерін сипаттай келіп былай дейді: «Жалған бірлескен ойлау іс-әрекетінен бірлескен ойлау іс-әрекетіне айналудың басты шарты мақсат пен оның нәтижелеріне қол жеткізу туралы ақпараттарды алмасу барысындағы субъектілердің серігінің мақсатын қайта құру процесі болып табылады», - деген тұжырым жасайды.

Дамыған бірлескен ойлау іс-әрекеті сатысындағы мақсат құрылу процесін талдай отырып С.М. Жақыпов былай дейді: «Сонымен, қарастырып отырған мақсат құрылу процесіне тән сипат, қарым-қатынас барысында қалыптасқан, мағыналы құрылымдардың жалпы қорын әрқайсысының интериоризациялау нәтижесіндегі іс-әрекет субъектілерінің мағыналы құрылымдарының толық сәйкес келуі болып табылады». Сондай-ақ, ол бірлескен іс-әрекеттің әрбір субъектілері осы жалпы мағыналар қорының тек жалпы объектісімен сәйкес келетін мағыналарын ғана сүзіп алады дейді. Оның айтуынша іс-әрекеттің жалпы объектісіне индивидуалды мағыналар неғұрлым жақын болған сайын соғұрлым, олар өзара жақынырақ ара қатынаста болады. «Бәлкім мағыналардың ара қатынаста болуының осындай механизмі субъектілердің іс-әрекетінің ортақ мотивінің, не басқаша айтқанда бірлескен іс-әрекеттің мотивінің қалыптасуы негізінде жатса керек. Бірақ, бірлескен іс-әрекеттің мотивтерінің қалыптасу деректері мағыналы құрылымдарға қатысты іс-әрекет теориясының негізгі қағидаларына қайшы келетін жекелеген нақты мағыналардың сәйкес келуі нәтижесінде емес, іс-әрекеттің жалпы объектісімен жүзеге асатын мағыналар жүйесімен, «мағыналы өріспен» сәйкес келуі нәтижесінде ғана мүмкін болатынын естен шығармау керек», - дейді ол.

С.М. Жақыпов көрсетіп бергендей, бірлескен іс-әрекет диадасындағы қарым-қатынас барысында жүзеге асатын мағына құрылу процесі ортақ мақсат пен ортақ мотивтің қалыптасуына алып келгенде ғана ол психологиялық шындыққа айналады. Бірлескен іс-әрекетке қатысушылар вербалды және бейвербалды, сондай-ақ,

эмоциялық ақпараттарды көбірек алмасады. Мұнда шешуші кезенді бірлескен іс-әрекеттегі серіктердің бір-бірінің мақсаттарын қайта құруы мен оларды қабыл алуы, сонымен қоса өзінің мотивациялық-мағыналық шеңберіне енгізуі болып табылады. Осының негізінде бірлескен іс-әрекетке қатысушыларда мағыналардың жалпы қоры қалыптасады. Сондай-ақ, С.М. Жақыпов мағыналы ақпараттарды алмасу мен вербалды қарым-қатынас мағыналардың жалпы қорын құруға түрткі болатынын, мұның өзі өз кезегінде қарым-қатынастың вербалды құралдарын қысқартып, оның бейвербалды құралдарының белсенділігін арттыратындығын эксперименттік түрде көрсетіп береді.

Сонымен қатар, С.М. Жақыпов топтық оқыту жағдайында бірлескен ойлау іс-әрекетін табысты қалыптастыру үшін бірінші кезекте олардың мотивациялық-мағыналық құрылымдарын қалыптастырып алудың маңызының зор екенін айтады. «Бұл үшін ең маңызды шарт», - дейді ғалым: оқыту процесінде білімді ғана емес, ең алдымен осы білімнің мағынасын оқушыларға ашып беру болып табылады. Білімнің мағынасын тиімді түрде берудің бірінші сатысында осы білімдерге және осы білімдер қолданылатын іс-әрекеттерге (практикасына) оқытушының өзінің қатынасын білдіруі арқылы, ал екінші сатыда – өмірден алынған әр түрлі мысалдарды көрсету мен өзінің жеке тұлғасын үлгі ету арқылы жүзеге асыруы мүмкін. Мұндай жағдайда қарым-қатынастың табысқа жетуінің негізгі кепілі, оның барлық үш аспекісінде: коомуникативті, интерактивті және перцептивті жақтарында жүзеге асады». Оқыту процесінде мағынаны елемей, тек мәнді ғана беруге әуестенетін кейбір педагогтардың кемшіліктері жайлы ғалым былай дейді: «Педагог-практиктердің көпшілігіне тән қателіктер, коомуникативтік аспектілерге, нақтырақ айтқанда білімді жақсы беруге, бірақ олардың мағынасын беруге аз көмектесетін оның тек қана вербалды түріне тым әуестенетіндігі болып табылады». Сөйтіп, С.М. Жақыпов шынайы оқыту процесінде білімдердің мәнін ғана емес, сонымен қатар мағынасын да берудің қажет екенін айтады. Олай болса, С.М. Жақыпов бойынша тұлғаның дамуы мен қалыптасуы арнайы ұйымдастырылған бірлескен іс-әрекеттің әртүрлі даму сатыларында құрылатын мағыналар қорын меңгерумен анықталады.

С.М. Жақыповтың шәкірті, яғни осы кітаптың авторы Т.Б. Тәжібаев тұлғаны тұтастай мағыналы құрылымдардың бірнеше құрамдас бөліктерінен тұратындығын айтады. Оның айтуынша

тұлғалық мағына қоршаған шындықты өзінше түсініп, өзінше қабылдайтын және әртүрлі бейнелейтін мағыналардың күрделі жүйесінен құралатындықтан, бірде ол өмірлік іс-әрекетті тұрақтандырып, оған бағыт беретін А.Г. Асмолов айтқан мағыналы бағыт-бағдар түрінде көрінсе, енді бірде, ол тұлғаның қоршаған шындыққа үнемі бір қалыптылығы мен тұрақты байланысын сипаттайтын мағыналы қатынас түрінде көрінуі мүмкін. Сондай-ақ, тұлғалық мағына тұлғаның адамгершілік, рухани, материалдық, саяси, идеологиялық және т.б. игіліктерге өмірлік бағдарларын сипаттайтын мағыналы құндылықтарда, яғни Б.С. Братусь айтқан тұлғалық құндылықтарда да көрінуі мүмкін. Осы жағдайларды ескере отырып, біз С.М. Жақыповтың мағына құрылу жайындағы тұжырымдамасы негізінде тұлғаның мағыналы құрылымынан, тұлғаның негізін құрайтын және оның құрылымының жүйе құрушы элементтері болып табылатын мағыналы қатынастар мен тұлғалық құндылықтардың үш деңгейін бөліп шығарамыз. Мағыналы құрылымдардың иерархиялық жүйесінің бірінші деңгейін орталығы тұлғалық мағынаны білдіретін қоршаған ортаға, объектілерге тұлғаның өмірлік іс-әрекетінің өзгермейтін үнемі бір қалыпты тұрақты қатынасын сипаттайтын мағыналы қатынасы құрайды. Мағыналы құрылымдарды талдаудың екінші деңгейін күнделікті өмірде адамның қосылуы қажет болған қоршаған орта мен объектілерге іс-әрекетінің бағыттылығын анықтайтын мақсатты қатынасы құрайды. Мағыналы құрылымдардың үшінші деңгейі өмірлік іс-әрекетті қамтамасыз етуге бағытталған, мақсатты қатынас жүйесімен реттелетін нақты іс-әрекеттің мазмұны мен түрін анықтайтын операциялды қатынастан тұрады.

Сол секілді тұлғалық құндылықтар да осындай үш деңгейден тұрады. Мағыналы құрылымның иерархиялық жүйесінің бірінші деңгейін орталығы тұлғалық мағынаны сипаттайтын тұлғаның адамгершілік, рухани, материалдық, саяси, идеологиялық және т.б. игіліктерге қол жеткізуге бағытталған тұрақты өмірлік бағдарларын білдіретін тұлғалық құндылықтар құрайды. Мағыналы құрылымның екінші деңгейін тұлғаның адамгершілік, рухани, материалдық, саяси, идеологиялық және т.б. игіліктерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекетінің заңдылықтарын анықтайтын мақсатты құндылықтар құрайды. Мағыналы құрылымдардың үшінші деңгейі мақсатты құндылықтар арқылы басқарылатын тұлғаның адамгершілік, рухани, материалдық, саяси, идеологиялық және т.б. игіліктерге қол жеткізуге

бағытталған іс-әрекетін қамтамасыз ететін операционалды құндылықтардан тұрады. Осы айтылған тұлғалық мағыналарды сипаттайтын мағыналы бейім-бағдар (А.Г. Асмолов), мағыналы қатынас, тұлғалық құндылық ұғымдары бір-бірімен өзара тығыз байланысты тұлғаның мағыналы құрылымының жүйе құрушы элементтері болып табылады.

Қоршаған ортадағы қандай да бір болмасын зат тұлғаның іс-әрекетке дайындығының бағытын анықтап, бейім-бағдар түрінде көрінетін, оның тұлғалық мағынасына айналу үшін, осы затқа деген тұрақты байланысын сипаттайтын адамда мағыналы қатынас та болу керек. Сол секілді қоршаған дүниедегі заттар әлемі тұлғаның үнемі бір қалыпты тұрақты байланысын сипаттайтын мағыналы қатынас түрінде кездесетін тұлғалық мағынаға айналу үшін, сол заттың өзі тұлғаның өмірінде аса жоғары бағаланатын құндылыққа ие болу керек. Біздің түсінігіміздегі тұлға құрылымының негізі және оның мағыналы құрылымының жүйе құрушы элементтері болып табылатын мағыналы қатынас, мағыналы бейім-бағдар, тұлғалық құндылық С.М. Жакыпов сипаттаған дамыған бірлескен іс-әрекетте қалыптасатын мағыналардың жалпы қорын, оған қатысушылардың әрқайсысының меңгеруінің нәтижесі.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Тұлға түсінігі отандық психологияда қалайша қарастылады?
2. А.Ф. Лазурскийдің тұлға жөніндегі тұжырымдамасын сипаттап бере аласыз ба?
3. А.Ф. Лазурскийдің тұжырымдамасындағы «эндопсихика» және «экзопсихика» ұғымдарының арақатынасын сипаттап бере аласыз ба?
4. А.Ф. Лазурский қатынас ұғымын қандай психикалық құбылысты түсіндіру үшін пайдаланды?
5. А.Ф. Лазурский тұлғаның қандай типтерін бөліп шығарды?
6. В.Н. Мясищевтің қатынас теориясы жөнінде не айтар едіңіз?
7. В.Н. Мясищев қатынастың қызметі қандай түрлерін бөліп шығарды?
8. В.Н. Мясищев бейім-бағдар мен қатынастың айырмашылығын қалайша түсіндірді?
9. А.Г. Ковалевтің тұлға жөніндегі көзқарастарын сипаттап бере аласыз ба?

10. В.С. Мерлиннің тұлға туралы көзқарасын қалайша сипаттар едіңіз?

11. В.С. Мерлин психологиядағы қатынас ұғымын қалайша түсіндірді?

12. К.К. Платоновтың тұлға жөніндегі тұжырымдамасын қалайша түсіндірер едіңіз?

13. К.К. Платонов тұлғаның психологиялық құрылымын қандай құрылымшаларға бөлді?

14. К.К. Платонов бойынша тұлғаның динамикалық жүйесін қалай түсінуге болады?

15. Тұлға құрылымын сипаттауда К.К. Платонов негізге алған қандай тарихи критерилерді білесің?

16. А.Н. Леонтьевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасын сипаттап бере аласыз ба?

17. А.Н. Леонтьев бойынша іс-әрекеттің психологиялық құрылымын түсіндіріп бере аласыз ба?

18. А.Н. Леонтьев тұлғаны неліктен «іс-әрекеттің ішкі сәті» деп түсінді?

19. А.Н. Леонтьев бойынша индивид және тұлға ұғымдарына мотив-түрткі және мотив мағына түсініктерінің қандай қатысы бар?

20. А.Н. Леонтьевтің тұлғаны «аса сезімтал сапа» ретінде қарастыруының қандай мәні бар?

21. Л.И. Божовичтің тұлға туралы тұжырымдамасын сипаттап бере аласыз ба?

22. Л.И. Божович бойынша тұлғаның бағыттылығы қалайша сипатталады?

С.Л. Рубинштейннің тұлға жөніндегі көзқарастарын қалайша түсіндіруге болады?

23. С.Л. Рубинштейн психикалық процестер неліктен тұлғаға тәуелді деп қарастырды?

24. С.Л. Рубинштейннің тұлға жөніндегі көзқарасының А.Н. Леонтьевтің көзқарасынан айырмашылығы неде?

25. Д.Н. Узнадзеңің тұлға жөніндегі тұжырымдамасын қалайша сипаттауға болады?

26. Психологиялық бейім-бағдар жөнінде не білесіз?

27. «Іс-әрекет» пен «бейім-бағдар» арасындағы қатынас мәселелерін А.Г. Асмолов қалай шешті?

28. Грузин психология мектебінің өкілдері бейім-бағдардың табиғатын қалай түсіндірді?

29. В.А. Ядовтың тұлға жөніндегі тұжырымдамасын қалай түсіндіруге болады?

30. В.А. Ядовтың түсінігіндегі тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқының диспозициялық реттелуін немен түсіндірер едіңіз?

31. С.М. Жақыповтың мағына құрылу жөніндегі идеялары туралы не білесіз?

32. С.М. Жақыпов бойынша бірлескен іс-әрекетте құрылатын мағыналардың жалпы қоры туралы не айтуға болады?

33. С.М. Жақыповтың тұжырымдамасындағы жалған, бірлескен және дамыған бірлескен іс-әрекеттер түсініктерін сипаттап бере аласыз ба?

Өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар

1. Қатынас түсінігіне негізделген тұлға типтерін терең түсіну үшін А.Ф. Лазурскийдің тұлғаның индивидуалды ерекшеліктері жөніндегі психологиялық тұжырымдамасына баяндамалар дайындаңдар.

2. Тұлғаны қатынас теориясы тұрғысынан ашып көрсету үшін В.Н. Мясичевтің «Тұлға және невроздар» атты еңбегіне қысқаша конспектілер дайындаңдар.

3. Тұлғаны психикалық процестер мен күйлердің және қасиеттердің біртұтас құрылымы ретінде сипаттаған А.Г. Ковалевтің тұлға жөніндегі тұжырымдамасына реферат жазыңдар.

4. В.Н. Мясичев пен В.С. Мерлиннің тұлға жөніндегі тұжырымдамаларына салыстырмалы талдаулар жасаңдар.

5. Тұлғаны динамикалық жүйе ретінде қарастырған К.К. Платонов бойынша тұлға құрылымының сұлбасын әзірлеңдер.

6. Іс-әрекет бағытындағы тұлға мәселесін түсіну үшін А.Н. Леонтьевтің «Іс-әрекет. Сана. Тұлға» атты еңбегін қысқаша конспект дайындаңдар.

7. «С.Л. Рубинштейннің тұлға туралы көзқарастары» атты тақырыпқа баяндама дайындаңдар.

8. Тұлға құрылымындағы бейім-бағдарлардың мінез-құлық пен іс-әрекетті реттеудегі орны мен рөлін түсіну үшін Д.Н. Узнадзеңің «Эксперименттік психология негіздері» атты еңбегіне талдау жасаңдар.

9. Тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқының диспозициялық реттелуін түсіну үшін В.А. Ядовтың әлеуметтік-психологиялық тұжырымдамасына баяндамалар әзірлеңдер.

10. Бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекеттегі тұлғаның дамуын терең түсіну үшін С.М. Жақыповтың мағына құрылу жөніндегі тұжырымдамасына талдаулар жасаңдар.

5 Тұлғаның индивидтік қасиеттері мен индивидуалды ерекшеліктерінің сипаттамалары

5.1 Б.Г. Ананьевтің адам жөніндегі ілімі

Б.Г. Ананьевтің адам дамуының құрылымындағы қоғамдық қасиеттер мен табиғи қасиеттердің бірлігі жөнінде айтқан идеясының психология ғылымында ерекше орын алатынын айта кеткен дұрыс. Ол психология ғылымын психиканы филогенездің, онтогенездің, әлеуметтену мен адамзат тарихының ықпалдастығы ретінде қарастыратын адам туралы ғылым деп анықтады. Психологияның пәнін Б.Г. Ананьевтің осылайша түсінуі, оған адамның индивидуалды дамуындағы биологиялық және әлеуметтік қасиеттердің бірлігі жөніндегі принципті толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұның өзі адам дамуының құрылымы бір жағынан биологиялық қасиеттерге негізделсе, екінші жағынан әлеуметтік қасиеттерге де негізделеді дегенді білдіреді.

Б.Г. Ананьевтің айтуынша адамның индивид, тұлға, іс-әрекеттің субъектісі мен индивидуалдылық секілді макро сипаттамаларында, оның биологиялық қасиеттері мен әлеуметтік қасиеттерінің бірлігі қамтамасыз етіледі. Б.Г. Ананьев бойынша адамның биологиялық қасиеттерінің негізін, оның индивидтік қасиеттері құрайды. Адам индивид ретінде, оның дамуы онтогенез барысында жүзеге асатын және соның нәтижесінде адамның биологиялық қасиеттері пісіп жетілетін алдын ала келісілген табиғи, генетикалық қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Б.Г. Ананьевтің пікірі бойынша индивид ретіндегі адам мен оның онтогенездегі дамуын жалпы психология, дифференциалды психология, жас ерекшелігі психологиясы, психофизиология секілді психологияның жеке салалары зерттейді.

Іс-әрекеттің субъектісі мен адам тұлғасында, оның әлеуметтік қасиеттері көрінеді. Б.Г. Ананьев өз еңбегінде адамның биологиялық қасиеттері мен әлеуметтік қасиеттерін бір-біріне қарама-қарсы қойып салыстырмай, керісінше оларды бірлікте қарастыруға тырысты. Оның айтуынша индивид бір жағынан өзінің индивидуалды дамуында әлеуметтеніп, жаңа қасиеттер мен сапаларға ие болса, екінші жағынан адам кейбір индивидтік қасиеттердің негізінде тұлға болып қалыптасып, іс-әрекеттің субъектісіне айналады.

Тұлға ретінде әрбір адам индивидтің әлеуметтенуі мен оның әлеуметтік пісіп жетілуі қалыптасатын өзінің өмір жолынан өтеді.

Б.Г. Ананьевтің түсінігінде тұлға ретінде адам экономикалық, саяси, құқықтық секілді қоғамдық қатынастардың жиынтығынан тұрады. Адамды тұлға ретінде жалпы психология, дифференциалды психология, салыстырмалы психология, психолингвистика, қатынас психологиясы, мотивация туралы психологиялық ілімдер секілді психологияның жеке салалары зерттейді.

Бірақ адам индивид пен тұлға ғана болып қоймай, материалдық және рухани құндылықтарды өндіретін іс-әрекеттің субъектісі мен сана иесі де бола алады. Іс-әрекеттің субъектісі ретінде адам психикалық құбылыстардың иесі ретіндегі адамның құрылымы заттар мен іс-әрекеттің құралдарына сай келетін индивид пен тұлғаның белгілі бір қасиеттерінен құралады. Адамның заттық іс-әрекетінің негізін, оның еңбек іс-әрекеті құрайды. Сондықтан ол еңбек іс-әрекетінің субъектісі болып табылады. Адамды қарым-қатынастың субъектісі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің негізінде қарым-қатынас процесі жатыр. Алуан түрлі іс-әрекеттерді жүзеге асырудың нәтижесінде адам іс-әрекеттің субъектісі ретінде осыларға қол жеткізе отырып, психикалық жағынан да пісіп жетіледі. Сондықтан Б.Г. Ананьев бойынша іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі адамды таным психологиясы, шығармашылық психологиясы, еңбек психологиясы, қарым-қатынас пен генетикалық психология секілді психологияның жеке салалары зерттейді.

Олай болса әрбір адам алдын-ала келісілген биологиялық және әлеуметтік қасиеттердің бірлігі ретінде көрінетін индивид, тұлға іс-әрекеттің субъектісі секілді қандай да бір тұтастылықтың сипаты болып табылады. Адам индивид ретінде онтогенезде дамиды, ал тұлға ретінде ол индивидтің әлеуметтену процесі жүретін өзінің өмір жолында қалыптасады.

Дегенмен әрбір адам өзінің темпераменті, мінезі, іс-әрекет стилдері мен мінез-құлқы жағынан бір-бірінен ажыратылып ерекшеленеді. Сондықтан психология ғылымында индивид, тұлға, іс-әрекеттің субъектісі секілді ұғымдардан басқа адамның даралық ерекшеліктері мен қасиеттерін сипаттайтын индивидуалдылық ұғымыда қолданылады. Индивидуалдылық деп адамдағы осы айтылған үш түрлі психикалық құрылымшалардың (индивид, тұлға, іс-әрекеттің субъектісі) бәріне де қатысты, оның қасиеттерінің қайталанбайтын үйлесімін айтады. Индивид, тұлға, іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі адамды белгілі бір кластарға, топтарға және

типтерге жатқызуға болады. Бірақ индивидуалдылық ретінде ол жеке түрде кездесіп, адамзат тарихында қайталанбайтын ерекше қасиеттер мен сапалардан тұрады. Б.Г. Ананьевтің пікірі бойынша адам болмысының барлық жақтарын, ол туралы мәліметтер мен барлық деректерді біріктіру арқылы ғана индивидуалдылықты түсінуге болады. Осы жағынан алғанда индивидуалдылық түсінігі адамның ұйымдасқан құрылымының барлық деңгейлерінде, атап айтқанда, индивидтік, тұлғалық және іс-әрекеттің субъектісіне тән қасиеттерінде көрінетін, оның функционалдық қызметінің сипаты болып табылады. Индивидуалдылық индивид, тұлға, іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі адам қасиеттерінің бірлігі мен өзара байланыстылығында көрінетіндіктен, бұл деңгей адам дамуының ең жоғарғы жетістігі болуы мүмкін.

Олай болса, адамды психологиялық тұрғыдан сипаттау үшін ең алдымен адамның индивидтік, тұлғалық және іс-әрекеттің субъектісі мен индивидуалды қасиеттеріне психологиялық сипаттама беру қажет.

5.2 Индивидтің психологиялық сипаттамалары

Б.Г. Ананьев индивидті психологиялық тұрғыдан сипаттай келе, оның құрылымынан қасиеттердің екі тобын, жастық-жыныстық және индивидуалды-типтік қасиеттерін бөліп шығарады. Ғалымның айтуынша бұл қасиеттер адамның шынайы өмірдегі мінез-құлқының тамаша көріністерін сипаттайды. Жастық қасиеттердің тобына ол адамның онтогенездегі дамуын сипаттайтын барлық индивидтік қасиеттерді жатқызады, ал жыныстық қасиеттердің тобына ол жыныстық айырмашылықтардың өзіне тән ерекшеліктерін білдіретін индивидтік қасиеттерді жатқызады. Басқаша айтқанда, жастық-жыныстық қасиеттер деп адамның дамуы, оның жастық және жыныстық ерекшеліктерінен көрінетін индивидке тән барлық қасиеттердің тобын айтады.

Б.Г. Ананьевтің жеке топтар ретінде жастық-жыныстық қасиеттерді бөліп шығаруы адамның жасы мен жынысын есепке ала отырып, оның конституционалдық, нейродинамикалық және психодинамикалық қасиеттерін зерттеудің қажеттілігінен туындады. Адамның жастық және жыныстық қасиеттерін ескеру, оның даму деңгейін бағалау мен оларды диагностикалау үшін аса маңызды

зерттелетін қасиеттің жыныстық және жастық сипаттамаларын алуға мүмкіндік береді.

Б.Г. Ананьевтің айтуынша адамның жастық және жыныстық ерекшеліктері, оның жеке конституционалдық (ағзаның жалпы сипаты), нейродинамикалық немесе психодинамикалық ерекшеліктерін бейтарап қалдырып не оларды бүркемелеп, жауып тастауы мүмкін. Сондықтан, индивидтік қасиеттердің дамуындағы жалпы құрылымдық ерекшеліктерді сенімді түрде бөліп шығару үшін зерттеіп отырған қасиеттерді, оның жынысы мен жас шамасына қарай салыстыру қажет.

Б.Г. Ананьев индивидтің индивидуалды-типтік қасиеттерінің тобына, оның жалпы соматикалық (денелік) немесе конституционалдық қасиеттерін, нейродинамикалық қасиеттері мен билатериалдық ерекшеліктерін жатқызды. Индивидтің жалпы соматикалық не конституционалдық қасиеттеріне, оның эндокриндік-биохимиялық сипаттамаларын, метоболизмнің (ағзадағы зат алмасудың) жалпы типтерін, ағзаның морфологиялық құрылымын (адамның конституциясын) жатқызуға болады. Нейродинамикалық қасиеттер жүйке жүйесінің қасиеттерін, ал билатериалдық ерекшеліктер – ағзаның құрылымдық динамикалық сипатының ассиметриясы не симметриясы түріндегі дене геометриясының қызметі мен жеке сенсорлы және қимыл-қозғалыс жүйелерін сипаттайды.

Б.Г. Ананьевтің түсінігінде жастық-жыныстық және индивидуалды-типтік қасиеттер индивидтің бірінші реттік қасиеттері болып табылады, ал олардың өзара байланыстары екінші реттік қасиеттердің динамикасын анықтайды. Мұндай байланыстардың әсерінен индивидтің психофизиологиялық функциялары – сенсорлы, мнемикалық, вербады-логикалық және т.б. қызметтер мен органикалық қажеттіліктері түрінде көрінетін екінші реттік қасиеттері өндіріледі. Б.Г. Ананьев бойынша мұндай қасиеттердің жоғарғы ықпалдастығы, бір жағынан, индивидтің темпераменті болса, екінші жағынан, оның нышаны болып табылады.

5.3 Тұлғаның психологиялық сипаты

Б.Г. Ананьев тұлғаны дұрыс түсіну үшін, ең алдымен тұлғаның әлеуметтік даму жағдайын, оның қоғамда орын алатын әлеуметтік

позициясы (ұстанымы) мен мәртебесін талдау қажет деп есептейді. Шындығында да егер біз тұлғаны іс-әрекеттің үстінде қалыптасады деп түсінсек, онда іс-әрекеттің өзі нақты бір әлеуметтік жағдайларда жүзеге асады. Нақты әлеуметтік жағдайлармен өзара байланысқа түсе отырып, кез келген адам қоғамдық қатынастар жүйесінде берілетін белгілі бір мәртебеге ие болады. Тұлға қоғамда өз мәртебесін бара-бар не бара-бар емес, белсенді не енжар түрде ұғына беруі мүмкін, бірақ тұлғаның мәртебесі қашан да объективті түрде кездеседі. Тұлғаның мәртебесі әлеуметтік ортада тұлғаның қаншалықты орын алатынын анықтайды. Мысалы, от басының әлеуметтік жағдайында бір адам әкелік мәртебеге ие болса, екіншісі шешелік, ал үшіншісі балалық мәртебелерге ие болады. Тұлғаның мәртебесімен қатар әрбір адам қандай да бір әлеуметтік құрылымдағы тұлға жағдайының іс-әрекеті мен субъективті жағын сипаттайтын белгілі бір позицияны ұстанады. Тұлға позициясының мазмұны мен деңгейі тұлғаның қоғамда атқаратын іс-әрекетінің мазмұнымен сәйкес болып келеді. Тұлға мәртебесінің іс-әрекеттік жағы мен субъективті жағында көрінетін, оның позициясы, яғни ұстанымы тұлға қатынасының (айналадағы адамдарға, объективті шындыққа және өз-өзіне деген қатынасының) жүйесі мен өз іс-әрекетінде басшылыққа алатын тұлғаның бейім-бағдарлары мен мотивтерінен және осы іс-әрекетті бағыттайтын мақсаттары мен құндылықтарынан тұрады. Осы айтылған тұлғаның күрделі қасиеттерінің жүйесі дамудың әлеуметтік жағдайында берілетін, оның қоғамда атқаратын рөлдері арқылы жүзеге асады.

Олай болса, тұлғаның динамикалық үрдістерін (тенденцияларын) - оның қажеттіліктерін, мотивтерін, қызығушылықтарын, тілектерін, бейім-бағдарларын, құнды бағдарларын, мұраттарын бір сөзбен айтқанда, оның бағыттылығын, яғни тұлғаның нені қалайтындығын, оған не нәрсе тартымды екендігін, оның неге ұмтылатындығын зерттей отырып, тұлғаның әлеуметтік ортадағы мәртебесі мен позициясын, оның атқаратын әлеуметтік рөлдерінің мазмұнын түсінуге болады. Бірақ тұлғаның ұстанған позициясы мен мәртебесінің, атқаратын рөлінің сапасы, оның динамикалық үрдістеріне ғана тәуелді болып қоймай, тұлғаның индивидуалды-психикалық дамуының әлеуеті мен оның нышандары, арнайы қабілеттері, дарындылығы секілді мүмкіндіктеріне де байланысты.

Сондықтан психолог С.Л. Рубинштейн тұлғаның психикалық кейпін зерттеп білу үшін ең алдымен «тұлға не істей алады?» дейтін

сұраққа жауап беру керек деген болатын. Бұл сұраққа жауап беру үшін жоғарыда айтқан тұлғаның индивидуалды-психикалық дамуын, оның нышандары мен қабілеттерін зерттеу керек.

Тұлғаның мәртебесі мен оның әлеуметтік ортада атқаратын рөлдері, қажеттіліктері мен мотивтері, бейім-бағдарлары мен құнды бағдарлары, қатынасының динамикасы мен құрылымы адамның қабілеттері мен жоғарыда айтылған мүмкіндіктері арқылы жүзеге аса отырып, оның басқаларға, объективті шындыққа және өз-өзіне деген қатынасын сипаттайтын мінез қасиеті түрінде көрінетін тұлғаның тұрақты қасиеттерінің жүйесіне айналады. Тұлғаның осы айтылған динамикалық үрдістері, мүмкіндіктері мен мінезі бізге оның басқалар тарапынан қандай орын алатыны, басқалардың оған қалай қарайтынын сипаттайды. Бірақ адам басқалар үшін ғана өмір сүріп қоймай, ол өзі үшін де өмір сүреді. Мұндай жағдайда адам өзін өзіне түрде ұғынып, «мен кіммін?», «мен қандаймын?» деген сұрақтарға да жауап беруге тырысады. Адам алуан түрлі психологиялық қасиеттер мен сапалардың иесі, іс-әрекеттің субъектісі болғандықтан, ол өз-өзіне есеп береді. Адамның өзіне тән психологиялық және әлеуметтік психологиялық сипаттамалары мен іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі өзін-өзі ұғыну қасиетін, оның өзіндік санасы дейді. Өзіндік сана тұлғаның өмір сүруінің қажетті шарты болып табылады. Онсыз тұлға бола аламайды. Тұлғаның өзіндік санасы, оның «Мен – тұжырымында» көрінетін өзі туралы түсініктері мен осы түсінігін тұлғаның өзінің бағалауының, яғни өзін-өзі бағалауының жиынтығы болып табылады.

Олай болса, тұлғаны психологиялық тұрғыдан сипаттау үшін, біз ең алдымен оның қажеттіліктері мен мотивтерін, бейім-бағдарларын, құнды бағдарлары мен тұлғаның қатынасын зерттеуіміз қажет. Сондай-ақ тұлғаны тереңірек сипаттау үшін біз оның нышандары мен қабілеті, дарындылығы мен интеллектісі арқылы жүзеге асатын мүмкіндіктерін білуіміз керек. Сол секілді тұлғаны жан-жақты тануымыз үшін біз оның мінезі мен өзіндік санасын жақсы біліп алуымыз қажет.

5.4 Индивидуалдылық психологиясы

Психологиядағы индивидуалдылық категориясын сипаттауға алғаш рет дұрыс қадам жасағандардың бірі Б.Г. Ананьев болды. Бірақ, осыған дейін индивидуалдылық ұғымын психологияда әр

автор өзінше түсіндіріп, өзінше талдап келді. Соның салдарынан ғылымда индивидуалдылықты түсінудің бірнеше дәстүрлі бағыттары қалыптасты.

Алғашында индивидуалдылықты тұлғаның бойынан айқын көрінетін мінез бітістері мен қасиеттерінің қайталанбайтын үйлесімі ретінде қарастырды. Тұлғаның бойынан айқын көрінетін оның осындай қасиеттеріне мінездің гипертрофиясын жатқызуға болады. Психологияда мінездің гипертрофиясы деп адамдағы мінездің қандай да бір қасиетінің шамадан тыс ұлғайып, норма шегінен шығып кетуін айтады. Адамдағы мінез қасиеттерінің шамадан тыс артуы мен норма шегінен шығып кетуін ғылымда тұлғаның патологиялық ауытқуымен байланыстырады. Осы тұрғыдан алғанда индивидуалдылықты түсіндірген бұл бағыттан адамда индивидуалдылық неғұрлым айқын көрінген сайын, соғұрлым ол патологияға жақын болады дейтін қате қортынды келіп шығады. Атап айтқанда бұл бағыттың индивидуалдылықты бұлайша түсіндіруі тұлғаның бойындағы патологиялық өзгерістердің мүмкіндіктерін алдын-ала анықтаумен байланысты болды.

Индивидуалдылықты анықтаудың екінші бағыты, оны туа берілетін индивидтік қасиеттердің ішінен тек тұлғаға ғана тән қасиеттер мен сапаларды бөліп шығару арқылы түсіндіріледі. Мұндай жағдайда индивидуалдылық бір адамның екінші бір адамнан ерекшелігін білдіретін, бірақ тұлғаны қосымша сапалар мен қасиеттер арқылы толықтыратын индивидтік және тұлғалық қасиеттер мен сапалардың жиынтығы болып табылады.

Индивидуалдылықты түсіндірудің үшінші бағытына – адам құрылымынан өзара бірлікте болатын жаңа деңгейлерді бөліп шығару арқылы анықтайтын Б.Г. Ананьевтің бағытын жатқызуға болады. Ол бұл ұғымды түсіндіру үшін психолог В.М. Бехтеревтің индивидуалдылық жөнінде айтқан негізгі идеяларын басшылыққа алады. В.М. Бехтеревтің пікірінше индивидуалдылықтың негізін оның жеке бөліктерінің үйлесімдігін құрайды. Ол индивидуалдылықты өзінің жеке нысаны бар тұрақты жүйелерден тұратын үйлесімділіктің белгілі бір түрі ретінде қарастырды. Соған сәйкес, егер біз адамды индивид, тұлға және іс-әрекеттің субъектісінен тұратын әртүрлі деңгейлердің ұйымдасқан жүйесі деп түсінсек, онда В.М. Бехтеревтің логикасы бойынша осы деңгейлердің арасындағы үйлесімді қатынастар тұтас жүйе ретінде анықталатын адамның индивидуалды қасиеттерінің негізі болып табылады. В.М.

Вехтеревтің осы идеясын одан ары жалғастыра отырып, Б.Г. Ананьев индивид, тұлға мен әртүрлі іс-әрекеттердің субъектісі ретіндегі адамның барлық қасиеттерінің ішкі пішінінің реттелуі, оның тек индивидуалдылығында ғана тұйықталатынын атап көрсетеді.

Сондай-ақ, ол индивидуалдылықтың қызметтік сипаты жайлы айта отырып, былай деп жазады: «Егер тұлға - адам қасиеттерінің барлық құрылымдарының «шыңы» болса, онда индивидуалдылық - бұл іс-әрекеттің субъектісі мен тұлғаның «тереңдігі» болып табылады». Б.Г. Ананьевтің түсінігінде тұтастылық ретінде әрбір адам барлық уақытта да индивид, тұлға және іс-әрекеттің субъектісі бола алады. Бірақ, осы айтылған әртүрлі деңгейлердегі қасиеттердің бірлігі мен олардың үйлесімді қатынастары ретінде кез келген адам индивидуалды бола алмайды. Б.Г.Ананьевтің айтуынша адамның индивидтік, тұлғалық және іс-әрекеттің субъектісі деңгейлеріндегі қасиеттерінің бірлігі, оның белгілі бір іс-әрекетті атқару үстінде көрінетін қабілеттілігі мен тұлғаның барынша толық дамуының негізін құрайды. Сондай-ақ, адамның осы айтылған деңгейлеріндегі қасиеттерінің бірлігі тұлғаның қайталанбайтын жеке үлесін қоғамдық даму жүйесіне әкеліп қосуына көмектеседі.

Олай болса, Б.Г. Ананьевтің түсінігінде индивидуалдылық адам құрылымындағы барлық деңгейлердің ұйымдасқан бірлігінде көрінеді. Егер индивидуалдылық адамның барлық деңгейлерінің бірлігі мен анықталса, онда Б.Г. Ананьев бойынша оның психологиялық мазмұны қандай болады деген орынды сұрақ туындайды? Б.Г. Ананьев индивидуалдылықтың психологиялық мазмұнын адамның барлық деңгейлерінің тұтастығылығын қамтамасыз етуі деп түсінеді. Б.Г. Ананьевтің айтуына қарағанда адам құрылымындағы ұйымдасқан әртүрлі деңгейлер (индивидтік, тұлғалық, субъектілік) бір-бірімен тығыз байланыса отырып, өзара әрекеттесу негізінде тұлға мен іс-әрекет субъектісінің жүйе құрушы сапаларын анықтайды. Мұнда индивидуалдылық осы айтылған деңгейлердің бәріне де ортақ адамның қайталанбайтын үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ тұлғаның құрылымында, оның табиғи негізі болып табылатын индивидтік қасиеттері де қызмет етеді. Тұлға деңгейінде жүйе құрушы қызметін атқара отырып индивидтік қасиеттер, оның бағыттылығын анықтайды. Іс-әрекеттің субъектісі деңгейінде осындай рөлді іс-әрекеттің индивидуалды стилі атқарады. Тұлғаның бағыттылығы мен іс-әрекеттің индивидуалды стилі өзара әрекеттесе

отырып, адамның тұлғасы мен іс-әрекеті сипатының бірлігінде көрінетін жоғарыда айтылған барлық деңгейлердің бірлестігін қамтамасыз етеді. Іс-әрекеттің субъектісі мен тұлғаның осындай бірлігі, оның қоғамдық қорға қосқан қайталанбайтын үлесіне сәйкес адамның еңбек, танымдық және коммуникативті іс-әрекеттерінің жетістігінде көрінеді.

Осы орайда біз Б.Г. Ананьевтің тұтастылық ретінде әрбір адам барлық уақытта да индивид, тұлға және іс-әрекеттің субъектісі бола алады. Бірақ, әртүрлі деңгейлердегі қасиеттердің бірлігі мен олардың үйлесімді қатынастары ретінде кез келген адам индивидуалды бола алмайды дейтін ойын тағыда қайталап айтқымыз келеді. Сол секілді әрбір адам тұтас құрылымнан тұрады, бірақ барлық спалары мен қасиеттерінің, іс-әрекет тәсілдерінің өзара үйлесімін сақтаған тұтастай тұлға болып қалыптасу кез келген адамның қолынан келе бермейді.

Шындығында да белгілі бір іс-әрекетті аса шығармашылықпен жемісті атқарып, өзінің бар мүмкіндігін көрсету, соның нәтижесінде жоғары жетістікке қол жеткізу кез келген адам үшін мүмкін бола бермейді. Ал мұндай табыстарға кімдер қол жеткізе алуы мүмкін дегенде біз әрқашанда іс-әрекетінің жетістігі мен жемістілігі жоғары дәрежеде кездесетін адамдар ғана қол жеткізе алады деп айтамыз. Сондықтан, Б.Г. Ананьев бойынша адамның жоғарғы дәрежедегі табыстары мен жетістігін тұлғаның өзара тығыз байланысты екі жүйе құрушы сипаты, оның тұлғасының бағыттылығы мен іс-әрекетінің индивидуалды стилі қамтамасыз етеді. Б.Г. Ананьевтің айтуына қарағанда осы айтылған жүйе құрушы сапалардың өзара байланысында тұлғаның бағыттылығы жетекші рөл атқарады. Өйткені тұлғаның бағыттылығы өз іс-әрекетінің мақсатын анықтап, оған жетудің тәсілдерін қамтамасыз етеді. Б.Г. Ананьевтің пікірі бойынша жеке алғанда адамдағы іс-әрекеттің стилі аса дамыған қабілет түрінде болмаса, өздігінен аса тиімді іс-әрекеттерді қамтамасыз ете алмайды. Сол секілді дамыған қабілеттердің өзі де адамның алға қойған мақсатына тек оның бағыттылығының арқасында ғана қол жеткізе алады. Сондықтан Б.Г. Ананьевтің тұжырымдамасында тұлғаның құрылымының негізі ретінде, оның бағыттылығы маңызды рөл атқарады.

Келтірілген осындай деректерге сүйене отырып тұлғаның тұтастығы, оның индивидуалдылығымен анықталады деген қорытынды жасауға болады. Сондай-ақ индивидуалдылық белгілі бір

іс-әрекетті атқару үстіндегі адам жетістігінің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ететін психологиялық механизм болып табылады. Олай болса, адамның тұтастығы – адам құрылымындағы индивидтік, тұлға мен іс-әрекеттің субъектісі деңгейлеріндегі өзара байланыстардан туындайтын жүйе құрушы сапалардың, тұлғаның бағыттылығы мен іс-әрекеттің индивидуалды стилдерінің бірлігімен анықталады. Тұтастылық адам қызметінің тұлға, іс-әрекеттің субъектісі деңгейлеріндегі нәтижелерінің бір тұтастығы болғандықтан, ол адамның белгілі бір іс-әрекетті атқару үстіндегі қол жеткізген аса жоғары табыстары мен жетістіктерінің психологиялық механизмдері болып табылады.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Б.Г. Ананьевтің адам жөніндегі ілімі туралы не білесіз?
2. Б.Г. Ананьев бойынша индивидтің психологиялық сипатын қалай ашып көрсетуге болады?
3. Б.Г. Ананьев бойынша индивидтік қасиеттерге нелер жатады?
4. Б.Г. Ананьев тұлғаның психологиялық сипатын қалайша түсіндірді?
5. Б.Г. Ананьев адамның даралық ерекшеліктерін қалайша түсіндірді?
6. Б.Г. Ананьев неліктен тұтастылық ретінде әрбір адам индивид, тұлға және іс-әрекеттің субъектісі бола алады. Бірақ, әртүрлі деңгейлердегі қасиеттердің бірлігі мен олардың үйлесімді қатынастары ретінде кез келген адам индивидуалды бола алмайды деді?
7. Б.Г. Ананьев психология ғылымы туралы не айтты?

Өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар

1. Адамды биологиялық түрдің өкілі ретінде сипаттауды терең түсіну үшін Б.Г. Ананьевтің «Адам – танымның пәні» атты еңбегін мұқият оқып шығып, оған қысқаша конспект жасаңдар.
2. Адамның жастық және жыныстық ерекшеліктеріне психологиялық талдаулар жасаңдар.

3. Адамның конституционалды және нейродинамикалық ерекшеліктерін ашып көрсету үшін осы тақырып бойынша баяндамалар әзірлендер.

4. «Психологиядағы индивидуалдылық түсінігі» атты тақырыпқа реферат жазыңдар.

5. Дене құрылысы мен психиканың ерекшеліктерін түсіну үшін осы тақырыпқа эссе жазыңдар.

Тұлға психологиясы оқу курсы бойынша алған білімдерін тексеруге арналған тест тапсырмалары

1. Б.Г. Ананьев бойынша тұлғаның қатынастары мен психикалық қасиеттерін зерттеумен қандай пән айналысу керек?

- а) тұлғаның жалпы психологиясы;
- ә) психодиагностика;
- б) әлеуметтік психология;
- в) педагогикалық психология;
- г) заң психологиясы.

2. Б.Г. Ананьев бойынша адамдар арасындағы айырмашылықтар мен индивидуалды ерекшеліктерді зерттеумен қандай пән айналысу керек?

- а) жалпы психологиясы;
- ә) дифференциалды психология;
- б) психодиагностика;
- в) әлеуметтік психология;
- г) педагогикалық психология.

3. Б.Г. Ананьев бойынша әр алуан топтардағы тұлғаның рөлдері мәртебесін зерттеумен қандай пән айналысу керек?

- а) жалпы психологиясы;
- ә) дифференциалды психология;
- б) психодиагностика;
- в) әлеуметтік психология;
- г) педагогикалық психология.

4. 1941 жылы жазылған «Бостандықтан қашу» атты ғылыми еңбектің авторы:

- а) Эрих Фромм;
- ә) Альфред Адлер;
- б) Карл Юнг;

в) Зигмунд Фрейд;

г) Карен Хорни.

5. Л. Хьелл, Зиглер бойынша тұлға теорияларының атқаратын қызметін көрсетіндер:

а) мінез-құлықты болжау;

ә) мінез-құлықты диагностикалау;

б) мінез-құлықты топтастыру;

в) мінез-құлықты дамыту;

г) мінез-құлықты сипаттау.

6. Тұлғаны «іс-әрекеттің ішкі сәті» деп түсінетін кеңес психологі:

а) Л.С. Выготский;

ә) С.Л. Рубинштейн;

б) П.Я. Гальперин;

в) А.Н. Леонтьев;

г) Л.И. Божович.

7. Мәдени-тарихи теорияның авторы:

а) Л.С. Выготский;

ә) С.Л. Рубинштейн;

б) П.Я. Гальперин;

в) А.Н. Леонтьев;

г) Л.И. Божович.

8. Адамның мінез-құлқы мен іс-әрекеті бейсаналы психикалық құбылыстар арқылы реттелетінін сипаттап берген ғалым:

а) А. Адлер;

ә) З. Фрейд;

б) А. Маслоу;

в) К. Юнг;

г) Э. Фромм.

9. Тұлға құрылымынан «Мен», «Ол», «Жоғарғы мен» құрамдас бөліктерді бөліп шығарған психолог::

а) А. Адлер;

ә) З. Фрейд;

б) А. Маслоу;

в) К. Юнг;

г) Э. Фромм.

10. З. Фрейд бойынша психикалық шиеленістерді бәсеңдететін «Ол» құрылымшасы қалай өмір сүреді?

а) шынайылық принципі бойынша;

- ә) жекешілдік принципі бойынша
- б) қанағат алу принципі бойынша;
- в) саналылық принципі бойынша;
- г) мақсаттылық принципі бойынша.

11. Тұлға құрылымынан «Мен», «Жеке бейсаналылық», «Ұжымдық бейсаналылық» құрамдас бөліктерді бөліп шығарған психолог:

- а) А. Адлер;
- ә) З. Фрейд;
- б) А. Маслоу;
- в) К. Юнг;
- г) Э. Фромм.

12. Аналитикалық психологияның негізін салушы:

- а) К. Юнг;
- ә) З. Фрейд;
- б) А. Маслоу;
- в) А. Адлер;
- г) Э. Фромм.

13. В. Вундт психологияны қандай ғылым ретінде анықтады?

- а) мінез-құлық
- ә) бейсаналы құбылыстар туралы;
- б) тікелей тәжірибе туралы;
- в) жан туралы;
- г) қабылдау туралы.

14. Толық еместік кешені және оның орнын толықтыру жөніндегі идеяны алғаш көтерген психолог:

- а) К. Юнг;
- ә) З. Фрейд;
- б) А. Маслоу;
- в) А. Адлер;
- г) Э. Фромм.

15. З. Фрейд бойынша жеткіншектік жасқа дейінгі алты-жеті жас аралығында кездесетін психосексуалды дамудың тыныш кезеңі:

- а) оралды ;
- ә) аналды;
- б) латенттік;
- в) гениталды;
- г) сенсе-моторлы.

16. К.Юнг бойынша алғашқы бейне деген түсінікті білдіретін ұғымдық бейсаналы құбылыс:

- а) архитип;
- ә) жан;
- б) психика;
- в) көлеңке;
- г) соқыр сезім.

17. А.Ф. Лазурски бойынша адам психикасының ішкі механизмі:

- а) экзопсихика;
- ә) эндопсихика;
- б) психика;
- в) аффект;
- г) апатия.

18. Кеңес психологиясында «талдау бірлігі» жөніндегі идеяны алғаш рет ұсынған психолог:

- а) А.Р. Лурия;
- ә) А.Н. Леонтьев;
- б) С.Л. Рубинштейн;
- в) Л.С. Выготский;
- г) А.Ф. Лазурский.

19. Кеңес психологиясында «аффекті мен интеллектінің бірлігі» жөніндегі идеяны алғаш рет ұсынған психолог:

- а) А.Р. Лурия;
- ә) А.Н. Леонтьев;
- б) С.Л. Рубинштейн;
- в) А.Ф. Лазурский;
- г) Л.С. Выготский.

20. Кеңес психологиясында «қатынас» түсінігін мінез қасиеттерін сипаттау үшін алғаш рет қолданған психолог:

- а) А.Р. Лурия;
- ә) А.Н. Леонтьев;
- б) С.Л. Рубинштейн;
- в) А.Ф. Лазурский;
- г) Л.С. Выготский.

21. Тұлғаның мінез-құлқы мен тұрақтылығын, бағыттылығын «доминациялаушы қатынас» түрінде сипаттаған психолог:

- а) А.Р. Лурия;
- ә) В.Н. Мясищев;
- б) С.Л. Рубинштейн;

- в) А.Н. Леонтьев;
- г) Л.С. Выготский.

22. Адамның қоршаған ортаға, заттарға, басқа адамдарға және өзіне деген тұрақты таңдамалы байланысы:

- а) мақсат;
- ә) мотив;
- б) қатынас;
- в) бейім-бағдар;
- г) ойлау.

23. Іс-әрекетті оятатын түрткі күш:

- а) мақсат;
- ә) мотив;
- б) қатынас;
- в) бейім-бағдар;
- г) құмарлық.

24. А.Ф. Лазурскийден келе жатқан қатынас жөніндегі дәстүрлі мәселелерді одан әрі дамытқан, «қатынас» тұжырымдамасын салған психолог:

- а) Д.Н. Узнадзе;
- ә) А.Н. Леонтьев;
- б) В.Н. Мясищев;
- в) С.Л. Рубинштейн;
- г) Б.Г. Ананьев.

25. Тұлғаның қасиеті «психикалық іс-әрекеттің уақытша қызметінің деңгейлерін анықтайтын психикалық күйлер мен психикалық процестер түрінде қалыптасады» деп түсінетін кеңес психологі:

- а) Д.Н. Узнадзе;
- ә) А.Н. Леонтьев;
- б) В.Н. Мясищев;
- в) А.В. Ковалев;
- г) Б.Г. Ананьев.

26. Жеке қасиеттердің өзара байланысынан тұлға қасиеттерінің белгілер кешенін бөліп шығарған кеңес психологі:

- а) Д.Н. Узнадзе;
- ә) А.Н. Леонтьев;
- б) В.Н. Мясищев;
- в) В.С. Мерлин;
- г) Б.Г. Ананьев.

27. Тұлғаны сана иесі ретінде анықтаған кеңес психологі:

- а) Д.Н. Узнадзе;
- ә) А.Н. Леонтьев;
- б) В.Н. Мясищев;
- в) К.К. Платонов;
- г) Б.Г. Ананьев.

28. Тұлғаны тұлғаны, оның тұтас құрылымынан, бір-бірімен өзара тығыз байланысты, оның жақтарын немесе сапаларын бейнелейтін, уақыт өтуімен өзгеріп, дамып отыратын динамикалық жүйе ретінде қарастырған кеңес психологі:

- а) Д.Н. Узнадзе;
- ә) К.К. Платонов;
- б) В.Н. Мясищев;
- в) А.Н. Леонтьев;
- г) Б.Г. Ананьев.

29. Мотивті қажеттіліктің заты ретінде анықтаған кеңес психологі:

- а) Д.Н. Узнадзе;
- ә) К.К. Платонов;
- б) В.Н. Мясищев;
- в) А.Н. Леонтьев;
- г) Б.Г. Ананьев.

30. Тұлғаның мінез бітістерін зерттеген психолог:

- а) Дж. Келли;
- ә) А. Маслоу;
- б) З. Фрейд;
- в) Р. Кеттел;
- г) А. Бандура.

31. Қажеттілікті объективті мұқтаждық ретінде қарастырған көрнекті психолог:

- а) Л.С. Выготский;
- ә) С.Л. Рубинштейн;
- б) А.Р. Лурия;
- в) А.Н. Леонтьев;
- г) В.Н. Мясищев.

32. А.Н. Леонтьев бойынша мәннің жеке жағдайы:

- а) мақсат;
- ә) мотив;
- б) қажеттілік;
- в) мағына;

г) эмоция.

33. А.Н. Леонтьев бойынша мотив қалыптасуының психологиялық механизмі:

а) мақсат;

ә) мотив;

б) қажеттілік;

в) мағына;

г) эмоция.

34. «Сыртқы себеп ішкі жағдай арқылы әсер етеді» дейтін қағиданы қатаң ұстанған кеңес психологі:

а) А.Н. Леонтьев;

ә) С.Л. Рубинштейн;

б) П.Я. Гальперин;

в) В.Н. Мясищев;

г) А.Ф. Лазурский.

35. Грузин психология мектебі қарастырған психологиялық құбылыс:

а) мотив;

ә) бейім-бағдар;

б) қатынас;

в) мақсат;

г) іс-әрекет.

36. Санкт-Петербург (бұрынғы ленинградтық) психология мектебі қарастырған психологиялық түсінік:

а) мотив;

ә) бейім-бағдар;

б) қатынас;

в) мақсат;

г) іс-әрекет.

37. Әр адам тұтастылық ретінде индивид, тұлға, іс-әрекеттің субъектісі бола алады, бірақ кез келген адам индивидуалды бола алмайды деген пікірді айтқан кеңес психологі:

а) А.Н. Леонтьев;

ә) Б.Г. Ананьев;

б) С.Л. Рубинштейн;

в) А.Р. Лурия;

г) Л.С. Выготский.

38. «Көптеген психология бар, бірақ бірыңғай психология жоқ, біздің ғылымымыздың тарихи жағдайы міне осындай», - деп

психологиялық дағдарыстың тарихи мәнін сипаттаған көрнекті кеңес психологі:

- а) А.Н. Леонтьев;
- ә) Б.Г. Ананьев;
- б) С.Л. Рубинштейн;
- в) А.Р. Лурия;
- г) Л.С. Выготский.

39. В.А. Ядов бойынша әлеуметтік мінез-құлықты реттейтін:

- а) мотивтер;
- ә) мақсаттар;
- б) диспозициялар;
- в) қажеттіліктер;
- г) құмарлықтар.

40. Нышанның қабілетке айналуын бірлескен іс-әрекетпен түсіндірген қазақтың көрнекті психологі:

- а) Қ.Б. Жарықбаев;
- ә) М.М. Мұқанов;
- б) С.М. Жақыпов;
- в) Т.Т. Тәжібаев;
- г) Ж.І. Намазбаева

41. «Мағыналардың жалпы қоры» білдіскен іс-әрекетте қалыптасатынын дәлелдеген қазақтың көрнекті психологі:

- а) Қ.Б. Жарықбаев;
- ә) М.М. Мұқанов;
- б) С.М. Жақыпов;
- в) Т.Т. Тәжібаев;
- г) Ж.І. Намазбаева.

42. Тұлғаның мінез-құлқы мен тұрақтылығын, бағыттылығын «доминанциялаушы қатынас» түрінде сипаттаған психолог:

- а) В.С. Мерлин;
- ә) Д.Н. Узнадзе;
- б) В.Н. Мясищев;
- в) С.Л. Рубинштейн;
- г) В.С. Мерлин.

43. Д.Н. Узнадзе бойынша өз табиғатында пайымдап қараудан, немесе әсерлі бейнелеуден, немесе белгілі бір себептермен пайда болатын тұтастай бейнелеу:

- а) жағдаяттық мотив;

- ә) құнды бағдарлар;
- б) мақсат-міндеттер;
- в) алғашқы бейім-бағдар;
- г) доминациялаушы қатынас.

44. Сана қысымына ұшыраған немесе бейсаналы құбылыстарға қарай ығыстырылған, өте қарапайым соқыр сезімдер:

- а) саналы психикалық құбылыстар;
- ә) құнды бағдарлар;
- б) бейсаналы психикалық құбылыстар;
- в) алғашқы бейім-бағдарлар;
- г) доминациялаушы қатынастар.

45. Рухани мәдениет пен материалды объектілерді мақсатқа сай өндіруге бағытталған өзара әрекеттесуші индивидтер белсенділіктерінің ұйымдасқан жүйесі:

- а) саналы психикалық құбылыстар;
- ә) құнды бағдарлар;
- б) бірлескен іс-әрекет;
- в) алғашқы бейім-бағдарлар;
- г) доминациялаушы қатынастар.

46. Кең мағынада айтқанда бұл ұғым белгілі бір тарихи кезеңдегі ғылыми бірлестікте үстемдік ететін жетекші тұжырымдамалық бағыт, мәселелерді қоюдың үлгісі мен оларды шешудің жолдары, ғылыми жетістіктердің негізгі жүйесі дегенді білдіреді:

- а) ғылыми теория;
- ә) ғылыми бағыт;
- б) ғылыми парадигма;
- в) ғылыми болжам;
- г) ғылыми тұжырымдама.

47. Адамның белгілі бір мінез-құлық актілеріне, қылықтарға, әрекет етуге және олардың жүйелілігіне дайындығы мен икемділігі:

- а) позиция;
- ә) мақсат;
- б) мағына;
- в) диспозиция;
- г) қатынас.

48. Адамның биологиялық мәні мен оның басқалардан өзгешелігін білдіретін, нақты түрдің өкіліне қатысты айтылатын ұғым:

- а) тұлға;
- ә) субъекті;

- б) индивид;
- в) индивидуалдылық;
- г) персона.

49. Б.Г. Ананьев бойынша адамдағы индивид, тұлға, іс-әрекеттің субъектісі секілді үш түрлі психикалық құрылымшалардың бәріне де қатысты, оның қасиеттерінің қайталанбайтын үйлесімі:

- а) тұлға;
- ә) субъекті;
- б) индивид;
- в) индивидуалдылық;
- г) персона.

50. Психологиядағы тұлғаның мінез-құлқын реттейтін әртүрлі мотивтер мен қажеттіліктердің, соқыр сезімдердің арасындағы қатынастардың аяқталмайтын күресін сипаттайтын ғылыми бағыт:

- а) биохевиористік бағыт;
- ә) психодинамикалық бағыт;
- б) гуманистік бағыт;
- в) іс-әрекет бағыты;
- г) феноменологиялық бағыт.

Тест сұрақтарының кілті

Сұрақтар нөмірі	Дұрыс жауаптары	Сұрақтар нөмірі	Дұрыс жауаптары
1	а	26	в
2	ә	27	в
3	в	28	ә
4	а	29	в
5	а	30	в
6	в	31	в
7	а	32	в
8	ә	33	г
9	ә	34	ә
10	б	35	ә
11	в	36	б
12	а	37	ә

13	б	38	г
14	в	39	б
15	б	40	б
16	а	41	б
17	э	42	б
18	в	43	в
19	г	44	б
20	в	45	б
21	э	46	б
22	б	47	в
23	э	48	б
24	б	49	в
25	в	50	э

Қорытынды

Психологиядағы тұлға түсінігі осы кезге дейін ғылымда нақтыланып анықталмаған, сыры жұмбақ күрделі мәселелердің бірі. Оның күрделі мәселе болуының басты себебі, бұл ұғымды әр автордың өзінше түсініп, өзінше талдайтындығында. Кезінде атақты психолог Л.С. Выготский: «Ф. Брентано айтқандай көптеген психология бар, бірақ бірыңғай психология жоқ, біздің ғылымымыздың тарихи жағдайы міне осындай», - деп атап көрсеткен еді. Жалпы психология жүйесінде тұлға түсінігін анықтаудың әртүрлі теориялық негіздемелері болғанымен, бұл ұғымды нақтылайтын жалпыға ортақ, бірыңғай тұжырымдама жоқтың қасында деуге де болады. Тұлға түсінігін нақтылау үшін көптеген философтар мен психологтар қаншама еңбек етсе де, осы ұғымды анықтайтын көпшілік мақұлдаған бірыңғай тұлға тұжырымдамасын салудың осы күнге дейін сәті түспей келеді. Бұл кітапта келтірілген психолог Г. Олпорттың 50-ден аса тұлға анықтамаларын есептеп тауып, оларға жеке-жеке талдау жасауы мен оларды біріктірудің қисыны көлмегендіктен, одан үзілді-кесілді бас тартуы осының дәлелі болса керек.

Психологиядағы тұлға ұғымын дұрыс түсініп, оны нақты анықты анықтау үшін, ең алдымен тұтас құрылымнан тұратын адам мәселесін ийқын түсініп алу қажет. Бұл еңбекте біз тұлға ұғымын тұтастай жүйеден тұратын адам құрылымының бір ғана бөлігі ретінде қарастырдық. Б.Г. Ананьевтің айтуынша адамның тұтас табиғатын тереңірек тану үшін, оны нақты түрдің өкілі ретінде индивид, іс-әрекетіне қарай субъекті, әлеуметтік-қоғамдық мәніне қарай тұлға және оның дара ерекшеліктеріне қарап индивидуалды тіршілік иесі ретінде қарастырған жөн. Сонда ғана тұтас құрылымнан тұратын адамның биологиялық қасиеттері мен әлеуметтік сапаларының бірлігі қамтамасыз етіледі. Олай болса, Б.Г. Ананьевтің түсінігінде әрбір адам алдын ала келісілген биологиялық қасиеттер мен әлеуметтік сапалардың бірлігі ретінде көрінетін индивид, іс-әрекеттің субъектісі, тұлға және индивидуалдылық секілді қандай да бір тұтастықтың сипаты болып табылады.

Қазіргі кезде адам мәселесі барлық адамтану ғылымдарының негізгі мәселесіне айналып отыр. Осындай бағытта психолог Б.Г. Ананьев барлық ғылымдардың ықпалдастығын қамтамасыз ететін психология ғылымын адамтану ғылымының пәні ретінде анықтап

берді. Адамтану ғылымы ретінде психология ғылымы психиканы филогенездің, онтогенездің, элеуметтену мен адамзат тарихы ықпалдастығының көрінісі ретінде қарастырды.

«Тұлға психологиясына кіріспе» атты бұл оқу құралында біз тұлғаның шығу тегі мен адамның табиғаты туралы айтқан Э. Фроммның идеяларын басшылыққа алдық. Өйткені оның бұл идеялары, тұлғаның табиғи негізі болып табылатын индивидті, ал тұлғаны қоғамдық индивид, тарихи процестің объектісі мен субъектісі ретінде қарастырған Б.Г. Ананьевтің ойларына тым жақын болды. Сондай-ақ бұл оқу құралында талданатын шетелдік және ресей, қазақ психологиясындағы тұлға теориялары, осы психологиялық бағыттарда қалыптасқан тұлға туралы көзқарастарды кеңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Тұлғаның құрылымы туралы ғылыми түсініктерді дайындау, адамның қоғамдық мәнін, оның барынша бай көріністерін ашып беретін тұтас теория жасаудың қажетті бөлігі болып табылады. Соған сәйкес шетел психологиясы мен басқа да психологиялық бағыттарды ұстанған көптеген психологтар тұлғаның құрылымын сипаттайтын алуан түрлі ұғымдар мен түсініктерді, атап айтқанда З. Фрейд «бейсаналы құбылыстар мен қажеттіліктерді», А. Адлер «толық еместік кешені және оның орнын толықтыруды», К. Юнг «архетиптерді», А.Ф. Лазурский мен В.Н. Мясищев «қатынасты», Д.Н. Узнадзе «бейім-бағдарды», С.Л. Рубинштейн «динамикалық үрдістерді (тенденцияларды)», Б.Г. Ананьев «негізгі өмірлік бағыттылықты», А.Н. Леонтьев «мағына құрушы мотивті», Л.И. Божович «бағыттылықты», С.М. Жақыпов «мағыналардың жалпы қорының құрылуы» және т.б. түсініктерді бөліп шығарды. Мұның өзі аса күрделі құрылымнан тұратын тұлғаны әр қырынан түсінуге көмектесетіні сөзсіз.

Глоссарий

Алғашқы бейім-бағдар - Д.Н. Узнадзе бойынша өз табиғатында пайымдап қараудан, немесе әсерлі бейнелеуден, немесе белгілі бір себептермен пайда болатын тұтастай бейнелеу. Ол пайымдап қарауға немесе әсерлі бейнелеуге бара-бар жағдайларды қамтамасыз етіп, атап айтқанда, онда сондай қимыл-қозғалысты не психикалық актілер пайда болуы үшін, соған субъектінің күйін, оның дайындығын өзінше реттеу болып табылады. Оны «бейім-бағдарлы бейнелеу» деп айтуға болады.

Аналды кезең - шамамен баланың 18 айдан үш жасқа дейінгі жас аралығын қамтитын тұлғаның психосексуалды дамуының екінші кезеңі. Бұл кезеңде бала өзінің түзге отыру әрекетін реттеуге үйренеді. З. Фрейдтің айтуына қарағанда аналды кезеңде бала түзге отыру кезіндегі күшену мен оны ұстап тұрудан лаззат алатын болады.

Аналды-қайтпас тип – бұл типтегі ересек адамдар шамадан тыс бірбеткей, қыңыр, бәрін ретімен істейтін, ежіктегіш, ұқыпты болып келеді. Әрине ондай типтегі адамдардың бойынан былықтар мен түсініксіз жағдайларды ретке келтіре алмаушылық, тәртіпсіздікті түзетуге келгенде шамасының жетіспеушілігі секілді қасиеттерді де байқауға болады. Баланың түзге отыруына қатысты ата-аналардың қатылдығымен байланысты қалыптасатын тағы да бір мінез қасиетіне - тұлғаның аналды-соқпа мінезді типі жатады. Ондай типтегі тұлғалар киратуға, бүлдіруге, мазасыздыққа, ұстамсыздыққа, тіпті садистік мейірімсіздікке бейім келеді.

Аналитикалық психология – индивидуация (жекелену) процесі арқылы өзіндікті (даралықты) тауып алуға ұмтылу мен қарама-қарсы бағытта әрекет ететін тұлғаның ішкі күштеріне көп мән беретін К. Юнгтің тұлға теориясы.

Анима және анимус - К. Юнг бұл архетиптерді адамның туа берілетін андрогиндік (лат. andrus – ерлер, gynes – әйелдер) табиғатымен түсіндіреді. Анима ерлердегі әйел адамның ішкі бейнесін, оның бейсаналы әйелге тән жақтарын білдірсе, анимус әйелдердегі ер адамның ішкі бейнесін, оның бейсаналы ерлерге тән қасиеттерін сипаттайды.

Архетип - грек тілінен аударғанда archetipos – алғашқы бейне дегенді білдіреді, К. Юнг бойынша ұжымдық бейсаналы құбылыстар осылай деп аталатын өте күшті алғашқы психикалық бейнелерден тұрады. Архетипке белгілі бір оқиғаларға адамның жауап

реакцияларын қайтаруы мен ол туралы уайымдауына, қабылдауына адамды ниеттендіретін туа берілетін идеялары мен ойлары жатады.

Әлеуметтану ғылымында - тұлға деп индивидті сипаттайтын әлеуметтік мәні бар мінез бітістерінің тұрақты жүйесін айтады. Ал мұның өзі іс-әрекет пен қарым-қатынастың арқасында әлеуметтік қатынастар жүйесіне барып қосылатын индивидтің қоғамдық дамуының жемісі болып табылады.

Әлеуметтік қызығушылықтар - А. Адлердің «әлеуметтік қызығушылықтар» түсінігі адамдар бірлестігіне мүше болған адамның мәнін білдіреді, яғни ол адамзаттың адам нәсілінің әрбір өкілімен сәйкестік сезімін сипаттайды. Оның айтуынша егер адам өзін танып білігісі келсе, онда ол өзінің басқа адамдармен қатынасын қарстыруы керек, ал өзін одан әрі терең танығысы келсе, онда ол өзі өмір сүретін әлеуметтік-мәдени ортамен қатынасын қарастыруы қажет.

Әлеуметтік психология – тұлғаның құрылымын тұтас әлеуметтік орта мен оның басқа адамдармен өзара әрекеттестігі құрылымынан шығарады. Г. Линдсей мен Е. Аронсон әлеуметтік психологияның міндеті индивидтің мінез-құлқы мен сезімдеріне, ойларына басқа адамдардың әсер ететінін түсіну мен түсіндіру болып табылатынын атап көрсетеді. Сондықтан, әлеуметтік психология әртүрлі қауымдардағы тұлғаның әлеуметтік рөлдері мен мәртебелерін, оның осы рөлді атқаруындағы өзін-өзі қабылдауын, бірлескен іс-әрекеттегі тұлғаның байланыстарын, бейім-бағдарларын (нұсқауларын), басқа адамдарды қабылдауы мен тұлғааралық қатынастарды зерттеумен айналысады.

Әрекет - А.Н. Леонтьев әрекетті іс-әрекетті талдаудың негізгі бірлігі ретінде анықтады. Сондықтан әрекет алға қойған мақсатты жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттің бөлігі болып табылады.

Бағыттылық - Л.И. Божович бойынша тұлғаның кез келген сапаларының сипаты мен құрылымы адам тұлғасының бағыттылығына тәуелді. Оның айтуынша тұлға бағыттылығының негізін адамның мотивациялық шеңберінің құрылымын сипаттайтын, оның өмір үстінде пайда болған доминациялаушы (билеуші) тұрақты мотивтерінің жүйесі, негізінен қалған барлық мотивтерді өзіне бағындыратын жетекші мотивтер құрайды.

Бейсаналы психикалық құбылыстар - сана қысымына ұшыраған немесе бейсаналы құбылыстарға қарай ығыстырылған, өте қарапайым соқыр сезімдер мен ойлар, эмоциялар жатады. Бұған

мысал ретінде, бейсаналы түрде кездесетін, баланың ұмыт болып кеткен жас кездеріндегі алған жарақаттарын, оның бір кездердегі ата-анасына деген жек көрушілік сезімін, ығыстырылған сексуалдық ниеттерін жатқызуға болады. З. Фрейдтің көзқарасы бойынша осындай бейсаналы психикалық құбылыстар адамның мінез-құлқын анықтауда маңызды рөл атқарады.

Бейім-бағдар (установка) - Д.Н. Узнадзең пікірінше, бейім-бағдар қандай да бір қасиет түрінде кездесіп, саналы түрде сезілмейді, бірақ ол осыған қарамастан адамның қоршаған шындықпен өзара әрекеттестігінің жанамалаушы механизмі болып табылады. Атап айтқанда, бейім-бағдар адамды тек қандай да бір тәсілдермен берілген түрткінің сипатына тәуелді тіршілік иесі ғана емес, белсенді қайраткер ретінде де сипаттай алады.

Бекіген бейім-бағдар – осы бейім-бағдар өндірілетін субъектінің сол жағдаймен қақтығысында іске асатын әрекеттің белгілі бір тәсілдерін қайта жүзеге асыруға бағытталған адамның дайындығы. Ш.Н. Чхартишвили екінші реттік бекіген бейім-бағдардың алғашқы бейім-бағдардан айырмашылығы, оның ұзақ уақыт сақталатындығында екендігін, тіпті кейде ол адам өмірінің ақырына дейін сақталатындығын айтады.

Бірлескен іс-әрекет - рухани мәдениет пен материалды объектілерді мақсатқа сай өндіруге бағытталған өзара әрекеттесуші индивидтер белсенділіктерінің ұйымдасқан жүйесі. С.М. Жақыповтың айтуынша бірлескен іс-әрекеттің белгісі оған қатысушыларда ортақ мотивтің болуымен анықталады.

Гениталды кезең – З. Фрейд бойынша баланың сексуалды соқыр сезімдерінің толық қанағат алуымен сипатталатын маңызды кезең болып табылады. Бұл кезеңде баланың агрессивтік және сексуалды соқыр сезімдері оянып, пісіп жетіледі. Сонымен қоса, гениталды кезеңде бала қарама-қарсы жыныс өкілдеріне қызығушылық танытып, өсе келе өзінің бұл ниетін саналы түрде ұғына бастайды.

Ғылыми парадигма (грекше *paradeigma* – мысал, үлгі) - кең мағынада айтқанда бұл ұғым белгілі бір тарихи кезеңдегі ғылыми бірлестікте үстемдік ететін жетекші тұжырымдамалық бағыт, мәселелерді қоюдың үлгісі мен оларды шешудің жолдары, ғылыми жетістіктердің негізгі жүйесі дегенді білдіреді.

Диспозиция деп (*disposition* – лат. орналасу, икемделу) - әдетте адамның белгілі бір мінез-құлық актілеріне, қылықтарға, әрекет етуге және олардың жүйелілігіне дайындығы мен икемділігін айтады. В.А.

Ядовтың пікірінше диспозициялардың (бейім-бағдарлардың) өзі бір жағынан қажеттіліктердің иерархиясына диспозициялардың иерархиясы сәйкес келгенде, екінші жағынан жағдайлардың иерархиясына қажеттіліктердің иерархиясы сәйкес келгенде жүзеге асатын қажеттіліктер мен оған негізделген жағдайлардың болуында қалыптасады.

Дифференциалды психология - (лат. differentia – ерекшелік дегенді білдіреді) адамның дара ерекшеліктерін зерттейтін психологияның бір саласы. Бұл сала тұлғаның индивидуалды-психологиялық ерекшеліктері мен оның адамдар арасындағы айырмашылықтарын зерттеумен айналысады.

Жеке бейсаналылық - бұл К. Юнг теориясындағы тұлға құрылымының бір элементі. Жеке бейсаналы құбылыстар бір кездері саналы түрде ұғынылып, соңынан ұмыт болған немесе өшіп қалған ойлар мен түсініктерден тұрады. Оған санада сақтау үшін айқындылығы жетісе бермейтін сезімдік әсерлер жатады.

Ид - сөзін латын тілінен аударғанда «id» - «ол» деген мағынаны білдіреді және бұл құрылымша тұлғаның тым қарапайым соқыр сезімдері мен туа берілетін қасиеттерінен тұрады. Ид мінез-құлықты күш-қуатқа толтыратын, туа берілетін биологиялық соқыр сезімдермен байланысты болғандықтан, ол адамның психикалық өмірінде тұтастай бейсаналы түрде қызмет етеді.

Индивид (латынша *individuum* – бөлінбейтін) – бұл түсінік адамның биологиялық мәні мен оның басқалардан өзгешелігін білдіреді. Индивид ұғымы нақты түрдің өкіліне қатысты айтылады.

Индивидуалды психология – өз кемшіліктерін жеңіп, өмірлік мақсаттарына қол жеткізуіне көмектесетін психикалық процестерімен әрбір адам қайталанбайтын ерекше дара тұлға деп түсіндіретін А. Адлердің тұлға теориясы.

Индивидуалдылық деп - адамдағы индивид, тұлға, іс-әрекеттің субъектісі секілді үш түрлі психикалық құрылымшалардың бәріне де қатысты, оның қасиеттерінің қайталанбайтын үйлесімін айтады. Б.Г. Ананьевтің түсінігінде тұтастылық ретінде әрбір адам барлық уақытта да индивид, тұлға және іс-әрекеттің субъектісі бола алады. Бірақ, осы айтылған әртүрлі деңгейлердегі қасиеттердің бірлігі мен олардың үйлесімді қатынастары ретінде кез келген адам индивидуалды бола алмайды. Б.Г. Ананьевтің пікірі бойынша индивидуалдылық түсінігі адамның ұйымдасқан құрылымының барлық деңгейлерінде, атап айтқанда, индивидтік, тұлғалық және іс-

әрекеттің субъектісіне тән қасиеттерінде көрінетін, оның функционалдық қызметінің сипаты болып табылады.

Истиникт (соқыр сезім)– сөзін латын тілінен аударғанда «instinctus» - «түрткі» деген мағынаны білдіретін адам мен жануарлар психикасының, мінез-құлқының туа берілетін қасиеттерінің жиынтығы. Соқыр сезімдер адамныңқалаулары түрінде көрінетін дене қажеттіліктерінің психикалық бейнесі болып табылады. З. Фрейд адамның кез келген белсенділігі (қабылдауы, есі, ойлауы, қиялы), оның туа берілетін соқыр сезімдерімен анықталады деп өспетейді. Жалпы атауы эрос деп аталатын соқыр сезімдердің бірінші тобы ұрпақ жалғастыруды қамтамасыз ететін және адамның өмірлік маңызы бар процестерін сүйемелдейтін барлық түрткі күштерден тұрады. Жалпы атауы танатос деп аталатын соқыр сезімдердің екінші тобының негізіне өлтіру мен өз-өзіне қол жұмсау, агрессия, қатыгездік көріністердің барлық түрлері жатады. Өмір сүру соқыр сезімдерінен өлім соқыр сезімінің айырмашылығы, ол З. Фрейдтің психоаналитикалық теориясында айтарлықтай ерекше атқа ие болмаған.

Кереметтікке ұмтылу – А. Адлер бойынша бастамасы балалық шақта қалыптасатын және саналы түрде ұғыныла бермейтін, болашағы да бұлыңғыр бұл мақсат біртіндеп адам өмірін ұйымдастыратын және оған мағына әкелетін күштер мен мотивациялардың дереккөзі болып табылады. А. Адлердің пікірінше кереметтікке ұмтылу адам өмірінің заңы болып табылады, бірдемемен айналыспай, дымсыз өмір сүрген адам өмірін елестету мүмкін емес. Оның айтуынша кереметтікке ұмтылу туа беріледі, одан адам қашып құтыла алмайды, себебі өмірдің өзі осындай талпыныстардан тұрады. Кереметтікке ұмтылу сезімін адам өзінің өмір жолымен жүзеге асырады. А. Адлер кереметтікке ұмтылуды жүзеге асыру процесі өмірлік мақсат қалыптасқан кезден, шамамен баланың бес жасынан басталады деп шамалады.

Қажеттілік – даму мен тіршілік ету үшін қажетті тұлғаның қандай да бір нәрсеге мұқтаж күйі, адам белсенділігінің дереккөзі. А.Н. Леонтьев қажеттілікті – объективті мұқтаждық деп түсінді. Оның айтуынша қажеттілік ең алдымен өтелмей тұрғанда, ол өзінің затын танымайды, сондықтан қажеттілік өз затын тауып алуы қажет. Қажет еткен затпен кездеспей тұрғанда адамда іздестіру әрекеті жүзеге асады. Мұндай әрекеттерді адамдағы процессуалды мотивтер ғана оятады. Іздестіру әрекеті үстінде қажеттілік өз затымен

кездеседі. Қажеттілік өз затымен кездескен сәтте, ол өзінің затын таниды, яғни мұны А.Н. Леонтьев қажеттіліктің заттылану процесі деп атады.

Қатынас – адамның қоршаған ортаға, заттарға, басқа адамдарға және өз-өзіне деген тұрақты таңдамалы байланысы. В.Н. Мясищев тұлғаның қатынасын, оның тәжірибелеріне негізделген шындықтың алуан түрлі жақтарымен белсенді, біртұтас, таңдамалы байланысы деп түсінді. В.Н. Мясищевтің ойынша қатынас – қатынастардың жүйесі ретінде ұсынылған тұлғаның жүйе құрушы элементтері болып табылады.

Латенттік кезең - жеткіншектік жасқа дейінгі алты-жеті жас аралығында кездесетін психосексуалды дамудың тыныш кезеңін З. Фрейд латенттік кезең деп атады. Бұл кезеңде баланың жыныстық күш-қуаты сексуалдық құштарлыққа емес, интеллектуалдық білімге, спортқа, құрбыларына деген қатынас секілді іс-әрекет түрлеріне ауысады. Сондықтан, латенттік кезеңді дамудың соңғы сатысының басталу алдында кездесетін, баланың есеюге деген дайындығы ретінде қарастыруға болады.

Либи́до - латын тілінен аударғанда «қалау», «тілеу» деген мағынаны білдіретін сексуалдық соқыр сезімдердің күш-қуаты немесе өмірлік соқыр сезімдердің күш-қуатының мәніне қатысты айтылатын термин - либидоның күш-қуаты деген атқа ие болды. З. Фрейд бойынша либи́до тек сексуалдық мінез-құлықты бәсеңдететін психикалық күш-қуаттардың санын білдіреді. З. Фрейд адамда бір ғана сексуалдық соқыр сезімдер емес, бірнешеуі болуы мүмкін деп шамалады. Олардың әрқайсысы эрогендік аймақ деп аталатын дененің әртүрлі бөліктерінде орналасады. Адамның бүкіл денесі үлкен бір эрогендік аймақтан тұрады, бірақ З. Фрейд өзінің психоаналитикалық теориясына сүйеніп, оларды ауыз қуысы, анус және жыныс мүшелері деп ерекше бөлшектерге бөлді. Эрогендік аймақтар психикалық шиеленістердің әлеуетті дереккөзі болып табылатындықтан, осы аймақтарға әсер ету арқылы психикалық шиеленістерді бәсеңдетіп, жағымды қанағат алу сезіміне бөленуге болатындығына З. Фрейд әбден көз жеткізген.

Мағына – адамның қоршаған объективті шындыққа жеке қатынасы. А.Н. Леонтьевтің еңбектерінде мағына мотивтің мақсатқа қатынасы ретінде қарастырылды. Мағына бірлескен іс-әрекет жағдайында қалыптасатын санасыз құндылықтардың жалпы қоры

мен ақпараттардың жалпы қорын адамның меңгеруінің нәтижесі болып табылады.

Мағына-мағына және мотив-түрткі - А.Н. Леонтьевтің түсінігінде мотив екі түрлі қызмет атқарады. Біріншіден, кейбір мотивтер мінез-құлық пен іс-әрекетті оятып, оларға бағыт беріп қана қоймай, сонымен қатар, олар іс-әрекеттің субъективті жағын тугызып, тұлғалық мағынаны әкеледі. Мұндай мотивтерді А.Н. Леонтьев мағына құрушы мотивтер немесе мағыналы мотивтер деп атады. Ал екіншіден, басқа бір мотивтер жағымды және жағымсыз өткір эмоциялық күйлермен іс-әрекетті оятса да, олардың мағына құрушы қызметі болмайды. Мұндай мотивтерді А.Н. Леонтьев мотив-түрткі немесе ынталандырушы мотивтер деп атады.

Мақсат - А.Н. Леонтьевтің түсінігінде бұл тілеген нәтиженің бейнесі, яғни адам әрекетті орындау барысында, оның нәтижесіне қол жеткізеді. Тілеген нәтиженің бейнесі қашанда саналы. Өйткені, әрекет жүзеге асқанша бейне санада болады.

Мән – А.Н. Леонтьев мәнді адамзаттың қоғамдық практикасының, қоғамдық тәжірибелерінің кристалданған, идеалды, рухани түрі ретінде сипаттады. Мән – бұл адам санасына (өзінің толықтығы мен көп қырлылығы жағынан азды-көпті) игілік етіп қондырылған, адамзат баласы өндірген білімдер мен ұғымдар түрінде немесе тіпті жалпыланған «әрекеттің бейнесі», мінез-құлық нормалары және т.б. секілді ептіліктер түрінде бекіген шындықтың жалпыланған бейнесі. А.Н. Леонтьевтің теориясында мәнді екі түрлі табиғаты сипатталады: біріншіден, мән қоғамдық сананың бірлігін құрайды. Қоғамдық тәжірибенің жиынтығын белгілі бір түрде көрсететін қоғамдық сананың бірлігі ретіндегі мән – жалпы адамзат баласы жинақтаған тәжірибенің нәтижесі болып табылады. Екіншіден, мән индивидуалды сананы құрайды. Мұнда мән тұлғалық мағынаға айналады, яғни мұны ғалымның өз сөзімен айтсақ, мән «мен үшін мәнге» айналады.

Моралдық мазасыздық - суперэго тарапынан эго-ға жазалау қаупі төнгенде туындайтын эмоциялық жауап реакциясын атайды. Моралдық мазасыздық қашан да ид-тің өнегесіз ойларын ашық айтып, жағымсыз қылықтарын көрсетуді күшейте бастағанда және оған суперэго ұялып, өзін-өзі кінәлағанда, кінәлілік сезімі туындағанда пайда болады.

Мотив – А.Н. Леонтьев бойынша адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін оятатын және оған бағыт беретін түрткіні, яғни қажеттіліктің затын айтады.

Мотивациялық шеңбердің иерархиялық құрылымы - деп әдетте, осы шеңбердегі мотивтердің рет-ретімен орналасу тәртібін айтады.

Невротикалық мазасыздық - ид тарапынан келетін қолайсыз түрткі күштерді саналы түрде ұғынып, оған эмоциялық жауап қайтаруда көрінетін мазасыздықты атайды. Соқыр сезімдердің әсерінен пайда болатын түрткі күштерді, әсіресе сексуалдық және агрессивтік құштарлықтарды қадағалауға эго-ның шамасы жетпей қалғанда туындайтын невротикалық мазасыздық қорқынышпен байланысты.

Операция деп – А.Н. Леонтьев бойынша әрекетті орындау тәсілдері. Операциялар міндет арқылы басқарылатын әрекеттің бір бөлігі.

Оралды кезең. Оралды кезең шамамен нәрестенің туғаннан 18 айға дейінгі жас аралығын қамтиды. Бұл кезеңде нәрестенің өмір сүруі оған қамқорлық көрсеткен адамға тікелей байланысты болады. Сондай-ақ, бұл кезеңде дүниеге келген жас нәресте өзінің ауыз қуысы арқылы анасының көкірегімен қоректенеді. Сондықтан, ерін мен тілді және онымен байланысты құрылымдарды қоса алғанда, баланың ауыз қуысы қоршаған ортаны танып білуге бағытталған белсенділік пен қызығушылықтың негізі болып табылады.

Оралды-енжар тип – психосексуалдық даму кезеңінің осы сатысында қалыптасатын тұлға типі. З. Фрейд нәрестелік кезеңде шамадан тыс қамқорлық көрген немесе қамқорлық жетіспеген балада тұлғаның оралды-енжар типі қалыптасады деген тұжырым жасайды. Оралды-енжар типтегі адамдар көңілді, өмірге сеніммен қарайтын, айналадағылардан өзіне үнемі «аналық» мейрім күтетін, өзін қалай да қолдағанды ұнататын тұлға ретінде қалыптасады.

Орнын басу – бұл қорғаныс механизмі арқылы адам пайда болған соқыр сезімдік түрткі күштерді қауіптілігі жоғары объектіден қауіптілігі біршама төмендеу объектілерге ауыстыра алады. Мысалы, ата-анасы тарапынан жазаланған бала өзінен кіші қарындасын итеріп жібереді не оның итін сабалай бастайды не болмаса оның ойыншығын сындырады.

Өзіндік - (кейбір психологиялық еңбектерде мұны өздік деп аударып жүр) ұғымы К. Юнг теориясындағы ең маңызды

архетиптердің бірі. Өзіндік, оның төңірегінде басқа барлық элементтер ұйымдасып бірігетін тұлғаның негізгі өзегі болып табылады. Жанның барлық жақтары ықпалдасып болғанда, адам өзін үйлесімді бірлікте, тұтастықта сезінеді.

Өмір стилі - А. Адлер тұжырымдаған тұлғаның динамикалық теориясының өзіне тән ерекше сипаты. Өз табиғатында идеографиялық сипатта құрылған бұл өмір стилі, адамның өмірге, әсіресе оның жоспарлап қойған мақсаты мен оған қол жеткізудің тәсілдеріне қатысты ерекше бейімделуін қамтамасыз етеді. А. Адлер бойынша өмір стилі адам болмысының қайталанбас бейнесін анықтайтын, әдеттер мен мінез-құлық тәсілдерінің, мінез бітістерінің жиынтығынан құралған бірегей байланыстардан тұрады.

Персона - сөзін латын тілінен аударғанда «persona» - «бет перде» деген мағынаны білдіреді және бұл ұғым адамның бет бейнесін, яғни оның басқа адамдармен қатынастарда өзін қалай көрсететіндігін білдіреді. Персона түсінігі элеуметтік талаптарды орындауға байланысты адамның жеңіліп қалуынан көрінетін, оның атқаратын көптеген рөлдеріне қатысты айтылады. К. Юнгтың түсінігінде персона адамның басқа адамдарға ерекше әсер қалдыру не өзінің шынайы болмысын басқалардан жасырып қалу үшін қызмет етеді.

Персонология (ағылшынша, personality – тұлға, индивидуалдылық дегенді білдіреді) – адам тұлғасының мәселелерін зерттеумен айналысатын тұлғатану ғылымы. Бұл терминді тұлға психологиясы саласындағы теоретиктер мен эксперимент жүргізушілерді атау үшін алғаш рет Генри Мюррей ұсынған. Шетелдерде тұлғатану ғылымы, яғни персонология әр алуан зерттеу стратегияларын қолдану арқылы адамның дара ерекшеліктерін терең танып білуге барынша күш салып отыр.

Проекция - өзінің теориялық мәні жағынан алғанда, проекция ығыстырудан кейінгі орын алатын қорғаныс механизмі. Адам осы механизмнің арқасында өзінің қолайсыз ойлары мен сезімдерінің себептерін қоршаған ортадан не басқа адамдардың мінез-құлқынан іздеп таба алады.

Психикалық өмірдің сана деңгейі – дәл осы сәтте саналы түрде ұғынуға болатын білімдер мен түсініктерді айтады. Бірақ З. Фрейд сана шеңберіне жататын мұндай білімдер мен түсініктерді (ойларды, қабылданған ақпараттар мен сезімдерді) адамның психикалық өмірінің мәнсіз бөліктері деп қарады.

Психодинамикалық бағыт – психологияда тұлғаның мінез-құлқын реттейтін әртүрлі мотивтер мен қажеттіліктердің, құмарлықтардың, соқыр сезімдердің арасындағы қақтығыстардың аяқталмайтын күресін білдіреді. Адамның мінез-құлқын реттеуде бір-бірімен үнемі қақтығыста болатын мотивтер мен құмарлықтардың, соқыр сезімдердің өзара күрделі әрекеттестігін сипаттайтын З. Фрейдтің психоаналитикалық теориясын дәл осы психодинамикалық бағыттың айқын мысалы деуге болады.

Психосексуалды даму - бұл З. Фрейд бойынша мәдени деңгейлерден тәуелсіз өмір сүретін, барлық адамға тән, кең ауқымды биологиялық детерминденген бірізділік болып табылады. З. Фрейд тұлғаның психосексуалды дамуының бірінен соң бірі келетін төрт кезеңін болжап көрсетеді. Оларға оралды, аналды, фаллистік және гениталды кезеңдер жатады. З. Фрейд осыған жыныстық пісіп жетілудің басында, баланың 6-7 жас аралығында қалыпты жағдайда өтіп кететін тағы бір сатыны, латенттік кезеңді қосты. Бірақ бұл сатыда жаңа эрогендік аймақтар пайда болмайтындықтан, З. Фрейд оны тұлғаның психосексуалды даму кезеңіне жатқызбады.

Рационализация - өзінің ақылсыз ойлары мен ниеттерін, жағымсыз қылықтары мен сәтсіз істерін көшпелік алдында ақылға қонымды сылтаулар ойлап табу арқылы ақтап алуда көрінетін қорғаныс механизмі.

Реактивті құрылым – кейбір түрткі күштер мен сезімдерге қысым жасап, оған мүлде қарама-қарсы мәндегі ұмтылыстарды көрсету арқылы мазасыздықты бәсеңдетуде көрінетін қорғаныс механизмі.

Реалистік мазасыздық – төніп тұрған қауіп-қатерлерге эмоциялық жауап қайтаруда көрінетін немесе сыртқы ортаның шынайы қауіпін (мысалы, қауіпті жануарлар не алда болатын мемлекеттік емтихан) түсінгенде туындайтын мазасыздықты атайды. Реалистік мазасыздық негізінен қорқыныштың синонимі болып табылады және ол адамның қауіп-қатерлермен тиімді күрес жүргізуіне кедергі келтіреді.

Регрессия - ересек адамдардың біршама қауіпсіз, әрі жағымды балалық мінез-құлық түрлеріне, ерте балалық шаққа қайта оралуы арқылы мазасыздықты бәсеңдетуімен сипатталатын қорғаныс механизмі.

Сананың алдындағы деңгей - дәл осы сәтте саналы түрде ұғыныла бермейтін, бірақ оларды аз күш жұмсап санада оңай қайта

жаңғыртуға болатын білімдер мен тәжірибелерді атады. Мысалы, адам өзінің өткен сенбінің кешінде немен айналысқанын, кеше досына не айтқанын есіне түсіруі мүмкін. Сондықтан, З. Фрейдтің көзқарасы бойынша сананың алды саналы түрде ұғынылатын және ұғынылмайтын психикалық құбылыстардың арасындағы көпір іспеттес.

Сублимация - адамның қолайсыз түрткі күштерді әлеуметтік орта қабылдаған ойлар мен әрекеттер түрінде көрінетіндей етіп өзгертіп бейімдеуге мүмкіндік беретін қорғаныс механизмі.

Суперэго - сөзін латын тілінен аударғанда «super» - «жоғарғы», «ego» - «мен» деген мағынаны білдіреді және бұл ұғым мінез-құлықтың әлеуметтік қалыптары мен нормаларын сипаттайтын, тұлға құрылымының ең соңғы құрамдас бөлігі болып табылады. З. Фрейдтің көзқарасы бойынша адам ағзасы суперэгомен туылмайды, ол баланың ата-анасы, мұғалімі, тәрбиешілері не айналасындағы жақын адамдары тарапынан қалыптасады.

Тұлға - бұл ұғым латынның маскі, яғни бетперде дейтін түсінігін білдіретін, ағылшынның персона (persona – тұлға), ал орыстың личина деген сөздерінен алынған. Алғашқыда бұл ұғымды ежелгі грек театрында бетіне киіп әртүрлі жағымды-жағымсыз рөлдерде ойнайтын актердің жасанды бетін белгілеуге қатысты қолданды. Ал соңынан бұл ұғымды актердің өзі мен оның атқаратын рөлін сипаттауға пайдаланды. Қазіргі кезде тұлға түсінігі адамның қоғамдық мәні мен оның әлеуметтік табиғатын сипаттайды.

Тұлға психологиясы - Б.Г. Ананьев бойынша бұл пән «теориялық және қолданбалы психологияның негізгі мәселелерінің бірі болғандықтан, тұлғаның қатынастары мен психикалық қасиеттерін (тұлғаның жалпы психологиясы), адамдар арасындағы айырмашылықтар мен индивидуалды ерекшеліктерді (дифференциалды психология), әр алуан топтардағы тұлғаның рөлідері мәртебесін (әлеуметтік психология), іс-әрекеттің нақты түрлері мен қоғамдық мінез-құлықтың субъектілерін (қолданбалы психологияның барлық салалары) зерттейді». Қазіргі кезде тұлғаны психосоматикалық медицинада (органикалық патологияның пайда болуына психологиялық себептердің әсерін), дін психологиясында (діни сана мен мистикалық (жұмбақ, түсініксіз) құбылыстарды зерттеп білу), парапсихологияда, санадан тыс құбылыстарды (интуиция (ішкі түйсік), дарындылық қабілеттерді, шығармашылықты) зерттеу және т.б. секілді жеке пәндер мен

бағыттарда да қарастырады. Сонымен қоса психология ғылымында психологиялық білімдердің дербес саласы ретінде тұлға психологиясының пәнін анықтаудың маңызы өте зор. Бірақ өкінішке орай осы күнге дейін тұлға мәселелері психологияның әртүрлі салаларында ғана қарастырылып, психологияның дербес саласы ретінде оның пәні анықталмай келеді.

Тұлға психологиясының зерттеу пәні - (шетел психологиясында) адам табиғаты, ал оның мақсаты – шынайы өмірдегі адамның тұтастай қызмет етуінің күрделілігі мен ерекшелігін түсіну болып табылады.

Тұлғалық мағына – адамның өмірлік іс-әрекет тәжірибесінің нәтижесінде қоршаған ортадағы объектілер мен шынайы құбылыстардың жеке мәнге айналуы. Тұл терминді психология ғылымына енгізген А.Н. Леонтьев болды. А.Н. Леонтьевтің еңбектерінде тұлғалық мағына ұғымы сана мен іс-әрекетті байланыстырушы ең басты негіз, сана құраушысы болып табылады.

Теория (грек тілінен аударғанда theoria – пайымдау, анықтау деген мағынаны білдіреді) - белгілі бір шындықты түсіндіруде өз мақсаты бар, қандай да бір әдіснамалық принциптер мен заңдылықтарға құрылған, бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы идеялардың жүйесін айтады. Теория қашан да көреген, сондықтан оны «жақсы» не «жаман» деп бөлуге болмайды. Теорияның мазмұны белгілі бір ұғымдар мен тұжырымдарға негізделген қисынды әдіснамалық принциптер мен қағидалардан тұрады. Теория әдетте екі түрлі қызмет атқарады. Оның бірі адамның мінез-құлқын түсіндіру болса, екіншісі, тұлғаның болашақ мінез-құлқын болжау болып табылады.

Теріске шығару - болған қолайсыз оқиғаларды мойындаудан бас тартуда көрінетін қорғаныс механизмі. Қандай да бір апатты жағдай орын алса да, адамның түк болмағандай кейіпте өзін ұстап жүре беруі теріске шығарудың айқын көрінісі болып табылады.

Толық еместік кешені – бұлбаланың өзіне қарағанда біршама күштірек, әрі құдіретті отбасының өзге мүшелерімен салыстырғанда өзінің әлі де болса әлсіз екендігін тереңірек сезінуі. Бала бойындағы толық еместік сезімінің ерте оянуы, оны өзін басқаларға қарағанда ерекше керемет етіп көрсететін жетістіктерге жету жолындағы ұзақ уақыттық күреске, мінсіздікке қол жеткізу мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылдырады. А. Адлер әрбір адамның туылғаннан «толық емес» болған және көп қызмет ете бермейтін, дамымай қалған дене

мүшелері ғана ауруға шылдыққыш келеді деп есептеді. Мұнда ол кез келген адамның қандай да бір дене мүшесі басқаларына қарағанда әлсіздеу болып келеді де, сол жері зақымға ұшырап, ауруға шылдыққыш болады деген болжам жасады.

Фаллистік кезең - баланың үш жасынан алты жасына дейінгі жас аралығын қамтиды. З. Фрейдтің айтуынша бұл кезеңде бала өзінің жыныс мүшелерін зерттеп білумен, уқалаумен айналысып, бала туу, жыныстық қатынастар секілді тақырыптарға қызығушылық танытады.

Фикционды финализм - адамның негізгі мақсаты (адам өмірін белгілейтін және оның бағытын анықтайтын мақсаттар) шындығын практикада не дәлелдеуге, не тексеруге болмайтын жалған мақсаттардан тұрады дейтін ойды дамыту үшін бұл терминді А. Адлер ұсынды.

Философияда - тұлғаны барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырады. Философиядағы тұлға мәселесі – бұл қоғамда орын алатын тұлғаның мәселесі болып табылады.

Фрустрация - сөзін латын тілінен аударғанда «frustratio» - «алдау, бұзылу, жоспардың қирауы» деген мағыналарды білдіреді және бұл ұғым міндеттерді шешу кезінде не мақсатқа жету жолында кездесетін, объективті түсініксіз (немесе субъективті қабылданатын) қиыншылықтарды туғызатын адамның психикалық күйін сипаттайды. З. Фрейд бойынша фрустрация жағдайында баланың психосексуалды қажеттілігі (мысалы, оның емуі, шайнауы мен тістеуі) өзінің ата-анасы не тәрбиешісі тарапынан тыйымдарға көп ұшырайтындықтан, оның қажеттілігі дұрыс қанағаттанбай қалады.

Шамадан тыс қамқорлық – баланың өзін-өзі қадағалауын дамытуға мүмкіндік бермейтін не оның дамуына ықпал етпейтін ата-аналардың мінез-құлқын сипаттайтын термин. Шамадан тыс қамқорлықтың салдарынан балада ата-анаға деген тәуелділік пен біліксіздік қалыптасады. Қалай болғанда да, - дейді З. Фрейд баладағы қордаланып қалған шамадан тыс либидоның салдары фрустарцияға немесе шамадан тыс қамқорлыққа душар еткен сол психосексуалды кезеңмен байланысты қалыптасатын мінез-құлық «қалдықтары», оның есейген шағында бәрі бір алдынан шығады.

Шығармашылық «Мен» - А. Адлер теориясының ең бастысы, әрі оның персоноглог ретіндегі ең жоғарғы жетістігі болып саналады. Шығармашылықтың арқасында әрбір адам өзінің жеке-дара өмір стилін еркін түрде құруға мүмкіндік алады. Шығармашылық күштер

адам өмірінің мақсаты мен оған қол жеткізудің әдіс-тәсілдерін анықтауға жауап беріп, әлеуметтік қызығушылықтардың дамуына жағдай жасайды. Сол секілді шығармашылық күштер адамның қабылдау, ес, ойлау, қиял және ұйқы секілді психикалық процестеріне де әсер етеді. Шығармашылық күштер әрбір адамды бас бостандығы бар еркін (өзін-өзі анықтаушы) адам ете алады.

Ығыстыру - қайғы әкелетін сезімдер мен ойларды саналы түрде ұғынудан құтқаратын процесс. Ығыстыру әрекетінің нәтижесінде адам мазасыздық тудыратын қақтығыстарды саналы түрде ұғына алмайды, сондай-ақ ол қасірет әкелетін өтіп кеткен оқиғаларды еске алуға мүмкіндік бермейді.

Іс-әрекет – деп бір жағынан ішкі қажеттіліктердің, ал екінші жағынан осы қажеттіліктерді өтейтін сыртқы жағдайлардың өзара шарттылығында туындайтын белсенділіктің бір түрін айтады.

Эго - сөзін латын тілінен аударғанда «ego» - «мен» деген түсінікті білдіреді және бұл ұғым адамның шешім қабылдау процесінде жауапты қызмет атқарады. Эго ид-тің қалауларын сыртқы ортаның қойған талаптарына сай қанағаттандыруға тырысады.

Эдип кешені немесе Электра кешені - З. Фрейд бойынша психосексуалды дамудың фаллистік кезеңінде кездесетін ұл балалардағы қақтығыстарды эдип кешені, ал қыз балаларда кездесетін осыған ұқсас қақтығыстарды электра кешені деп атады.


Экзопсихика және эндопсихика - А.Ф.Лазурскийдің түсінігінде тұлға екі түрлі психологиялық механизмдердің бірлігінен тұрады. Бір жағынан ол адам психикасының ішкі механизмі болып табылатын - эндопсихикадан, ал екінші жағынан тұлғаның сыртқы қоршаған ортаға, объектіге қатынасының мазмұнымен анықталатын, оның тұлғасының маңызды жақтарын құрайтын - экзопсихикадан тұрады. Эндопсихика адамның зейін, ес, ойлау және қиялы секілді негізгі психикалық қызметтерде, сондай-ақ оның ерік-жігер қабілетінде, эмоционалдылығында, қарқындылығында, темпераментінде, ақыл-ой қабілеттерінде, мінезінде кездеседі. А.Ф. Лазурскийдің айтуынша адамның эндобітістері туа беріледі. Дегенмен ол мұның бәрін туа беріледі деп есептемейді. Бірақ, оның пікірінше эндопсихика адам тұлғасының өзегі, ең басты негізі болып табылады. Ал экзопсихикалық көріністер қашан да адамға сыртқы қоршаған ортаның жағдайын бейнелейді. Тұлғаның осы айтылған екі бөлігі бір-біріне әсер ете отырып өзара тығыз байланыста болады.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

- 1 Адлер А. Индивидуальная психология. – СПб.: Питер, 2017. – 256 с.
- 2 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – СПб.: Питер, 2001. 288 с.
- 3 Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – СПб.: Питер, 2001. – 272 с.
- 4 Асмолов А.Г. Деятельность и установка. – М.: МГУ, 1979. – 152 с.
- 5 Асмолов А.Г. Психология личности. – М.: МГУ, 1990. – 367 с.
- 5 Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Питер, 2008. – 398 с.
- 7 Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию. Курс лекций. – М.: ЧеРо», при участии издательства «Юрайт», 2002. – 336 с.
- 8 Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. – Алма-Ата, 1992. – 195 с.
- 9 Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. СПб.: Питер, 2011. – 512 с.
- 10 Ковалев А.Г. Психология личности. – М.: Изд-во «Просвещение». – 1965. 289 с.
- 11 Лазурский А.Ф. Очерк науки о характерах. – Москва : Издательство Юрайт, 2019. — 345 с.
- 12 Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения. В 2-х т. Т. 1. – М., 1983. 392 с.
- 13 Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения. В 2-х т. Т. 1. – М., 1983. 320 с.
- 14 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975. – 304 с.
- 15 Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. – М.: Наука, 1984. – 448 с.
- 16 Мерлин В.С. Психология индивидуальности. – Москва-Воронеж, 1996. – 448 с.
- 17 Мерлин В.С. Очерк интегрального исследования индивидуальности. М., 1986.– 253с.
- 18 Мясищев В.Н. Личность и неврозы. –М.: Книга по Требованию, 2013. – 426 с.
- 19 Немов Р.С. Психология. Учеб. для студентов высш. Пед. Учеб. заведений. В 2 кн. Кн. 1. Общие основы психологии. – М.: Просвещение: Владос, 1994. – 276 с.

- 20 Норакидзе В.Г. Характер и фиксированные установки. – Тбилиси, 1966. – 191 с.
- 21 Платонов К.К. Структура и развитие личности. – М.: Наука, 1986. – 256 с.
- 22 Психология: Энциклопедиялық сөздік./ Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.
- 23 Психология. Учебник. Под ред. А.А. Крылова. – М.: «Проспект», 1998. – 284 с.
- 24 Психология. Словарь / Под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – М.: Политиздат, 1990. 494 с.
- 25 Психология индивидуальных различий. Тексты / Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.Я. Романова. – М.: Изд-во АСТ, Астрель, 2008. 724 с.
- 26 Психология личности. Под ред. П.Н. Ермакова, В.А. Лабунской. М.: Эксмо, 2008. – 653 с.
- 27 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2010. – 713 с.
- 28 Самарегуляция и прогнозирование социального поведения личности. Под ред. В.А. Ядова. – М., 1979. – 264 с.
- 29 Тәжібаев Т.Б. Мағына құрылудың жалпы қоры – тұлға құрылымының негізі. Психол. ғыл. кандидаты ғылыми дәр. алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2006.
- 30 Тәжібаев Т.Б. Жеке адам психологиясына кіріспе. Оқу құралы. – Алматы, 2003. – 100 б.
- 31 Узнадзе Д.Н. Психологические исследования. – М.: Смысл; СПб.: Питер, 2004. – 413 с.
- 32 Фрейд З. «Я» и «Оно». Труды разных лет Книга 1-ая и 2-ая. – Тбилиси, «Мерани», 1991. – 399 с.
- 33 Фрейд З. «Я» и «Оно». Труды разных лет Книга 1-ая и 2-ая. – Тбилиси, «Мерани», 1991. – 432 с.
- 34 Фромм Э. Бегство от свободы. Человек для себя / Эрих Фромм; пер. с англ. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА, 2006. – 571 с.
- 35 Шульц Д.П., Шульц С.Э. Қазіргі психология тарихы. Алматы: Ұлттық аударма бюросы. 2018. 448 б.
- 36 Хьелл Л., Зиглер Д. Теории личности. – СПб: Питер. 2006. – 607 с.
- 37 Юнг К. Психологические типы. Минск, 1998. – 720 с.

ISBN 978-601-353-085-7



9 | 7 8 6 0 1 3 | 5 3 0 8 5 7 |